

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚУАНАЛИЕВА ГҮЛДАНА АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Монография

Екінші басылым

Алматы
"Қазақ университеті"
2024

ӘОЖ 343.13
КБЖ 67.411
Қ 71

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Ғылыми кеңесі (Хаттама №10, 26.06.2024) және
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған
(Хаттама №5, 11.07. 2024)*

Пікір жазғандар:

заң ғылымдарының докторы, профессор **Жатқанбаева Айжан Ержановна**
заң ғылымдарының докторы **Шарипов Шаймардан Махаметович**

Қуаналиева Г. А.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері: 2-бас., монография / Г.А. Қуаналиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 177 б.

ISBN 978-601-04-2751-8

Монография қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Монографияда қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарының тұжырымдамасын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын сақтаудағы халықаралық-құқықтық стандарттар, қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның құқығын қамтамасыз етудің процессуалдық құралдары мен тәсілдерінің ұғымы, маңызы және жүйесі, адамның құқықтарын қамтамасыз етудегі адвокат-қорғаушының қызметі, қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын қамтамасыз етудегі соттың бақылауы, қылмыстық іс бойынша күдікті немесе айыпталушыға бұлтарпау шарасын заңсыз қолданудан келтірілген зиянды өтеу, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізудегі жеке қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Монография жоғары оқу орындарының заң факультеттерінің студенттеріне, магистранттарына, докторанттары мен профессорлық-оқытушылық құрамына, сонымен қатар құқық қорғау органдары қызметкерлеріне пайдалануға септігін тигізеді.

**ӘОЖ 343.13
КБЖ 67.411**

© Қуаналиева Г.А., 2024
© әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

ISBN 978-601-04-2751-8

КІРІСПЕ

Монография қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін зерттеуге арналған. Жұмыста қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығының тұжырымдамасын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын сақтаудағы халықаралық-құқықтық стандарттар, қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның құқығын қамтамасыз етудің процессуалдық құралдары мен тәсілдерінің ұғымы, маңызы және жүйесі, адамның құқықтарын қамтамасыз етудегі адвокат-қорғаушының қызметі, қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын қамтамасыз етудегі соттың бақылауы, қылмыстық іс жүргізу органдарының лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздіктері) мен олардың шешімдерінен зардап шегушілердің құқықтарын қалпына келтіру, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізудегі жеке қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы ретінде адамның және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары танылып, демократиялық құқықтық мемлекет - Қазақстан Республикасында аталған құндылықтарды қорғау мен қамтамасыз ету тетіктері барынша жаратылды [1]. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының қоғамында адам құқықтары туралы көп айтылып және жазылып жүр. Барлық деңгейде, яғни Қазақстан Республикасының Президентінен бастап қарапайым халыққа дейін бұл мәселе белсенді түрде талқыланып келеді, тіпті бұл жайында адам құқықтарын тұрақты түрде бұзушылардың өзі де сөз қозғауда. Бұл мәселеге деген ынта күннен-күнге артуда, жеке алғанда Қазақстан құқықтық мемлекет қағидаларын, адам құқықтары саласында Халықаралық стандарттарды қолдауын белсенді түрде көрсетіп жүр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 24 тамыз 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген 2010–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында былай делінген: "Мемлекетіміздегі құқықтық саясаттың ең маңызды бөлігі ол құқықтық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқықтарының, сондай-ақ құқық қолданудың өзара байланысқан кешенді жолымен жүзеге асырылады" [2]. Осының барлығы тұрақты түрде қалыптасқан адам құқықтарын қамтамасыз ету механизмін қайта қарауды талап етеді.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына сай, Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлап, өзінің мемлекеттік қызметінің маңызды бағыттары ретінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғауды белгіледі. Бірақ, тәжірибе көрсетіп отырғандай, соның ішінде жетекші Батыс Еуропа елдерінде де заңда жазылған нормалар мен құқық қолдану тәжірибесі көп жағдайда сәйкес келмейді.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасында соңғы он жылда тіркелген (2007-2016 жж.) қылмыстық құқық бұзушылықтың деңгейімен

негізделеді. Республика бойынша соңғы он жыл ішінде тіркелген жалпы қылмыстық құқық бұзушылық саны төмендегідей: 2007 жыл - 130090, 2008 жыл - 127478, 2009 жыл - 121667, 2010 жыл - 131896, 2011 жыл - 206801, 2012 жыл - 287681, 2013 жыл - 359844, 2014 жыл - 341291, 2015 жыл - 386714, 2016 жылдың - 361689. Соның ішінде Алматы қаласы бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтың көрінісі келесідей: 2007 жыл - 15244, 2008 жыл - 14830, 2009 жыл - 12694, 2010 жыл - 19002, 2011 жыл - 29695, 2012 жыл - 52022, 2013 жыл - 55482, 2014 жыл - 61391, 2015 жыл - 73507, 2016 - 28753 [3].

Оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық дәрежесінің аса көп өсуі 2013-2016 жылдар аралығына келіп, күрт өзгеріп өсуі байқалып отыр. Бұл көрсеткіштер қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес жүргізу шараларын одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Тіркелеген қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде онша ауыр емес қылмыстар: 2007 жыл - 17172, 2008 жыл - 15419, 2009 жыл - 16557, 2010 жыл - 15969, 2011 жыл - 17620, 2012 жыл - 25460, 2013 жыл - 43990, 2014 жыл - 39608, 2015 жыл - 65771, 2016 жыл - 47729. Ауырлығы орташа қылмыстар: 2007 жыл - 83016, 2008 жыл - 80791, 2009 жыл - 75906, 2010 жыл - 90189, 2011 жыл - 156002, 2012 жыл - 228444, 2013 жыл - 279389, 2014 жыл - 271592, 2015 жыл - 249822, 2016 жыл - 246396. Ауыр қылмыстар: 2007 жыл - 26618, 2008 жыл - 28052, 2009 жыл - 25902, 2010 жыл - 22784, 2011 жыл - 29657, 2012 жыл - 30696, 2013 жыл - 33836, 2014 жыл - 279418, 2015 жыл - 28741, 2016 жыл - 28116. Аса ауыр қылмыстар: 2007 жыл - 3284, 2008 жыл - 3216, 2009 жыл - 3302, 2010 жыл - 2954, 2011 жыл - 3522, 2012 жыл - 3081, 2013 жыл - 2629, 2014 жыл - 2150, 2015 жыл - 2165, 2016 жыл - 1944 [3]. Статистикалық мәліметтерге қарасақ Қазақстан Республикасында көп жағдайда ауырлығы орташа қылмыстар жасалады.

31 қаңтар 2017 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қаблеттілік" атты Қазақстан халқына жолдауында: "Біз жеке меншікті қорғауға, құқық үстемдігіне және баршаның заң алдында теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған реформалар жүргізудеміз. Бұл жұмысты жалғастыру керек. Сонымен қатар, әкімшілік және қылмыстық заңнаманы ізгілендірген жөн. Әкімшілік айыппұлдар әділетті және құқық бұзу деңгейіне сәйкес болуға тиіс. Сот жүйесіне деген сенімнің артуына қол жеткізу қажет. Судьялардың жұмысына заңнан тыс кез келген ықпалды жою маңызды" деп белгіленген [4].

Құқықтық мемлекет құруға бел байлаған барлық елдерде осындай жағдайды ұғынып және оған есеп бере отырып, өкілетті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының тарпынан болатын келеңсіз жағдайларға қарсы тұратын кепілдіктер құруға жағдай жасалады. Мәселен, Елбасы Н.Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында былай деді: "Біздің алдымызда құқық қорғау жүйесін реформалайтын үлкен жұмыстар тұр. Қазіргі таңда, өкінішке орай, құқық қорғау органдарының сапасыз басқаруынан, жұмыстарындағы түсініспеушіліктерден, қажетті кадрлық құрамның жетіспеушілігінен туындаған қиындықтар, сондай- ақ

құқық қорғау жүйесінің қызметіне таза бақылаудың болмауы айқын көрініс тауып отыр" [5].

Сот-тергеу тәжірибесінде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына көп жағдайда өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде орындамаумен, жедел іздестіру және тергеу қызметкерлерін дайындаудың кәсіптік деңгейінің төмендігімен, тіпті кейде олардың қылмыстық іс жүргізу заңнамасының, Қазақстан ратификациялаған халықаралық құқықтық актілердің нормаларын қарапайым білмеуімен байланысты жол берілетінін көрсетіп отыр.

Аталған кемшіліктер қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер жинау сапасыз жүргізілгенін, тергеудің дұрыс жүргізілмеуіне жол берілуін, яғни "іс жүргізуге немқұрайды қарауды" туғызады, бұл заңсыз іс жүргізу шешімдерін қабылдауға, соның салдары ретінде қылмыстық іс жүргізуге қатысушы азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады.

Қызметкерлердің біліктілігін көтерудің тиімді жүйесін пысықтап, енгізу қажет, оның басымдықтары кәсіпқойлық, заңдылықты бұлжытпай сақтау, азаматтар мен мемлекет алдындағы парыз бен жауапкершілік сезімі болуы қажет.

Ұлт жоспары - Н.Ә. Назарбаевтың бес интитуционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамында: "Адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету" қажеттілігі әділ көрсетілген [6].

Жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету әсіресе қылмыстық сот өндірісінде өте өзекті мәселе болып отыр, өйткені бұл жағдайда адамның мүддесіне жиі нұқсан келтіріліп отырады. Осы жерде әртүрлі қылмыстық процессуалдық мәжбүрлеу шаралары қолданылады, соның ішінде бұлтартпау шараларын қолдану, қылмыстық әділ сот саласына тартылған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде шектейді.

Бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның тағдыры, оның бостандығы, тіпті өмірі туралы мәселе шешіледі деп айтуға болады. Қылмыстық іс жүргізуде қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен адамдардың және басқа да адамдардың мүдделері қарастырылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында адамның құқықтарын қамтамасыз етуге аса үлкен мән беріледі. Осы сатыда қылмыстық іс жүргізу қызметі аясына азаматтарды қылмыстық іс жүргізудің әртүрлі қатысушылары ретінде тарту басталады. Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары туралы деректер өте аз болғанда, адамдардың құқықтарын тергеудің алғашқы сатысында қамтамасыз ету өте қиынға соғады. Қылмыстық іс жүргізу қызметі мен жедел іздестіру қызметінің өзара тығыз байланысы соттағы іс жүргізуден әлдеқайда ерекшеленеді. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары тергеу кезінде белсенді түрде қолданылады.

Процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданғанда қылмыстық іс жүргізудің қарама-қарсы екі бастамасы тоғысады деп айтуға болады:

субъектінің жалпы және арнаулы мүдделері. Бір жағынан, іс жүргізудің жеке қатысушылары үшін процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану қылмыстық сот өндірісінің міндеттерін орындау мүмкіндігін қамтамасыз етумен байланысты, екінші жағынан, адамның өзінің құқықтары мен бостандықтарын шектеуді болдырмау өз мүдделеріне қарама-қарсы келеді. Аталған келіспеушілік қылмыстық сот өндірісінде жеке адам мен мемлекет арасындағы тепе-теңдікті шешу мақсатында жол табуға бағыт сілтейді. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану тергеу мен сотта іс қарауды қамтамасыз етудің бірден-бір құралы екенін ескерсек, адамды құқықтық қорғаудың сапалы құралы оған қарсы тұра алуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбының өзектілігінде сөз жоқ әрі қазіргі таңдағы қажеттілікті тудырып отыр.

Жалпы адам құқықтары мен бостандықтарының әртүрлі құқық салаларында сақталуы, оның ішінде қылмыстық сот өндірісіндегі жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері көптеген отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Атап айтқанда, Е.О. Алауханов, А.Н. Ағыбаев, Т.К. Айтмұқамбетов, А.Н. Ақпанов, М.Т. Әлімбеков, К.А. Бегалиев, Ә.Е. Бектұрғанов, Л.Ш. Берсүгірова, Б.М. Бишманов, А.А. Гаитов, Е.Г. Джакишев, А.А. Джумалиева, С.Е. Еркенов, С.О. Жалыбин, Р.М. Жамиева, Қ.Ә. Жиреншин, С.К. Жүрсімбаев, С.З. Зиманов, Р.Н. Зинуров, А.А. Исаев, И.І. Қайыржанов, Д.К. Қанафин, З.Ж. Кенжалиев, М.Ч. Қоғамов, Ө.Қ. Қопабаев, Қ.Ә. Мәми, Қ.С. Мәуленов, С.С. Молдабаев, Ә.Б. Мұхамеджанов, М.Б. Мұқашев, М.С. Нәрікбаев, А.С. Нұрғалиева, Б.М. Нұрғалиев, С.Д. Оспанов, И.И. Рогов, С.Н. Сәбикенов, Ғ. Сапарғалиев, Т.Е. Сарсембаев, С.С. Сартасев, С.Ж. Сүлейменова, Ә.А. Темірбеков, Б.Х. Төлеубекова, С.Т. Тыныбеков, С.Ф. Ударцев, К.Х. Халиқов, А.Л. Хан, Т.А. Ханов, К.Н. Шакиров, Ш.М. Шарипов, Р.Н. Юрченко және тағы басқа.

Жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету мәселесіне орасан зор еңбек сіңірген келесі Ресей ғалымдарын атауға болады: А.Я. Азаров, О.Я. Баев, В.П. Божьев, А.Д. Бойков, В.В. Вандышев, В.В. Владимирова, М.Х. Гельдибаев, А.Н. Головисткова, В.Н. Григорьев, К.Ф. Гуценко, Л.Ю. Грудцина, Н.В. Жогин, Н.И. Капинус, К.Б. Калиновский, М.А. Ковалев, Э.Ф. Куцова, В.А. Лазарева, А.М. Ларин, В.М. Лебедев, Ю.Д. Лившиц, Е.А. Лукашева, П.А. Лупинская, Т.Г. Морщакова, И.Л. Петрухин, В.М. Савицкий, А.В. Смирнов, М.С. Строгович, В.Т. Томин, В.С. Шадрин, С.А. Шейфер және басқалары.

Жекеленген зерттеулердің ішінде келесі ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Мәселен, қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатысында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын прокурордың қамтамасыз етуіне С.К. Жүрсімбаев [7], адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына байланысты прокурорлық қадағалаудың конституциялық-құқықтық мәселелеріне Е.С. Мерзадинов [8], алдын ала тергеу жүргізудің заңдылық кепілдігі ретінде прокурордың қылмыстық істерді қайтару мәселесіне байланысты Б.М. Сметлаев [9], конституциялық құқықтар мен бостандықтардың сотта қорғалуына Б.А. Сембин [10], прокуратура

қызметінің ұйымдық құқықтық негіздеріне Д.И. Байтұқбаев [11], Г.М. Онланбекова [12], Ш.М. Шариповтың [13] қосқан үлестерінің маңызы орасан зор.

Аталған ғалымдардың еңбектері әртүрлі салаларда адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін кешенді зерттеуге теориялық база болып саналады. Бірақ аталған ғалымдардың қылмыстық сот өндірісінде адамның құқықтарын қамтамасыз ету мәселесін зерттеуге қосқан үлкен үлесіне қарамастан, көптеген сұрақтар дау-дамай мәселе ретінде қалып отыр.

Осы мәселеге байланысты ғылыми зерттеудің қажеттілігі құқықтық реформалар процесімен, соның ішінде қылмыстық іс жүргізу заңдылығы саласына байланысты болып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2010–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының Тұжырымдамасы қылмыстылықпен күрес жүргізудің және қылмыстық әділ сот саласына түскен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда баламасы жоқ құрал есебінде қарастырылады.

Дүниежүзілік қауымдастықта Қазақстанның интеграциясы, 2010 жылдағы ЕҚЫҰ-на төрағалық ету, адам құқықтары саласында халықаралық стандарттарды ұқыпты түрде талдауды, шет мемлекеттерде қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету ерекшеліктерін талдауды қажет етумен негізделіп отыр. Адамның құқықтары мен бостандықтары ол жеке тұлғаның құқықтарын қорғау саласындағы бірыңғай халықаралық құқықтық стандарттарды белгілеу үшін қажетті құқықтық құндылықтар болып табылады. Қазіргі халықаралық құқық жалпыға танымал және барлық мемлекеттер үшін міндетті қылмыстық процессуалдық қатынастар аясындағы адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын анықтайтын нормаларды қамтиды.

Монография Қазақстан Республикасындағы сот өндірісін жүргізудегі жеке адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселесін кешенді зерттеуге арналған, отандық құқықтық ғылымдағы тұңғыш зерттеулердің қатарында болып табылады. Зерттеу нәтижесінде сот ісін жүргізуде жеке адамның құқықтарын қамтамасыз етуді жетілдіруге байланысты теориялық негіздер жасалынды.

Монографияда автор соттық бақылау, ақтау, зардапты өтеу сияқты қылмыстық сот өндірісіндегі жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету механизмінің компоненттеріне жүйелі зерттеу жүргізеді. Сот өндірісінде жеке адамның құқығын қамтамасыз етуге байланысты "адам құқығының тұжырымдамасы", "қылмыстық сот өндірісі саласындағы процессуалдық кепілдіктер", "процессуалдық кепілдіктер жүйесі", "қорғау функциясы" сияқты т.б. ұғымдардың анықтамасы беріледі.

1 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

1.1 Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарының тұжырымдамасы

Адамның құқықтарын қамтамасыз ету қылмыстық іс жүргізу саласында ерекше көкейкесті мәселенің бірі болып табылады, өйткені мемлекеттік органдардың билік қызметінің дәл осы саласындағы елеулі шектеулер, тіпті адамның конституциялық құқығын бұзушылықтар туындап, көрініс тауып отырады. Бұл ретте әртүрлі қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шараларын, соның ішінде, қылмыстық әділет саласына тартылған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін айтарлықтай шектейтін бұлтартпау шараларын қолдануға болады.

Белгілі қазақстандық криминолог Е.О. Алауханов өз еңбектерінің бірінде бұл жөнінде былай жазады: "Құқықтық мемлекеттің ажырамас мазмұны қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және, оның ішінде, сезіктілер, айыпталушылар және сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету болып табылады. Құқықтық мемлекеттің дамуы және жетілдірілуінің заманауи жағдайларында тұлғаның еркіндігі, оның құқықтары мен кепілдіктері артады" [14, 3 б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (ҚРҚПК) "Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс" деп белгіленген (ҚРҚПК-нің 8-бабының 2 бөлігі) [15]. Өкінішке орай, аталған қылмыстық процестің міндеттері сот тергеу тәжірибесінде сақтала бермейді, мемлекеттің құзыретті органдары, олардың лауазымды тұлғалары ұдайы заң шеңберінде әрекет етпей, оны бұзатындығы мемлекеттік деңгейде айтылған болатын, сондықтан да адамды осындай келеңсіз жағдайлардан қорғау қажет.

Заманауи ғылымда адам философиялық, психологиялық, этикалық және құқықтық тәрізді әрқилы аспектілерде қарастырылады. Философияда тұлғаны адамның даралығы, оның үстіне биологиялық емес, әлеуметтік даралығы ретінде қарастыратын пікір басым. Осы әлеуметтік даралық, яғни адамға тән әлеуметтік қасиеттер жиынтығы, оның әлеуметтік ерекшелігі адамнан тұлға қалыптастырады. "Тұлға, – деп жазады А.Г. Спиркин, – қоғамдық қатынастар мен адамдар функцияларының дара жинағы мен көрінісі, әлемді, құқықтар мен міндеттер, этикалық, эстетикалық және барлық басқа әлеуметтік нормаларды тану және түрлендіру субъектісі болып табылады. Адамның тұлғалық қасиеттері бұл ретте оның өмірінің әлеуметтік бейнесі мен өздігінен даму

үстіндегі ақыл-ойының туындысы ретінде қарастырылады. Сондықтан тұлға үнемі қоғамдық тұрғыдан дамыған адам болып есептеледі" [16, 461 б.].

Психологияда тұлға деген индивидтің түрлі психологиялық процестерін тұтастай байланыстыратын және оның мінез-құлқына қажетті бірізділік пен тұрақтылық беретін өзекті, интеграцияланатын негізді білдіреді. Осылайша тұлға – қоғамдағы өзінің орны мен рөлін түйсінетін, әлеуметтік қызметпен айналысатын және дара ерекшеліктерге ие болатын нақты адам [17, 53 б.].

Психологияда, сондай-ақ кез келген тұлға адам болғандығымен, кез келген адам тұлға болмауы мүмкін деп есептеледі. Тұлға адам өзінің "менін" сезінген сәттен басталады және өзінің дамуында "тұлға минимумынан" өзінің әлеуметтік кемелдікке жету жолын жүріп өтеді [18, 227 б.].

Кейбір ғалымдар тұлғаны құқықтық түсіну оның философиялық-психологиялық тұжырымына негізделуі тиіс деп пайымдайды. Осылайша тұлғаны құқықтар мен еркіндіктер субъектісі ретінде қарастыра отырып, В.А. Кучинский былай деп сендіреді: "Адам болып туады, тұлғаға айналады. Туған адам тұлға болуы үшін, ол табиғи және әлеуметтік дамудың тиісті сатыларынан өтуі тиіс, тек дене және ақыл-ой дамуының белгілі бір деңгейіне жетіп қана қоймай, сонымен қатар басқа адамдармен қарым-қатынас барысында қажетті әлеуметтік тәжірибе жинақтауы тиіс" [19, 27 б.]. Нәтижесінде мысалы, балалар немесе есі ауысқан адамдар тұлға болып есептелмейді деген қорытынды жасалады [20, 42-43 б.].

Біздің пайымдауымызша, мұндай ұстаныммен келісуге болмайды. Құқықтық қатынастарға әдетте ақыл-есі дұрыс және ерік күші бар адамдар қатысады. Алайда құқықтық қатынастардың ықтимал қатысушыларында мұндай қасиеттердің жоқтығы жас және психологиялық ерекшеліктер салдары болып табылатындықтан, оларда тұлғалық қасиеттер (сөздің құқықтық мағынасында) мүлде болмайды деуге негіз бермейді, өйткені олар еш жағдайда құқықтық қабілеттіліктерін жоғалтпайды. В.С. Шадриннің құқықтық аспектіде тұлға - кез келген адам деген дұрыс көзқарасымен келісуге болады [21, 5-6 б.]. Мұны "тұлға" терминін құқықтың әртүрлі салаларында, атап айтқанда ол "адам" ұғымының синонимі ретінде кең мағынада қолданылатын конституциялық, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу саласында пайдалану талдауы да растайды.

Адам өзінің дамуында тұлға ретінде жетіле алады, өзі туралы жеке түсінігінде және айналадағылардың көзінше өсуі мүмкін, бірақ қилы жағдайлар ықпалынан төмен түсуі, кері кетуі ықтимал. Алайда тіпті адамгершілікке жат қылық немесе құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаған жағдайдың өзінде-ақ ол тұлға болып қала беруін тоқтатпайды және оған осындайда құқықтардан бас тартуға болмайтынын айта кеткен жөн. Адамды қылмыс жасау барысында кінәлі екендігін тани отырып, сот оны тұлға ретінде санауын тоқтатпайды және оны тіпті оған ең бір қатаң жаза қолданғанның өзінде оның абыройына қатысты құқығынан айырмайтыны хақ.

Қолданыстағы қылмыстық процестік заңнамада жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу белгіленген. "Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процеске қатысатын адамның абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен әрекеттерге тыйым салынады, жеке өмір туралы мәліметтерді, сол сияқты адам құпия сақтау қажет деп санайтын жеке сипаттағы мәліметтерді осы Кодексте көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді". Қылмыстық процестік заңнама жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін түсіруге тікелей тыйым салады (ҚРҚПК 13-бабы) [15].

Юриспруденцияға тұлғаның психологиялық, философиялық, социологиялық тұжырымдарын сынсыз аударуға болмайды, сонда-ақ, юриспруденцияда бұл ғылымдардың санаттарын пайдаланбастан, айналып өтуге де болмайды. Құқықтық қатынастарға әдетте ақыл-ойы дұрыс, ерік-күші мықты адамдар қатысатыны белгілі.

Қылмыстық іс бойынша сот өндірісіне қатысушы азаматтарды белгілеу үшін қылмыстық іс жүргізу заңы әдетте "тұлға" терминін пайдаланады. Тікелей мағынада "тұлға" сөзі жеке тұлғаға жатады, бірақ түрлі ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындарды білдіретін "заңды тұлғалар" сөз тіркесі де кең танымал болып табылады. Аталмыш ұғымдардың егжей-тегжейлі талдауына терең дендеместен, "тұлға" және "адам" ұғымдары бір мағынаны білдіреді деген пікірмен келісуге тура келеді (заңды тұлғалардан басқа).

Қылмыстық іс жүргізу теориясында сот ісін жүргізуге қатысушы тұлғалар әртүрлі аталады – "қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар", "қылмыстық іс жүргізу субъектілері", "қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысушылар", "қылмыстық іс жүргізу қатынастарына қатысушылар". Осы немесе өзге де атаудың заңдылығын негіздеу үшін тұлғалардың іс жүргізу жағдайларын, олардың қылмыстық іс жүргізудегі рөлдері, істің нәтижесіндегі мүдделілігі және т.б. ескере отырып, түрлі дәлелдер пайдаланылады. Жоғарыда аталған атауларды бір ортақ ұғым – "қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар" деген атаумен біріктіру ықтималдылығы жөніндегі көзқарас анағұрлым және ақталған болып көрінеді, өйткені қылмыстық іс жүргізуге қатыса отырып, тұлға қылмыстық-процессуалдық құқықтар мен міндеттемелер субъектісі болып табылады, ол үнемі қылмыстық-процессуалдық әрекеттерді жасайды немесе оларға белсене қатысады, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу қатынастарына қатысады. Мәселе тек қатысу ерекшеліктеріне байланысты ғана болуы мүмкін.

"Тұлға" термині қолданыстағы заңнамада да орын алады (мысалы, ҚРҚПК 13, 14-баптары). Көрсетілген термин заңда "жеке бас" деп беріледі. "Тұлға" термині бойынша жасы, ой-өрісі және басқа да сипаттық деректерге қарамастан, кез келген адамға қатысты екендігін білдіреді. Яғни құқықтық тұрғыдан "тұлға" және "адам" ұғымдары тек ғылыми абстракциялар ретінде ғана ерекшеленеді, бұл ретте олардың арасындағы шекара шартты болып қана қалады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар (жеке адамдар), сөзсіз, оның құқықтық тұрғысынан да тұлға болып табылады. Олардың бәріне кепілдендірілуі тиіс

қылмыстық іс жүргізу құқықтары мен міндеттемелері берілген. Алайда "тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету" ұғымы тек қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың белгілі бір санатына ғана таралады.

Кеңес билігі үстемдік құрған тұста Қазақстанда орын алған саяси режим тұлғаны аса қабылдай қоймаған болатын, бұл қылмыстық іс жүргізудің бағыттылығы мен мазмұнына әсер етпей қойған жоқ. Сол жылдары қалыптасқан қылмыстық іс жүргізу көп уақытқа дейін тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңнамасынан және оны қолдану тәжірибесінен біржола кете қойған жоқ еді.

Біздің қылмыстық іс жүргізу теориясында осы жуырға дейін ұстанымға айналып кеткен пікір басымдылыққа жетті, бұл ретте жеке және қоғамдық мүдделерді бір мезгілде қанағаттандыруға талпынғанымен, таңдау қажеттілігі туындаған жағдайда олардың арасында даусыз соңғыға басымдылық берілуі тиіс. Осындай позиция қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында, сондай-ақ оны қолдану тәжірибесінде де тікелей көрініс тапқан болатын. Жалпы ереже бойынша, жеке мүдделер қанағаттандыруға тұрарлық болып танылған, сондықтан да қылмыстық іс жүргізу заңында олар қоғамдық мүдделерге сәйкес келсе немесе оларға қайшы келмеген жағдайда ғана кепілдендірілетін субъективтік құқықтар түрінде бекітіліп отырған. Өзге де жеке мүдделер заңмен танылмаған болатын және тиісінше, мемлекеттің тарапынан ешқандай қорғаныспен қамтамасыз етілмеген.

Осылайша қылмыстық іс жүргізуге қатысатын кез келген қатысушы азамат оның процессуалдық жағдайына қарамастан, мемлекеттің тарапынан өзінің қадір-қасиетін тану және қорғауға қатысты конституциялық құқықты иеленетін адам-тұлға болып табылады. Дәл осы қадір-қасиетті иелену қылмыстық іс жүргізуге қатысушыға тұлға ретінде қараудағы қарым-қатынасты алдын ала анықтайтындықтан, бұл ретте мұның астарында не жатқанын нақтылап алған жөн.

Әдетте "қадір-қасиет" ұғымымен адамның өзі үшін маңызды болып табылатын адамгершілік және зияткерлік қасиеттерді иелену фактісін түйсіну байланыстырылады. Сонымен қатар "қадір-қасиет" дегенде парасаттылық, моральдық ұстанымдар, білім деңгейі, лайықты өмір сүру және т.б. адамның қоғамдағы беделін анықтайтын объективті қасиеттерінің жиынтығы түсініледі.

Яғни қадір-қасиет ұғымында өз жиынтығында біртұтас қалыпты түзетін объективті және субъективті сәттер ерекшеленеді. Объективті сәт келесі аспектілермен сипатталады: 1) адамның қадір-қасиеті, яғни нақты қасиеттер мен ерекшеліктерге қарамастан жалпы адамның құндылығы; 2) жеке қадір-қасиет жағымды рухани және дене бітімдік қасиеттерін иеленудегі нақты индивидтің құндылығы ретінде; 3) белгілі бір әлеуметтік қауымдастық, топқа тиесілілікке байланысты қадір-қасиет – ғалымның қадір-қасиеті, ұлттық қадір-қасиет, әйелдің қадір-қасиеті және т.б. Қадір-қасиеттің субъективті сәті индивидтің жалпы адам, нақты тұлға, белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ретінде өзінің құндылығын сезінуде көрініс табады. Дәл осы адамның қадір-қасиетінің тұжырымын ұстану адамды жоғары құндылық ретінде тануға

әкеліп соқтырады, бұл ұстаным қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабы, 1-тармағында бекіп те үлгерген [1].

Адамды бойындағы қадір-қасиеттен айыру мүмкін емес дүние. Қолсұғушылықтың объектісі қадір-қасиет емес, қадір-қасиет сезімі болып табылады. Жеке қадір-қасиет сезіміне қолсұғушылық – жәбірленушінің тарапына бағытталған және тұлғаның құндылығын елемейтін белсенді әрекеттерден көрініс табатын, адамға деген ашық сыйламау акциясы болып табылады.

Мемлекеттің тұлғаға, оның қадір-қасиетіне, мүдделеріне, құқықтарына деген қатынасы қылмыстық іс жүргізу үшін аса маңызы бар. Ол бір жағынан, қылмыстық іс жүргізудің сипаты мен мазмұны тұлғаның мемлекеттегі орнына байланысты болатындығында жатқан сияқты. Екінші жағынан – қылмыстық іс жүргізуді қалыптастыру тұлғаның мемлекеттегі құқықтары мен орнына көп ықпал етеді. Сондықтан да қылмыстық іс жүргізудің жоғары саяси мағынасы бар. Қылмыстық іс жүргізудегі тұлғаның жағдайы, қолданыстағы саяси режимнің сынама тасы ретінде негізделген түрде қарастырылады.

Тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету туралы айта отырып, біз оның мүдделерін қамтамасыз етуді, яғни тұлғаның түйсінетін, оның қызметінің міндеттерін қояды білдіретін қажеттіліктерді қозғаймыз. Қылмыстық іс жүргізудегі тұлғаның мүдделері қоғамдық немесе жеке сипатқа ие болуы ықтимал. Қоғамдық мүдде жеке тұлғаның жалпы қоғамның мүдделеріне қарым-қатынасынан көрініс береді, оны бүкіл қоғамның игілігі үшін, өзгеше емес, дәл солай әрекет етуге итермелейді. Қылмыстық іс жүргізудегі жеке мүдде жекелеген тұлғаның басқа адамдар мен мемлекеттік билік органдарының оның жеке өміріне араласуынан қорғаныс қажеттілігін көрсетеді [22, 16-17 б.]. Дәл осы жеке мүдде белгілі бір қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушыларына жеке-анықталған тұлға ретінде қарым-қатынас жасап қарауға итермелейді.

Заң әдебиеттерінде мысалы, келесідей түсініктер берілген: "Сот өндірісі міндеттеріне сәйкес келетін айыпталушы мүдделерінің заңдылығында күмән жоқ. Осы міндеттермен сәйкес келмейтін заңдылық мүдделердің белгісі ретінде, оларды қоғамдық мүддеге зиян келтірмей қанағаттандыру мүмкіндігі болып табылады".

Осы ереже жалпы құқық теориясында қалыптасқан қоғамдық және жеке мүдделердің арасында қайшылықтар туындағанда "қоғамдық мүдделердің заңды басымдылығы" қолданылуы туралы түсінікпен алдын ала анықталған [23, 56 б.]. Бұл жерде, қоғамдық мүдделер дегенде мемлекеттік мүдделер түсіндірілетінін ескерген жөн. Азаматтық қоғам болмағандықтан, ол мемлекетпен сіңіріліп, тек қана қазір бастауын алуда.

Қолданыстағы соңғы кездері енгізілген демократиялық сипаттағы бірқатар түзетулері бар қылмыстық іс жүргізуі қалыптасқан мемлекет үшін, келесідей сипаттама әбден сәйкес келеді: "Жеке бостандық пен мемлекеттің араласу саласының арасындағы кез келген шекара алынып тасталады; мемлекет үшін маңызды, ал индивидум үшін қажетті нәрсе құрбандыққа шалынады" [24, 7 б.]. Бірақ ол бұрыннан қалыптасқан полицейлік мемлекеттің

анықтамасы болып табылады. Ал басқа жағынан ол -тоталитарлық болып табылады.

Философ-публицист А. Ахутин келесіні жіті байқаған: Тоталитаризм рухы бәрінен де "монолитті бірлік" деген сөзбен жақсы беріледі. Тоталитарлық биліктің басты мақсаты — азаматтарды біртектес құқықсыз бұқараға айналдыру болып табылады, оны идеология саласы "халық" деп атайды. Халықтың атынан, "халық қалауын" орындау арқылы, не болса содан бас сауғалауға, ақтап алуға болады. Халық мүдделерінің жалауын жамылып, көбінесе түсініксіз, қарама-қайшылыққа толы шешімдер ақталып келген дей отырып, А.Д. Бойков төтесінен түскен. "Халық" атты жинақтауыш ұғымның астында, адам орманның тасасында қалатын ағаш тәрізді көрінбей қалып отырған дейді.

Ғалымдармен қатар, тәжірибелік заңгерлер де мемлекеттік билік органдары мен құқық қорғау ведомстволарының ұстанымдарына байланысты тез өзгеріп, ауысып отыратын құқық қолдану тәжірибесінің жалпы күйі мен қылмыстық сот өндірісінің мінсіз еместігіне назар аударған болатын. Бұл бүкіл қылмыстық іс жүргізу жүйесінің мемлекеттік-саяси мүддені қанағаттандыруға бейімделгендіктен болуы ықтимал. Оның негізінде басым бұқаралық негіз жатыр.

Анығында, қылмыстық процестегі мемлекеттің қоғамдық мүдделерді іске асыруы жариялық қағидасы арқылы орын алды. Ол қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік құқық қорғау органдарының жауапкершілігі мен олардың әрбір қылмыс жағдайында қылмыстық істер қозғауға әрекет ету, айыптыларды анықтау және жазалауда заңмен қарастырылған барлық амалдарды қабылдауды көрсетеді. Бейнелі тілмен айтсақ, дәстүрлі түсінікте жариялық қағидасының негізі, қылмыстық жауапкершіліктен құтылмайтындықты (қайтарымсыздықты) талап ету болып табылады.

Осыған сәйкес, бұрынғы уақытта жасалған, "қылмыстық іс жүргізудің мақсаты — қылмыс жасаған кінәлі адамды жазалау" деген қорытынды логикалық жағынан дәлелді болып саналады.

"Қылмыстық сот ісін жүргізудің басты мәні, белгілі бір адамдардың не қандай да болмасын мән жайлардың кінәлігі немесе кінәсіздігін айтып дәлелдеу емес, қылмыскерлерге заңға сәйкес дұрыс мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану болып табылады". Осындай аса бірбеткей пайымдау іс жүргізудің демократиялық негіздеріне арналған зерттеулер нәтижелеріне негізделетіні белгілі.

Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізудің ғылымы мен тәжірибесінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қылмыстылықпен күрестің өзіндік бір құралы ретінде қарау сияқты көзқарастың таралып кетуі таңғаларлық жайт емес.

Қылмыстық іс жүргізудің кеңестік кезеңіндегі қылмыстық істер бойынша қызметтің негізі, әлбетте, қылмыстық іс жүргізуді "қылмыстылықпен күрес үшін арнайы құрылған айрықша мемлекеттік-құқықтық институт" ретінде пайдалану арқылы мемлекеттің мүдделерін қорғау болып табылатыны хақ.

Қылмыстық іс жүргізуде бұқаралық негізді күшейту мен озбырлықты ту еткен және тұлғаны басуға, төмендетуге бейім тоталитарлық жүйенің ажырамас төлтаңбасы болып табылған. Аталмыш құбылыстың түп-тамыры байырғы мемлекеттіліктің саясаты мен идеологиясына терең дендеп еніп кеткен, ол мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастың жалпы күйімен тығыз байланыста. Мемлекет алға тартқан биік мақсаттар жекелеген адамның тұлғасына тікелей қатысы бар қандай да бір құрбандықтарға бару қажеттілігін алға тартып, мәжбүрлеп отырған. Көп құрбандықтардың арасында қылмыстық іс жүргізуді гуманизациялау да орын тепті. Аталмыш мәселенің тарихы жеткілікті түрде зерттелген, сипатталған [25, 85 б.].

Әділін айту қажет, кеңес билігі дәуірлеп тұрған тұста да, анағұрлым ілгері көзқарасты иеленген өкілдер тарапынан қылмыстық процесті демократияландыру және ізгілендіру талпыныстары тоқтамаған. Бұрынырақта бұл тарапта, сонымен қатар қазіргі таңда құқықтық мемлекеттің идеяларына жағатын және "алтын қорды" құрайтын, осы кезде қылмыстық іс жүргізудің отандық теориясының даму сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аз ойлар да айтылмады. Алайда мемлекеттің идеологиялық аппараты осындай күштерді жіті қадағалап, "халықтың биік мүдделеріне" немесе "жүргізіліп жатқан желіге" төнген кішігірім қауіпті байқаған сәтте-ақ ғылыми шығармашылыққа ұялмастан араласа кетіп отырған. 1968 жылы М. С. Строговичтің "Курса уголовного процесса" бірінші томының басылымына қатысты белгілі мысалды еске түсірген жеткілікті, бұл жағдайда кітап таралымын дайындап болғаннан кейін авторды идеологиялық мәшине барлық 13 000 даналық таралымдағы бетті ауыстырып, кінәсіздік презумпциясы принципінен қылмыстық іс жүргізу заңына енгізі туралы ұсыныстан бас тартуға мәжбүрлеген.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге түрлі қатысушылардың мүдделеріндегі қоғамдық және жеке бастаманың арақатынасы бірімәнді болып келмейді. Тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья және мемлекеттік-билік өкілеттіктері берілген қылмыстық сот ісін жүргізуге өзге де қатысушылар өзінің іс жүргізу қызметінде қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттері мен мақсаттары анықталған қоғам және мемлекеттің мүдделерін үнемі басшылыққа алып отыруы тиіс. Тіпті қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз еткен жағдайда аталмыш лауазымды тұлғалар қылмыстық іс жүргізуде жеке мүдделер иелері болып табылмайды, олардың алдында бұқаралық-құқықтық міндеттерді атқарады. Олар жеке мүддеге қол жеткізуді қадағалай алмайды, өйткені іс нәтижесінде олардың жеке, тікелей немесе жанама мүдделілігі анықталған жағдайда оларға қарсылық білдіріледі. Қылмыстық процеске қатысудың мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Қарсылық білдіру тәртібі қылмыстық процестік заңнамада көрсетілген (ҚРҚПК-тің 11-тарауы). Қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыра отырып, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жеке құқықтарды емес, оларға қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру және әділ сотты жүзеге асыру үшін сеніп тапсырылған қоғам мен мемлекеттің уәкілеттерін пайдаланады. Яғни олардың қызметі тұлғаны қорғау және күзетудің іс жүргізу

құралдарымен емес, әділ соттың іс жүргізу кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

В.М. Корнуковтың пікірінше, қылмыстық процестегі "тұлға" санаты оның іс жүргізу күйіне қарамастан, қылмыстық іс жүргізу аясына тартылған азаматты белгілеу үшін қолданылады [26, 47 б.]. Біздің пайымдауымызша, аталмыш пікірді өте дұрыс деп есептеуге болмайды. Онда "тұлға", дәлірек айтқанда, "тұлғаның мүдделері" деген терминнің қылмыстық процесс теориясында қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының лауазымды тұлғаларына қолданылмайтындығы дұрыс айтылған. Бірақ оны жеке тұлға болып табылатын басқа да қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушыларына тарату сондай-ақ негізсіз болар еді.

Біздің пайымдауымызша, сондай-ақ кәсіби қасиеттері, қызмет орнына байланысты қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған азаматтарда, сонымен қатар қоғамдық борышқа қатысты қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысушы тұлғаларда жеке мүдде болмайды. Бұл, ең алдымен, қылмыстық сот өндірісіне қатысушылар мен онда қоғамның мүдделерін ұсынатын басқа да тұлғалар (алқалы сот), сонымен қатар қылмыстық іс бойынша өндірісте септігін тигізетіндер (куәгер, маман, педагог, аудармашы) болып табылады. Өзінің қызметімен олар қоғамдық мүддені жүзеге асыруға септігін тигізеді, сондықтан олардың құқықтары мен міндеттері әділ соттың іс жүргізу кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Куәға қатысты қарастырылатын мәселе айрықша түрде шешімін табады. Оның әділ сотқа септігін тигізу бойынша өзінің заңгерлік міндеттемесін орындау куәгердің істің нәтижесіне мүдделі болатын жағдайларды есептен шығармайды. Сондықтан оның құқықтары мен заңды мүдделері тек әділ соттың кепілдіктерімен ғана емес, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуде тұлғаның құқықтарын қамтамасыз етудің іс жүргізу құралдарымен де қорғалады. Осылайша мысалы, оның жеке қызметіне араласудан куәгердің жеке мүддесін сақтай отырып, оған өзіне қарсы, өзінің жақын туыстары мен өзінің жұбайына қарсы куә болмау құқығын береді. ҚРҚПК 28-бабына сай: "

1. Ешкім өзіне, жұбайына (зайыбына) және аясы осы Кодексте айқындалған өзінің жақын туыстарына қарсы айғақтар беруге міндетті емес.

2. Діни қызметшілер тәубаға келу үстінде өздеріне ішкі сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік беруге міндетті емес.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда көрсетілген адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және бұл үшін оларды қандай да бір жауаптылыққа тартуға болмайды " [15].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың дербес тобын қылмыстық істе өзінің құқықтық мүддесі бар тұлғалар құрайды. Айыпталушы, күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкердің қылмыстық істе ұдайы олардың іс жүргізу орнын анықтайтын тергеудегі қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде туындаған тұлғаның белгілі бір қасиеттерінен пайда болатын өзінің жеке мүддесі болады. Бұл қатысушылар қылмыстық іс жүргізудің ауыстыруға келмейтін субъектілері болып табылады. Қоғамдық мүдде қылмыстық сот ісін жүргізуге

қатысушылары толық немесе ішінара қабылдауы мүмкін ықтимал мінез-құлықтың белгілі бір желілері ретінде олардың жеке мүддесіне қатысты орын алады. Бірақ тіпті қоғамдық мүддемен толық сәйкес келіп отырған күннің өзінде, ол жеке мүддені сіңірмейді. Бұл тек тұлғаның мүдделері осы жағдайда қоғамдық сипатқа ие болатындығын куәландырады. Ал осындай қатысушының құқықтары мен міндеттері тек арнайы іс жүргізу құралдары мен тәсілдер арқылы ғана емес, сонымен қатар әділ сот кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушыларының қатарына сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізудің басқа да қатысушыларының мүдделерін ұсынатын және қорғайтын тұлғалар да жатады. Бұл күдікті мен айыпталушының қорғаушысы, олардың заңды өкілі, сонымен қатар жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің өкілі болып табылады. Қорғаушының қылмыстық процессуалдық қызметі өзінің қорғалушыларының мүдделерін қорғауға бағытталғанымен, оның өзі қылмыстық сот ісін жүргізуде қоғамның мүдделерін ұстанады. Қорғаушының қылмыстық іс жүргізу қызметіне бұқаралық негіз тән болып табылады [27, 10 б.]. "Бұқаралық" сөзі – латын тілінен шыққан, ол "халық" дегенді білдіреді. Орыс тілінде ол "жеке меншік емес, қоғамдық" деп түсіндіріледі [28, 629 б.]. Дәл осындай түсінікте аталмыш терминді қорғау қызметіне қатысты қолданған жөн. Қорғаушы қызметінің бұқаралық сипаты туралы келесідей дәлелдерді келтіруге болады. Біріншіден, қарастырылатын қызметті жүзеге асыру қажеттілігі кінәсіз азаматтарды қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу сипатындағы мемлекеттік мәжбүрлеу амалдарын қолданудан қорғау бойынша қоғамдық қажеттілікке байланысты. Екіншіден, адвокат-қорғаушы жеке тұлға ретінде емес, өзіне құқық қорғау механизміндегі аса маңызды рөл – азаматтарға білікті заңгерлік көмек көрсету ісін алған ұйымның мүшесі ретінде әрекет етеді (Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы, 3-тармағы). Ол адвокаттық қызмет туралы заңның шеңберінде әрекет етуге міндетті болып табылады, оларға қатардағы азаматтармен салыстырғанда елеулі түрде жоғары талаптар қойылады. Үшіншіден, қорғаушының құқықтық мәртебесінің бұқаралық негізін жанама түрде тануды келесі жағдайлар растайды: адвокат өзіне қабылдаған біреуді қорғаудан бас тартуға тыйым салу; мемлекет қазынасы тарапынан күдіктіге және айыпталушыға заңгерлік көмек беру мүмкіндігі. Яғни қорғаушының өзінің қызметін қорғалушының талаптарына сәйкес жүзеге асыру міндеттемесі заңнан көрініс тапқан қоғамдық мүдде шеңберімен шектелген.

Қорғаушыдан бір ерекшелігі – өкіл үшін қылмыстық сот ісін жүргізуде өзінің қатысушысының мүддесінің заңдылығын тану көкейкесті болып табылады. Оның іс жүргізу ұстанымы толық және барлық жағдайларда мүдделерін қорғайтын тұлға таңдаған ұстанымға сәйкес келуі керек.

Қорғаушының іс жүргізу құқықтарын бұзу, сонымен қатар күдікті және айыпталушының қорғану құқықтарын бұзуды туындатуы мүмкін, ол оған білікті заңгерлік көмек көрсету тиіс. Демек қорғаушының (өкілдің) құқықтары мен міндеттері, қылмыстық сот ісін жүргізуге өзге де қатысушылардың

құқықтары да қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету объектісі болып табылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге белгілі бір қатысушының мүдделері сияқты тұлғаның мүдделері өзі үшін өмірлік маңызы бар құндылықтарды қорғау қажеттілігін білдіреді. Айыпталушы мен күдікті қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өзіне қатысты туындаған күдік пен айыптаудан қорғау және қылмыстық іс жүргізуге мәжбүрлеу амалдарын қолдану нәтижесінде олардың құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуге зәру болады. Жәбірленушіге әділ сотқа қол жетімділік пен қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу қажет. Азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкерге, тиісінше, қылмыстық сот өндірісінде азаматтық талап арыз беру және қолдау құқығы мен оған қорғаныс құқығы кепілдендірілуі тиіс.

Осылайша тұлғаның өзі емес, оның құқықтық қасиеті (құндылықтары) құқықтық қамтамасыз етуге зәру болып табылады. Заң әдебиеттерінде қылмыстық іс жүргізудегі тұлғаның құқықтық сипаттамасын анықтау үшін құқықтық жағдай немесе процессуалдық мәртебе тәрізді әрқилы ұғымдар пайдаланылады. Сондықтан аталмыш ұғымдарды біз мағыналық мәні бойынша ұқсас ұғымдар ретінде қарастыратын боламыз.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушының процессуалдық мәртебесінің негізгі құрамдасы оның құқықтары мен міндеттері, заңды мүдделері, құқықтары мен заңды мүдделердің кепілдіктері, міндеттерді орындамағаны үшін артылатын құқықтық жауапкершілік жатады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтық жағдайын анықтай отырып, қылмыстық іс жүргізу құқығы, ең алдымен, оларға өздерінің мақсаттарына қол жеткізу және тікелей міндеттерді шешу үшін құқықтар мен міндеттерді береді. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушының құқығы оның ықтимал мінез-құлқының шамасын білдіреді. Оған бірқатар өкілеттіктер кіреді: а) жеке нақты әрекеттер жасау құқығы; б) заңды әрекеттер жасау құқығы, заңды шешімдер қабылдау құқығы; в) басқа тараптан міндеттерді орындауды талап ету; г) талаптану құқығы міндетті тұлғаға қарсы мәжбүрлеу аппаратын қызмет жасату мүмкіндігінен тұрады [29, 342 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың бірі үшін белгілі бір түрдегі әрекеттер жасау ықтималдылығы басқалар үшін – тиісті жағдайлар жасау немесе тіпті оларды жүзеге асыруға кедергі келтірмеу міндеті болып табылады. Міндет дегеніміз, тек міндеттену ғана емес, сонымен қатар міндетті тұлғаның нақты мінез-құлқы деп түсінген жөн. Оның міндетті орындау немесе орындамау арасында таңдауы болмайды. Заңгерлік міндеттерін орындамау немесе тиісті түрде орындамау құқық бұзушылық болып табылады және мемлекеттік, соның ішінде қылмыстық іс жүргізуге мәжбүрлеу шараларын туындатады.

Зандық жауапкершіліктің үш басты нысаны болады: тыйым салынған әрекеттерден қалыс қалу (пассивті мінез-құлық); нақты әрекеттер жасау (белсенді мінез-құлық); жеке, мүліктік немесе ұйымдық сипаттағы шектеулерді бастан өткеру (зандық жауапкершілік шаралары) [29, 343 б.].

Субъективтік құқықтар мен міндеттер өзара ажырамас байланыста болады. Міндетпен қамтамасыз етілмеген субъективтік құқық болмайды және құқық сәйкес келмеуі мүмкін міндет те болмайды. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушының құқықтық мәртебесінің қосарлы тұтас элементі бола отырып, құқықтар мен міндеттер қатысушының, қатысуы мүмкін құқықтық қатынастар нысанын түзеді. Осы құқықтық қатынастардың мазмұны субъектінің әрекеттері болып табылады. Құқықтағы мазмұн мен нысанның диалектикалық аралығын Л.С. Явич нақты белгілеп берген: "...құқықтық қатынастарда құқықтың мазмұны нысанға өтеді. Құқықтық қатынастардың тікелей мазмұны оған қатысатын, құқықтарға ие бола отырып, міндеттер көтеретін субъектілердің мінез-құлқы болып табылады" [30, 117 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушының процессуалдық-құқықтық жағдайы ол қылмыстық іс жүргізудегі өзінің функцияларын орындау үшін пайдаланатын барлық құқықтар мен міндеттердің жиынтығы ретінде қарастырған жөн. Құқықтық мәртебелердің диалектикалық арақатынасы әрбір алдыңғы мәртебенің кейінгінің негізін құрайтындығын, ал кейінгі мәртебе алдыңғының құрамына кіретіндігін білдіреді. Жалпы құқықтық (конституциялық) мәртебе салалық мәртебе үшін негіз болып табылады, ал салалық (біздің жағдайда тұлғаның қылмыстық іс жүргізу мәртебесі) жеке немесе нақты мәртебенің негізі ретінде қызмет етеді [31, 12 б.]. Конституциялық және салалық (қылмыстық іс жүргізу) мәртебелердің арақатынасын зерттей келе, әрбір сот ісін жүргізуге қатысушының қылмыстық іс жүргізу күйі тұлғаның барлық құқықтық мәртебесінің негізі болып табыла отырып, салалық қылмыстық іс жүргізу мәртебесінің бастапқы негіздерін анықтайтын азаматтың конституциялық мәртебесіне негізделеді деген қорытындыға келген В.М. Корнуковпен келіскен жөн [26, 7-12 б.].

Қазақстан Республикасындағы тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізін "Адам және азамат" деп аталатын Қазақстан Республикасы Конституциясының II тарауының ережелері құрайды. Яғни қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы бір уақытта бір-біріне ұқсамайтын адамның да, азаматтың да құқықтарының субъектісі болып табылады.

Мемлекеттің тұлғаға қатынасының конституциялық деңгейіндегі түбегейлі өзгерісі қылмыстық іс жүргізудің бағыттылығы мен мазмұнының айтарлықтай өзгерісін шарасыз туындатады. Қылмыстық іс жүргізу заңнаманың дамуы ұдайы елеулі дәрежеде қоғамдық және жеке мүдделердің тиісті арақатынасын қамтамасыз ету қажеттілігінен бастау алады. Сонымен бірге мұндай қажеттілік қазіргі таңда да көрініс беріп отыр. Қылмыстық іс бойынша өндіріс аясына тартылған адам тіпті ең бір орасан зор мақсаттардың оның кішігірім болса да, бірақ төл мүдделерінің алдында артықшылыққа ие болмайтындығына үміттенуге және соны талап етуге құқылы болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізуде бірқатар жағдайда заңмен қорғалатын мүдде тіпті осындай шындықты тану сияқты маңызды әлеуметтік құндылықтан да қымбатырақ болып табылатындығы әділ айтылған. Мысалы, анықтау белгілеріңсіз зорлық жасау барысында, жалпы және жеке превенция

мақсаттарына қол жеткізу үшін қоғам мүддесінде қылмысты ашып, кінәліні қажетінше жазалаған жөн, алайда әлдебір жеке ой-пікірлері бойынша жәбірленуші қылмыстық істі қозғау үшін қажетті арыз бергісі келмейді делік. Және, жалпы дұрыс пікірге қатысты келісу қажеттігі жоқ сияқты, осындай және осыған ұқсас жағдайларда заңмен қорғалатын жеке мүдде бұқаралық мүдде дәрежесіне көтеріліп, анағұрлым елеулі мүдде ретінде бағаланады. Заманауи жағдайларда тұлғаның заңмен қорғалатын мүддесі оған бұқаралық мүдде мәртебесін беруді қажетсінбейді. Ол өздігінен жоғары құндылық болып табылады және ол кез келген жағдайда қоғамдық мүдденің құндылығынан кемірек мүдде тәрізді қарастырылмауы тиіс.

Алайда кез келген жағдайда құқықтық мемлекеттің қылмыстық іс жүргізуінде тұлғаға түбегейлі жаңа қарым-қатынас негіздері қазірдің өзінде салынуы тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қоғамдық мүдделердің артықшылығы тұлғаның құқықтары мен еркіндіктерінің артықшылығына ауыстырылуы керек. Соңғы құқықтар мен еркіндіктер мемлекеттік билік үшін шек қоятын жағдайда индивидтің мемлекеттен жоғары болуын, үстемдігін білдіреді. Осылайша азаматтық қоғамның ұстанымдарына сәйкес келетін тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарының жаңа тұжырымы әрекет ете бастайды.

Адамның құқығы қазіргі таңда қылмыстық істер бойынша іс жүргізу қызметінің мақсаты, мазмұны мен нысанын анықтайтын маңызды мән-жай ретінде қарастырылатыны белгілі. Адамның құқықтары негізгі болып табылуы, қылмыстық іс жүргізу ісін зерттеу және реформалаудың жаңа әдістемесінің болмысын білдіруі тиіс.

Адам құқықтары ұғымының пайда болуы, яғни осы мәселені ғылыми тұрғыдан түйсінуге табиғи құқық идеяларының пайда болуы мен таралуына тікелей байланысты болып табылады. Б.д.д. V-IV ғғ. өзінде-ақ көне грек ойшылдары (Ликофрон, Антифон және басқалары) адамдардың барлығы туғаннан тең болатындығын және бірдей, табиғат орнатып берген құқықтарға ие екендігін баса айтқан. Аристотель адамның өзінің табиғатын көрсететін және оның өзіне деген махаббатына негізделген жеке меншік құқығын негізгі құқықтардың бірі деп есептеген. Феодализм кезінде көптеген табиғи-құқықтық идеяларға діни мағыналар телінетін. Кейінірек адамның табиғи құқықтары туралы ілім Локк, Монтескье, Руссо, Кант, Бентам және өзге де ойшылдардың еңбектерінде өз дамуын жалғастырған болатын. Қоғамдық қарым-қатынастар дамыған сайын адамның құқықтары ойдағы санаттан бірте-бірте нақты шындыққа айнала бастаған, мемлекеттік-құқықтық құжаттарда бекітіліп, құқықтық және мемлекеттік құрылымның қандай да бір жүйесінің демократиялығының белгісі бола бастады.

Адамның құқықтары әрбір индивидтің ажырамас қасиеттерінің болмысы мен оның тұрмысының елеулі белгілері болып табылады. Ш.Монтескьенің адам құқықтарын заманауи түсінуге айтарлықтай әсер еткен тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастары туралы ілімге сәйкес, бұл заңды тудыратын және оны анықтайтын дүние болып табылады [32, 79 б.]. Мемлекет құқықты сыйға тартпайды, ол тек оларды заңда бекітіп, орындалуын

қамтамасыз етеді. Адамның құқықтарында мемлекет пен адамға анағұрлым маңызды болып табылатын игіліктерге қатысты орын алып үлгерген қоғамдық қатынастар заңдық тұрғыдан рәсімделеді.

Осылайша адамның құқықтары – индивидтің өмірін, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдық абыройы мен қызмет еркіндігін қамтамасыз ететін табиғи мүмкіндіктері болып табылады.

Адам құқықтарының анағұрлым толық және егжей-тегжейлі заңдық рәсімделуі тиісті халықаралық-құқықтық актілерден бастау алған. Олардың көпшілігінің қылмыстық сот өндірісіне тікелей қатысы бар болып табылады. Олардың арасынан 1948 жылғы "Адам құқықтарының жалпы декларациясы", 1966 жылғы "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт", сонымен қатар 1950 жылғы "Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропалық конвенцияны" және т.б., атап кеткен жөн [33, 56 б.].

Адам құқықтарынан азамат құқықтарының бір айырмасы егер ол аталмыш мемлекеттің азаматы қасиетіне ие болса, индивидке тиесілі. Олар адамды мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылған бірлестік мүшесі ретінде жіктеп береді. Азаматтың құқықтары, біріншіден, нормативтік-құқықтық мемлекеттік актілерде көрініс тапқан табиғи өкілеттерді құрайды.

Халықаралық-құқықтық құжаттарда қолданылатын "азаматтық құқықтар" термині мемлекеттің жекелеген белсенділіктің белгілі бір салаларына араласуына тыйым салуға байланысты болып табылады. Олардың астарында жеке басқа, мүлікке және т.б. қолсұқпаушылық жатыр [34, 151-152 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциясында "құқықтар" санатымен қатар "бостандық" термині қолданылады: ар-ұят бостандығы, діни сенім бостандығы, ойлау және сөз бостандығы және т.б. Мәні мен мазұны жағынан бұл санаттарды тең деп есептеуге болады. Олар өзара бір құбылыстың әртүрлі тараптары ретінде салыстырылады. Егер "бостандық" санатына баса назар аударатын болсақ, бұл ретте адамның өзінің қалауы бойынша өмір сүру, өзіне өзі тиесілі болу мүмкіндігі ескеріледі, бұл ұдайы индивидтің адамзат қоғамында болуына және басқа адамдардың еркіндігімен есептесу қажеттілігіне байланысты мінез-құлық шектері сипатталады. Адамның "құқығы" жөнінде сөз қозғалған жағдайда, онда бірінші қатарға индивид адамдық абыройын төмендетпестен ол өзін еркін тұлға ретінде жүзеге асыра алатын рұқсат етілетін мінез-құлық көлемі шығарылады [21, 21 б.]. Жалпы бостандықтың барлық түрлері, көп немесе аз дәрежеде, толық немесе ішінара құқықтық жанама түрде көрініс табатын болады, яғни заңды еркіндік пішініне ие болады [35, 9 б.].

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының барлық жиынтығы тұлғаның қандай да бір құқықтық қарым-қатынас субъектісі ретінде құқықтық мәртебесінің негіздерін анықтайды. Құқықтық, оның ішінде қылмыстық іс жүргізу қарым-қатынасының субъектісі бола отырып, адам онда өзінің барлық құқықтары мен еркіндіктерін емес, олардың біраз ғана бөлігін іске асырады. Нақты жағдайда нақты индивидке тиесілі өкілеттіктер құқық теориясында "тұлға құқықтары" терминін иеленген [21, 49 б.]. Олар іс жүргізу

кепілдіктерімен қамтамасыз етілетін тікелей объекті болып табылады. Тұлға құқықтары адамның жеке ерекшеліктерін сипаттайды. Оның әлеуметтік толысу деңгейін, құқықты сезіну қабілеті мен өзінің әрекеттері үшін жауап беруін көрсетеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушының құқықтары және міндеттерімен қатар, тұлғаның заңды мүдделері, қамтамасыз ету объектісі болып табылады. "Заңды мүдделер" термині тек ғылымда ғана емес, сонымен қатар заңнамада да пайдаланылады. Бірақ осы құқықтық дефиницияның болмысы мен мазмұнын ұзақ уақыт зерттеуге қарамастан, ол көптеген ғылыми зерттеулердің нысаны болып табылады, ғалымдар осы уақытқа дейін осы құқықтық ұғымның заңды табиғаты мен мәні туралы көп дауласуда. Бұл шешімі қиын мәселенің күрделілігі әдебиетте заңды мүдде ұғымына қатысты көзқарасты талдай отырып, келесідей қорытындыға келген Н.И. Матузовтың пікірімен атап көрсетіледі: "Біздің алдымызда норма емес, қағида емес, құқықтылық емес, субъектінің қасиеті емес (құқықтық әрекет қабілеттілік), белгілі мағынада "жұмбақ" болып табылатын аса ерекше құқықтық феномен тұр" [36, 115 б.]. Алайда мұндай түсіндірумен қанағаттану мүмкін емес, өйткені ғылымның өзі осындай "жұмбақтарды" шешу үшін жаралған.

Біздің пайымдауымызша, заңды мүдде ұғымы туралы барлық айтылған ұстанымдар ішінен бейнелеп айтсақ, осы проблематиканың оң жағы болып табылатын екі көзқарасты бөліп көрсетуге болады. Олардың бірі, заңды мүддені адамның субъективті құқықтарымен ұқсастыру, теңестіру болып табылады. Оның авторларының бірі, В.С. Шадриннің ойынша: Субъективтік құқықтан тыс жеке адамның заңдылық мүдделері туралы, келесі жағдайда ғана айтуға болады, субъективтік құқықтағы мүдденің жүзеге асырылу мүмкіндігін жасау үшін ең алдымен заң шығарушы оны заңға сәйкестілік тұрғысынан бағалайды, сондай ақ заңда белгіленген құқық қағидаларын ескереді, жеке тұлға мен мемлекет мүдделерінің ара қатынасын зерделейді. Егер субъектінің мүддесі "заңдылық" сынағына төтеп берсе, ол субъективтік құқық формасына түсуге құқылы, сондықтан да заңмен қорғалады немесе заңды мүдде ретінде қабылданады. Субъективтік құқықта көрініс тапқан мүдде үнемі заңды болып табылады [21, 26 б.].

Заңды мүддені ең алдымен, субъективтік құқықта бекітілген тұлға мүддесі ретінде қарастыра отырып, В.С. Шадрин осылайша мәні жағынан аталмыш құқықтық санаттың дербес тәжірибелік мәнін жоққа шығарады. Оның пікірінше, "заңды мүдделер" нақты азаматтың құқықтары мен оларды тікелей қатаң қатынаспен тура жанасуының алдын алатын басқа тұлғалардың құқықтары арасындағы өзіндік шекаралас немесе аралық аймақ ретінде қарастырыла алады, мұның қандай да бір субъекті өзінің құқықтарын жүзеге асыру барысында орын алмағаны жөн.

Бұл түсінікте В.С. Шадриннің көзқарасы В.М. Корнуковтың ұстанымына жақын болып табылады, оның пайымдауынша, тұлға мүдделерінің заңдылығын теориялық негіздемесінің мағынасы мен мақсаты оның тұлға мүдделерін қорғауға қатысты мәселелердің регламенттелу бөлігінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге септігін тигізу

ықтималдылығын қарастырады. Аталған мүдделер субъектілеріне тиісті құқықтар беру соңғы нәтижеде құқықтық заңдастырудың тамаша тәсілі болып табылады [26, 86 б.].

Басқа көзқарас Е.А. Лукашеваныкі, оның ойынша, заңды мүдде "құқықтан тыс" немесе "құқыққа дейінгі" санат болып табылады, соған байланысты ол оны құқықтық мәртебенің дербес элементі ретінде бөлектеу қажеттілігіне күмән келтіреді [37, 151 б.].

Бірінші және екінші ұстанымның да ортақ кемшілігі олардың жақтастары заңды мүдделер ұғымдарының дербес құқықтық мәнін жоққа шығара отырып, оларды құқықтық қарым-қатынастарда қатысудың құқықтық құралы ретінде құқық субъектісін пайдалануға жол бермейтіндігінде болып табылады. Заңды мүдделер құқықтық қызмет саласынан тыс та тіршілік етуі мүмкін деген тұжырыммен де келіспеуге болмайды. "Заңды мүдделер" термині атауының өзі оның мәнін тек заң ғана анықтай алатындығын анық көрсетеді. Тұлғаның мүдделері көрініс табатын адамгершілік, этикалық және өзге де әлеуметтік-қоғамдық талаптар оларға оң құқықтық баға берілгеннен кейін ғана заңды күшке ие болады. Алайда адамның барлық құқықтық мүмкіндіктері В.С. Шадриннің пайымдауынша тұлғаның құқықтары мен еркіндіктерінде көрініс таба бермеуі мүмкін [21, 28-29 б.].

Сонымен қатар Н.Әбдікановтың әділ бағасы бойынша, заңды мүдде әрекеттердің құқықтық алшақтығы ретінде нақты заңды міндет тарапынан кепілдендірудің жоқтығымен сипатталады [38, 5 б.]. Сондықтан қылмыстық іс жүргізуде, конституциялық және жалпыға рұқсат етілген құқықтық реттеу типі бар құқықтың басқа да салаларында, заңды мүдде іс жүргізу қызметінің құралы емес, құқықтық қамтамасыз ету объектісі ғана болып табылады. Мәселе қылмыстық іс жүргізу құқықтық шектеулермен байланысты билік өкілеттерін қолдану саласы сияқты тек қана құқықтық реттеудің рұқсат беруші типінің көмегімен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін егжей-тегжейлі және бәрін қамтитын регламенттеуді талап ететіндігінде болып тұр. Қылмыстық іс жүргізу қызметі оған қатысушыларға нақты іс жүргізу құқықтар мен міндеттер бөліп беру арқылы регламенттеледі. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың іс жүргізу құқығын іске асыру мүмкіндігі ылғи өндірісінде қылмыстық іс қозғалған лауазымды тұлғаның корреспонденттеуші міндеттердің болуына байланысты болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін оның қатысушылары өзінің басқа да құқықтарын пайдалана алады (мысалы, конституциялық). Бірақ оларды жүзеге асыруға байланысты туындаған құқықтық қарым-қатынастар қылмыстық-процессуалдық болып табылмайды. Сондықтан біз қорғаушының "заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалану" құқығын (ҚРҚПК-нің 70-бабы, 2 бөлігінің 12 тармағы) олардың қатысуымен пайда болатын қылмыстық-процессуалдық қатынастар, құқықтық реттеу типіне сәйкес келмеуі салдарынан олардың процессуалдық құқықтары тізбесінен алынып тасталуы қажет деп санаймыз.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің мәтінінен аталмыш тұжырымдарды алып тастауды ұсына отырып, біз осы қылмыстық сот ісін жүргізуге

қатысушының тиісті құқығының болу фактісін жоққа шығармаймыз. Сонымен қатар бұл құқықтарды тек қорғаушы ғана емес, күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер сияқты қылмыстық сот ісін жүргізуге басқа да қатысушылар пайдалана алады деп есептейміз. Бірақ олардың салалық қылмыстық іс жүргізу заңнамасында тұлғаның құқықтық күйінің регламентациясына көңілі болмаса, олар Қазақстан Республикасының Конституциясында қарастырылған өздерінің құқықтық мүмкіндіктерін талап етуге, ал олардың халықаралық шартта оң түсіндірілуі жағдайында – халықаралық құқық нормаларына тікелей жүгінуге құқылы болып табылады. Алайда кез келген жағдайда қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтарының формасындағы құқықтық жол берушіліктер ғана пайдаланылуы мүмкін. Өзге құқықтық жол берушіліктер (яғни заңды мүдделер) тұлғаның конституциялық мәртебесінің деңгейінде құрылады да, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың өздері үшін істің қолайлы аяқталуына мүдделігін білдіреді. Олар іс жүргізу құралдарымен қамтамасыз етілетін қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың іс жүргізу күйінің дербес элементі болып табылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың өздерінің іс жүргізу қызметінде ұстануы мүмкін екі түрлі мүдделерін бөлектеуге болады, олар – материалдық-құқықтық және процессуалды-құқықтық мүдделер. Мүдделердің бірінші түрі, қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының олардың әрқайсысы үшін қылмыстық істің анағұрлым қолайлы болып шешілуін тілеуді қамтиды. Аталған мүдделер ылғи заңды болып табылады, өйткені олар құқықтық талаптарға қайшы келмейді. Олар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларға белгілі бір құқықтар беру, мысалы, тағайындалған жазаның әділетсіздігі бойынша айыптау үкіміне апелляциялық шағым беруге қорғаушы құқығын беру қажеттілігін білдіреді. Бұл жерде заңды мүдделерді ескере отырып, заңды мүдде субъектісіне өзінің құқық қабілеттілігін жүзеге асыруға, сонымен қатар субъективтік құқықтар алу мүмкіндігін береді және кепілдік береді деген Н.А. Шайкеновпен келіскен жөн болар [39, 156 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың іс жүргізу мүдделеріне олардың өздерінің материалдық-құқықтық мүдделерінің қандай да бір қорғау құралдарын пайдалану талпынысын жатқызған дұрыс болар. Олар заңды немесе заңсыз болуы мүмкін. Заңды мүдделер – қылмыстық іс жүргізу құқығы тыйым салмаған қорғаныс құралдарын пайдалану талпынысы болып табылады. Заңсыз мүдделер – тиісінше, қылмыстық іс жүргізу құқығы тыйым салған қорғаныс құралдарын пайдалану талпынысы болып табылады. Соңғылардың іс жүргізуді қамтамасыз ету объектілеріне жатпайтындығы заңдылық.

Осылайша біздің ойымызша, заңды мүдделер қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың дербес элементі ретінде заңда тура көрсетілмеген, бірақ ол тыйым салмаған қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларының қылмыстық іс бойынша өздеріне қолайлы және қоғам мақұлдаған өндіріс нәтижелеріне қол жеткізу талпынысына құқықтық рұқсатты білдіреді.

Адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық деп жариялай отырып, мемлекет оны тануды, өзінің бастапқы міндетін ұстану мен қорғауды анықтап берген болатын. Қылмыстық іс жүргізуде мемлекеттің атынан қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету ауыртпалығы қылмыстық сот ісін жүргізетін органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына жүктелуі тиіс. Сот, прокурор, тергеуші және алдын ала тергеуші күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, сонымен қатар басқа да қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіріп беруі және осы құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. "Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қылмыстық процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақтылы шаралар қолдануға міндетті" (ҚРҚПК-тің 15-бабының 1 бөлігі.). Бұл ретте заң шығарушы заңда жалпы нұсқауларды жариялап қана қоймай (ҚРҚПК-тің 13-тарауы), сонымен қатар оларды орындау үшін арнайы іс жүргізу құралдарын да орнатқан болатын. Олардың қатарына мемлекеттік-билік өкілеттіктері берілген субъектілердің белгілі бір міндеттері жатады, оның ішінде, Өтінішхат ол мәлімделген бойда қаралуға және шешілуге жатады. Өтінішхат бойынша шешімді дереу қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда, ол мәлімделген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей шешілуге тиіс. (ҚРҚПК-тің 99-бабының 4 бөлігі); берілген қарсылықтарға рұқсат ету (мысалы, судьяға қарсылық білдіру ҚРҚПК-тің 87-бабы); Күдікті мен оның қорғаушысы істің барлық материалдарымен таныстыру (ҚРҚПК-нің 296-бабы) және көптеген басқа мүмкіндіктер беру. Сондықтан қылмыстық сот ісін жүргізу органдары мен олардың лауазымды тұлғалары осы қызмет міндет болып табылатын қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша қызметтің басты субъектілері болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізу қызметінің барысында іс жүргізу ғана емес, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың материалдық-құқықтық құқықтары мен заңды мүдделері қамтамасыз етілуі тиіс. Ол үшін заң сотты, прокурорды, тергеуші мен анықтаушыны істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі бұзылмайтындай әрекет етуін талап етеді. Қолданыстағы ҚРҚПК-де заң шығарушы істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі туралы арнайы норманы қарастырмаса да, жекелеген нормаларда аталмыш талаптар болуы керек (ҚРҚПК-нің 24, 44-баптары және басқалары).

Сот, прокурор, тергеуші және анықтаушы іс жүргізу бойынша міндеттеріне сүйене отырып, істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі үшін заңда қарастырылған барлық шараларды қабылдап, айыпталушыны әшкерелейтін немесе ақтайтын, сондай-ақ оның жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды анықтайды. 3.3. Зинатуллин алдын ала тергеу органдарының істі жан-жақты,

толыққанды және объективті қарастыру туралы нормаларға сәйкес қабылдайтын іс жүргізу әрекеттерін көрмеудің өзі "олардың қорғаныс функциясын жүзеге асыруға қатысуы бұрыс, жөнсіз болып көрінеді" деген екен [40, 48 б.]. Біз аталмыш пікірді даулы деп есептейміз. Қорғау қылмыстық іс жүргізу қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады, яғни оған тән мақсаттар, міндеттерді сипаттайтын дербес іс жүргізу функциясы, субъектілері мен мазмұны бар функция болып табылады. Іс жүргізу қызметінің осы түрінің басқа іс жүргізу функцияларынан басты ерекшеліктерінің бірі – оның міндеттерінде. Ол күдікті немесе айыпталушыны айыптау немесе күдіктенуді теріске шығару, оларды ақтайтын, олардың жауапкершілігін жеңілдететін жағдайларды анықтау, сонымен қатар олардың жеке және мүлктік құқықтарын қорғаудан тұрады. Қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың басты міндеті – қоғамдық мүдделерді қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау болып табылады. Айтылғанды бейнебір мемлекеттік органдар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың мүдделерін қамтамасыз етпейтіндей, ал қорғаныс субъектілері қоғам мүдделерінде қылмыстылықпен күреске септігін тигізбейді деп түсінбеген жөн. Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың бірінші кезектегі міндеті ҚРҚПК-тің 58-63 баптарының ережелерінен шығып келіп, қылмыстық сот ісін жүргізудің болуының өзі қылмыстылықпен күрес, жазалаудың болмай қоймайтындығын принципі қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болып табылатындығымен түсіндіріледі. Алайда қылмыстық жауапкершілікке тек кінәлілерді тарту шарты мен тек кінә шамасында оларға іс жағдайларын зерттеу барысын толыққанды, жан-жақты және объективті түрде жүргізуге, сонымен қатар қылмыстық әділет саласына тартылған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға міндеттейді. Қорғау функциясының субъектілері үшін негізгі мақсат ретінде, күдікті және айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру болып табылады. Осы мақсаттың орындалуы бір уақытта заң бұзушылықпен күрес жүргізуге септігін тигізеді.

Тергеушінің қызметі түрлі міндеттерді шешуге бағытталуы мүмкін: күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін белгілеу, сонымен қатар оның берген жауаптарының қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы жоқ екенін тексеру, жазаны ауырлататын, сондай-ақ жеңілдететін жағдайлардың болуы немесе болмауын анықтау және т.б. Аталмыш қызмет тергеуші жүзеге асыратын қылмыстық қудалау және қорғаудың екі дербес функцияларын емес, қылмыстық сот өндірісінің құрылымдық-функционалдық талдауына басқа әдістемелік тәсілді пайдаланатын болса, тергеу функциясы болып табылады [41, 45 б.]. Осы күйді атап көрсете отырып, Н.А. Якубович былай деп жазады: "айыпталушының кінәсін ақтайтын және жеңілдететін жағдайларды анықтау, сонымен қатар тергеушінің оны қорғау бойынша барлық құқықтарын сақтау міндеті сияқты осымен тергеуші айыпталушыны қорғау бойынша қызмет атқаратындығын білдірмейді. Оның заңмен

карастырылған міндеттері бұл жағдайда қорғау функциясының мазмұны емес, айыпталушының қорғану құқығының кепілі болып қана табылады" [42, 24 б.].

Қорғау функциясының субъектілері күдікті, айыпталушы, олардың қорғаушысы, азаматтық жауапкер мен оның өкілі, кәметке толмаған күдікті мен айыпталушының заңды өкілі болып табылады. Күдікті мен айыпталушының қорғауды жүзеге асыруы – оның құқығы. Ол бұл құқықты пайдаланбауы мүмкін, я болмаса өзін-өзі айыптау жағдайында да болуы ықтимал. Ал қорғаушының ерекшелігі, ол қылмыстық қудалау жүргізіліп отырған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін арнайы шақырылған сот ісін жүргізуге қатысушы болып табылады. Оның іс жүргізудегі қорғау функциясын жүзеге асыруы құқықтық міндет болып табылады. Қорғаушының іс жүргізу қызметінің мақсаты қорғалушының заңды мүдделеріне сәйкес келетін осындай нәтиже екені анық. Нақты жағынан – бұл күдікті мен айыпталушының пайдасына куәлік ететін барлық жағдайларды анықтау; заңдылық жағынан – осы жағдайларға сәйкес келетін заңды және негізделген шешім шығару болып табылады [43, 16-17 б.].

Осылайша біздің ойымызша, қорғау функциясы – күдікті мен айыпталушының, олардың қорғаушысының, азаматтық жауапкер мен оның өкілінің, кәметке толмаған күдікті мен айыпталушының заңды өкілінің күдік пен айыптауды, олардың жауапкершілігін алып тастайтын немесе жеңілдететін жағдайларды теріске шығаруға, сондай-ақ оның мүлдітік және жеке құқықтарын қорғауға бағытталған іс жүргізу қызметі болып табылады.

"Қамтамасыз ету" және "қорғау" түсініктерінің арасында өзгеше айырмашылық жүргізе отырып, В.А. Азаров қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының құқықтарын қамтамасыз ету субъектілері ретінде тек сотты, прокурорды, тергеушіні және анықтаушыны атайды. Алайда қылмыстық іс жүргізу теориясында күдікті және айыпталушының қорғану құқықтарын қамтамасыз ету ұстанымының субъектілері осы құқықтарды иеленушілердің өздері, сонымен қатар осыған міндетті субъектілер: қылмыстық сот ісін жүргізетін мемлекеттік органдары мен қорғаушы болып табылатындығы жалпыға мәлім [43, 90-92 б.]. Сондықтан қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз етуді қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған және онда жеке құқықтық мүддесі бар тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жасалатын іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және оларды тікелей жүзеге асыруға бағытталған анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот пен судьяның, қорғаушы мен басқа да қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушыларының қызметі ретінде қараған жөн.

Осы тұста С.И. Ожегов "күзету" ұғымына қарағанда, "қорғау" сөзінің мағынасы кеңірек екенін айта кеткен. Орыс тілінде "күзет" ("охрана") терминінің мағыналық мәні "күзету" ("охранять") сөзі арқылы беріледі, бұл сақтау, күзету дегенді білдіреді. Осыдан келіп қорғау ұғымы үнемді пайдалану мен сақтауды қамтамасыз ететін шаралар (нормалар) жүйесін білдіретін анық көрініс табатын превентивті сипатқа ие болады. "Қорғау" сөзінің мағынасы өзгеше. Қорғау – күзете отырып, қолсұғушылықтардан, жау

шапқыншылығынан, қауіптен қорғау дегенді білдіреді [28, 229 б; 484 б.]. Яғни қызмет түрі ретіндегі қорғау құқық қорғау міндеттерін орындауға бағытталған. Олардың тұлға құқықтарына қатысты арақатынасы туралы Н.И. Матузов былай деп тауып айтқан екен: "Олар ұдайы күзетіледі, тек бұзылған кезде ғана қорғалады" [36, 131 б.].

Бірақ егер күзету мен қорғауды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің құрамдастары ретінде қарастыратын болсақ, онда олардың әрқайсысы дербес құқықтық мәнге ие болады. Тұлғаның құқықтарын қорғау кез келген ықтимал бұзушылықтан сақтандыру, оларды ұстануды бақылау мен ықтимал бұзушылықта әрекет етуге дайындыққа, басқаша айтсақ, кедергісіз жүзеге асыру күйін ұстануда болып табылады [21, 42 б.]. Ол тұлғаның қылмыстық іс жүргізудегі құқықтарын қамтамасыз етудің барлық нысандарын құқықтар және (немесе) заңды мүдделер заң негізінде шектелгенше немесе бұзылғанша қамтитын болады. Құқықтар мен заңды мүдделерге қол сұғу, оларды шектеу немесе оларды бұзу бойынша нақты қауіп туындағанда қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша қызметті сөздің кең мағынасында қорғау деп атаған жөн.

Алайда күзетті бірін-бірі теріске шығаратын ұғым ретінде қарастыру дұрыс болмас еді. Барлық құқықтар бірдей емес, олардың ішіндегі жекелеген құқықтар бұзылады және олар қорғауды қажет етеді. Тұлғаның басқа да құқықтары бұл ретте күзетулі күйінде қала береді. Бірақ тіпті бұзылып, әлі қалпына келтірілмеген құқықтар да тіпті көп шектеудегі күзет объектісі болып қала береді. Күзеттің өзін де күзет нысандарының бірі ретінде атауға болар еді, өйткені арнайы қорғаныс құралдарын пайдалану тұлғаның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қолайлы пайдалануды қамтамасыз етуге бағыттауға болады. Олардың негізгі айырмашылығы, күзеттің жалпыға танымал мақсаттарды ұстанатындығы, ал қорғау басқа міндеттермен қатар құқық бұзушыға жеке превентивті әсер ететіндігінде болып табылады. Сондықтан тұлғаның құқықтарын қамтамасыз етудің басты мақсаты – қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың алдын алу болып табылады деген Э.Ф. Куцовамен келісуге болады [44, 102-103 б.].

Тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету іс жүргізуге қатысушыларға құқықтарды жүзеге асыруда қолайлы жағдайлар жасаудың барлық нысандарын қамтиды. В.С. Шадриннің есептеуінше, оларға тек құқықтарды құқық бұзушылықтардан күзетіп қана қоймай, оларды қорғау, сондай-ақ тұлғаны осы құқықтарға ие болуы туралы хабардар ету мен оларды түсіндіру жатады; құқықтарды толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау, сонымен қатар бұзылған құқықтарды қалпына келтіру [21, 40 б.]. Тұлғаны құқықтарды иеленуі туралы хабардар ету мен түсіндіруге, құқықтарды толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау, сонымен қатар бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету нормаларына жатқызу фактісінің өзін

дауламастан, біз оларды құқықтарды күзету мен қорғаудың бір қатарына қоюдың қажеті жоқ деп есептейміз.

Тұлғаны құқықтарды иеленуі туралы хабардар ету мен түсіндіруге, құқықтарды толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау оларды күзету ұғымымен қамтылады. Егер қылмыстық іс жүргізу қатысушысына өзінің құқықтары белгісіз болса және ол олардың мазмұнын білмесе, ол өзі ол құқықтарды басқара алмайды. Қандай да бір қатысушы ретінде қылмыстық іс жүргізуге тартылатын азаматты оған тиесілі құқықтар туралы уақтылы хабардар ету әдетте тұлғаның құқықтары кепілдіктерінің бірі ретінде қарастырылады [45, 131 б.], ал құқықтарды түсіндіру – оларды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі немесе элементі ретінде қарастырады [46, 60 б.]. Бірақ құқықтар туралы хабардар ету, оларды түсіндіру құқықтарды толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Соңғысы, өз кезегінде, құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру күйінде ұстауды білдіреді, яғни құқықтарды қорғау ұғымына сәйкес келеді.

Осыдан келіп мынадай сауал туындайды: тергеуші, прокурор, судья және сот, қорғаушы және осыған міндетті басқалар осы субъектіге қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтарын толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасауды қалай, қандай тәсілдермен қамтамасыз етуі керек? Жауап бірмәнді болуы тиіс. Оларды қамтамасыз етуге қарамастан, тек заңмен белгіленген тәртіпте ғана рұқсат етуге болады. Қылмыстық іс жүргізу қызметі заңмен қатаң регламенттелген, сондықтан тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін кедергісіз жүзеге асыру күйінде ұстау қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген заңды процедураның шеңберінде, іс жүргізу нысанында жүзеге асырылуы тиіс. Яғни тұлғаның құқықтарын қорғау қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық қатысушыларының өздерінің құқықтарын заңды түрде жүзеге асыру мен міндеттерді орындау арқылы іс жүргізу нысанын тиісті түрде сақтауды білдіреді.

Бұзылған құқықтарды қалпына келтіру сонымен қатар қорғаудың анағұрлым кең құқықтық ұғымы болып табылатын қорғаумен қатар, оларды қамтамасыз етудің дербес нысаны ретінде конструктивті түрде бөлектемеу құқықты бұзу фактісі анықталған сәттен басталады да, шектеулі немесе бұзылған құқықтарды олардың бұрынғы қалыпты күйіне әкелуге бағытталған белсенді әрекеттерде болып табылады. Тұлғаның шек қойылған құқықтары қалпына келтірілгенше, оларды қорғауды аяқталған деп тануға болмайды.

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында тұлғаның бұзылған құқықтарын қорғауға қызметтің басқа да нысандары кіреді. Бұл, біріншіден, тұлғаға мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерінен тиген зиянды өтеу; екіншіден, осы құқық бұзушылықта кінәлілерге заңды жауапкершілік шараларын қолдану (егер тиісті жағдайда жауапкершіліктен босату заңмен қарастырылмаған болса).

Осылайша тергеуге қатысқандардың әрқайсысы (Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға) абыройлы және шеттетілмейтін, оған туғаннан тиесілі құқықтары бар тұлға болып табылады. Мемлекет заңдармен демократиялық қоғамда адамгершілік және

қоғамдық тәртіптің әділ талаптарын қанағаттандыру мен басқалардың құқықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсатында құқықтарды шектеуді белгілей алады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, тергеуге қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету адам туралы, оның өмірі, құқықтары мен босандықтары туралы жоғары құндылықтар ретінде ұғымдарға жауап беруі және адам құқықтары саласында халықаралық ұстанымдар мен нормаларға (стандарттар) сәйкес болуы керек.

Жеке тұлға құқықтарының тұжырымдамасы – қылмыстық іс жүргізуде жеке тұлға құқықтарының орны мен маңызы туралы түсініктер мен көзқарастардың жалпыға танылған жүйесі болып табылады. Адам құқықтарының тұжырымдамасы мен оның ережелеріне байланысты аталмыш құқықтардың басымдылығы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу барысында жеке адамның құқықтарын қамтамасыз ету деңгейін айтарлықтай көрсету қажеттілігі ғана емес, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізудің тұтас алғанда мақсаттары, мәні, бағыттары мен реформалау дәрежесін қамтиды.

1.2 Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын сақтаудағы халықаралық - құқықтық стандарттар

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағында: "Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады" деп белгіленген [1]. Іс жүзінде заңгерлердің өздерінің адам құқын қорғау саласындағы халықаралық өлшемдердің бар екендігі және оның маңыздылығы туралы жеткіліксіз деңгейде мағлұматтандырылмауы салықалы мәселелердің бірі. Мысалы, Еуропалық Конвенция ережелеріндегі Қазақстан мемлекетіндегі адам құқына нұқсан келтіру фактілері анықталған Еуропалық соттың адам құқығына байланысты (адамның құқықтарын және оның басты бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға Қазақстанның "қол қойғаны" баршамазға мәлім) барлық қорытынды қаулылары әлі күнге дейін орыс және қазақ тілдеріне аударылмаған және ресми түрде жарияланбаған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 4 тармағында: "Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады" деген норманы ескерсек, әрине көрсетілген жағдай заң талаптарының бұзылуы болып табылады.

Өкінішке орай, қылмыстық сот ісінің міндеті күні бүгінге дейін жеке тұлғаның құқығы мен заңды мүдделерін қорғау емес, қылмыстылықпен күрес жүргізумен шектеліп қалуда.

Бірінші инстанциялы сот қылмыстық процестің өз бетінше қызмет атқара алатын, орталық негізі бола қойған жоқ. Бұрынғысынша оны жоғары тұрған соттар билеп-төстеуде. Сот әділетті және тәуелсіз болуы тиіс.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің заманауи сипатта дамуының аса маңызды мәселелерінің бірі – құқық пен саясат арасындағы арақатынас. Көптеген демократиялық құбылулардың жүйесіздігі, қоғам мен мемлекетті дамыту стратегиясының бұлыңғыр жағдайында идеологиялық және саяси міндеттер сот жүргізу ісі арқылы (жоғары лауазымды шенеуніктер мен ірі кәсіпкерлерге қарсы қозғалған атышулы қылмыстық істер соны куәландырады) жүзеге асырылуда.

Осыған орай, халықаралық құқық нормасы тұрғысында "заңмен" есептесе алатын, заң (норма) жауап бере алатын, міндетті түрдегі сапалық шарттарға жүгінген жөн болар еді. Адам құқығы бойынша Еуропалық Конвенцияға сай, "заң сапасының" шарттық талаптары мынадай: заң құқықтық айқындылық немесе шарттылық қағидаларына сай болуы қажет, яғни мүдделі тұлғалардың мән-жайларға сәйкес алдын ала болжамдауына, олардың әрекеттеріне сай орын алатын, санаға сыйымды салдарларына мүмкіндік беретіндей жеткілікті деңгейде қалыптасуы тиіс.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңының құқықтық айқындылығы біршама келіспеушіліктерді тудыруда.

Занда бағалау ұғымдары өте көп, мысалы, "айрықша жағдайлар, ерекше күрделілік, қылмыстық істің көлемділігі, қылмыстық істердің кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлары, ұзақ уақытқа жалғасу және т.б.". Құқық қолданушының көздегеніне сәйкес жағдайлардың кең аяда жасалуы сыбайлас жемқорлыққа жол ашатындай. Ал мақсат – қылмыстылықпен күресу болып табылатын жағдайлардағы шексіз, қарапайым түсініктемелердің мүмкіншілігі айыптауға әуестігіне алып келеді.

Қарастырылып отырған мәселелерге байланысты, қылмыстық процестегі заңдылық туралы айтпай кетуге болмайды.

Зандылық мәселесі құқықтану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі, барша азаматтардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың осы заң талаптарын және оларға негізделген қосымша актілердің дәл және бұлжытпай орындалуына қатысты шарттық талаптарын, бірқатар теориялық және тәжірибелік мәселелерін тудырады.

Мысалы, әдеби деректерде заңдылық ұғымы құқықтың объективті сипаты болып табылатын жалпылама міндеттемелерімен тең түсіндіріледі. Нәтижесінде заңдылықтың теориялық ұғымы меншікті ғылыми мәнінен айырылып, көбіне кейде құқыққа сай келмейтін, нормативті актілерді жазу қарқынымен идеологиялық қамтушы ("зандылыққа" үндеу жолымен) міндетін атқарады. "Зандылықты енгізу" сөзінің пайда болуы осыны куәландыратындай.

Қазіргі кезде құқық теориясында да, қылмыстық процесс ілімінде де заңдылық ұғымын жаңаша түсіндіру әрекеті байқалуда [47, 62 б], бірақ заңгерлердің бұл мәселе жөніндегі пікірлері әрқалай. Құқық теориясында екі тұжырымдамалық әдістерді айрықша атап көрсетуге болады. Алғашқы әдісті ұстанушылар заңдылық мәнін нормативтік талаптар жүйесі арқылы түсіндіреді (міндетті түрдегі: қағида, пікір, талап), ал екіншілері оны процесс арқылы және құқықты дұрыс әрекеттің түпкілікті нәтижесі ретінде қарастырады (маңыздысы ретінде: тәртібі, ахуалы). Н.Н. Вопленко 80-ші жылдары заңның психологиялық, тәжірибелік, идеологиялық тұстарын бөліп көрсету арқылы осы әдістерді біріктіруге талпынған болатын. Қазіргі кезде оны жақтаушылар қатары барған сайын өсуде, құқық пен заңның айырмашылығын тұжырымдау бағытына орай, заңдылықтың маңызын мынадай сипаттармен айқындауға болады:

1. Мәселе нормативтік актілерді жазып беріп қана қоймай, құқықтық нормаларды, яки жалпы құқықты, соның ішінде құқықтық дәстүрлерді де сақтау жөнінде болмақ.

2. Заңдылық тұлғалардың іс-әрекеттерін ғана емес, заңның құқыққа сәйкестігін де сипаттай алуы لازم.

3. Заңдылық құқықтық тәртіп ретінде (мәнділігі) белгілі бір сипатта қоғамның құқықтануынан көрінеді және позитивтік құқық (тиісті) қағидасына айналуға, яки объективтік және субъективтік сипаттарға ие болуға.

Демек, заңдылықты қоғамдық өмірдегі барлық құқықтық субъектілік қатысушылардың құқықтық нормаларын орындайтынын білдіретін, заңнама қағидасы болып табылатын, іс-әрекеттердің нормативтік шарттық талаптарының жүйесіндегі қоғамдық құқықтаным арқылы көрінетін құқықтық тәртіп ретінде белгілеуге болады. Алайда мұндай ресми сипаттау қылмыстық процесте қолдануда оңайға соқпайды және болашақта жетілдіріп, пысықтауды қажет етеді. Құқық ұғымын дамушы жүйе ретінде қарастыра келе, заңдылықтың маңызының тарихилығын байқаймыз. Іздестіру ісінен бастап жарыса қарастырылатын қылмыстық процестердің дамуы ондағы заңдылық мәнінің алуан түрлілігін білдіреді.

Сот ісін жүргізудің идеалды іздестіру сипатында тергеу органының бір жақты іске асырылатын еркі басты жылжыту күші ретінде қызмет ететін болса, ал қылмыстық жауапкершілік мәселесін шешу барысында құқықтық реттеудің қандай да бір кепілдігін бере алмайтын, әкімшілік әдістер қолданылады. Қоғамдық жариялылықтың толық билігі, ал жеке болмыстың жоқтығы (тіпті судьяның өзінде) бір жағынан лауазымды тұлғалардың еркін шектейтін және екінші жағынан қоғамдық жария мүдделерді басымдылықпен қамтитын, мысалы, дәлелдердің ресми жүйесімен қамти алатын, егжей-тегжейлі реттелген әрекеттік мінез-құлық ережелерін пайымдайды. Заңдылық тәртібінің мәні ретінде, сәйкесінше, нұсқаулықтар егжей-тегжейлі орындалып, ал заңдылық қағидасы ретінде индуктивтілік алға тартылады.

Жеке тұлға құқының дамуы және құқықтық бекітілуі құқықтық реттеудің соттық әдісінің пайда болуына алып келеді, сондай-ақ қылмыстық процестің бәсекелестікпен өтетін идеалды типі жария және жеке мүдделерден тұрады.

Әділет органынан өзге процессуалдық міндеттері айыптау, қорғау және істі шешу болып табылатын тараптар пайда болғанымен, сот басым беделге ие белсенді орында. Істі әділетті шешу үшін, ең алдымен, соттың сол аталмыш тараптардан тәуелсіздігін және процесті жылжытудың негізгі күші ретіндегі айыптау мен қорғау тараптарының арасындағы даудың ықтимал жағдайында олардың ресми теңдіктерін қамти алатын, қылмыстық-процессуалдық нұсқасы туындайды. Демек соттың тәуелсіздігі және тараптардың теңдігі бәсекелестікпен қарастырылатын қылмыстық процестегі заңдылық қағидасының мәні болып табылады. Ағылшын тілді құқықтану ілімінде және оның заңнамаларында бұл үрдіс "тиесілі құқықтық ресімдеме" ұғымына сай келеді. ҚРҚПК 23-бабында: "Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылады" деп көрсетілген [15].

Белгілі бір мемлекетке берілген азаматтық қадір-қасиетке ие адамның азаматтық құқықтарын сол аталмыш мемлекеттің өзі белгілеп береді. Адам құқығы міндетті түрде оның сол мемлекеттің азаматтылығына қатысты емес. III. Монтескьенің адам құқықтарына байланысты заманауи ұғымына айтарлықтай ықпал еткен жеке тұлға мен мемлекеттің қарым-қатынасы жөніндегі ілімі осы заң жайында және оны анықтайтын ілім болып отыр. Адам құқығы, заң құқықтарына немесе азаматтық құқықтарға қарағанда бірінші кезекте тұрады, себебі заң шығарушы азаматтардың құқықтарын өз дегенінше белгілемейді, ол мемлекет пен адамдарға анағұрлым маңызды ізгіліктеріне қарай қалыптасып қалған қоғамдық қарым-қатынас көздерін тек заңды түрде ресімдейді.

Адам құқығы туралы бүгінгі күнгі заманауи ұғым, шамамен он жетінші ғасырда пайда болған, он сегізінші ғасырда түпкілікті қалыптасқан, сол кездегі монархтардың шексіз билігін – жоғарғы билікті шектейтін "табиғи", "аластатылмаған", "индивидумға туғанынан берілген" идеяларға байланысты қабылданды. Ф.М. Рудинский әділ айтып кеткендей, "Адам құқының әмбебап тұжырымдамаларында ұзақ ғасырлар бойы, көптеген халықтардың түрлі доктриналары, философиялық танымдары, саяси, экономикалық, этикалық және құқықтық ілімдері бар. Осы тұжырымдаманың негізі – адамның абыройы мен ар-ожданының ең жоғары құндылығында". Қазіргі кезде халықаралық және құқықтық актілермен бекітілген адам құқығы белгілі бір мемлекеттің тануына, не керісінше, танымауына қарамастан өмір сүруде. Олар ішкі мемлекеттік құқықтарымен белгіленген оның өмір сүріп, даму мүмкіншіліктері іспетті азаматтың құқықтарына тығыз байланысты болып отыр. Оның қайсыбіреуінің болмасын танылуы және ойдағыдай қамтылуы – кез келген демократиялық конституцияның имманенттік қасиеті болмақ. Осы анықтама Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2 тармағында да көрініс тапқан: "Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады" [1].

Мынадай жалпыға танымал халықаралық-құқықтық қағидалар қылмыстық сот жүргізуге анағұрлым жақын:

- мемлекеттердің егемендік теңдігі;
- ішкі істеріне араласпау;
- күш қолданбау және күш көрсету арқылы қорқытпау;
- мемлекеттердің өздерінің халықаралық міндеттемелерін адал орындауы;
- мемлекеттердің мемлекетаралық ынтымақтастығы және бірлігі;
- ізгілік, адам құқығы мен әділеттілікті құрметтеу.

Сонымен, мемлекеттердің егемендік теңдігі мен ішкі істеріне араласпау қағидаларына сай, бірде-бір мемлекет олардың келісімінсіз басқа мемлекеттердің аумағында оның сот әмірін тарататын, қандай да бір заң шығаруға, не іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ. Мысалы, егер халықаралық шарттармен көзделмеген болса, белгілі бір мемлекеттің тергеу органдарының екінші бір мемлекеттің аумағында жүргізген процессуалдық іс-әрекеттерінің нәтижелері еш заңға сыймайды деген сөз.

Күш қолданбау және күш көрсету арқылы қорқытпау қағидасы бірде-бір мемлекет өзге егеменді мемлекеттің аумағындағы тұлғаларды ұрлап немесе жаулап алып, әскери акциялар, т.б. іс-әрекеттермен қорқыту арқылы оларды беруін талап ету түрінде өзінің ішкі құқығын қолдана алмайтынын білдіреді.

Мемлекеттердің өздерінің халықаралық міндеттемелерін адал орындауы ұлттық қылмыстық-процессуалдық заңнама ережелерінің халықаралық міндеттемелерден бас тартуына негіз бола алмайтындығынан көрінеді. Егер заңда мемлекет жасаған халықаралық шартқа қайшы келетін нормалар бар болатын болса, онда осы қағидаға сай, шарттың нормалары қолданылады, ал заң халықаралық міндеттемелерге сәйкестендірілуі тиіс.

Мемлекеттердің мемлекетаралық ынтымақтастығы және бірлігі қағидасы, ең алдымен, құқықтық көмек, соның ішінде, қылмыстық істерге байланысты құқықтық көмек көрсету жөніндегі Халықаралық шарттарды кең аяда жасауды білдіреді.

Қылмыстық процеске қатысты жалпы қабылданған халықаралық-құқықтық нормалардың қатарына мынадай нормаларды жатқызуға болады:

1. Қылмыстық процесте адамның ар-намысына нұқсан келтіретін, жеке басына құрметпен қарау құқығын таптайтын жазалау, қорлау, жәбір көрсету әрекеттерін қолдануға жол бермеу (Адам құқығын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның 3-бабы. Рим, 04.11.50 ж.; БҰҰ-ң азаптаулар және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенциясы 10.12.84 ж.; БҰҰ-ң Бас Ассамблеясының 09.12.88 ж. №43/173 бекітілген қандай да болсын нысанда ұсталған немесе қамалған барлық тұлғаларды қорғау принципі Жинағының 6 қағидасы.

2. Басқа мемлекетке тұлғаны беруге тиым салу шарттары: а) сол мемлекетте тұлғаны азаптау немесе оған өлім жазасын қолдану мүмкін болатын салиқалы негіздемелер бар болған жағдайда; б) оған қатысты берілуі талап етілетін қылмыстарды сұратушы тарап саяси қылмыс деп қарастыратын болса, не ол тұлғаның берілуін сұрату сол тұлғаның нәсіліне, дініне, ұлтына

немесе саяси танымына байланысты болса (Беру туралы Еуропалық Конвенцияның 3-бабы. Страсбург, 13.12. 57 ж.).

3. Өділетсіз тұтқынға алуға немесе қамауға жол бермеу: "Заңмен белгіленген, негіздемелерге және ресімдемелерге сай жағдайлардан өзге жағдайларда ешкім бостандығынан айырылмауы тиіс" (Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 9-бабы. Нью-Йорк, 19.12.66 ж.; Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияның 5-бабы).

4. Тұтқынға алынушының немесе ұсталушының заңды түрде тұтқындалғанын немесе шұғыл түрде ұсталғанын соттың тексеру құқығы, яғни ақталмаған сымсыз түрде, тиісті, мейлінше қысқа уақыт ішінде тексеру құқығы (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9 бабы; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 5-бабының 3 тармағы; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау жөніндегі ТМД елдерінің Конвенциясының 5- бабының 3 тармағы; қандай да бір сипатта ұсталған немесе қамалған тұлғаларды қорғау қағидалары Жинағының 11, 32 қағидалары).

5. Ұсталушының немесе тұтқындалушының өзінің таңдауына орай, оның отбасына немесе өзге тұлғаларға тұтқынға алыну фактісін хабарлау және тұтқынға алынған орны туралы мәлімет беру құқығы; отбасының мүшелерімен көрісу және олармен жазбаша нысанда хат алысу құқығы (қандай да болсын нысанда ұсталған немесе қамалған барлық тұлғаларды қорғау принципі Жинағының 16, 19 қағидалары).

6. Ұсталушының немесе тұтқындалушының медициналық тексерулерден өту құқығы (қандай да болсын нысанда ұсталған немесе қамалған барлық тұлғаларды қорғау принципі Жинағының 24-26 қағидалары).

7. Ұсталушының шешім қабылдау немесе пікірін білдіру қабілетіне нұқсан келтіретін тергеу әдістерін қолдануға тыйым салу, соның ішінде, оның өзіне немесе қандай да бір өзге тұлғаларға қарсы келетін көрсетулер алу мақсатында ұсталушының ахуалын пайдалану (қандай да болсын нысанда ұсталған немесе қамалған барлық тұлғаларды қорғау принципі Жинағының 21 қағидасы).

8. Ұстау немесе тұтқындау мақсаты тұрғысында тікелей қажеттілікті тудырмайтын ұсталушыға немесе тұтқындалушыға қатысты ақталмаған шектеулердің енгізілуіне тыйым салу (қандай да болсын нысанда ұсталған немесе қамалған барлық тұлғаларды қорғау принципі Жинағының 36 қағидасы).

9. Заңсыз тұтқындау немесе қамау, не тікелей соттау құрбаны болған әрбір азаматтың өтемақы өндіріп алу құқығы (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 9, 14-баптары; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау жөніндегі ТМД елдері Конвенциясының 5-бабының 4 тармағы).

10. Ұсталушының немесе тұтқындалушының өзіне тағылып отырған айыптау негіздемелері мен сипаттары жайлы өзіне түсінікті тілде егжей-тегжейлі және шұғыл тәртіппен мәлімет алу құқы (Азаматтық және саяси

құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабының 3 тармағы (а); Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 6-бабының 3 тармағы (а); Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау қағидалары Жинағының 10 қағидасы; қандай да болсын нысанда ұсталған немесе қамалған барлық тұлғаларды қорғау принципі Жинағының 10 қағидасы).

11. Оның кінәсі заңға сай дәлелденбейінше әрбір айыпталушының қылмыстық іс-әрекеттерге айыпты емес деп есептелу құқығы, яғни кінәсіздік презумпциясы (Адам құқының жалпы декларациясының 11-бабы; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 2 тармағы; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 6-бабының 2 тармағы; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау жөніндегі ТМД елдері Конвенциясының 6-бабының 2 тармағы).

12. Заң негізінде құрылған құзырлы, тәуелсіз, әділетті соттың толық теңдігіне сай тұлғаның ақталмаған ұстауларсыз тағылған айыптауларды әділетті және жария түрде қарастыру құқығы (БҰҰ Бас Ассамблеясының үшінші сессиясында 10.12.1948 жылы қабылданған Адам құқының жалпы декларациясының 10-бабы; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 1 тармағы; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 6-бабының 1 тармағы; Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау жөніндегі ТМД елдері Конвенциясының 6 бабының 1 тармағы).

13. Өзін қорғауға дайындалу мақсатында жеткілікті уақытқа және мүмкіндіктерге ие болу құқығы және жеке өзі немесе өзі таңдаған қорғаушының көмегімен өзін қорғау құқығы (Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 6-бабының 3 тармағы (b); Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14 бабының 3 тармағы (d)).

14. Құзыретті адвокат тарапынан білікті заңдық көмек алу құқығы (БҰҰ қылмыстың алдын алу жөніндегі сегізінші Конгресінде қабылданған адвокаттардың рөлі туралы негізгі ережелердің 6 тармағы. Нью-Йорк, 1990 жыл.).

15. Айыпталушының немесе күдіктінің қорғаушыға немесе аудармашыға ақы төлеуге шамасы келмеген жағдайда, қорғаушы немесе аудармашы қызметін тегін пайдалану құқығы (Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 6-бабының 2 тармағы; Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабының 3 тармағы (d)).

16. Айыпталушының өзіне қарсы куәларды сұрауға алу құқығы (беттестіру құқығы) және оның куәларын өзіне қарсы көрсетулер беруші куәлардың құқықтарымен бірдей талаптарға сай шақыру және сұрату құқығы (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабының 3 тармағы (e); Адамның құқықтары мен оның негізгі бостандығын қорғау Конвенциясының 6-бабының 3 тармағы (d)).

17. Тұлғаның өзіне қарсы көрсетулер беруіне немесе өзін айыпты деп мойындауға мәжбүрлеуге тыйым салынуы және тұлғаның осындай

көрсетулер беруден бас тарту құқығы (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабының 3 тармағы (g)).

18. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 5-бабының 9 тармағына сай, жоғарғы инстанциялы сот үкімін немесе айыптауды қайта қарау құқығы.

19. "Non bis in idem" ережесі ("Бір қылмысқа екі рет емес" – лат.), яғни түпкілікті айыпталған немесе ақталған қылмыс үшін тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке екі рет тартуға тыйым салу (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабының 7 тармағы).

20. Өлім жазасына кесілген әрбір адам жоғарғы тұрған сотқа апелляциялық тәртіппен кешірім жасау туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл ретте айыбын кешіру немесе үкімді ауыстыру өтінішін өлім жазасына қатысты шығарылған үкімнің барлық жағдайларына қатысты беруге болады (БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің 25.05.1984 жылғы 21 пленарлық мәжілісімен құпталған өлім жазасына кесілушілердің құқығын қорғауға кепілдік беру жөніндегі 6, 7 Шаралары).

Қылмыстық процесс мәселелеріне қатысты Халықаралық шарттарда жалпылай қабылданған қағидалар мен нормалар да, сондай-ақ тек оған қатысушы субъектілердің қарым-қатынастарын реттейтін нормалар да бекітілген. Қатысушылардың санына байланысты шарттар көп жақты және екі жақты болып бөлінеді. Қылмыстық процесс үшін қылмыстық әрекет іске асырылған мемлекет аумағынан тыс жердегі тұлғаларды қылмыстық тергеу және бақылау әрекеттерін жүзеге асыру кезіндегі түрлі елдердің сот және тергеу органдарының өзара қарым-қатынас тәртібін белгілейтін құқықтық көмек туралы шарттардың; процессуалдық іс-әрекеттерді жүргізу туралы берілген тапсырмалардың атқарылуының т.б., маңызы зор. Минск қаласында 22.01.1993 жылы қол қойылған азаматтық, отбасылық, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қарым-қатынастар Конвенциясы бар (10.12.1994 жылы заңды күшіне енді). Қылмыспен күресу саласындағы үкіметаралық сипаттағы ынтымақтастық шарттарының көбі дерлік өзге мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы арасында жасалған.

Құқықтық көмек көрсету шарттарынан өзге, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының шет ел азаматтарымен және лауазымды тұлғалармен өзара қарым-қатынас жасау тәртібі де консулдық конвенциялармен реттеледі. Сол шарттарға сай, консулдар сол елдің соттарының немесе тергеу органдарының алдында немесе өзге де белгілі бір негізді себептермен өздерінің құқықтары мен мүдделерін өздері қорғай алмайтындығы жайлы деректер ұсынулары міндетті.

Жалпы қабылданған халықаралық қағидалар мен нормалар халықаралық шарттармен белгіленген нұсқадағы нормалар күйінде де, жалпы халықаралық құқық құрайтын заңды дәстүрлер түрінде де беріледі. БҰҰ 26.06.1945 жылғы халықаралық сотының мәртебесіне сай дәстүр "құқықтық норма ретінде

қабылданған жалпы тәжірибе" дәлелі іспетті анықталған (38- баптың 1 тармағы "b").

Қарапайым норма негізгі саяси және құқықтық жүйелерді білдіретін барлық мемлекеттер болмаса да, көпшілік мемлекеттердің тануының нәтижесінде жалпы халықаралық құқық меншігіне айналады. Заманауи халықаралық-құқықтық салт-дәстүрлер әдетте жалпы танылған қағидалар мен нормалар көп қырлы конвенциялар мен келісімдерден көретіндіктен, сонымен қатар халықаралық құқықтың өзге де құжаттарынан: декларациялардан, халықаралық органдар мен ұйымдардың резолюцияларынан, конференцияларынан, халықаралық сот шешімдерінен және т.б. көрінетіндіктен ресми кейіпке енеді. Аталмыш құжаттардың беделі тым жоғары.

Негізгі орынды БҰҰ нұсқаулық нормалардың немесе қылмыстың алдын алу және құқық бұзушыларға қатысты нормаларды әзірлеу Конгресінің халықаралық өлшемдерінің тигізетін ықпалының артуы қылмыстық сот жүргізу саласындағы халықаралық құқықтың заманауи қарапайым нормаларының ерекшелігі болып табылады. Конгрестің құжаттарын әдетте БҰҰ Бас Ассамблеясы бекітеді. Олардың ішінде лауазымды тұлғалардың құқық тәртібінің орындалуына қолдау көрсету әрекеттерінің кодексі (1979 ж.), Сот тәуелсіздігінің негізгі қағидалары (1985 ж.), БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған қылмыс құрбандарына және билікті асыра сілтеушілікпен пайдалану үшін әділ соттың негізгі қағидаларының Декларациясы (1985ж.), қандай-да бір нысандағы ұсталған немесе қамалған тұлғаларды қорғау принциптерінің Жинақтары (1988 ж.), адвокаттардың ролі туралы негізгі ережелер (1990 ж.) және т.б. атап көрсетуге болады. Белгілі бір норманың жалпыға танымалдығын негіздеу оңай емес. Норманың жалпыға танымалдық сипатын дәлелдейтін келесі шарттары бар: а) нормалардың халықаралық құжаттарда белгіленуі; б) оның жалпылама сипатына мемлекеттер тарапынан қарсылық көрсетілмеуі; в) мемлекеттің уәкілетті тобының жеткілікті заңнамасымен норманың іс жүзінде танылуы (трансформация деп атауға болады) [48, 25 б.].

Біздің елімізде көптеген заңнамалық және институционалдық реформалар жасалды. Бірақ әлі де болса болашақта, көптеген күрделі жұмыстар жүргізілуі қажет.

Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні заңдастыруына байланысты, Қазақстан Республикасының азаматтары БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне азаматтық және саяси құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдануға мүмкіндік алады. Осыған орай біздің елде бұл халықаралық қорғау институтына шағымдардың үлкен легінің алдын алу үшін қолда бар адам құқықтарын қорғау тетіктерін жақсарту жөнінде шараларды қабылдау, сол арқылы азаматтардың арыздары мен шағымдарын елдің ішінде нақты шешу қажет.

Соған байланысты, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылы 27 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының заңын жетілдіруге байланысты жұмыстар жүргізілуі керек.

Сондай-ақ ішкі істер органдары, адвокатура, сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы өзге де арыздар мен шағымдарды қарауға қатысы бар басқа да заңдардың нормаларын халықаралық - құқықтық стандарттарға сәйкес сараптау керекті бар.

1.3 Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның құқығын қамтамасыз етудің процессуалдық құралдары мен тәсілдерінің ұғымы және жүйесі

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құру азаматтардың құқықтарына, бостандығына және заңды мүдделеріне берілетін кепілдіктерді күшейтуден көрінеді. Бұл ереже көп жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу саласында азаматтардың жеке өмірлеріне қолсұғылғанда, бостандықтары шектелгенде және жеке басына қолсұғушылық орын алғанда ерекше маңызға ие болады [49, 12 б.].

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіге қатысушы әрбір мемлекет "Осы Пактімен бұзылды деп танылған кез келген тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, құқықтық қорғауға байланысты сапалы құрал ретінде, құзыретті билік орындарының ұсынылатын құқықтық қорғау құралдарының қолданылуымен қамтамасыз етілуі қажет" (2-баптың 3 тармағы) [50, 52 б.].

"Қамтамасыз ету" деген сөз, барынша жағдай жасау, мүмкіншілік беру, іс жүзінде мүмкіндік беру деген ұғымды білдіреді [28, 424 б.]. Дәл осы сөз жеке дара тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерінің тұрғысында оның көкесегенін нақты сипаттайды. Құқықтық нормаларда "құқығын қамтамасыз ету" деген сөз тіркесін қолдана отырып (мысалы, ҚРҚПК-нің 26, 27-баптары) заң шығарушы дәл осы жеке дара тұлға мен оның жеке басының қадір-қасиетін танытатын сипаты дәл осы жағдайдағы құқықтық қорғаудың тікелей объектісі болып табылатынын атап көрсетеді.

Қылмыстық процесс теориясындағы "жеке адамның құқықтарын қамтамасыз етудің процессуалдық құралдары" деген сөздің синонимі ретінде "процессуалдық кепілдіктер" деген сөздер де пайдаланылады. Қолданымды заңнамаларға жүргізілген талдаулар аталған сөздердің мәні мен мағынасының бір екенін көрсетеді. Осыған орай біз В.С. Шадриннің оларды "синоним ретінде қабылдауға болады" деген дәйектеулерімен толық келісеміз [21, 39 б.].

Қылмыстық сот жүргізу саласындағы процессуалдық кепілдіктер қылмыстық процестің ойдағыдай орындалуымен, қылмыстық сот жүргізу ісінің субъектілерінің құқықтары мен міндеттемелерінің қорғалып, шын мәнінде іске асырылуын қамтамасыз етеді, ал қажет болған жағдайларда ықтимал құқық бұзушылықтардан қарқынды қорғайтын әлеуметтік-экономикалық, саяси, имандылық-идеологиялық, заңды құралдар мен әдіс-тәсілдерін қамтиды.

Заңды кепілдіктерді арнайы кепілдіктерге жатқызатын болсақ, әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық (рухани) кепілдіктерді

қылмыстық процестің жалпы кепілдіктерінің қатарына жатқызған дұрыс болар еді [51, 211-212 б.]. Сәйкес экономикалық базаны құрайтын әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер жеке тұлғаны, оның құқықтары мен бостандығын материалдық тұрғыдан қорғауды, қоғам мен мемлекет мүддесін қылмыстық-процессуалдық қызмет барысында қорғауды білдіреді. Саяси кепілдіктер қылмыстық әділет назарына түскен жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерімен үйлесімді түрде қамти отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жылдам және толық ашып, қылмыстық тергеулер мен қылмыстық іс-әрекеттерді іске асырған тұлғалардың айыбын жылдам және толық ашу барысында мемлекеттің сәйкес саяси бағытына нұсқайды. Идеологиялық кепілдіктер қылмыстық сот жүргізудің тағайындалуын құптауды білдіретін қоғамның белгілі бір адамгершілік ахуалын суреттейтін және азаматтарды қылмыстық сот жүргізу органдарында алға қойған мақсаттарына жетулеріне ықпал етіп, қылмыстық сот жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келмеуіне қоғамдық бақылау жүргізуді жүзеге асыруларына арнайы жағдайлар жасайды.

Жалпы кепілдіктер жалпы қылмыстық іс бойынша жан-жақты, толық және объективтік өндіріспен қамтитын жағдайлар кешенін құрайды. Бірақ олар қылмыстық сот жүргізу міндетінің және оның тағайындалған міндетіне қол жеткізуінің әлеуеттік мүмкіншіліктерін ғана анықтай алады. Бұл кепілдіктер құқық әрекетінің негізгі алғышарттарын ғана білдіретіндіктен, олар автоматты түрде ғана әсер етеді. Жалпы кепілдіктердің құқықтық іске асырылуына байланысты тікелей жүзеге асырулар болады. Сондықтан да қылмыстық-процессуалдық қызметпен қамту ішінде заңды (құқықтық) кепілдіктерге ерекше орын беріледі. Олардың әлеуметтік міндеті, біріншіден, жалпы кепілдіктерді нормативтік деңгейде бекітіп, оларға жалпы міндеттілік сипат беру. Екіншіден, құқықтық кепілдіктер қоғамдық өмірдің саналуан салаларындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарымен қамтитын, нақты іс-әрекеттік мінез-құлықты сомдай отырып, жалпы кепілдік шарттарын ерекше тәптіштеп, бүге-шүгелеріне дейін бейнелейді. Құқықтық (заңды) кепілдіктердің бір түрі ретінде, процессуалдық кепілдіктерді атауға болады, оған қоса материалдық құқықтық кепілдіктер (құқық пен бостандықты іске асыру шарттарын айқындайтын нормативтік дәйектеулер), идеалды құқықтық кепілдіктер (мысалы, құқықтық презумпциялар, заңды белгілер) және құқықтық нормалардың техникалық-міндеттеуші сипатын жатқызуға болады [29, 50 б.].

Заң әдебиетінің деректеріндегі процессуалдық кепілдіктердің мәні мен мағынасы туралы пікір әрқалай. Осы ұғымның түсініктемесіне қатысты пікірлерді топтарға біріктіруге болады.

Бірінші топтағы ғалымдардың пікірлері бойынша, құқықтық (заңды) кепілдіктер ретінде процессуалдық қамту құралдарын белгілейтін құқық нормаларын ғана қарастыруға болады. И.С. Самощенко "заңдылықтың құқықтық кепілдіктері – бұзылған құқықтарды қайта қалпына келтірумен және заңдылықты бұзушыларды жазалаумен қамтитын, қоғамдық қарым-қатынастың барлық қатысушыларының (соның ішінде, органдар мен

мемлекеттің лауазымды тұлғаларының тарапынан азаматтардың құқықтарын таптауларына жол бермейтін) құқықтық талаптарының бұлтартпай орындалуына кепілдік беретін, арнайы нормативтік-құқықтық құралдар (құқық нормалары және құқықтық санкциялар)" деп жазады [52, 64 б.]. М.С. Строгович процессуалдық кепілдіктерге "әрбір қылмыстық іс бойынша әлеуметтік әділ сот міндетін дұрыс жүзеге асырумен қамтитын, процессуалдық заңмен бекітілген құралдар" деп суреттейді [53, 56 б.].

Екінші көзқарасты ұстанушы ғалымдар құқықтық кепілдіктерді құқық нормаларын жүзеге асыратын процессуалдық қызметпен теңестіреді [54, 30-31 б.]. Мысалы, Л.А. Кротова қоғамдық қатынастарға қатысушыларды өзінің бір пішінінде іске асыру барысында қажетті әрекетке жетелейтінін негізге ала отырып, "құқықтық нормалардың өзінің жүзеге асырылу үрдісінен тыс құқықтық кепілдік ретінде қызмет атқаратыны жайлы айту мүмкін емес" деп санайды. Мұнан шығатын дәйектеулерге сай, процессуалдық кепілдіктерді "нұсқаулардың қылмыстық-процессуалдық құқық нормаларында көрсетілген белгілі бір субъектілердің жүзеге асырылуы ретінде" анықтайды [55, 102 б.].

Біздің ойымызша, келтірілген пікірлердің әрқайсысы ішінара ғана рас. Белгілі бір құқықтық норманың болуы заңдылықтың шын мәніндегі кепілдігі және қылмыстық сот жүргізудің негізділігін білдірмейді. Құқық нормаларының кепілдік ету ықпалдары олардың құқықтық қатынастарымен іске асырылуы арқылы көрінетіндіктен, мұндай қамтулардың шынтуайттылығы емес, құқықтық нормаларға енгізілген құқықтары мен міндеттемелері белгілі бір мүмкіншіліктерге ие. С.А. Александровтың "Егер заң құқықтық қызмет негізі болып табылатын болса, ал қызмет заңды іске асыру құралы болып табылады" деген дәйектеулерімен келіспеуге болмайды [56, 96 б.]. Құқықтық норманың талаптарының орындалуы шынайы, қылмыстық сот жүргізу міндеттерін қамтушы пәрменді құрал болып табылатын қоғамдық қарым-қатынастар субъектілерінің белгілі бір әрекеттік мінезін тудырады. Бұл әрекет процессуалдық заңмен рұқсат етілген әрекеттерді іске асыру секілді құқыққа қарсы әрекеттерді іске асырудан өзін тежеуден де көрінеді.

Сонымен қатар, тек қылмыстық-процессуалдық қызмет процессуалдық кепілдіктердің рөлін атқарады деген пікірмен келісуге болмайды. Біріншіден, құқық нормасының болу фактісінің өзі қылмыстық процесс субъектілерінің мінезіне превентивті ықпал етеді. Олардың қылмыстық сот жүргізу ісінің өздеріне жағымды нәтижеге жетуге мүдделілігі (жеке, мемлекеттік, қоғамдық заңды мүдделерін қанағаттандыруы) дәл солардың процессуалдық нормалардың нұсқаулықтарына сәйкес оларға ықпал етуге таптынуларына жетелеп, қылмыстық сот жүргізу барысында олардың алдында тұрған міндеттеріне қол жеткізу үшін тек заңды құралдар мен әдіс-тәсілдерді пайдалануын түсіндіреді. Екіншіден, құқықтық нормаларды іске асырудан құқықтық қатынастардың туындауы, өзгеруі, дамуы, қысқартылуы да соған байланысты болмақ. Олар қылмыстық сот жүргізудің тағайындалған міндеттері мен мақсаттары нұсқау етілген процессуалдық әрекеттер мен олардың шешімдерінің түрлерін анықтайды. Демек нормалар мен құқықтар,

ал дәлірек айтар болсақ, онда бекітілген субъектілік құқықтар мен заңды міндеттемелер құқықтық қатынас нұсқасы болып табылады, ал құқық қатынасы субъектілерінің әрекеттері оның маңызын құрайды [57, 140-148 б.]. Оның пішіні мен мәнінің тығыз, үздіксіз байланыстылығына орай, процессуалдық кепілдіктер қылмыстық сот жүргізу субъектілерінің міндеттемелік құқықтарын реттейтін және процессуалдық нормаларды қолдану мен іске асыру бойынша олар заңды талаптарға сай, жүзеге асыратын қызметтің процессуалдық нормалардың жиынтығы іспетті ұғым екендігі дұрыс түсіндіріледі.

Кейбір ғалымдар құқық нормаларындағы секілді және оның қызметі сынды қамтушылық міндетінің болуын мойындай келе, оларды өз бетінше түрлі жоспарлы кепілдіктер деп есептейтінін атап көрсеткен жөн. Мысалы, Е.О. Алауханов құқық нормаларының кепілдіктерімен қатар, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың қызметін сипаттайтын ұйымдастырылған кепілдіктерді айрықша атап көрсетеді [58, 236, 240 б.]. Н.В. Витрук құқықтарды, міндеттемелерді және заңды мүдделерді сәйкес заңды кепілдіктермен қамту қажеттілігін ғана емес, соңғыларының да қамтылуын назардан тыс қалдырмайды. Ол қызметті осындай құрал ретінде қарастыруды ұсынады [23, 201 б.]. Аталмыш көзқарастық пікірлер біздің пікірімізше даулы болып табылады. Құқық субъектілерінің қызметінің табиғаты ұйымдастырушылық емес, процессуалдық-құқықтық сипатқа ие. Ол құқық нормаларының негізінде туындайды және құқықтық қатынас сипатында іске асырылады. Оны автор Н.В. Витрук ұсынатындай "кепілдіктердің кепілдігі" деп есептеу тиімді емес, себебі құқық нормасында да, процессуалдық қызметтің де мақсаты біреу – қылмыстық процесс субъектілерінің өз құқықтары мен міндеттемелерін және қылмыстық сот жүргізу міндеттерін іске асыру мүмкіншіліктерімен қамтуға қызмет ету.

Бірақ қарастырылған дәйектеулерді түбегейлі бұрыс деп санауға да болмайды. Олардың авторлары ойдағыдай нәтижемен қамту бойынша құқық нормалары мен және процессуалдық қызметтің рөлінің өзінің айырмашылықтарын әділетті дәрежеде атап көрсетеді.

Бірақ бұл айырмашылықтар өз кезегінде екі түрлі кепілдіктердің пайда болуына алып келмейді. Қылмыстық-процессуалдық құқық нормалары және процессуалдық қызмет – процессуалдық кепілдіктердің қажетті элементтері болып табылады және қылмыстық сот жүргізу міндетіне қол жеткізудің құралы мен әдіс-тәсілдеріне жатады. Терминологияда "құрал" сөзі белгілі бір қызметті жүзеге асыруға арналған қару (пән, бұйым, әдіс-тәсіл құралдарының жиынтығы) ретінде қолданылады, ал "тәсіл" сөзінің ұғымы бір нәрсені іске асыруда, белгілі бір жұмысты жүзеге асыруда қолданылатын әрекет немесе әрекеттер жүйесі ретінде талқыланады [28, 758 б; 755 б.]. Сондықтан да құралдардың (құқық нормалары) және тәсілдердің (процессуалдық қызметтің) жиынтығы процессуалдық кепілдіктердің бірегей құқықтық ұғымын құрайды.

Қылмыстық-процессуалдық кепілдіктер көбіне бағыт-бағдарына қарай сыныпталады. Мысалы, Р.Х. Якупов а) заң мәртебесі; ә) заңның біртұтастығы мен нығаюы; б) жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау; в)

қоғамның заңды мүдделерін қорғау; г) мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау секілді қылмыстық-процессуалдық кепілдіктерді айрықша атап көрсетеді [59, 20 б.]; О.К. Қопабаев: а) ойдағыдай құқықтық ресімдеме; ә) жәбірленушілердің құқықтары; б) өзін-өзі айыптаудан қорғану құқығы; в) өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы; г) айқын қылмыстық бұйрықты орындау жауапкершілігі сынды кепілдіктердің айырмашылықтарын көрсетеді [60, 103-126 б.].

Процессуалдық кепілдіктердің айырмашылықтарының айтарлықтай маңыздылығына қарамастан, олардың барлығын негізгі екі топқа біріктіруге болады: қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы құқықтар мен заңды мүдделердің кепілдігі және әділ сот кепілдігі. Соңғысын, біз тар мағынада қылмыстық сот жүргізу органдары мен ондағы лауазымды тұлғалардың қылмыстық-процессуалдық қызметін қамтитын құқықтық құралдары мен әдіс-тәсілдері деп ұғамыз. Олар қылмыстық сот жүргізуді тағайындаудан көрінетін қоғам мен мемлекеттің қылмыстық процестегі мүдделеріне кепілдік береді. Әділ сот пен жеке тұлғаның құқықтарына кепілдік ету бір уақытта ақиқат орнату кепілдігі болып табылады, яки бүкіл қылмыстық процесс үшін жалпы сәйкес қызметтің мақсатымен қамтылады.

Сонымен қатар әділ сот пен жеке тұлға құқықтарының кепілдіктері әдетте айтылатындай тым үйлесімді емес екендігі және олардың арасындағы тепе-теңдік белгісі әрдайым бола бермейтіні жайында ғалымдардың пікірімен келіспеске болмайды [21, 36 б.]. Қылмыстық сот жүргізуде қоғамдық және жеке мүдделердің арасы алшақтау болатындықтан, жеке тұлғаның мүдделерін қорғауға көзделген дау-дамайдың өзі тіпті қажетті жағдайларда мемлекеттің мүддесіне келтіретін пайдасы шамалы арнайы кепілдіктерді көздеп жатады [61, 24 б.].

Дегенмен де қылмыстық іс жүргізу барысында бір уақытта жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қамтуды көздеуге қабілетті ережелердің аз емес екенін де естен шығармаған жөн. Жеке тұлғаға қатысты мәжбүрлеу мүмкіндіктеріне сүйенетін және қылмыстылықпен күресу мақсатына қол жеткізу үшін азаматтардың жеке өміріне құқықтық деңгейде қол сұғу мүмкіндіктеріне ие мемлекеттік билік аясы міндетті түрде қатаң және нақты түрде айқындалғанымен, жеке тұлға мен құқықтық мемлекет – бір-біріне қарама-қайшы, жауласқан тараптар емес. Мемлекеттің мүдделеріне қатысты жеке тұлға құқықтарының басымдылығын тани келе, мемлекетсіз, ол орнатқан және қамтитын заңды ресімдемелерсіз аталмыш құқықтардың іске асырылмайтынын анық ұға білген дұрыс [62, 11-13 б.]. Жеке тұлғамен өзара қарым-қатынас орнату барысында құқық биіктігінің негізінде оның басымдылығын мойындай білген, қажет болған жағдайда демократиялық қоғамның кескінін барша заңды құралдармен пәрменді түрде қорғай алатын мықты мемлекет жеке тұлғаның демократиялық құқықтық ахуалының кепілі бола алады [63, 26-27 б.].

Мемлекет қылмыстық-процессуалдық шараларды қолдана отырып, қоғамның нақты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп және ашуына, оны жасаған кінәлі тұлғаларды әділетті іс-шараларды қолдана отырып,

жазалауға деген орынды мүддесін қамти алады. Қылмыстық сот жүргізу міндеттерін шешуде мәжбүрлік ету сипатындағы процессуалдық құралдарды пайдалану мүмкіндігі жәбірленушінің әділ сот шешіміне деген және оған қылмыстық әрекетпен келтірілген залалды өндіріп алу кепілдігі болып табылады. Қалай болмасын, белгілі бір айыптаушыларға қатысты қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану сот шешімінің әділдігіне ынталы өзге тұлғалар үшін процессуалдық кепілдік болып табылады.

Қылмыстық сот жүргізудегі жеке тұлғаның құқықтарына кепілдік беру, ең алдымен, процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз және негізсіз шектеуден қорғау іспетті. Олар азаматтарға қылмыстық іс жүргізу барысында да жеке тұлға ретінде қалып, сондай-ақ тергеу және сот кателерін жоюға, не барынша бәсеңдетуге мол мүмкіндік береді.

Сонымен, қылмыстық іс жүргізудегі жеке тұлғаға берілетін кепілдіктер мен әділ сот кепілдіктерінің арасында белгілі бір қатынас бар екені түсінікті. Жеке тұлғаның мүдделерімен қамту қоғамдық мүддені қорғау мүмкіншіліктеріне нұқсан келтірмеу керек, және керісінше, өз кезегінде қоғамдық мүддені қорғау жеке мүддені қорғау мүмкіндіктеріне бөгет болмауы тиіс. Жеке тұлға мен әділ сот кепілдіктерінің қатынастылығы оның мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, қылмыстық сот жүргізуге қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін ескеруге бағытталғаны лазым. Оның келісімділігін куәландыратын қылмыстық-процессуалдық кепілдіктердің жүйелілігі қылмыстық сот жүргізу саласындағы жеке тұлға мен қоғамның (мемлекеттің) мүдделерінің арасындағы құқықтық келісімшілдік құралы болып табылады.

Біздің ойымызша, жеке тұлғаның кепілдіктерін қылмыстық іс жүргізуге қатысушы азаматтардың: айыпталушының, жәбірленушінің және өзге де тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауға бағытталған әділ соттың процессуалдық кепілдіктерінің айрықша түрі деп атаған ғалым М.С. Строговичтің пікірінің дұрыстығын мойындамасқа болмайды [53, 56 б.]. Мәні жағынан қарама-қайшы емес, дәл осы бағыт-бағдары жағынан өз бетінше құқықтық ілімді процессуалдық кепілдіктердің бітұтас ұғымы жүйесінде жеке тұлғаның құқықтарымен қамту ретінде қарастырған лазым.

Процессуалдық кепілдіктердің мәні мен бағыт-бағдарын айқындап алу олардың ұғымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы процессуалдық кепілдіктер – қылмыстық сот жүргізу міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін және қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың барлығының өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңмен белгіленген құралдар мен тәсілдерді айтамыз.

Оның негізгі құқықтық сипаты, яғни процессуалдық кепілдіктердің негізгі құқықтық сипаты – процессуалдық кепілдіктерді өзге құқықтық жүйелі ілімдерден айрықшалайтын қасиеті деп Э.Х. Халилов дұрыс атап көрсетіп кеткен. "Міндетін дұрыс атқаратын әділ сот механизмінің барлық процессуалдық кепілдіктері оның: аса сенімді емес бөлшектерден біршама сенімді жүйе құрумен қамти алатын құралдарды білдіретін құбылыс іспетті, – деп жазады ол. Әділ сот кепілдігінің мәні: 1) жүйе құрылатын тиісті

элементтердің сенімділігін арттыруға ықпал етуге қабілеттілігі; 2) жекелеген элементтердің және кіші жүйелердің артық қорын қамтамасыз етеді [64, 34 б.].

Заңды (процессуалдық) кепілдіктердің көкейтесті мәселелерін қарастыратын ғалымдар түрлі негіздемелерге сай олардың көптеген сыныптамаларын ұсынып жатады. Процессуалдық кепілдіктердің жекелеген қырларын ашатындықтан, олардың әрқайсысы өзіндік бағалық мәнге ие.

Адамды жәбірлеу және өзге де айуандықпен қорлау немесе адамның ар-намысын таптайтын жазалауларды қолдануынан еріктілік құқығын зерттеуші В.Д. Гончаренко заңды кепілдіктерді былай атап көрсетеді:

- заңды кепілдік-шарттар: аталмыш құқықты қорғау және оны іске асыру шарттарының жалпы (саяси, экономикалық, рухани) талаптарының құқықтық пысықталуы; заңдылық және құқықтық тәртіп ахуалы; әлемдік тәртіп ахуалы; құқық жүйесінің құқық мәдениеті және құқықтанымы сынды әмбебап бөлшектерінің қызмет атқаруы; жеке тұлғаның құқық мәртебесінің негізі болып табылатын құқықтық қағидалары;

- заңды кепілдік-құралдар: оның кепілдік құқығын пысықтайтын құқықтық нормалар; құқық субъектілерінің құқықты іске асыру және оны қорғау қызметі; құқықшығармашылығы, құқық қолдану, осы құқықты жүзеге асыруға байланысты бақылау-қадағалау үрдістеріндегі ұйымдастырушылық-қамтушылық қызмет;

- заңды кепілдік-тәсілдер нақты құқық пен оның айқын кепілдіктерін пысықтайтын тәсілдер; осы құқықты және оның кепілдіктерін мемлекетішілік құқық жүйесінде пысықтайтын халықаралық-құқықтық нормалардың трансформациясы; аталмыш құқықпен қамту саласының бағыт-бағдары, нұсқаулықтары; осы салаға ықпал ету және марапаттау; сәйкес құқық нормаларының мамандандырылуы және нақтыландырылуы; дербес бұйрық және ресімдемелік-процессуалдық тәртіп; аталмыш тәртіппен қамту саласындағы бақылау және қадағалау; зерттелетін құқықтың бұзылғаны жөніндегі фактілердің анықталуы және оларды болдырмау шаралары; превенция; бұзылған құқықты қайта қалпына келтіру, залалды өтеу және одан туындайтын салдарларын бейтараптандыру; аталмыш құқықтың бұзылғанына берілетін жауапкершілік; оның шектелуіне тыйым салу: заңды біліктілік және аталмыш құқықты қамтитын құқық нормаларын талқылау [65, 116-117 б.].

Осы сыныптамада авторлардың процессуалдық (заңды) кепілдіктердің ұғымының құрылымы және мазмұны айқын көрініс табады. Процессуалдық кепілдіктерді анықтауға байланысты біздің сыныптамамызға орай, біз аталмыш сыныптаманы міндетті түрде қабылдай алмаймыз. Субъект құқықтары мен оны іске асыруға байланысты оның қызметтерінің бір топқа жатқызылуы күмән тудырады. Біздің пікірімізше бұл біртұтас құқықтық ұғым процессуалдық кепілдіктердің екі жақтық яғни, мазмұны мен нысандарының өзара байланысқан сипаттамасы. Оның біріншісі жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ететін және қылмыстық сот жүргізудің тағайындалған міндетіне қол жеткізу кепілдігін бере алатын процессуалдық құралдарды белгілеп береді. Бұл топқа заңды кепілдік-шарттарды жатқызуға олады. Өйткені жалпы кепілдіктердің (экономикалық, саяси, рухани)

нормативтік бекітілуі олардың қамтамасыз етушілік мүмкіндігіне алып келеді. Ол құқықтық қатынастар пішініндегі қылмыстық процесс субъектілерінің әрекетімен іске асырылады. Процессуалдық кепілдіктерді қолдану бойынша процессуалдық қызметтің барлық түрлері оларды жүзеге асыру пішіні болып табылады және процессуалдық кепілдіктердің жекелеген тобын құрайды. Бұл ретте, мәні мен мазмұнының үздіксіз байланысына орай, бұл сыныптама тек шартты сипатқа ие екенін естен шығармаған дұрыс болар еді.

Заң әдебиеттерінде келтірілген процессуалдық кепілдіктердің сыныптамасының көбі дерлік зерттелетін құқықтық құбылыстың мағыналық жағын сипаттайды. Мысалы, Л.Д. Воеводин құқықтың шынтуайттылық және азаматтардың бостандығы оның әрекетшілдіне байланысты болатын заңды кепілдіктердің үш түрін атап көрсетеді. Біріншіден, ол конституциялық құқықтың игерілуіне байланысты, лауазымды тұлғалардың ерекшеліктері мен азаматтардың тиесілі құқықтары мен бостандықтарына байланысты мәселелердің шешілуінен, не керісінше, бұл ретте, асыра сілтеушілікке жол берілуден көрінетін мемлекеттік органдардың құзыреттілігі. Екіншіден, бұл азаматтардың құқықтарын қорғаудың ресімдемелік-процессуалдық тәртібі және азаматтардың нұқсан келтірілген, бұзылған құқықтарының қайта қалпына келтірілуі [66, 57-58 б.].

П.П. Глушенко заңды кепілдіктер екі топқа бөлінеді деп пайымдайды: а) құқықтарды қолдану кепілдіктері (құқықтар мен бостандықтардың құқықтық деңгейде іске асырылуын қамтитын заң құралдары); ә) құқықтарды қорғау кепілдіктері (заңның оларды қорғайтын құралдары). Кепілдіктердің бірінші тобы жеке тұлға мен қоғам үшін оңтайлы әлеуметтік-құқықтық ортасының іске асырылуын жасауға және құқық бұзушылыққа қатысты емес. Оған заң күшін сипаттайтын нормалық шығармашылық, оның мәні, ауқымы, құқықтардың қолданылу аялары, материалдық негізі, олар байланысты болып келетін заңды фактілермен қоса алғанда, олардың жүзеге асырылуының процессуалдық ресімдемелері кіреді. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығын қорғау, әдетте, олар бұзылған күнде: оларды іске асыру жолындағы бөгеттер, тұлғаның құқығын мойындаудан бас тарту, құқықтық қарым-қатынасының қарама-қарсы тарабының белгілі бір заңды міндеттемелерін атқармауының салдарынан туындайды [67, 66-67 б.].

Жеке тұлғаның қылмыстық процестегі кепілдіктерін мұқият зерттеу нәтижесінде Э.Ф. Куцова процеске қатысушылардың нақты құқықтары мен міндеттері дәл осы кепілдіктері болып табылатыны жөнінде дәйектеулер жасады. Процессуалдық құралдың жалғыз өзін кепілдіктер қатарына жатқызады және кейбір өзге процессуалист ғалымдар қылмыстық процестің [68, 203 б.], процессуалдық мазмұнын [69, 3 б.] және тіпті қылмыстық процестің өзінің [70, 133 б.] қағидаларын осылай деп есептейді.

Біздің пікірімізше, жиынтықтап келгенде қылмыстық іске қатысушылардың құқықтарын іске асыруларына мүмкіндік беретін, өзінің мазмұны жағынан әрқалай болып келетін қылмыстық-процессуалдық заңның нормаларымен белгіленген құралдарды қылмыстық-процессуалдық

кепілдіктер деп санайтын Т.Н. Добровольскаяның дәйектеулері ең ұтымды дәйектеулердің бірі секілді [71, 13 б.].

Осыдан бұрын келтірілген көзқарастық пікірлерді талдай отырып, олардың әрбіреуінің азды-көпті ұтқыр пікір екеніне көзіміз жетеді. Ғалымдардың кепілдік ретінде атап көрсеткен процессуалдық құралдары жеке тұлғаның құқығын қамтуға қызмет етеді деген В.С. Шадриннің пікірімен келіспеске болмайды [21, 38-39 б.]. Нақты құқықтық құралды қылмыстық процеске қатысушы үшін маңызды, белгілі, нәтижеге қол жеткізуге бағытталған бір немесе бірнеше бірыңғай құқық қатынастарының аясында ғана процессуалдық кепілдік ретінде анықтауға ғана болады. Шешілетін мәселелерге байланысты негізгі аспаптар және қосалқы-қамтушы аспаптық құрал міндетін атқаратын процессуалдық құралдар, яғни аталмыш құқықтық қатынаста процессуалдық кепілдік қызметін атқаратын процессуалдық құралдар анықталады. Егер процессуалдық кепілдіктерді іске асыру қажеттілігі туындайтын болса, онда ол жаңа құқықтық қатынастың негізгі мәніне айналады, ал оның орнын басқа процессуалдық кепілдік алады. Тек әділ сот кепілдіктеріне немесе жеке тұлғаның қылмыстық процестегі кепілдіктеріне қатысты құқықтық құралдардың пайдаланылатын тобының тектік сипаты ғана өзгерместен қала бермек.

Бірақ белгілі бір процессуалдық құралдың белгілі бір сипаттағы процессуалдық кепілдіктермен теңестірілуі оның қосымша міндеттерінің бар екендігін жоққа шығармайды. Оның қолданылуы өзге субъектілерге қолайлы болып келетін, Бірақ процессуалдық кепілдікті пайдаланған тұлғаға бәрібір болып табылатын нәтижеге қол жеткізуге әкеліп соқтыруы ықтимал. Мысалы, сот тексерулерінің барысында айыпталушының заңсыз және негізсіз тұтқынға алынуы жөнінде жазылған шағымының қанағаттандырылмауы қылмыстық сот жүргізу үрдісіне өзге қатысушылардың процессуалдық құқықтарының бұзылғаны анықталады.

Сот жекеше қаулы шығара алады. "Егер істі сотта қарау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға ықпал еткен мән-жайлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жол берілген басқа да заң бұзушылықтар анықталса, сот жекеше қаулы шығарып, онда қажетті шаралар қолдануды талап ететін осы мән-жайлар мен заң бұзу фактілеріне тиісті ұйымдардың немесе тұлғалардың назарын аударады. Егер сот мұны қажет деп тапса, басқа жағдайларда да жекеше қаулы шығаруға құқылы" (ҚРҚПК 53-бабының 4 бөлігі) [15].

Демек айыпталушының құқығын қорғау тұрғысындағы бір процессуалдық құралын іске асыру өзге субъектілердің заңды құқықтарын қорғауға, сондай-ақ әділ сот қорғауының құқықтық құралдарының әрекеттерін бастауға қауқарлы.

Жекеше алып қарағанда кепілдіктер өзара ұштасқан әрекеттер арқылы азаматтардың құқықтары, лауазымды тұлғалардың міндеттемелері, қылмыстық процестің қағидалары, т.б. іске асырылатын жеке тұлғаның құқықтарын қамту жүйесі ретінде ғана қарастыруға болады [72, 24 б.].

Процессуалдық кепілдік жүйесінің жекелеген бөлшектерінің әрекеттерінің бір алқапта бір бағытта қызмет атқаруы, яки, қылмыстық сот жүргізудің тағайындалуы процессуалдық кепілдік жүйесінің жекелеген бөлшектерінің өзара ұштаса әрекет етуінің алғышарты ретінде қызмет етеді. Процессуалдық кепілдіктердің көпміндетті сипаты, олардың негізгі және қосалқы міндеттердің бір уақытта шешілуін қамти алуы олардың өзара ұштаса қызмет атқаруларының негізі болып табылады. Әрбір процессуалдық кепілдіктің меншікті нысаналы мақсаты бар болғанымен, олардың жеке тұлғаның құқығының қорғалуы мен күзетілуі арқылы түзілетін жиынтығы қылмыстық сот жүргізу мақсатына қол жеткізумен қамтиды. Демек, процессуалдық кепілдіктер жүйесі деп қылмыстық іс бойынша әділеттілікті анықтау мақсатында қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде өзара әрекет ететін процессуалдық құралдар мен тәсілдердің бүтіндей тұтастығын айтамыз.

Жалпы, процессуалдық кепілдіктердің тізімінің ашықтығы жайлы пікірді қолдай отырып, олардың негізгі деректік көзі тек қылмыстық-процессуалдық құқықтар ғана емес екенін атап көрсету қажет. Егер қылмыстық сот жүргізу саласында қолданылатын барлық процессуалдық кепілдіктерді олардың деректерінің заңды күшіне орай сыныптайтын болсақ, мынадай үш топты бөліп көрсетуге болады. Біріншісі, қылмыстық процесс субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтитын халықаралық-құқықтық құралдар; екіншісін – конституциялық; ал үшіншісін – арнайы түрлері құрайды. Процессуалдық кепілдіктердің үшінші тобының атауы оның құрамын көбіне қылмыстық сот жүргізу саласындағы қарым-қатынастарды реттеуге арнайы құрылған қылмыстық-процессуалдық заңның нормаларының құрайтынымен сипатталады. Бұл топқа өзге заңдармен бекітілген қылмыстық-процессуалдық нормаларды да жатқызуға болады. Оларды құқықтық реттеудің жалпы мәні және заңды күші бірдей болуы біріктіреді.

Сонымен, қылмыстық процестегі процессуалдық кепілдіктер ұғымы қылмыстық-процессуалдық кепілдіктер ұғымына қарағанда кеңірек. Соңғысына қылмыстық-процессуалдық заңда бекітілген және қылмыстық сот жүргізу саласында ғана қолданылатындарын жатқызған жөн болады.

Процессуалдық кепілдіктердің барлық түрлерінің үйлесімді үндестікте атқарған әрекеттерінің нәтижесінде ғана қылмыстық сот жүргізу ісінің мақсатына қол жеткізуге және жеке тұлғаның құқықтарымен қамту мүмкін. Халықаралық құқық нормалары ұлттық заңнамада белгіленуі тиіс сот ісіне қатысушылардың құқығы мен бостандығын және олардың арнайы процессуалдық кепілдіктерінің шағын өлшемдерін белгілейді. Олар қылмыстық-процессуалдық нормаларды құрайтын Қылмыстық-процессуалдық кодекске және өзге де заңдарға сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізуді міндеттей отырып, заң шығарушының жетекшілік ететін нұсқаулығы ретінде қызмет етеді. Халықаралық-құқықтық кепілдіктер қазақстандық құқықта мұндай шарттардың жоқ болуы жағдайында немесе қазақстанның қылмыстық-процессуалдық нормаларына қайшы келген

жағдайларда жеке тұлғаның құқығымен қамту мақсатында тікелей қолданылады.

Конституциялық нормалар және оның тікелей әрекетінің негізінде туындайтын қылмыстық-процессуалдық қарым-қатынас қылмыстық сот жүргізуге қатысушылардың негізгі конституциялық құқықтары мен бостандықтарының күзетілуімен қамтылады. Бұл мақсатқа, ең алдымен, өзге құқықтарды қорғау құралы болып табылатын жеке тұлғаның сол конституциялық құқықтарының өзі, сондай-ақ азаматтар құқықтарының негізсіз шектелуінен қорғайтын жекелеген процессуалдық әрекеттердің өндірісі мен қосымша шарттары және тағайындалу ережелері қызмет етеді. Одан басқа Қазақстан Республикасы Ата Заңының қылмыстық сот жүргізу және әділетті сот қызметінің айқын қағидалық жүйесін жасай білуі оны салалық заңнамалардың заңды тұғыры деп есептеуге мол мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде де, сот тәжірибесінде де қылмыстық іс бойынша адамның және азаматтың құқықтары туралы халықаралық-құқықтық нормаларын қолдану кепілі болып табылады. Халықаралық құқықтың көптеген жалпыға танымал нормаларын Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізе келе (VII тараудың 13,14,16-баптары), заң шығарушы процессуалдық кепілдіктер көзі болып табылатын іс жүзіндегі қолданылатын нормалар жүйесіне енуге ықпал ете білді.

Процессуалдық кепілдіктерді зерттеулерге бағышталған ғылыми еңбектерде қылмыстық-процессуалдық нормаларды қолдану саласындағы олардың сыныптамасы былай келтіріледі: 1) реттеу әсері арқылы қылмыстық процестің бүкіл жүйесін қамти алатын нормалармен көзделген, сот жүргізудің негізгі талаптары, не процессуалдық ұғымдар мен институттардың түсініктемелерін құрайтын процессуалдық кепілдіктер; 2) реттеуші әсерімен белгілі бір сипаттағы процессуалдық жағдайларды қамтитын нормалармен көзделген процессуалдық кепілдіктер [73, 106 б.].

Процессуалдық кепілдіктердің алғашқы тобын жалпы әрекет ететін қылмыстық-процессуалдық құқықтың нормалары, ең алдымен, қылмыстық процестің конституциялық қағидалары құрайды. Нормативтік сипатқа ие құқықтық жүйенің негізін қалаушы ой ретінде олар барлық қылмыстық процестің құрылысын, оның мәні мен маңызын анықтайды. Жеке тұлғаны ең басты құндылық деп қарайтын және осы жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығын қорғау сол мемлекеттің басты міндеті деп санайтын қоғамда қалыптасқан ұстанымды қағида ретінде іс жүзінде қылмыстық сот жүргізу қызметінің кез келген кезеңінде де және нормалық шығармашылық жұмысының барысында да ең негізгі міндеттері болып табылады. Қылмыстық сот жүргізу ісінің процессуалдық кепілдікті қағидаларының жалпылама ерекшеліктері олардың қылмыстық сот жүргізу өндірісіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық-процессуалдық заң қағидаларына негізделген нормаларын қолдануы арқылы көрінеді. Десе де, осыдан бұрын айтып кеткеніміздей, Қазақстан Республикасының Конституциясы оның нормаларының тікелей әсер етуін,

соның ішінде, онда бекітілген қағидалардың тікелей әсер етуін көздейді. Олардың кейбіреулері қылмыстық сот жүргізу үрдісінде қылмыстық-процессуалдық заңмен белгіленген қосымша іске асыру механизмсіз-ақ қолдануға болатындай етіп қалыптастырылған (мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 2 тармағы, 25-бабының 1 тармағы, 77-бабының 3 тармағының 7 тармақшасы). Алайда тікелей, сонымен бірге, жанама түрде қолданылатын нормалық қағидалардың кез келген деңгейде бұзылуы, сөзсіз, қабылданған процессуалдық шешімдердің бұзылуына, не процессуалдық әрекеттердің нәтижелерінің түкке тұрғысыз деп танылуына алып келеді. Сонымен, жалпы құқықтық кепілдіктердің қағидалық сипаты заң нормаларында бейнелене отырып, жалпы қоғамның мүдделерін де, жеке тұлғаның құқықтары мен мүдделерінде қамтудың шынайы құралына айналады.

Олардың реттелген әсері қылмыстық сот жүргізу саласының қоғамдық қатынастардың жекелеген, бітұтас топтарына ғана таралатындықтан олар екінші топқа жатқызылады. Оларға, бірінші кезекте, салалық заңнамада бекітілген арнайы процессуалдық кепілдіктер де, сондай-ақ, белгілі бір бағыттағы халықаралық-құқықтық актілерде қалыптастырылған жеке тұлғаның құқығын қамти алатын процессуалдық кепілдіктер де жатқызылады. Мысалы, 1998 жылы 09 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен бекітілген, қандай-да бір сипатта ұсталған немесе абақтыға қамалған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығы тұтқынға алынған айыпталушылар мен күдіктілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің процессуалдық кепілдіктерін қамтиды.

Процессуалдық кепілдіктердің екінші тобы тек қосымша ғана емес, осыған дейін аталып көрсетіліп кеткен бірінші тобын одан әрі нақтылай түсетін процессуалдық кепілдіктерді анықтайды. Оның процессуалдық құралдары қылмыстық сот жүргізу ісінің конституциялық құқықтарына сәйкес келуі және белгілі бір сипаттағы тергеу және сот жағдайларында қолданылатын мәнін егжей-тегжейлі түсіндіре алуы тиіс. Жиынтығында олар қылмыстық-процессуалдық құқықтың жекелеген институттарына арналған процессуалдық кепілдіктер жүйесін құрайды.

Айыпталушы мен күдіктінің құқықтарының процессуалдық кепілдіктерін қылмысты ашуға кедергі келтіретін және қылмыстылықпен күресу ахуалына кері ықпал ететін олар лайықты емес жеңілдіктер беру деп қараған дұрыс болмас еді.

Қылмыстылықтың деңгейі, құрылымы және қарқыны, ең алдымен, қылмыстық процестің саласынан тыс жататын криминогенді факторларға байланысты орын алады.

Процессуалдық кепілдіктердің болмауы, жеке тұлғаның құқығының ойдағыдай дәрежеде қорғалмауы тергеу барысын жүргізіп отырған мемлекет тарапынан асыра сілтеушілікке және тұлғаның құқығына немқұрайды қарауына жағдай жасау мен нақты тұлғаға айтарлықтай қауіп төндіріп, ең соңында, құқықтық мемлекетте мүлдем жол берілмеуі тиіс, қоғамның өзіне де қауіп төнуіне әкеліп соқтырады. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларының

қолданылуы, адам құқығының кез келген сипатта шектелуі және азаматтың тергеу өндірісі барысында шектелуі, қатаң түрде заңдастырылып, процессуалдық мазмұнда алынған іс жүзіндегі мәліметтерге сай жүзеге асырылуы тиіс.

Процессуалдық кепілдіктер жүйесі - қылмыстық іс бойынша ақиқат орнату мақсатында қылмыстық сот жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен қамту кезіндегі өзара әрекеттесе іске асырылатын процессуалдық әдіс-тәсілдер мен құралдардың органикалық бүтіндігі.

Жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың әділ сот ісінің процессуалдық кепілдіктерінен айырмашылығы оның нысанының қылмыстық сот жүргізу саласына тартылған жеке тұлғаның жеке мүддесі болып табылатындығында. Дәл осы сипаты қылмыстық сот жүргізудің белгілі бір қатысушыларына дербес белгіленген жеке тұлға ретінде қарау қажеттілігін, ал оның құқықтары мен заңды мүдделерін процессуалдық кепілдіктердің қарастырылатын нысан түріне жатқызылатынын түсіндіреді. Сот жүргізу өндірісін жүзеге асырушы лауазымды тұлғаларда, кәсіби қабілеттері мен қызмет бабына орай, сондай-ақ қоғамдық борышына байланысты қылмыстық-процессуалдық іске араласуы тиіс, қылмыстық процеске тартылған азаматтардың қылмыстық сот жүргізу саласында жеке мүддесі болмайды. Біздің пікірімізше, қылмыстық сот жүргізуге қатысушылар мен куәлердің құқықтық мәртебесінің процессуалдық кепілдіктеріне қатысты ғана жеке тұлғаның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаумен қамту туралы айтуға болады.

Жеке тұлғаның заңды мүдделері қылмыстық сот жүргізу процесіне қатысушының процессуалдық мәртебесінің өз элементі болып табылады және заңда тікелей көрсетілмеген, бірақ қылмыстық сот жүргізу ісіне қатысушылардың қоғам құптайтын және өздеріне жағымды қылмыстық істің нәтижелеріне жетуге ұмтылуына тыйым салынбаған құқықтық мүмкіншіліктерін білдіреді. Құқықтық реттеудің жалпы мүмкін болатын салаларынан гөрі қылмыстық процесте заңды мүдделер процессуалдық қызмет құралы емес, құқықтық қамту нысаны болып қана табылады.

2. ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ КҮДІКТІ МЕН АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Күдікті мен айыпталушының қылмыстық-процессуалдық мәртебесі

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 3 тарауы қылмыстық қудалау деп аталады. Бұл ретте күдіктілер мен айыпталушыларды әшкерлеу бойынша қызмет түсініледі. Қылмыстық іс ең басты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың мән-жайларын анықтау және ондағы кінәлі тұлғаны бекіту үшін қозғалады. Егер күдікті іс қозғалған сәтте белгілі болса онда оны әшкерлеу бірден басталады.

Алайда көп жағдайда күдікті, тіпті айыпталушы істе кейінірек пайда болады немесе қылмыстық құқық бұзушылық ашылмаған кезде мүлде пайда болмайды. Сонымен қатар іс жүзінде қылмыстық құқық бұзушылық болмаса да, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша қылмыстық істі қозғау да есептен шығарылмайды. Мұндай жағдайларда тергеу органдары қылмыстық құқық бұзушылықтың ықтимал субъектісін іздейді. Бұл жағдайда қылмыстық ізге түсу тек эвентуалды түрде ғана болады және күдікті немесе айыпталушы орнына қоюға негіз беретін нақты тұлға туралы жеткілікті деректер табылған жағдайда көрініс береді. Өзінің мазмұны бойынша қылмыстық қудалау тергеу сатысындағы айыптаудың қылмыстық-процессуалдық функциясының көрінісі болып табылады.

Қылмыстық қудалауға түскен субъект бірден айыпталушы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бірақ бәрімізге белгілі жағдай, ол барлық кезде бола бермейді. Алдымен ол қылмыстық істе күдікті ретінде, содан кейін айыпталушы санатына көшеді. Дегенмен күдікті үнемі айыпталушыға да айнала бермейді. Олардың әрқайсысы қолданыстағы қылмыстық-

процессуалдық заңнама бойынша қылмыстық істің дербес қатысушысы ретінде орын алады. Бірақ оларды байланыстыратын бір жай, екеуі де қылмыстық қудалауға ұшырайтын тұлға.

Нақты тұлғаларға қатысты қылмыстық қудалау осы тұлғаларға қорғану мүмкіндігін беруді болжайды. Олардың өздері туралы айтпай-ақ, мұндай қорғанысқа қылмыстық қудалауды жүзеге асыру бойынша тиісті мемлекеттік органдарға өкілеттіліктер беретін мемлекет те мүдделі. Қылмыстық сот ісін жүргізудің көпқатарлық тәжірибесі дәлелдегендей, сот қателіктерінің алдын алу мақсатында қылмыстық қудалау органдарының дәйектері оларды қорғаныс тарапынан қарсы дәйектермен салыстыру жолымен беріктігін тексеруді қажет етеді.

Заң әдебиеттерінде күдікті мен айыпталушының қорғану құқығы тұлғаға осы құқықтардың интеграцияланған көрінісін, өз мүдделерін қорғау үшін берілетін барлық процессуалдық құқықтарының негізі ретінде қарастырылады [74, 160 б.]. Қорғану құқығын жүзеге асыру бірінші кезекте "қорғау" анықтамасының мазмұнымен түсіндіріледі. Бір мезгілде қорғау ретінде, қорғаушының қызметін де ұғынуға болады [53, 117 б.].

Кез келген құқықты ұсыну оны жүзеге асыру үшін қажетті шарттар жасалмаса, ол жай сөз ретінде қалуы мүмкін. Сондықтан қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңнама қорғану құқығын жай ғана ұсынып қоймай, оны қамтамасыз етуді қарастырады, бұл ретте соңғысы бірінші кезекке шығады. Күдікті мен айыпталушыға қорғану құқығын беру қылмыстық іс жүргізудің принципі ретінде танылады (ҚРҚПК-ң 26-бабы). Жоғарыда аталған принципке сүйене отырып, қылмыстық процесті жүргізетін органдарға күдікті мен айыпталушыға қорғану құқығын қамтамасыз ету бойынша міндеттер жүктеледі. Оларды орындамау заңды айтарлықтай бұзу ретінде бағаланады. Қылмыстық іс жүргізудің принципі ретінде айыпталушының қорғану құқығын қамтамасыз етудің мәнін аша отырып, М.С. Строгович, оны айыпталушы құқықтарының процессуалдық кепілдіктерінің жиынтығы ретінде қарастырған [75, 163 б.].

Күдікті мен айыпталушы құқықтарын тиісті түрде қамтамасыз ету қажеттілігі қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде олардың мүдделері анағұрлым өткір қозғалатындығына байланысты. Басты түрде оларға қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеудің барлық шаралары арналады.

Кінәлі емес адамды кінәлап, оны соттауды ешқандай жағдайда болдырмау деген талаптың бір беткейлігі, қылмыстық превенцияның жалпы және жеке кепілі болып табылатын - қылмыстық жауаптылықтан құтылмайтындық талабына қайшы келеді. Кінәсіздік презумпциясы принципінен шыға отырып, бұл жердегі орын алған коллизия бірінші аталған талаптардың пайдасына шешілуі қажет. Қылмыстық қудалау органдарына, мемлекет пен қоғамға қылмыстық құқық бұзушылықты жазасыз қалдыру қаншама қайшы болса да, нақты тұлғаға қатысты айыптау үкімін шығару оның кінәсі толық және күмәнсіз дәлелденген жағдайда ғана жол беріледі. "Егер айыпталушы кінәлілігінің жүз мың ықтималдығына қарсы бір ғана оның

кінәсінің жоқтығы ықтимал болса, онда бұл ықтималдылық барлық басқасын теңестіруі керек", – деп атап кеткен Вольтер [76, 185 б.].

Тергеуші қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу барысында әртүрлі адамдармен кездеседі. Кейде іске тартылатын субъектімен қарым-қатынастан бірінші әсер аса жағымсыз және ауыр болуы мүмкін. Бірақ тергеуші, жариялылық принципіне қарай, мемлекет еркінің орындаушысы ретінде тергеу сатысында тек жеке басының әсерлеріне ғана сүйенбеуі керек. Сол кінәсіздік презумпциясы принципіне сәйкес ол мұндай субъектімен басқа ойы болса да кінәсіз адам ретінде қарым-қатынас жасап, оған кез келген басқа адал азамат ретінде қорғануға құқық беруге міндетті. Тұлғаны кінәлі деп тану оны қылмыскер ретінде жариялау мәнінде – сот басымдылығы болып табылады, ешқашан айыпталушыға қатысты ақтау үкімі шығарылмайды деген алдын ала нық сенімді болуға болмайды.

Ю.В. Феофанов өз жұмыстарының бірінде АҚШ Жоғарғы Соты мүшесінің пікірін келтіреді: "Адал адамдардың құқықтары олар қамтамасыз етілген жағдайда сақталуы мүмкін, және ол ең жағымсыз тұлғаларға да қатысы бар" [77, 269 б.]. Бұл ой назар аударуға тұрарлық. Американдықтарды қылмыскерлердің тағдыры емес, олар өздерінің бостандығы үшін жасаған Конституциясы қызықтырады. Яғни құқықтар туралы Билль тіпті мемлекет тарапынан туындайтын бассыздыққа қарсы тұруға да кепілдік береді.

Әрине сол АҚШ-ң өзінде және басқа да дамыған демократиялық елдерде процессуалдық кепілдіктердің бетін қайтаруға, адам құқықтарын шектеуге мүдделі күштер бар. Бұл туралы "буржуазиялық мемлекеттердегі қылмыстық істің реакциялық болмысын сындарлы талдау" ұстанымдарында көп жазылған [78, 121 б.]. Шетелдік сот–тергеу тәжірибесін бағалағанда осы мән-жайды ескеру қажет және барлығын емес өзімізге керекті, лайықты тұстарын ғана алуымыз қажет.

Бірақ өзін шетелде танытқан оң тәжірибеге назар аудармау да дұрыс емес. Заманауи зерттеулер батыс ғалымдарының прогрессивтік бөлігінен туындаған ойлар негізінде заңнаманы гуманизациялау және демократизациялау, тұлғаның процессуалдық кепілдіктерін сақтау және бекітуге қамқорлық жасау талабы жатыр [79, 101 б.].

Өзін құқықтық ел деп жариялаған Қазақстан қазіргі таңда құқықтық мемлекеттің жоғары шыңына енді ғана жақындап келеді және көптеген параметрлер бойынша, сонымен қатар ғылым, заң шығару, құқық қолдану және қылмыстық істе тұлға құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне жаппай сана-сезімге қатысты мұндай ел бола қойған жоқ.

М.С. Строгович қылмыстық іс жүргізу ғылымы айыпталушының құқықтары мен оның кепілдіктерін кеңейту қылмыстылықпен күресті қиындатады деген кейде пайда болатын жалған түсініктерді баяғыда игерген деп есептеген [80, 74-75 б.]. Өкінішке орай, бұл жерде ниет шындыққа баланған.

Әрине қазір "кінәсіздік презумпциясы қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттеріне қайшы келеді" деген тікелей пікірлерді кездестіре алмайсың [81, 85 б.]. Бірақ оның мақсатына байланысты басқа да қызықты ойлар пайда

болды: "кінәсіздік презумпциясы алдымен қаракшылық жасап, сосын өлтіретін, одан кейін ойға сыймайтын алибилер көрсетіп, тергеуші мен сотты мазақтайтын көптеген оңбағандар мен дегенераттар емес, дұрыс адамдарға қатысты қарқынды болуы қажет" [82, 60 б.].

Өз кезінде А.А. Вышинский ресейлік қылмыстық сот ісін жүргізуге айыптаушыдан айыпталушыға дәлелдеу ауыртпалығын салу бойынша бірқатар жағдайлардың өтуі туралы ағылшын-американ қылмыстық іс ережелерін енгізуге талпыныстары [83, 243-244 б.] сыналып, қудаланған болатын [84, 60-72 б.]. Сот тәжірибесі кінәсіздік презумпциясын заңды деп танудан кез келген шегіністердің қолайсыздығының ұстанымдарын берік ұстанған. Енді қиын-қыстау кездердегідей көне жаңғырып, теория мен тәжірибенің бұрыннан қалыптасқан оң тұғырларын шайқауға күш салында. Айыпталушыға дәлелдеу міндетін артудың мүмкін еместігі туралы ережені отандық дәлелдеу теориясының ортақ жері деп есептейтін ресейлік қылмыстық-процестік кодексті құрастырушыларының бірі С.А. Пашиннің пікірі бойынша, қылмыстық істі реформалау "дамыған мемлекеттердің ізімен жалпы ережелерден шектеулер мен қажеттіліктерді алуды талап етеді" [85, 25 б.].

Дамыған мемлекеттердің үлгісі – ұстанатын үлгі емес. Сонымен қатар ағылшын-американ, істің айыптау типін қолданатын елдердің барлығы әлі толық дамыған мемлекеттер емес. Олардың ішінде кінәсіздік презумпциясын заңды деп тану басқаша қабылданатын қазақстандық іске тән аралас процесс типін қолданатын көп мемлекеттер бар. Біздің елімізде қозғалған мәселені шешуде нақты "айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес" (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы) деген Конституциялық ережеге және туындаған мән-жайға қатысты шешу қажет.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабында кінәсіздік презумпциясы нормасы белгіленген: "1. Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады.

2. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сөйілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс.

4. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс" [15].

Қазірде адам құқығын қаматамасыз ету саласындағы процессуалдық кепілдіктер қылмыстылықпен күресте кедергілер тудыруы мүмкін деген ескінің кейбір сарқыншақтары кездесіп тұрады. "Көптеген себептердің әсерінен (олардың арасынан біз қылмыс әлемінің бетке ұстарларының тікелей әлеуметтік тапсырысын есептен шығара алмаймыз), - дейді С.Ф. Милуков, - сезіктінің, айыпталушының, сотталушының да қауіпсіздік кепілдіктері беки түсуде. Бұл жәбірленушінің және қылмыскердің асқан теңсіздігіне әкеліп

соқтырды" [86, 107 б.]. Жәбірленуші туралы осындай қамқорлық көрсету тек осы уақытқа ғана тән екендігін атай кету керек. Кейбір басылымдарда айыпталушы мен жәбірленушінің құқықтарын қамтамасыз етуді теңестіру қажеттілігі туралы ой айтылады. Бірақ жәбірленушінің құқықтарын қамтамасыз ету деңгейін арттыру жолымен ғана емес, кейбір дәрежеде айыпталушының құқықтарын қамтамасыз ету деңгейін төмендету есебінен теңестіру керек.

Осылайша жәбірленушінің өкілінің орнына іс қатысушыларының қатарына жәбірленуші қорғаушысын айыпталушының қорғаушысының құқықтарына тең құқықтар енгізу ұсынылады. Бұл ұсыныста қорқынышты ештеңе жоқ, онда ойлы негіз бар. Және аталмыш новеллаға байланысты жәбірленуші мен айыпталушы қорғаушыларының тең күйіне сүйене отырып екеуінің қызметін айыпталушы ретінде қарастыру, күдіктіні ұстау және жәбірленушіні тану туралы шешімдер қабылданатын тергеушінің әрекеттерінде ғана, сонымен қатар аталмыш процесске қатысушылардың бастапқы жауап алуларында шектеу ұсынылады.

Әлбетте жәбірленушінің құқықтары қылмыстық қудалауға ұшырайтын тұлғалардың құқықтары сияқты көп қамтамасыз етуді қажет етеді. Тек бірі екіншісіне кедергі келтіре ме? Заң шығарушы жәбірленушінің құқықтарын қамтамасыз етуге жеткілікті назар аудармаған жағдайда "айыпталушының жақсы өмірі" туралы қамқорлықтың ар жағынан жеке мүдделер алдында мемлекеттік мүдделердің басымдылығы әрекет еткен кезден бері белгілі мемлекет мүдделері үшін қауіп байқалады. Тұлға құқықтарын қамтамасыз етуді күшейту қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеуде қосымша қиындықтар тудыру мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды. Бұл жерде белгілі бір өзара байланыс анық көрінеді. П.И. Люблинский айтып кеткендей, "билік пен бостандық – таразының екі ұшы, бұл ретте заң шығарушыға оларды ұдайы теңестіріп отырудың қиын міндеті жүктеледі" [87, 3 б.]. Қазіргі билік пен бостандық арасындағы бұрынғы тепе-теңдік соңғының пайдасына қарай бұзылған. Бірақ осы "кемшілік" қазір қолданылатын Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғаннан кейін қоғамның тарапынан заңдастырылған. Сондықтан айыпталушы мен күдіктінің процессуалдық кепілдіктерін күшейту заңды болып табылады. Бүгінгі таңда "құқық бұзушы процессуалдық кепілдіктерді асыра пайдалануы мүмкін. Алайда олардың жоқтығы лауазымды тұлғалардың тарапынан асыра пайдалану мүмкіндігін тудырады, ал бұл жағдай өзінің салдары бойынша қоғам үшін анағұрлым қауіпті" деген Г.С. Сапарғалиевтің қорытындысы көкейкесті болып табылады [87, 13 б.]. Егер басқаша ой түйсек, қылмыстық істің – мемлекеттің жазалаушы органдарының озбырлығынан кепіл беруші болу сияқты өзінің әлеуметтік мақсатына сәйкестік туралы айтудың өзі артық.

Күдікті мен айыпталушының құқықтарын қамтамасыз ету деңгейін арттыру біздің елімізде қылмыстылықтың айтарлықтай артуымен дәп келген. Бірақ аталған құбылыстардың арасынан қандай да бір тепе-тең байланысты көруге тырысуға еш негіз жоқ. Қылмыстылықтың деңгейі мен күйі негізінен осы сәттегі қоғам және мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен

анықталады. Осыған дейін айтылғандай, қылмыстылықтың артуы бірқатар объективтік себептерден, оның ішінде Кеңес Одағының тарауы, экономикалық және саяси құрылымдардың бірізді түрде ауысуы, халықтың айтарлықтай бөлігінің жаңа жағдайларға бейімделуінің ауырлығынан туындаған.

Қылмыстылық деңгейін күрт кеміту үшін, ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына қолайлы жағдайды жою керек. Тұлға құқықтарын қамтамасыз етуді күшейтуге байланысты тергеудегі қосымша қиындықтарға келсек, олар тергеу органдарының жұмысын жақсарту және кәсіби шеберлігінің өсуі, олардың техникалық жағдайларын күшейту, тергеу тәжірибесіне заманауи криминалистік әдістемелер және т.с.с. ендіру есебінен өтеле алады. Бұл ретте басқа мемлекеттердің тәжірибесін ескерген жөн. АҚШ-та ұзақ жылдар бойы талқыланған қылмыстылықпен күресті күшейту туралы заң "қоғам қауіпсіздігі үшін заңды қатайту" ұранымен қабылданған. Бірақ онда полиция үшін процессуалдық жеңілдіктер жасау емес, қылмыстық заң шығаруды қосымша қаржыландыру мен қатайту есебінен оның қатарларын нығайту туралы айтылған [89, 3 б.].

И.Б. Михайловская айтқандай, қоғам мүддесінде қылмыстылықпен белсенді күресу қажет, оны шегеру бойынша барлық әрекеттер марапатталарлық жай. Егер соған қарамастан, қылмыстылық күшейетін болса, полиция штатын ұлғайту, әр қылмысты ашу үшін қосымша шаралар қолданған жөн. Бірақ қылмыстылықпен күрестегі жағдай жетістіктер немесе сәтсіздіктерге қарамастан әділ соттың тарапынан өзінің заңды мүдделерін қорғауға үнемі сенімді болуға құқылы әр азаматқа "бүкіл қоғам құрығанша бір адам қаза тапқан жақсы" принципі бойынша құрбандыққа шалынбайтындығына сенімді кепілдік, оның субъективті құқығының алдында бүкіл мемлекет құрметпен тоқтайтын кепілдік берілген [90, 3 б.].

Біздің елімізде күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын тиісті түрде қамтамасыз ету заңгер мамандардың тарапынан осы мәселеге баяу көзқарас және қазіргі таңда күрт өскен қылмыстылықтан шаршаған халықтың санасында сот қателіктеріне жол беру және шарасыздық туралы қалыптасқан пікірлердің мықтылығынан қиындай түседі. "Қазақстан әлеуметтанушылары Ассоциациясының сарапшылары жүргізген сауалнама респонденттердің 38,4% қылмыстан жәбір көргендердің құқықтарын қорғаудың мемлекеттік тетіктеріне теріс баға берген, ал респонденттердің 18,0% "Сіз қылмыстан жәбір көргендердің құқықтарын қорғаудың мемлекеттік тетіктерін қалай бағалайсыз" деген сұраққа жауап беруге қиналған. Әлеуметтанушылық сауалнаманың бұл нәтижелері жәбір көргендердің ғана емес, куәлардың да құқықтарын қорғаудың тетіктерін жетілдіру қажеттілігі туралы куәландырады" [91, 108 б.].

Біздің жүргізген зерттеу нәтижесі 200 судья, 205 прокурор, 220 тергеуші және 200 қорғаушыдан алынған сауалнама олардың 76% – кінәсізді соттау қоғам үшін қауіпті болатынын көрсетті, 20% – қылмыскерді жазаламау анағұрлым қауіпті екендігін көрсеткен, 4 % – жауап беруге қиналған.

Тергеу органдарының құқық қолдану тәжірибесі үшін айыпталушы және күдіктіге қатысты процессуалдық мәжбүрлеу қолданудың жоғары қарқындылығы тән. Қылмыстық процессуалдық заңмен қарастырылған барлық мәжбүрлеу шаралары оларға қарсы шығуы мүмкін, бұл қылмыстық құқық бұзушылық жағдайлары және кінәлі тұлғалары белгілеу мақсатында толық ақталады. Мәселе оның әр нақты жағдайда қаншалықты дұрыс, яғни процессуалдық мәжбүрлеу қолданудың заңдылығы мен негізділігін анықтау дұрыстығында болып табылады.

Қылмыстық істің заманауи теориясында процессуалдық мәжбүрлеу қолдануға қатысты оның ішінде күдікті және айыпталушыға қатысты да көптеген мәселелер И.Л. Петрухинмен зерттелген. Жалпы алғанда аталған автордың көзқарастарын бөлісе отырып, оның процессуалдық әрекетке қатысты қолданылатын тұлғаның қабылдануына байланысты – процессуалдық мәжбүрлеу анықтамасына пайдаланылатын көзқарас бойынша кейбір ойлар келтіре кеткіміз келеді.

Автордың пікірінше, процессуалдық мәжбүрлеуді еркін ерік таныту саласынан бөлу критерийі – қандай да бір процессуалдық әрекеттердің мәжбүрлі сипаты емес, азаматтың оған қылмыстық іс үшін жауапты орган немесе лауазымды тұлғамен процессуалдық қатынастағы оған жүктелген міндеттерге психикалық қатынасы болып табылады. "Азамат оған жүктелген осы міндетті мақұлдайды, оны өзінің әлеуметтік борышы ретінде қабылдайды, яғни мәжбүрлеу жоқ. Егер ол осы міндетті орындауға қарсы шықса, одан өзіне қас ауыртпалық көрсе, міндетін психикалық қауіп немесе күштің әсерінен орындаса, яғни мәжбүрлеу болып табылады" [35, 49 б.]. Осы көзқарасқа сүйене отырып, бұлтарпау шарасы ретіндегі ұстау мен қамау күдікті мен айыпталушыға қатысты барлық кезде мәжбүрлеу шаралары болып табылмайды, ал процессуалдық мәжбүрлеу шараларының ұғымы тергеу әрекеті ретінде (алу, тінту және т.б.) орын алуға тиісті емес.

Мұндай ұстаным негізсіз емес және сенімді көрінеді. Шынымен, мысалы ұрлық және ұрланған заттарды өз үйінде сақтауға қатысының барлығы туралы болжам айтылған тұлға оның үйінде ұрланған заттың жоқтығына, сезіктің негізсіз екендігіне бәрінің көзін жеткізу үшін өз үйін тінтуге қызығушылық білдіру мүмкін. Мүдделі тұлғаның пікірімен кез келген жағдайда есептесу қажет. Алайда тұлға немесе тұрғын үйге қолсұқпаушылыққа конституциялық құқықты шектеу ниеті сырттай, сөз бойынша қалатын, ал азаматтың объективті мәжбүрлі сипаттағы қандай да бір процессуалдық әрекеттерін қаламағандықтан, ішкі ойындағы басқалар да есептен шығарылмайды. Мұндай жағдайдың мүмкіндігі жариялылық және жарыспалылық принциптерінің әрекеті шектеулі, тергеуші іс бойынша өндірісті жеке жүргізетін тергеу барысында болуы әбден мүмкін. Өзіне шығын келтіретін осындай шынайылықтың жоқтығының себебі аса қарапайым – тұлғаға заңсыз психикалық әсер ету болып табылады, бірақ оны анықтау оңай емес.

И.Л. Петрухиннің өзі қорқыту, алдау, арбау, заңсыз ілу түріндегі психикалық мәжбүрлеудің түрлі құралдарының болуын атап көрсетеді [35, 144 б.]. Қылмыстық іс бойынша тәжірибелік қызметте күдікті немесе айыпталушы

сөз жүзінде өз құқықтарын шектеу бостандығы туралы жариялап, ал іс жүзінде өзінің еркіне қайшы әрекет ете отырып, қандай да бір айлаға салынуын прокурорлық қадағалау немесе соттық бақылау тәртібінде де анықтау қиынға соғып жатады. Осы уақытқа дейін тергеу органдарының тәжірибесінде таралған іс үшін маңызы бар заттарды "еркін беру", "айыбын мойындап келу" ылығы да шынымен еркін түрде бола бермейтіні белгілі.

Қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заң нақты шараны мәжбүрлі ретінде немесе керісінше, ол қолданылатын тұлғаның көзқарасы тұрғысынан пайдалы ретінде қабылдауға байланысты процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану ережелерінен ешқандай артықшылықты бекер жасамайтындай. Тіпті егер азамат өз үйінде тексеру жүргізуге көндірсе де – прокурордың тексеруге санкция алуы міндетті болып табылады. Сондықтан заманауи жағдайларда тұлғаның құқықтарын қамтамасыз етуді күшейту қандай да бір процессуалдық шараны құқықты шектеу критерийі ретінде мәжбүрлі шаралар қатарына жатқызу үшін көбірек жауап береді. Осыған сүйене отырып, егер процессуалдық әрекет азаматтар құқықтарын шектеуді объективті түрде қамтыса, оны мәжбүрлі деп есептеген жөн.

Осындай көзқарасқа сәйкес, егер тұлға құқық шектеу сипатындағы шараларға бейнебір еркін ұшыраса, тергеушінің процессуалдық мәжбүрлеу әрекеттерін қолдану үшін объективті қолданылатын негіздері болмаған жағдайда заңдылық талаптарына қарсы шығады. Дәл осы жолмен халықаралық құқық қолдану тәжірибесі жүргізіледі. Адам құқықтары бойынша Еуропалық соттың ұстанымы мынадай: тіпті егер адам билікке ұсталып, қамауға алынуға келісімін берсе де, бұл еркіндікті шектеу заңсыз сипатқа ие болып әркімнің еркіндік пен жеке қолсұқпаушылық құқықтарын қарастыратын адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау бойынша Еуропалық Конвенцияның 5 бабына қайшы келуі мүмкін. "Тұлға бостандығын шектеу үшін еркін келген негіздің өзінде, Конвенцияның қорғауынан айрыла алмайды" [92, 21 б.].

Келтірілген ұстаным қылмыстық-процессуалдық заңда да көрініс табуы қажет. Сондықтан ҚРҚПК-ң 220-бабының 13 тармағында көрсетілген "Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған тергеу судьясынан санкция алынуға тиіс. Санкция беруден бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді" деген норма тағы да қайта қарастыруды жокқа шығармайды. Құқықты шектеудің балама негізі ретінде "келісуімен" деген норманың мәтіні заманауи талаптарға сәйкес азаматтардың тұрғын үйге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ете алмайды.

Бұл жерде Францияның қылмыстық процесстік кодексіне назар аударуға болады. Францияның ҚПК-ң 176-бабында адамның рұқсатынсыз тұрғын жайға кіруге қатаң тиым салынатындығы және қосымша талаптар көрсетілген.

Аталмыш бапта онда тұратын тұлғаның келісімінсіз тұрғын үйге енуге тыйым ғана қамтылмай, бірақ қосымша кепілдіктер ретінде келесі шарттар белгіленген: бір 1) келісім "анық көрсетілген" болуы және 2) "мүдделі тұлға қол қойған арыз түрінде" бекітілуі керек. Алайда мұндай тектес кепілдіктер, қылмыстық процестің кодекске түсіндірме берушілердің пікірінше, қияли сипатқа ие болады, өйткені мүдделі тұлға келісім беруден бас тартса, сот полициясының лауазымды тұлғалары ұстаудың анағұрлым ауыр мәжбүрлеу шараларын қолданудың алдын алу үшін келіскен дұрыс екендігін түсіндіру мүмкіндігі болады.

Процессуалдық мәжбүрлеу заңдылығын қатаң ұстаным қажеттілігіне байланысты мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздерінің мәселелері айрықша көңіл аударуға тұрарлық. Тергеу сатысындағы, әсіресе оның бастапқы сатысындағы қылмыстық іс бойынша өндіріс тергелетін қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпараттың шектеулі жағдайында жүзеге асырылады, бірақ бұл тергеушіні қылмысты ашу мақсатында тез және шешуші түрде әрекет ету қажеттілігінен айырмайды. Мұндай жағдайлар күдікті және айыпталушыға қатысты озбырлық көрсету қаупін төндіретін жағдайларды да туындатуы мүмкін. Сондықтан олардың құқықтарын тиісті түрде қамтамасыз ету қажеттілігі процессуалдық мәжбүрлеу қолдану негіздерінің анықтамасында ашықтық пен нақтылықты талап етеді.

Заңнамада процессуалдық мәжбүрлеудің негізі бірқатар жағдайларда "жеткілікті негіздер" ұғымы арқылы көрініс табады. Мәселен, бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздер (ҚРҚПК-ң 136-бабы), тінту кезіндегі азаматтардың тұрғын үйге қол сұғылмау құқығын анағұрлым шектейтін тергеу әрекеттерінің негіздері (ҚРҚПК-ң 252-бабы). Мұндай тұжырымдама анық емес, ол заң шығарушының ұстанымын толық ашпайды, оны әртүрлі түсінуге кеңістік қалдырады. Маңызды сұрақ, бұл жерде "негіздер" ұғымында нақты не түсіндірілетіні нақтырақ заңда айқындалса дұрыс болатын еді. Заң әдебиеттерінде де ол әртүрлі шешіледі.

Қалайда да мәжбүрлеуге байланысты әрекеттер, яғни дәлелдік ақпаратты табу, қабылдау және бекіту бойынша тергеушінің қылмыстық-процессуалдық заңмен қарастырылған әрекеттері тергеу сатысындағы процессуалдық қызметтің басты бөлігін құрайды. С.А. Шейфердің пікірінше, тергеуші заңмен жол берілген болып саналған көздерден ізделетін ақпаратты алу мүмкіндігі туралы жеткілікті деректерге қол жеткізсе, тергеу амалдарының кезектестіру негіздері анық көрінеді [93, 4 б.]. Автордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы шешім қабылдауына байланысты субъективизмді нормативтік шектеу қажеттілігі туралы пікірлері және тергеуші мен хабарлама көзі болып табылатын тарап арасындағы ара-қатынастың қатаң түрде процессуалдық-құқықтық сипатта болуы, айтылған қайнар көздер ретінде дәлелдемелерді түсіну қажеттілігі көрінеді.

Кейбір авторлардың пікірінше дәлелдемелер, тергеу әрекеттерін жүргізу туралы шешім қабылдағанда басты негіз болуы қажет дегенді айтады. Процессуалдық жолдан тыс алынған мәліметтер, дәлелдемелер болып есептелмейді және тергеу әрекеттерін жүргізудің негізі болып табылмайды.

Кейбір жағдайларда тергеу әрекеттерін жүргізуге "жеткілікті негіздер", тінту немесе жедел іздестіру қызметі негізінде алынған дәлелдемелер не мәліметтердің негізінде болады.

Д.И.Бедняков тергеушінің барлық процессуалдық шешімдерін егер онда "дәлелдемелер" сөзі болмаса, "заң дәлелдемелермен байланыстырмайтын негіздер" деген ерекше категорияға жатқызу керек деп есептейді. Осыған сәйкес заң шығарушы процессуалдық емес негізде, бастысы жедел іздестіру мәліметтеріне сай қабылдауға мүмкіндік береді [94, 85-86 б.].

Бұндай пікірлер барлық кезде жедел мәліметтердің негізінде шешім қабылдау қажеттілігін білдірмейді, мәселен, тінту кезінде егерде шұғылтаян жағдайлар болмаса, куә мен жәбірленушіде тінту жүргізу оларда нақты қару немесе басқа да қылмыстың заты бар деген дәлелдемелер анық болғанда ғана жүргізіледі. Ал күдікті мен айыпталушыға қатысты бұл айғақ таралмайды. Олардың процессуалдық жағдайларына байланысты олардағы тінту негізі, нақтылы адамға қатысты сезік пен айып негізді болған жағдайда ғана мүмкін. Күдікті мен айыпталушының тұрғын жайында қылмыстық іске тікелей қатысы бар қылмыс заты туралы болжамның өзі, аталған адамдардың өзі қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген фактіні негіздеуге жағдай жасайды.

Қылмыстық-процессуалдық заң бір дәлелдердің екіншілердің алдында ешқандай артықшылығына жол бермейді. Кінәні мойындау ғана сол тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына жалғыз дәлел бола аламайды. Сонымен қатар айыпталушылар жауаптарын жиі өзгертеді. Бірақ заңмен тыйым салынған айыпталушы мен күдіктінің айғақтарына айрықша қарым-қатынас тергеу органдарының құқық қолдану тәжірибесінде қолдануды тоқтатқан жоқ. Дәл сондықтан қолданыстағы ҚРҚПК-ң 115- бабының 3 бөлігінде: "Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін" [15].

Заманауи қазақстандық қылмыстық істе тергеушілердің қылмыстық қудалауға ұшырайтын тұлғалардың көрсетулерін дәлелдеуде алу және артықшылық пен пайдалануға шектен тыс бейімділігі біздің көзімізге ғана емес, шетелдік заңгерлердің көзіне түседі [95, 19 б.], ал айыпталушы да, сезікті де жауап беруге міндетті емес. Тергеу ісі үшін айыпталушы "дәлелдеу көзі және жазалаудың ықтимал объектісі" болып табылады деген Н. Ахметжановтың түсіндірулері өз мәнін жоғалтпаған [96, 12 б.].

Іс жүзінде тергеушінің тұлға құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты құқықтық нормаларды нақты жүзеге асыру олардың заңда бекітілуіне карағанда маңыздырақ. "Қызмет ережелері жақсы болғанымен, олар тәжірибесіз, дөрекі немесе арамза қолдарда өзінің күші мен маңызын жоғалтуы мүмкін" [97, 21 б.].

Айыпталушы мен күдіктінің мойындауын алуға тырысу тергеу органдарын жауап беруді ынталандыратын құралдарды іздеуге түрткі болады. Осындай құралдардың бірі ретінде, атап айтқанда, айыпталушы мен күдіктіні күзетпен ұстау пайдаланылуы мүмкін. Бұған қарсы шығуға қолданыстағы

кылмыстық-процессуалдық заңда қарастырылған заңсыз және негізсіз қамауға сотта шағым беру мүмкіндігі берілген. Тергеу тәжірибесінде мұндай жағдайға дайын болу керек және қазірдің өзінде заңға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың ашудың барлық мүмкіндіктерін анағұрлым тиімді пайдалануға бейімделуі керек. Мойындату әртүрлі тергеушінің "тергеу кулықтары" немесе "психологиялық қақпандар" арқылы айыпталушы мен күдіктіге қарсы қоятын әдістер арқылы жүргізілуі мүмкін. "Психологиялық қақпан" әдістері дегеніміз мысалы, тергеуші жанама жолымен айыпталушы немесе күдіктіге оны әшкерелейтін ниетін қалыптастырғанда, – олар арандату шегінде болады. Оларды адамгершілік тұрғысынан жол беруге болмайды деп таныған жөн [98, 153-154 б.].

Күдікті және айыпталушыға алдап, психологиялық тұрғыдан басып тастайтын жау сияқты қарауға болмайды. Қандай жағдайда да мойындатуға тырысу адамгершілік қана емес, құқықтық нормаларды да бұзуға әкеліп соқтырады. Айыпталушыны тергеу барысында, – тергеу, мысалы шын мәнінде жоқ, кінәлілікті дәлелдейтін деректерді білетіндігіне сендіре отырып, тергеуші өзін кәсіби борышын да, айыпталушыға өзінің кінәсіздігін дәлелдеу міндетін жүктей отырып, оның қорғану құқығын бұзады. Бұл заңды тікелей бұзу болып табылады. Тергеуші, әрине, қырағылығын жоғалтпау керек. Тергеушіден ешкім айыпталушы немесе күдіктінің алдында алдын ала "қолда бар карталарды ашуды" талап етпейді. Тергеушінің өзінің жоспарлары, тергеуші шындыққа сәйкес келмейтін көрсетулерді жоққа шығару үшін қолда бар дәлелдеу мәні барлар үшін тиімді қолдануға құқылы, қолдана алуы тиіс деректер түріндегі есептер мен дәлелдері болуы мүмкін. Тергеушінің қолындағы ақпаратты қолдана білу заңды болып табылады. Тергеудегі адамды тергеу үшін қалаулы сөз айтуға алдын ала айламен итермелеу, абайсызда айтылған сөздерді ұстап алу немесе алдау негізінде күдікті мен айыпталушыға тән сияқты, "қылмыс құпиясын" иемденуге иек артылған әдістерді жол беруге болмайтын әдіс ретінде таныған жөн.

Белгілі бір шамада криминалистика саласындағы осындай әдістерді жасап шығару кейде айыптылығын заңды деп тануға қайшы айыпталушы мен күдіктілерді қылмыскерлерді ерікті немесе еріксіз қылмыскерлерге теңестіруге жол берілетіндігімен түсіндіріледі. "Психологиялық қақпан" жақтаушысы О.Я. Баев қылмыстық-процессуалдық құқықтық қатынастар түріндегі қылмыстық-құқықтық жанжалдың болуы туралы пайымдай отырып, оның қатысушылары ретінде тергеушіні және айыпталушыны көрсетеді. Қылмыстық-құқықтық жанжал оны жасаған тұлға мен мемлекеттің арасында қылмыс сәтінен бастап пайда болса, тергеуші кінәсін сот алдында дәлелдеуді қажет ететін айыпталушымен ғана жұмыс істейді. Бұл ретте белгілі жағдайларға қарай айыпталушының орнында кінәсіз адам түсіп қалып, нағыз қылмыскер еркіндікте жүріп, жазасыздығын сезінген күйде тағы да анағұрлым қауіпті қылмыстар жасауы мүмкін. А.М. Ларин айыпталушыны қылмыскермен теңестіру тергеушінің айыпталушымен күрес құралдарын іздеудегі қателіктерге жол беру, қылмыстық сот ісін жүргізудің адамгершілік

және құқықтық нормаларды бұзуды ақтау ретінде қызмет етеді деп дұрыс айтқан.

"Тергеу қулықтары", "психологиялық қақпандар" деген ұғымдарды қазіргі таңда қылмыстарды тергеудің тактикалық құралдарын белгілеуде қолданылатын терминологиядан мүлде алып тастау керек.

Соңғы кездері айыпталушы мен күдіктілерден қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға қажетті ақпарат алудың қосымша әдістеріне қызығушылық күшейген. Бұл бағыттағы ғылыми белсенділік қылмыстылық күйі мен динамикасындағы жағымсыз үрдістердің дамуына дұрыс қарау құралдар іздеуге байланысты болуы мүмкін. Осыдан келіп, тергеу теориясы мен тәжірибесін қалыптан тыс немесе дәстүрлі емес, қылмыстық құқық бұзушылықты ашудың ерекше әдістерін енгізуге талпыныстар пайда болуда.

Егер күдікті мен айыпталушы бұл жерде бірінші кезекте қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтер ретінде қарастырылатындығын назарға алмаса, қылмыстық құқық бұзушылықты ашу құралдарын толықтыру мүмкіндігі тек құпталады. Егер қылмыстық іс бойынша пайдалану үшін қосымша ұсынылатын құралдар Конституцияның адам тұлғасының жоғары құндылығы туралы ережелер, заң және адамгершілік нормаларына қайшы келмесе және сот қателіктерінің қаупін күшейтпесе ғана құптауға болады. Алайда дәл осы көзқарас тұрғысынан аталмыш құралдар аса мінсіз болып көрінбейді. Осындай құралдардың бірі – полиграф немесе жалғандық детекторы болып табылады. Ол адамның арнайы іріктелген сұрақтарға немесе тестіге психофизиологиялық әрекетін бекітуге арналған құралдары болып табылады. Дегенмен, тағылған сынға қарамастан, қазіргі уақытта бұл құралдарға көп назар аударуда.

Қылмыстық іске полиграфтың өтірікті ашу ретіндегі идеясына қарсыластар жетерлік. Біріншіден, көрсетулер жалғандығына дұрыс сәйкес келетін психофизиологиялық әрекеттерінің өзіне тән симптомокомплексі жоқ. Екіншіден, полиграфтағы психофизиологиялық тестілеу тергелетін адамның бостандығын шектеу, оны қылмыстық іс субъектісінен объектіге айналдыру құралының болмысы деген пікірлер жоқ емес. Эксперименталдық зерттеулердің үлкен сериясының негізінде жасалған ағылшын ғалымдарының бағалауы бойынша, тұлғаның және оның көрсетулерін полиграфиялық тестілеуде қате бағалау ықтималдылығы шамамен 50 % құрайды.

Мұндай көрсеткіштерде полиграфты дәлелдеуде тура пайдалану мүмкін еместігін түсіне отырып, оның жақтастары дәлелдік емес, бағыттаушы, көмекші ақпарат алу мақсатында және шұғыл қызметтердің қажеттіліктері үшін қылмысты тергеуде осы аппаратты қолдануды ұсынады. Бір қарағанда мұндай нұсқаулардың кемшілігі жоқ, полиграфты пайдалану сыналатындардың келісімімен ғана рұқсат етіледі және негізінен солардың мүдделеріне, туындаған сезікті сейілту үшін қызмет етеді. Бұл ретте полиграфта мәжбүрлеп тексерген жағдайда заң мен адамгершілік тұрғысынан тыйым салынған, тұлғаға анық психикалық күш көрсету орын алады. Алайда анығырақ қарастыратын болсақ қылмыстық істе полиграфты пайдалану бойынша нұсқаулардың тиімділігі жоғары. Біріншіден, негізінен полиграфтың

кылмыстық қудалауға ұшырайтындардың мүддесін де емес, кылмыстарды ашу мүддесінде пайдаланылады деп бірден сеніммен айтуға болады. Полиграфты АҚШ-та пайдалану тәжірибесі бұған айқын дәлел. Екіншіден, полиграф арқылы тексеруден өтуге өз еркімен келісім беру жалған келісім болуы мүмкін. Тексеруден өтуден бас тарту фактісі сынаққа келісім бойынша шешім қабылдауға итермелей отырып, мінез-құлық айғағы ретінде бағалануы мүмкін – қазір бағаланып та жатқан көрінеді. Сонымен қатар біздің тергеу өндірісінде келісім беруге мәжбүр етуді біледі. Айыпталушы және күдіктілер күйіндегі азаматтар тергеу жүргізуші тұлғалардың айтып тұруымен жасалатын, жылдар өтсе де жоғалмайтын "кінәсін мойындап келулерді" еске түсіру жеткілікті.

Үшіншіден, полиграфты кылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу құралы ретінде заңдастыру полиграфиялық зерттеу нәтижелері іс жүзінде дәлелдер ретінде пайдалануды тудыруы мүмкін. Полиграфты қолдану арқылы тергеуді регламенттеу мақсатында кылмыстық-процессуалдық заңға өзгерістер енгізу күтілуде. Сондықтан кылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша кылмыстық-процессуалдық қызметті жүзеге асыру барысында полиграфты кез келген нысанда пайдалану қолайлы болып табылмайды. Жедел іздестіру қызметі оны ықтимал қолдану саласы ретінде – осы жұмыста қарастыру мәні болып табылмайтын жеке мәселе.

Алайда жедел іздестіру және кылмыстық-процессуалдық қызмет арасындағы шекара шартты болып табылады және біріншінің соңғыға әсері болу мүмкін екендігін ұмытпаған жөн. Тергеу бойынша кылмыстық-процессуалдық қызметті полиграф немесе оның балама құралдарын қолдануға байланысты жедел іздестіру қызметіндегі қандай да бір жалған нысандағы элементтерге енуінен қорғауға бағытталған арнайы шаралар жасау қажет. Қандай жағдай болғанда да полиграфтық құрылғыларды қолдану нәтижелерін дәлелдеме ретінде пайдалану басты негіз болып табылады деген принципті ұстануға болмайды.

Сондай негізде жедел іздестіру қызметінде кылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу әдісі ретінде гипноз пайдалану туралы ұсыныстарда жағымды әсер қалдырмайды. Гипноз туралы заманауи ілімнің авторы Аббе Фариа болып табылады. Гипноздық әсер арқылы объектіге айналатын субъект қажетті нәтижеге қол жеткізген жедел-іздестіру қызметкерді ғана емес тергеушіні де негізсіз айыптау нұсқасының аумағына алып кетуге қаблетті. Бірқатар жағдайларда гипноз қолдану саналы қарсылықтарды тудырады. Сондай ақ кылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуда астрология, басқа да адам ағзасының феноменалды, табиғаттан тысқары мүмкіндіктерін мысалы, көріпкелдік т.б. пайдалану қарсылық тудырады.

Жай өмірде ғажайыпқа сенуге, не сенбеуге болады. Академик В. Гольданскийдің биоөрістері, астрология, экстрасенстер, ой күшімен элементарлық бөліктер ағынын ию және т.б. – ерундистика, ғылым бәрін істей алады деген жалған әсерлер тудыратын жалған ғылымдар туындату болып табылады деген сөздері ойлануға тұрарлық. Не айтып тұрғанын білетін ғалымның сөзіне мән бермеуге де болады.

Бірақ билік өкілеттерін иеленген мемлекеттік органдар қызметі туралы сөз қозғалғанда сенім немесе сенімсіздік туралы мәселе басқаша шешілгені жөн. Жедел-іздістіру қызметіне де қатысы бар қылмыстық істер бойынша өндірістің жалпы ережелері кез келген сенімсіз сөзге емес, кінәсіз адамның тағдырын бұзу қаупін тудырмайтын және сонымен бірге қоғамды қылмыстық қолсұғушылықтарға сенімді түрде қауіпсіздендіруге мүмкіндік беретін құралдары мен әдістерді қолдану нәтижелеріне сену қажеттілігінде болып табылады. Мұндай құралдармен әдістерді жалған және жабайы түсініктерімен шектесетін ғылымға қарсы және жалған ғылыми идеялар саласында жасауға болмайды. Біздің кезімізге тән жалған ғылым, сиқыр мен бақсылықтың керемет гүлденуін ескере отырып, миллиондаған адамдардың назарына рухани қауіпсіздік проблемасы жөнінде көңіл бөлу қажет.

Сезікті туралы мәселе қазіргі таңға дейін қылмыстық процесс теориясында анағұрлым қиындық тудыратын мәселе ретінде қалып отыр. Бұрынғыда оны шешу бойынша бірнеше рет жасалған талпыныстардың нәтижелерін мінсіз деп тануға болмайды, өйткені олар уақыт пен тәжірибе сынынан өтпей, көп жағдайда бұл мәселе ашық күйінде қала берген.

Профессор Б.Х. Төлеубекованың пікірінше, қылмысты тергеу барысында тұлғаны айыпталушы ретінде тануға дейін тергеуші жинаған нақты деректер белгілі бір тұлғаны болжаулы қылмысқа кінәлі ретінде көрсететін жағдай жиі пайда болады, яғни тергеуші осы адамның қылмыс жасағаны туралы ықтимал қорытындыға келеді [99, 56 б.].

Қылмыстық іс бойынша революцияға дейінгі әдебиетті зерттеу көрсеткендей [100, 73 б.], Қылмыстық сот ісін жүргізу жарғысы (ҚСІЖЖ) қолданылған кезде қылмыстық істе сезікті мәселесі көтерілмеген. ҚСІЖЖ-де күдікті мен айыпталушы арасында нақты айырмашылық болмаған. Олардың арасында қылмыстық іс қатысушылары ретінде айырмашылық шартты болып табылған. Оларды бір нәрсе ғана біріктіретін – екеуі де қылмыстық қудалауға ұшырайтын тұлғалар ретінде қарастырылған. Олардың арасындағы айырмашылық тұлғаның қылмыс жасауға қатысты екендігі қорытындының негізділігінің дәрежесіне байланысты жүргізілген.

Судьялардың "істі бастау" тәртібі судьяға әкелетін шағымда мүмкіндігінше "айыпталушы немесе сезікті тұлға" көрсетілу керектігі айтылған (ҚСІЖЖ 46-баптың, 3 тармағы). Округтік соттың қаралуына жататын істер бойынша өндірістің басталуын регламенттейтін және сондықтан жеке тұлғалардың шағымдарының мазмұнына қатысты өндірісті қозғауға себептер ретінде алдын ала тергеуді талап ететін ережелерге "қылмыстық істе әлде кімді айыптау" (ҚСІЖЖ 229-бабы) және "анық айыптау" (ҚСІЖЖ 307-бабы) айтылады. Егер қылмыс туралы арыз берушінің шағымында адам айыпталушы ретінде көрсетілсе, онда кейінгіде сот тергеушісіне шақырған кезде (ҚСІЖЖ 377-бабы) және оны әкелген кезде (ҚСІЖЖ 394-бабы) ол дәл айыпталушы ретінде аталады және тергеуші "айыпталушыдан дереу бастапқы жауап алуды алып тастауы міндетті және оның келгені немесе ертіп әкелгеннен кейін бір тәуліктен асырмай алып тастауы тиіс" (ҚСІЖЖ 398-бабы).

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы ретінде күдікті алдын ала тергеу міндетті болып табылатын қылмыстық істер бойынша іс жүргізуде күдікті айрықша жағдайларда тергеу басталардың алдында белгілі бір шектеулі уақытта келіп тұратын. Сот тергеушісі бірден тергеуге кірісе алмаған жағдайда, ҚСІЖЖ 257-бабына сәйкес полицияға тергеу әрекеттерін жүргізу жүктелген. Бұл жағдай қазіргі ҚРҚПК-ң 196-бабының 1 бөлігінде былай деп көрсетілген: "Алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді" [15]. Тергеуші бір қылмыс туралы тергеу өндірісін жасау барысында біріншіге қатысы жоқ басқаның белгілерін тапқан кезде де тұлға күдікті болып аталған және осындай жағдайларда прокурорлық қадағалау тұлғаларының ұсынысынсыз "жаңадан ашылған қылмысты зерттеуге" кірісуге құқық иеленбестен күдіктінің тергеуден жалтару тәсілдерінің алдын алу шараларын өздігінен қолданған (ҚСІЖЖ 314-бабы).

Осылайша ҚСІЖЖ-ге сәйкес жалпы ереже бойынша күдікті алдын ала тергеу алдындағы анықтаудың қысқа уақыттағы қатысушы болып табылған. Аталмыш ереже 1922 жылғы кеңестік қылмыстық-процессуалдық заңнамада көрініс тапқан.

Алайда 1923 жылы Қылмыстық іс жүргізу кодексін қабылдау және оған кейінірек бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу отызыншы жылдардың басында тергеу мен анықтау арасындағы айырмашылықтар іс жүзінде жоғалуына әкеліп соқтырған. Бұл ретте тұлғаны күдікті ретінде тергеу, анықтау органдарының тәжірибесінде ерекшеліктен нормаға айналды, ал соңында мұндай тәжірибе тергеу органдарына өтіп кеткен. Алдымен тұлға күдікті ретінде тергеліп, содан кейін күдік жеткілікті түрде расталған жағдайда – айыпталушы ретінде іске тартылуы және тергелуі әдепкі іске айналды [101, 277 б.].

Ол заманда жауап алу кезінде тергеуші және анықтау органдарына күдіктіге тіпті сезіктің болмысын да түсіндіру міндеті жүктелмеген болатын, оның үстіне 1923 жылғы (16.10.1924 жылғы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес) Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 102-бабы бойынша жауап алынып отырған адамға бұлтарпау шарасын қолдану да жоққа шығарылмады. Бұл жағдай әрине, қылмыстық қудалауға ұшырағандардың құқықтарын қамтамасыз етуге кері әсерін тигізіп, тергеу барысындағы қателіктерге алып келді.

Осындай тәжірибені қауіп төндіретін ауқымдары мен салдарын назарға ала отырып, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) прокуратурасы 1937 жылы келесідей ұйғарымдары бар 5-маусымдағы №41/26 Циркулярын шығарған: "Қылмыс жасауда күдікті азаматтарды тергеу

барысында оларды "күдіктілер" деп атауға жол беруге болмайды және тергеу тәжірибесінен тергеу барысында қандай да бір тұлғаның "күдікті" күйінде болуын мүлде алып тастау қажет. Егер қандай да бір тұлғаға қатысты оның қылмыс жасауын көрсететін деректер болса – бұл тұлғаны айыпталушы ретінде қылмыстық іске тартып, одан жауап алу керек".

Аталмыш Циркуляр тек жоғарғы қадағалау органының орын алған ақаулы тергеу тәжірибесінің заңдылығына көзқарасының куәсі ретінде ғана емес, сондай-ақ ведомстволық нормативтік актінің нұсқауларын заң талаптарынан жоғары қоятын сол дәуірдің өрнегін көрсететін күшті шешімінің үлгісі ретінде де қызықты. Сол кезде қолданылған Қылмыстық іс жүргізу кодексінде прокуратураның аталған ұстанымына байланысты ешқандай өзгерістер енгізілмеген, бұрынғыдай, күдікті туралы оның бірқатар баптарында айтылған (100,102,104,145-баптары).

Алайда азаматтарды айыпталушы ретінде іске тартқанға дейін күдікті ретінде тергеу тәжірибесін толық жою, тергеушілердің психологиясынан күдіктілерді мәңгіге жою, мүмкін емес, тіпті егер "олар туралы" ұйғарым КСРО прокуроры А.Я. Вышинский сияқты беделді адамнан келсе де мүмкін емес. Сондықтан қылмыстық процесс теориясы мен тәжірибесінде орын алған жағдайда шұғыл жолдарын іздеу жалғаса берді. Тергеу мәселелеріне арналған жекелеген ғылыми-практикалық басылымдарда күдікті мәселесі туралы ол мүлде болмағандай бір ауыз сөз айтылмаса да [102, 23 б.], ол көкейкесті мәселелердің бірі болып қала берген.

Оны шешудің анағұрлым тартымды нұсқасын М.С. Строгович – қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде айыпталушы ретінде тартқанға дейін ұстау немесе алдын алу шаралардың бірі қолданылатын тұлғаларды күдікті деп санау ұсынылған [103, 118 б.]. Бұл ретте автор тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тартқанға дейін оны ұстау және алдын алу шараларын қолдануды қылмыстық қудалау деп есептеместен, тек айыпталушыларға жатқызған күдіктілерді, қылмыстық қудалауға ұшырайтындардың қатарынан негізсіз шығарып отырған. Кейінгіде мұндай ұстаным, қылмыстық іс теориясында күдіктіні айыпталушымен қатар қорғану құқықтарының субъектілеріне жатқызу туралы мәселенің теріс шешілуіне әсер еткен тәрізді.

Ғылымда зор беделі бар және жаңа Қылмыстық-процессуалдық кодексті дайындау бойынша РСФСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы комиссиясын басқарған М.С. Строговичтің көзқарасы қазір қолданылатын ҚРҚПК-нің 64 бабында көрініс тапқан, оған сәйкес күдікті деп: "1) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; 2) осы Кодекстің 131-бабының тәртібімен ұстап алынған; 3) өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; 4) қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады" [15].

Бірқатар жағдайларда күдіктіні қылмыстық іске қатысушы ретінде анықтау негіздерін жетілдіру идеялары тұлғаны арнайы мотивацияланған қаулы шығару [104, 127 б.] немесе тұлғаны күдікті ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығару арқылы "күдікті" деп тану ұсынысымен аяқталатын

[105, 52 б.]. Бұл ретте күдікті ретінде жауапқа тарту айыпталушы ретінде жауапқа тартуға ұқсас қылмыстық процесс бойынша міндетті процессуалдық әрекет ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қандай да бір тұлғаны өзіне қарсы куәландыру міндетінен босату болмысындағы өзін-өзі айыптаудан артықшылықты қамтитын куәгерлік иммунитет белгілеген. "Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес" (77-баптың 3 тармағының 7 тармақшасы) [1]. Енді куәгер ретінде тергеуге шақырылған кез келген тұлға тергеушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа ықтимал қатысы туралы кез келген сұрақтарына жауап бермеуге құқылы, ал тергеуші тергеу алдында тұлғаға осындай құқықты түсіндіруге міндетті. Осылайша ұзақ уақыт өмір сүрген қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы барлығы туралы деректері бар азаматтарды куәгер ретінде тергеулерде мәжбүрлі өзін-өзі әшкерелеуден құтқаратын мәселе шешілген. Күдік туындаған азаматтың үнсіздік сақтау құқығын қамтамасыз етудің сенім механизмін жасау туралы сөз қозғауға болады.

Осындай жағдайларда қаулы шығару арқылы күдікті ретінде тұлғаны жауапқа тартудың мәні жоғалады. Егер тұлғаға қатысты оның қылмыс жасағанын куәландыратын деректер болса, оларды тексеру, нақтылау және қажет болған жағдайда негіз алғанша толықтыру, тек қана күдіктену, айыптау емес, содан кейін айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда оған неден қорғану қажеттігі туралы анық түсіну мүмкіндігін беретін айыптауды нақты құру қажет.

Екінші жағынан, егер күдік тудырған тұлғаға күдіктінің қорғану құқығын пайдалану мүмкіндігін ертерек беру дұрыстығына сүйенетін болсақ, онда іс жүзінде тергеушілер ұстағанға дейін немесе қамауға алуға дейін азаматтарды күдікті ретінде жауапқа тартатындығынан үміттену артық болар еді. Іс жүзінде қолданылмайтын, тым болмаса айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулылар уақтылы шығып тұрса жақсы болар еді.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, мысалы А.Ж.Садыков: "Біздің пікірімізше, күдіктіні қылмыстық қудалау, ұстаудың немесе бұлтарпау шарасының мерзімі өту себепті ол күдікті болудан қалғаннан кейін де жалғасады" деп көрсетеді. Сондай-ақ, адамды күдікті ретінде қылмыстық іске тарту кезі, оның ұстау, бұлтарпау шарасын қолдану немесе қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығару түрінде көрініс тапқанына қарамастан, оның сезіктінің мәнісін білген кезінен, яғни ол жасады деп күдік тудырған қылмыс жайында айтқан кезден басталады [106, 8-9 б.].

Қылмыстық іс қозғалатын тұлғаны күдікті деп танудың дұрыстығы туралы ойлар алдыңғы қылмыстық-процессуалдық кодекстерінің қолданыс кезінде айтылған [107, 12 б.], бірақ сынға ұшырап, заң шығарушы қабылдамай тастады. Оларға қарсы негізгі қарсылық азамат үшін күдіктінің күйі айыпталушының күйінен еш айырмашылығы жоқтығында болып табылды, бірақ күдікті үшін барлық процессуалдық кепілдіктер белгіленбейді және оған

занда айыпталушы үшін қарастырылған барлық процессуалдық құқықтар берілмейді. Егер қылмыс жасау айыбы табылатын тұлға қылмыстық іс қозғалатын сәтте-ақ белгілі болса, онда бұл жағдай аталған тұлғаны тергеу басында айыпталушы ретінде жауапқа тартуға мүмкіндік береді [53, 234 б.].

Қазір күдікті айыпталушымен қатар заңнамалық тұрғыдан қорғану құқығы бар субъектісі ретінде танылған кезде жағдай өзгереді. ҚРҚПК бойынша күдіктіге қылмыстық істе өзі пайда болған сәттен бастап, сонымен қатар іс қозғалған сәттен бастап қорғаушы алу құқығымен қоса, айыпталушының құқықтар кешенінен көп ерекшеленбейтін құқықтардың үлкен жиынтығы берілетіндігі қарастырылады (ҚРҚПК 64-бап). Осылайша қылмыстық іс қозғалған тұлғаны күдікті деп тану үшін басты кедергі қазіргі кезде жойылуда деп пайымдауға болады.

Егер қылмыстық іс мысалы, заңсыз қару ұсталып, пара алу немесе беру және басқа да жағдайларға байланысты қозғалатын болса, осы қылмыс айыбы тағылатын тұлға әдетте іс қозғалған сәттен бастап белгілі болады және іс бойынша өндіріс басынан бастап аталған тұлғаға қарсы – белгілі бір бағыт алады. Осындай тұлғаны іс жүзінде күдікті деп танымау азаматты айыптау үшін жеткілікті дәлелдер болған жағдайда тиісті қаулы шығару арқылы айыпталушының күйіне уақтылы түспеген жағдайға ұқсас, бұл қорғану құқығын шектеу ретінде негізделген түрде бағаланады [45, 165 б.]. Сондықтан үстінен қылмыстық іс қозғалатын тұлғаны ҚРҚПК-де қарастырылған жағдайларды ескеру арқылы сезікті деп тану қылмыстық істе тұлға құқықтарын қамтамасыз етуге қолайлы жағдай тудырады.

Егер, заң әдебиеттерінде негізделген түрде айтылатындай, тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын тұлға үшін қауіп төндірмесе [108, 8 б.], онда қылмыстық істі қозғауға байланысты тұлғаны күдікті деп тану ол үшін қауіпті емес. Мәселен, оған процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін ұлғайту сияқты жағымсыз салдарды күтудің қажеті жоқ. Қазір де тергеушілер қылмысқа тұлғаның қатысы барлығы туралы деректер болған жағдайда оны ұстаудың кез келген мүмкіндігін пайдалануға тырысады, ал күдіктіге ҚРҚПК 139-бабына сәйкес, күдіктіге бұлтартпау шараларын, басты түрде қамауды қолдану әлдеқашан ерекшеліктен ережеге айналған болатын.

Тергеушілер кішігірім сылтаумен нақты тұлғаларға қатысты қылмыстық іс ашып, осылайша оларды қажетсіз күдіктіге айналдырмауы да мүмкін. Қылмыстық істі қозғағаннан кейін бірден күдіктінің қорғаушысымен бетпе-бет кездесу алғышарты қандай да бір тұлға, қылмыс жасауға қатысы бар болуы мүмкін тұлға туралы деректер келтіру арқылы қылмыстық іс қозғалу туралы қаулы шығаруда тергеушілердің ұстамдылығын ынталандыратын болады.

Егер нақты азаматқа қатысты қылмыстық іс қозғалатын болса, ол автоматты түрде күдіктіге айналып, уақтылы мазмұнын білуі тиіс айыптауға өту қаупі бар күдіктен қорғану құқығына ие болады. Өткен ғасырдан бастап қылмыстық-процессуалдық заңнамада тұлғаны ұстау арқылы күдікті ретінде қылмыстық іске тарту мүмкіндігі қарастырылады. Қамауға алу айрықша, шегеруді күтпейтін жағдайларда қылмысты ашу үшін теріс салдардың

туындауының алдын алу үшін жасалатын қамаудың бір түрі, нақтырақ айтқанда қысқа мерзімді қамау деп есептеген жөн. ҚРҚПК 128-бабында тура көрсетілген жағдайларда анықталған қылмысқа шұғыл (тез) әрекет ету құралы ретіндегі ұстаудың ерекшелігі оны прокурор санкциясы немесе соттың шешімін және әдеттегідей, қаулы шығарусыз қолдану ерекшеліктерін алдын ала айқындайды. "Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу – қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процестік мәжбүрлеу шарасы" [15].

Ұстаудың мақсаттары мен басқа да белгілерін ескере отырып, оны қамаумен қатар бұлтартпаудың өзіне тән шарасы ретінде қарастыруға болады деп жазған В.А. Михайловтың пікірі дұрыс көрінеді [109, 28 б; 122 б.]. Процессуалдық мәжбүрлеудің аталмыш шараларының болмысын тура анықтау Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізу саласында тұлға құқықтарын қамтамасыз етудің регламентациясын келтіру барысында мәтінінде қамау мен ұстауды түрлі сапада болса да, бір қатарда қарастыруға мүмкіндік беретін өзіндік терминология пайдаланылатын, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияға қосылуына байланысты ерекше мәнге ие болады. Адамның бостандығы мен жеке қолсұқпаушылық кепілдіктерін белгілейтін Конвенцияның 5-бабында заңға сәйкес қылмыстық істі жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты бостандығынан айырудың келесі нұсқалары жол берілетін ретінде қарастырылады: "заңды қамау немесе тұлғаны ұстау, оның қылмыс жасау бойынша негізделген күдікпен өкілетті сот органының алдына барушы немесе оның қылмыс жасауына немесе қылмыс жасағаннан кейін қашуына кедергі келтіру қажет болып есептелген жағдайда" [110, 114-б.].

Жоғарыда келтірілген ережелер оларды Еуропа мемлекеттерінде қолдану тәжірибесін ескере отырып, қылмыстық істе тиісті негіздер болған жағдайда бас бостандығынан айыру алдан ала берілген сот бұйрығы (ордері) бойынша жасалғанда оны "заңды қамау" ретінде түсіну керек. Егер құқық қорғау органдары белгілі бір жағдайларға қарай сот бұйрығын уақтылы алу мүмкіндігі болмастан, бас бостандығынан айыруға мәжбүр болса, онда осындай бас бостандығынан айыру "ұстау деп қарастырылады". Осы аталған бас бостандығынан айырудың екі нұсқасы алдын ала ұстаудың жалпы ұғымы мен оған қатысты қолданылатын тұлғамен қамтылады, олардың құқықтарын сотпен қорғаудың кең шарттары қойылады. "Осы баптың 1 (с) тармағына сәйкес әрбір қамалған немесе ұсталған тұлға жедел түрде заң бойынша сот функцияларын атқару құқығын иеленетін және ақылға қонымды мерзім ішінде сот талқылауына немесе сотқа дейін босатуға құқығы бар судьяға немесе басқа да лауазымды тұлғаға жеткізіледі" (Конвенцияның 5-бабының 3 тармағы) [110, 115 б.].

Осылайша халықаралық құқық нормаларына сәйкес, соттың бұйрығымен қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде бас бостандығынан айыру (алдын ала ұстау) жалпы ереже болып табылады, ал ұстау ережеден ауытқуы бар ерекше жағдай болып табылады. Бірақ бұл жағдай бас бостандығынан айыру нұсқасына байланысты субъектінің құқықтарын қамтамасыз етуде түрлі қарым-қатынас мүмкіндіктерін білдірмейді. Айтылған ережеден екі маңызды қорытынды шығаруға болады.

Біріншіден, егер ережеден ерекшеліксіз шығуға болмаса, онда оны қолдану саласы аса шектеулі және ережеден шегінудің ықтимал жағымсыз салдарынан кепілдік беретін қосымша шарттар қойылуы тиіс. Яғни ұстау мерзімі шамасына қарай аз, ал оны қолдану шарттары толық регламенттеліп қатаң түрде сақталуы тиіс. Екіншіден, ұсталған тұлға ұстау жағдайлары және қамалғанға арналған барлық өтемақыларды алуға құқылы.

Заң әдебиеттерінде ұстау туралы шешім негізіне – тек дәлелдемелер [105, 48 б.] немесе жедел іздестіру сипатындағы деректер жатқызылуы мүмкін деген мәселе бойынша бірыңғайлық жоқ [111, 34 б.]. Тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету тұрғысынан екінші көзқарас тиімсіз болып келеді. Жедел іздестіру сипатындағы деректер негізінде ұстауға жол беру бассыздыққа әкеліп соқтырады. Жариялы болып табылмайтын жедел деректер қылмыстық іс материалдарына енгізілмейді және прокурорлық қадағалау мен сот бақылауына қол жетімсіз болып табылады [112, 33 б.].

Ұстаудың процессуалдық режимін кез келген жағдайда бәсеңдету азаматтардың бостандығын негізсіз шектеу және заң әдебиеттерінде бірнеше рет көңіл бөлінгендей анықтау органдары мен тергеуші тарапынан асыра пайдалану мүмкіндіктерін ұлғайтуда тудырады. Іс жүзінде күдіктіге қысым жасау және қылмыс жасауды "мойындау" мақсатында ұстау жағдайлары кең таралған. Тіпті қылмысты көзімен көргендерді олардан қалаған жауап алу үшін ұстау жағдайлары да белгілі [113, 20 б.].

Халықаралық аренада құқықтық мемлекет мәртебесін мойындатудан үміткер заманауи Қазақстанда тұлға құқықтарын қамтамасыз етуді күшейту мүддесінде аталмыш жағдайларды ескере отырып, күдікті ретінде тұлғаны ұстау мерзімі қысқартуға жатады. Көптеген Еуропа мемлекеттерінде ол айтарлықтай аз. Егер бізде ол қазіргі таңда жалпы 72 сағатты құраса, мысалы Германияда ұстау бір тәуліктік мерзімге сыйып кетеді. Ұсталғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей ұсталушы учаскелік судьяға жеткізілуі тиіс, ол қамауға алу туралы бұйрық береді немесе ұсталушыны босатуды ұйғарады. Аталмыш норма Германия Конституциясының 104-бабының 3 тармағының талаптарына толық сәйкес келеді [114, 27 б.].

Қазіргі таңда қылмыстық-процессуалдық заңмен қарастырылған айыптау шығарғанша бұлтартпау шараларын қолданудың іс жүзінде бір ғана шарасы – қамау қолданылатындығы қызық және сезіктіні ұстаудан кейін 72 сағаттық мерзім өткенде қолданылады, ал тұлғаны айыптаушы ретінде жауапқа тарту негіздері әлі алынбаған. Қолданыстағы ереже көбінесе ұстау мақсаттарының бірі ұсталушыға қамауды қолдану туралы мәселені шешу болып табылатындығымен анықталады. Осылайша ұстауға іс жүзінде қандай да бір

"қамау алды" рөл беріледі. Көптеген авторлардың дұрыс сендіргендей, күдіктіні ұстау тергеуші (анықтаушы) қозғаған және іс жүргізуге қабылдаған нақты қылмыстық іс бойынша қолданылуы мүмкін, өйткені қылмыс жасады деген күдіктпен тұлғаны ұстау үшін қылмыстық процесте ұстау үшін негіздер болса, қылмыстық іс қозғауға қарағанда көбірек деректер қажет болады [115, 91 б.].

ҚРҚПК 139-бабының ережелерін талдау барысында жағдайлардың ерекшелігін анықтау үшін бұлтартпау шараларын қолдану туралы мәселелерді дұрыс шешу бағдарлары ретінде ұстауды қолдану негізі сияқты ҚРҚПК 128-бабында көрсетілген жағдайларды қарастырған жөн. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қолданыстағы жалпы бұлтартпау шараларының толық көлемде тек екі шара – ешқайда кетпеу туралы қолхат алу мен қамау қолданылатындығын растайды. Егер бұлтартпау шарасы ретінде іс жүзінде ешқайда кетпеу туралы қолхат немесе қамау қолданылатындығын ескерсек, онда бұлтартпау шарасының "айрықша жағдайы" үшін қолайлы көбінесе қамау екендігі түсінікті болады.

А.Н. Ақпанов Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңнамасына күдіктінің пайда болу тәртібі мен шарттарына қатысты өзгерістер енгізу қажет деп санайды. Автордың пайымдауынша, күдіктінің ұғымын нақты белгілеу, қылмыстық процестегі жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ құқық қорғау органдары қылмыс жасады деген күдікпен қылмыстық іске тартылған тұлғаның қорғану құқығын қамтамасыз ету кепілі ретінде қызмет етер еді [116, 78 б.].

Тұлғаға ҚРҚПК 139-бабында белгіленген он тәуліктік мерзім өтіп кеткеннен кейін бұлтартпау шарасын ары қарай қолдану мүмкіндігі тұлғаны әшкерелеу және айып тағу перспективасына тікелей байланысты, күдіктіні қамауға алу "тергеу шаралары" сипатына ие болады. Осы ұғымның болмысын түсіндіре отырып, П.И. Люблинский былай деп жазған: "сыртқы әлеммен жақындасу тәсілдеріне тосқауыл қоя отырып, тергеу билігі айыпталушының тарапынан кедергілер мен қиындықтардан қауіптенбей, қылмысты үлкен жеңілдік және байыппен тергей алады; екінші жағынан, қамауға алынғанды қоғамнан оқшаулап, оны құқықсыз күйге қоя отырып, ол оған қылмысты мойындауға мәжбүрлеуі мүмкін өзінің билігінің алдында қорқыныш тудырады" [87, 23 б.].

Аталған ой жүз жыл бұрын жарияланған. Алайда онда қозғалған мәселелер өз көкейкестілігін жоғалтпаған. Керісінше, қазір біздің еліміздің құқықтық мемлекетке бет бұру жағдайында олар айрықша мәнге ие болып келеді. Сондықтан қылмыстық-процестік заңнамаға тұлғаның өзін-өзі әшкерелеуі немесе басқа тұлғаға қарсы жауап беруге мәжбүрлеу негізі ретінде қамауды қолдануға тиым салуды белгілейтін норманы енгізу ұсыныстары көңіл бөлу мен қолдауды қажет етеді [108, 47 б.].

Ұстау хаттамасымен танысу барысында (ҚРҚПК 131-бабы) ол тек ұстаудың негіздері мен мотивтері туралы стандартты жазбаны көреді ал бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулымен танысқан кезде – көп жағдайда "қылмыстың қауіптілігі" деген қысқа да нұсқа ескертпемен келтірілетін

қамаудың негізі туралы жазбамен танысады. Тергеу алдында оған қандай қылмыс жасағаны үшін күдікті болатыны ғана жарияланады (ҚРҚПК 216-бабы).

Күдіктіге тым болмаса жалпы мағынада күдік туралы ақпарат беруден бас тарту алдымен ұсталған, содан кейін он тәулікке дейін мерзімге қамауға алынған жағдайда отырған тұлға күннен-күнге өзінің дәл неден қорғануы қажет екендігін ойланатын жағдай тудырады. Бұл жағдайда күдіктінің қорғану құқығын шектеу байқалады. Дұрыс айтылғандай күдіктінің қорғану мәні бірінші кезекте қылмыс жасалудағы заңдастырылған күдік, содан кейін сезіктің жалғасы ретінде ұстау және бұлтартпау шарасын қолдануға байланысты құқықтық шектеу болуы тиіс [117, 4 б.].

Егер айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы да тұжырымдалатын айыптауды дәлелдерге негізделген сезіктінің қылмысқа қатысу нұсқасы ретінде қарастыратын болсақ, күдіктіні ұстау үшін берілетін уақыт айыптау тағу үшін жеткілікті болып табылады. Тергеу сатысындағы айыптау бірнеше рет толықтырыла, өзгертіле алады және оны бастапқы күйде ұсыну үшін оған барлық қылмыс қатысушылары мен салдары туралы егжей-тегжейлі мәліметтер келтірусіз қылмыстық әрекеттің тым болмаса бір белгіленген эпизодын қосса жеткілікті. Тәжірибе көрсеткендей, қамалған күдіктіге айыптау барысында әдетте дәл осылай істейді.

Алайда процессуалистердің көпшілігі күдікті ұғымының шектен тыс түсіндірілуіне қарсы шығып, оның азаматтардың заңды мүдделерін бұзуы мүмкін екендігін айтады, өйткені соңғылар жеткілікті негізсіз күдіктіге жатқызылатын болады [118, 43 б.].

Сонымен қатар, күдікті қылмыстық сот ісін жүргізудің тұрақты қатысушысы болып табылмайды. Адамды күдікті деп танудың негізінде, оның қылмыстық әрекет (әрекетсіздікті) жасау күдігі жатыр. Ол құқық қорғау органдарымен дәлелденуі қажет, басқаша жағдайда адам күдікті санатынан алынып тасталады. Күдіктінің құқығы ол осы санатқа кірген бірінші күннен бастап қорғалуы қажет. Осы кезден бастап адам адвокат-қорғаушының көмегіне жүгінуге құқықты болуы шарт. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында "күдіктіні ұстау" және "нақты ұстау сәті" ұғымдарын нақтылап анықтау қажет деп ойлаймыз.

Жалпы күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету ҚРҚПК-де салыстырмалы түрде жоғары деңгейде, кез келген заңнамалық актіні жобалау барысында кейінгі жетілдіруді есептен шығармайтын деңгейде көтерілген.

Енді қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы айыпталушының процессуалдық мәртебесіне тоқталайық. ҚРҚПК-ң 65-бабына сәйкес: "1) прокурор айыптау актісін бекіткен; 2) прокурор қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіткен және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған; 3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы Кодекстің 617-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен процестік келісім жасасу арқылы аяқталған адам айыпталушы болып танылады" [15]. Заңда айыпталушының құқықтары

бекітілген. Айып тағылған кезден бастап айыпталушының белгілі бір міндеттері де пайда болады.

ҚРҚПК-ң 65-бабының 5 бөлігіне сәйкес айыпталушының келесі құқықтары көрсетілген:

"Айыпталушы осы Кодекстің 64-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген құқықтарды пайдалануға, сондай-ақ:

1) өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге;

2) прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға;

3) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға;

4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

5) тергеп-тексерудің кез келген сатысында процесстік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процесстік келісім жасасуға, процесстік келісімнің көшірмесін алуға;

6) осы Кодексте көзделген жағдайларда, қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы" [15].

Адамның кінәсі дәлелденбей оған қылмыскер ретінде қарауға болмайды. Кез келген тікелей немесе жанама түрде айыпталушыны қылмыскерге теңестіру оған деген қарым-қатынастың жалпы сипатына, сондай-ақ оның құқықтарын қамтамасыз етуге әсер етеді. "Айыпталушы ретінде жауапқа тарту" және "қылмыстық жауаптылыққа тарту" ұғымдарының арақатынасы туралы мәселе өзекті болып табылады.

Қылмыстық жауаптылық және оған тарту іс жүзінде – қылмыстық құқық саласы болып табылады. Алайда кейінгі кезде құқықтық ғылымда қылмыстық жауапкершілікке тартуды процессуалдық мағынада яғни "тұлға табылған айыпқа жауап бере алу үшін жеткілікті дәлелдер болған жағдайда тартылатын қылмыстық жауапкершілік ретінде" қарастырылып келеді. Нәтижесінде қылмыстық жауапкершілікке тарту процессуалдық мағынада тұлғаны айыпталушы ретінде тартудың синониміне айналған.

Қылмыстық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру тікелей материалдық-құқықтық мағынада қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқықтық міндетін жүзеге асыруға байланысты болғандықтан айыпталушыға қатысты құқық қорғау сипатындағы процессуалдық шаралар және жалпы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу процедурасына ұшырау қажеттілігі сот үкімі бойынша жазалаумен теңестіріледі. Аталмыш ұстаным "айып тағу қылмыстық жауапкершілікке тарту болып табылады. Анықтау, алдын ала тергеу, соттағы өндіріс қылмыс жасаған тұлғаны жазалау сияқты іс бойынша барлық кейінгі өндіріс, – қылмыстық жауапкершілік болып табылады" деген түсінікте анық көрінеді [69, 8 б.]. Осылай болса анағұрлым анық процессуалдық-мәжбүрлеу сипаты бар бұлтартпау шараларын қолдану әлбетте, "жасалған қылмыс үшін мемлекеттік мәжбүрлеу болып табылады" [70, 162 б.].

Мәселен, "тұлғаға алдын ала тергеу өндірісінде қолданылатын құқықтық шектеулер (егер аталмыш тұлға шын мәнінде қылмыстық-құқықтық қатынастар субъектісі болып табылса) қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру ретінде қарастырылуы мүмкін" [71, 131 б.]. Жақшаға алынған сөйлем автордың айыпталушының кінәсіздік презумпциясының растығын заңды деп танудан емес, керісінше басқа болжамға сүйенетіндігін анық растайды.

Қылмыстық процестің принципі ретінде кінәсіздік презумпциясын мойындау осындай көзқарастармен келісуге мүмкіндік бермейді. Тек айыпталушы болып табылатын тұлғаға қылмыстық заң қолданылады деп есептеуге болмайды [69, 62 б.]. Айып тағуды ұсыну қылмыс жасаған үшін жауап беру міндетін тудырмайды және осы міндетті жүзеге асырудың басталуын білдірмейді [119, 19 б.]. Айыптауды ұсыну арқылы тек қылмыстық жауапкершілік белгілеу шарттарын жасауды байланыстыруға болады [120, 50 б.]. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде қолданылатын процессуалдық мәжбүрлеу шаралары, оның ішінде бұлтартпау шаралары жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза элементтерін қамтымайды, қылмыстық істі кедергісіз жүзеге асыруды қамтамасыз етудің таза процессуалдық құралдары болып табылады.

Мемлекет пен қылмыс жасаған тұлғаның арасында пайда болатын қылмыстық-құқықтық қатынас тергеу сатысында жүзеге асырыла алмайды. Қылмыстық істің аталған сатысына қатысты оның болуы туралы сөз қозғау анық ертерек. Сот үкімінде ғана бұрын пайда болған қылмыстық-құқықтық қатынас расталады немесе осы құқықтық қатынасты тудыратын фактінің жоқтығы белгіленеді, яғни тұлғаны кінәлі деп тану және оны жазалау құқығының жоқтығы белгіленеді [121, 17 б.].

Қылмыстық заңда анықтаушы, тергеуші немесе прокурор біле тұра кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартқаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады.

Жақын арадан бастап аталғандармен қатар жоғары сот инстанцияларымен қалыптасқан сот тәжірибесі тағы бір дәлел келтіре бастады, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің аяқталу сәтін анықтау, қылмыстық жауаптылыққа тарту күні айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған күн есептелу керек [122, 32 б; 43 б.].

Алайда келтірілген дәлелдер бір қарағандағыдай, сондай дәйекті, мінсіз болып табылмайды. Расында да Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (ҚРҚК) 412-баптың 1 бөлігінде: "Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады" деп көрсетілген [123]. Бірақ қылмыстық заңның аталмыш бабының редакциясының мінсіз екендігіне күмән келтіруге негіз бар.

Егер айыпталушы ретінде жауапқа тартуды қылмыстық-құқықтық қатынастарды жүзеге асырудың бастамасы деп танысақ, тұлғаның қылмыстық жауаптылықты көтеруінде қарастырылатын ұғымдар тек синоним ретінде

пайдаланылады. "Қылмыстық жауаптылық" термині бойынша қылмыстық құқық ғылымы жасап шығарған белгілі бір ұғым түсіндіріледі. Оны айыпталушы ретінде жауапқа тартуды белгілеу үшін пайдалану екі мазмұндылық тудырады, қажет болмаса да, ол үшін қылмыстық-құқық саласына тән ерекшеліктерді қылмыстық істе түсіну мүмкіндігін ашады.

Өз кезінде В.М. Савицкий "қылмыстық жауаптылыққа тарту" терминінің теорияда дұрыс түсіндірілмеуіне және процессуалдық түсініспеушілікке және соған байланысты қылмыстық-процессуалдық заңды қолданудағы қиындықтарға назар аударған [124, 9 б.].

Осындай оқиғаны біз қылмыстық-процессуалдық "айыпталушы ретінде жауапқа тартудың" орнына "қылмыстық жауаптылыққа тарту" қылмыстық-құқықтық ұғымын пайдалану барысында байқаймыз.

Зандағы әртүрлі және оны талқылау барысында түсініспеушіліктерді жою үшін тергеуші шығарған айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыны "айыпталушы ретінде іске қатысуға тарту туралы" қаулы деп атаған жөн.

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы мен оған байланыстының бәрі ең алдымен, оны қандай да бір ашық немесе жасырын нысанда шектеу емес, қорғану құқығын қамтамасыз етуде қызмет етуі тиіс. Аталған қаулының нағыз мақсаты тұлғаға қылмыстық айыпқа тартылатын айыпталушы тағылған айыптан қорғану мүмкіндігіне ие болу үшін оны айыпталушыға кейінгі ұсыну үшін қылмыстық іс фактілерінің болуы туралы тергеушінің қорытындысын құжат түрінде көрсету болып табылады. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының болуы айыпталушының оған қандай айып тағылатынын білу және оған қылмыстық заңды нақты бұзу кінәсін жоққа шығару құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты.

Бірақ отандық қылмыстық істің дамуының тарихи ерекшеліктерінің әсерінен айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыға бастапқы да-ақ оған тән емес қылмысты ашудың қандай да бір міндетті шарт, сонымен қатар сот үкімін басым ететін актіге мән беріле бастады.

Белгілі болғандай, қылмыстық процесс ұзақ уақыт қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарусыз әрекет еткен. Қылмыстық сот ісін жүргізудің жарғысында оны пайдалану қарастырылмаған, бірақ бірқатар жағдайда соттар тұлға мүддесінде "күдік тудыратын" тұлғаларды шақырар алдында сот ісін жүргізу актісін – "осы тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы" шығаруды талап ете бастады. Бұл ретте, әлбетте, "айыпталушыдан жауап алу алдында сот тергеушісі оның жеке басы екендігіне көзін жеткізіп, оған қандай айып тағылатындығын жариялайды" деген ереже әрекет еткен (ҚСІЖЖ 403-бабы).

Алғашқыда айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы ереже 1919 жылы 12 сәуірдегі "Революциялық Трибуналдар туралы ереже" деп аталатын нормативтік актіде көрсетілген. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыны Трибуналдардағы Тергеу Комиссиясы шығарып отырған (9 тармақ). Аталған ережеде, атап айтқанда, олардың "Контрреволюция және басқа да

әрекеттер туралы істерді қарастыру тәрізді арнайы мақсатта" құрылған, оларға "репрессия шарасын анықтауда шексіз құқық" берілгені айтылған.

Аталған жағдайларда, айыпталушының кінәлілігін анықтаудағы ауырлық тергеу сатысына ауыстырылған және тұлғаның кінәлілігі себебінде Тергеу Комиссиясының шешімін көрсететін айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шындығында да Трибунал үкімін алдын ала шешкен. Соңғыға тергеу органының қорытындылары негізінде тек жазалау шарасын анықтау ғана қалады. Мұндай үрдіс бұрынғы, жиырмасыншы және кейінгі жылдары да көрініс тапқан.

Қазіргі таңда қылмыстық-құқық ғылымының өкілдері қылмыстық жауапкершілікті санкциялар, жазалаулар, қылмыстық-құқықтық қатынастар және т.б., ұғымдары мен қатар дербес құқықтық ұғым ретінде қарастыра отырып, оны тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауына мемлекет әрекетінің әлеуметтік болмысы ретінде анықтайды. Бұл әрекет сот үкімі бойынша осындай болып табылатын қылмыскерді мемлекеттің атынан айып тағу, соттау, жазалаудан көрінеді.

"Қылмыстық жауаптылық ең бастысы құқықтық ұғым. Оның мазмұны әрекет етіп тұрған қылмыстық заңмен анықталады. Ал қылмыстық заң өз алдына қылмыстық жауаптылықты дұрыс анықтаудың негізі болып табылады" деп көрсетеді профессор Е.І.Қайыржанов [125, 32 б]. Қылмыстық жауаптылық қылмыстық заң нормаларымен бекітіледі. Бұл нормалар қандай қоғамға қауіпті іс-әрекеттің қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, ҚРҚК-ң Ерекше бөлігінде олардың тізімін беріп, сол іс-әрекеттер үшін жаза белгілейді. Қылмыстық заңда көрсетілген іс-әрекеттерді істеуге қылмыстық жауаптылық қатерімен тыйым салады. Бірақ қылмыстық заңмен ғана көзделген жауаптылық абстрактылы сипатта болады деп айтуға болады. Өйткені қылмыстық заң нормасы алғашқы кезекте барлық азаматтарға ескерту қызметін атқарады, яғни қылмыстық заң нормасында көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) істеуге тыйым салып, керісінше болған жағдайда құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеп күштеу шаралары қолданылатынын алдын ала ескертеді. Осы орайда профессор А.Н.Ағыбаев былай деп көрсетеді: "Қылмыстық жауаптылық мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Адам қылмыстық жауаптылыққа істеген іс-әрекеттерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Мысалы: тонау, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық т.б. Мұның өзінде қылмыстық жауаптылық оның іс-әрекеті нақтылы қылмыс құрамын түзейтін қылмыстық құқық нормаларды кінәлі түрде ғана бұзғанда жүзеге асырылады" [126, 32 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде, нақтылы қылмыстық-құқықтық қатынас пайда болады. Кінәлі адамға заңмен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеп күштеу шарасын жүктеу міндеттілігі туындайды. Бұл міндетті кінәлі адамның өзі жасайды десек қателеспейміз. Ал мемлекет құқық қорғау органдары арқылы күштеу шараларын қолдану құқығына ие болады. Кінәлінің

мемлекеттік мәжбүрлеп күштеу шарасына өзі жасаған міндеттілігі, тұтастай алғанда қылмыстық жауаптылықты білдірмейді. Өйткені адамға жүктелетін міндет жүзеге аспай қалуы мүмкін. Мысалы, кінәлінің қылмыстық жауаптылықтан жалтаруы немесе ҚРҚК-нің 70-бабының 1 және 2 бөліктеріне сәйкес: "Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер іс сотта қаралған уақытта жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған іс-әрекет қоғамға қауіпті болудан қалды деп танылса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

Қылмыстық теріс қылықты алғаш рет жасаған не онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адам, егер осы адамның содан кейінгі мінсіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта оның қоғамға қауіпті деп есептелмейтіні анықталса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады" [123].

Сонымен қылмыстық жауаптылық деп, қылмыстық құқық нормасы бойынша, қылмыстық құқық бұзушылық деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамға мемлекет атынан соттың айыптау үкімімен қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеп күштеу шарасы болып табылады. Біздің пікірімізше осы қылмыстық жауаптылық анықтамасын ҚРҚК-ң "Осы кодексте қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру" деп аталатын 3-бапқа қосу керек.

Қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік маңызы қылмыстық құқықтың міндеттерінде көрініс табады. Қылмыстық құқықтың мәні қылмыстық жауаптылықтың негізі мен шегін анықтаудан тұрады. Сондықтан да, қылмыстық құқықтың міндеті бір уақытта қылмыстық жауаптылықтың да міндеті болып табылады. Қылмыстық құқықтың міндеттері мен мазмұны ҚРҚК-ң 2-бабында көрсетілген оларға: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін, қылмыстық заң қылмыстық жауаптылық негіздерін белгілейді. Ол туралы ҚРҚК-гі 2-баптың 2 бөлігінде былай делінген: "Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді".

Айтылғанды қорыта келе, қылмыстық жауаптылықтың маңызды белгілерін атап көрсетуге болады: біріншісі, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұны. Қылмыстық жауаптылық ұғымын анықтауда, оның әлеуметтік мазмұнына көңіл бөлмеу, аталған ұғымның толық анықтамасын бермейді. Қылмыскерге қылмыстық жауаптылық жүктеу, оның теріс қылығына моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет пен қоғам

тарапынан қылмыстық құқық бұзушылығын бетіне басу қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнын құрайды. Екіншісі, қылмыстық жауаптылықтың заңдылық жағы. Мемлекет өзінің тиісті органдары арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаушыға мемлекеттік-мәжбүрлеп күштеу шарасын қолданады. Қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары заңдылық белгіні құрайды.

Шынтуайтында мемлекет және қылмыстық заңды бұзған тұлғаның арасында қылмыс жасалған сәтте пайда болатын қылмыстық-құқықтық қатынас соттың айыптау үкімінде белгіленіп, расталады [53, 148 б.]. Үкім шығара отырып, сот нақты тұлғаға қатысты оны айыптау және жазалауға ұшырату бойынша мемлекеттің құқығын түсіндіреді және осылайша қылмыстық жауапкершілікке тартады. Үкім күшіне енген және сот жаза тағайындаған тұлғаның жазасын өтей бастаған сәттен бастап қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру және бір мезгілде қылмыстық-құқықтық қатынастарды іске асыру басталады.

Заманауи жағдайларда аталмыш ұстаным жалғыз ғана дұрыс ұстаным сияқты көрінеді. Одан кез келген ауытқулар, көзіміз жеткендей, тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту сәтінен бастап немесе тұлғаға процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануды бастаған сәттен бастап қылмыстық жауапкершіліктің көрінуі туралы ойларға негіз береді, бұл тергеушілердің айыптылығының растығын заңды деп тануды қабылдауға кері әсер етеді және оларда айыпталушы және күдіктіге қылмыскер ретінде қарым-қатынас қалыптасуына септігін тигізеді.

Теория жағынан тергеушілерді олар іс жүзінде бейімделмеген нәрсеге итермелеудің қажеті жоқ. Егер, арнайы эксперименталдық зерттеулер көрсеткендей, судьялардың 80% сотталушыны қылмыскер мен теңестіруге түйсіксіз түрде бейім болса [57, 127 б.], онда тергеушілерде әлбетте, мұндай бейімділік олардың процессуалдық қызметінің айыптау сипатына қарай анағұрлым айқын көрінеді. Кінәлі емес деп тануды ұстанудағы бірізділіктің жоқтығы, тіпті оны тікелей елемеу күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қамтамасыз етуден бірден көрінеді және соңында кінәсіздерді соттау алғышарттарын тудырады. Сотта осындай фактілерді анықтау қылмыстық істердің қосымша тергеу үшін қайтарылуын, сонымен қатар ақтау үкімдерін шығарумен аяқталады, бұл тергеу органдары үшін қаламаған жағдай, атап айтқанда, жұмыстағы көрсеткіштердің нашарлауын білдіреді.

Өз кезінде Р.Д. Рахунов, В.З. Лукашевичтің тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тартудың шартын айыптаудың дәлелденгендігі туралы мәселе бойынша тергеу органдарының қателігінен кепілдік тек тергеушінің оның кінәлілігіне толық сенімді болғанда ғана танудың дұрыстығы туралы пікіріне қатысты, бұл жерде айыпталушының құқықтарының ешқандай кепілдігі туралы сөз болмайтындығын әділ атап кеткен [84, 170 б.]. Өйткені, біріншіден, мұндай жағдайларда барлық тергеу іс жүзінде айыпталушының сыртынан жүргізіледі, екіншіден, тергеушінің айып тағуға байланысты түсініктер беру мүмкіндігі әлі берілмеген тұлғаның кінәлілігі туралы "сенімді қорытындысы" – біржақты, айыптау бағдары болып табылады.

Тергеушінің айыпталушыны қылмыстық жауапкершілікке тартқан сәтте түбегейлі емес, дұрыс емес, алдын ала, қиындық тудыратын, ықтимал білдіретін кінәлілігі туралы қорытынды, тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету мүдделеріне анағұрлым толық жауап береді [127, 143 б.]. Егер тергеушінің сенімі туралы айтуға болатын болса, онда тек оның сенімділігі мағынасын да ол шығарған шешім айыптау мазмұнын құрайтын жағдайлар бойынша ықтимал қорытынды жасауға жеткілікті дәлелдерге негізделеді [128, 11 б.].

Айыпталушының айыпталушы ретінде жауапқа тартылған сәтінде тұлғаның кінәлілігі туралы дұрыс деректер қажет ететін бастапқы ұстаным тергеуші қылмыстық жауапкершілікке тартқаннан кейін ақтау негіздері бойынша істі тоқтатқан кезде, мұндай тергеуді алдын ала тергеу жетістігі ретінде қарастыруға болмайды деген қорытындыға әкеледі. Бірақ мұндай көзқарас қылмыстық қудалау негіздері жойылса, қылмыстық істі тоқтатуға, тергеуді объективті түрде жүргізуге ынта жоғалады. Қандай жағдайда да алдыңғы әрекеттерді ақтау, істі сотқа жеткізу және айыптау үкіміне қол жеткізуге талпыныс пайда болады.

Әлбетте тұлғаны айыпталушы күйіне асығыс қоюға болмайды. Мысалы, тұлғаны қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын мойындау негізінде ғана айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығаруға болмайды. Заң ол үшін дәлелдер жиынтығын тікелей талап етеді. Алайда айыпталушыны тұлға құқықтарын қамтамасыз етуге зиян тигізе отырып, жауапқа тартуды кешіктіруге де болмайды. "Жауапқа тартудағы сақтық – қажетті іс. Бұл тек қана заңгерлік емес, сонымен қатар адамгершілік талабы. Бірақ сақтық ерте ме, кеш пе шарасыз жауапқа тартылуы тиіс айыпталушының құқықтарын жоққа шығаратын қасақана баяу әрекетпен араластырылмауы тиіс" [129, 109 б.]. Тергеуші айыпталушы ретінде тұлғаны жауапқа тартқан сәтте тергеуші оны айыпталушының кінәлілігіне сендіретін дәлелдерді жинауы тиіс көзқарасты көптеген белгілі процессуалистер – Н.Н. Полянский, В.И. Каминская, Н.Л. Гролзинский, П.А. Лупинская, Т.Г. Моршакowa, Г.П. Саркисянц, И.Л. Петрухин және басқаларымен теріске шығарылғанын атап кеткен жөн.

Айыпталушы ретінде жауапқа тартылған сәттен бастап тұлғаға оның мүдделері қорғау үшін кең құқықтар беріледі. Соңғы жылдары айыпталушы құқықтарының тізімі айтарлықтай ұлғайды. Ең алдымен, оның қорғаушы алу құқығы елеулі түрде кеңейген. Егер бұрын, жалпы ереже бойынша, қорғаушы сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған сәттен бастап қылмыстық іске қатысуға жіберілсе, енді барлық қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруде ғана емес, алдын ала тергеу міндетті болмайтын істер бойынша анықтау ісін жүргізу барысында айыпталушы айыптау тағылған сәттен бастап қорғаушының көмегін пайдалануға құқылы.

Айыпталушы тергеу барысында сот бақылауының элементтерін енгізуді білдіретін маңызды құқыққа ие болды – қамауға алу туралы бұлтартпау шарасын қолдануға қатысты және қамауға алу мерзімі ұзартылған жағдайда сотқа шағым беруге құқылы.

Атап кетілген новеллалар мемлекет және тұлғаға қатысты болып жатқан өзгерістердің принципиалды сипатын білдіреді, айыпталушыға оның құқықтарын жүзеге асыруда үлкен қолайлылық тенденцияларының айқын көрінуі, процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде бас бостандығынан негізсіз түрде айыруға қарсы және түптеп келгенде, негізсіз соттауға қарсы анағұрлым тиімді кепілдіктер жасау болып табылады.

Заманауи Қазақстан әлемдік қауымдастықтың демократиялық идеалдарына қосылу бағытын жариялап, тұлғаға жаңа қатынастың қалыптасуында адам құқықтары саласында халықаралық стандарттарға бейімделеді. Олар халықаралық құқықтық актілерде, атап айтқанда Азаматтық және саяси ережелер туралы халықаралық құқықтық Пактіде қарастырылады.

Аталмыш Пактінің 14-бабы 3 тармағына сәйкес әр айыпталушының оған тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарастыру барысында кем дегенде толық теңдік негізінде келесі кепілдіктерге құқығы бар: 1) жедел түрде ол түсінетін тілде оған тағылған айыптаудың сипаты мен негіздерінен толық құлағдар болуы керек; 2) өзінің қорғауға дайындалу және өзі таңдаған қорғаушымен келісу мүмкіндігі мен жеткілікті уақыты болуы керек; 3) сотталар алдында заңсыз ұсталып, уақыт алуға жол берілмеу; 4) сотталу кінәлінің өзінің қатысуымен жүргізілуі қажет және өзін жеке немесе ол таңдаған қорғаушы арқылы қорғау; егер оның қорғаушысы болмаса, бұл құқық туралы құлағдар болу және әділ сот мүдделері талап еткен кез келген жағдайда оған тағайындалған қорғаушыға ие болу, оған осы қорғаушыға ақы төлеу үшін жеткілікті қаражаты болмаған кез келген жағдайда өтеусіз пайдалану; 5) оған қарсы жауап беретін куәлардан жауап алу немесе осы куәлардан жауап алу құқығына ие болу және оған қарсы жауап беретін куәлар үшін болатын шарттарда оларды шақыру және жауап алу құқығы бар; 6) сотта пайдаланылатын тілді түсінбесе немесе осы тілде сөйлемесе, аудармашының тегін көмегін пайдалана алады; 7) өзіне қарсы жауап беруге мәжбүрленбейді немесе өзін кінәлі деп танымайды.

Келтірілген ережелер толығымен дерлік Адам құқықтары мен бас бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның 6-бабының мазмұнына сәйкес келеді.

Тергеушілердің (анықтаушылардың), жедел іздестіру қызметкерлерінің қылмыстық құқық бұзушылық істеді деген күдікті адамдарды ұстау, оларды ішкі істер органдарына жеткізу және уақытша ұстау изоляторларына орналастыру, алғашқы тергеу жүргізу процесіндегі қызметін егжей-тегжейлі регламенттеу қажет. Қылмыстық іс жүргізетін адамға күдіктіге (айыпталушыға) оның процессуалдық құқықтарын, соның ішінде білікті заң көмегін алу, туыстарына ұсталу фактісі туралы хабарлау құқықтарын дер кезінде түсіндіру бөлігінде қатаң талаптар қойып, жауапкершілігін күшейту қажет. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде және жауап алу барысында қызмет өкілеттігін теріс пайдалану мен асыра сілтеушіліктің алдын алу мақсатында ұсталғандардың, күдіктілердің, айыпталушылардың тәуелсіз медициналық тексеруден өту құқығын заңнамалық түрде бекіту қажет [91, 107 б.].

Күдікті мен айыпталушының қылмыстық іс жүргізу мәртебесі халықаралық стандарттарға сай болып, олардың қамтамасыз етілуіне Қазақстан Республикасы тарапынан кепілдік берілуі қажет.

2.2 Қылмыстық іс бойынша күдікті мен айыпталушының құқықтарын қамтамасыз етудегі адвокат-қорғаушының қатысуы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында: "Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі" деп нақты белгіленген [1].

Аталмыш конституциялық норманы дамыта отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 66-бабына сәйкес: "Қорғаушы – қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам [15].

Р.М. Жамиева айтып кеткендей: "білікті қорғау мәселелерін зерттеу қажеттілігі құқықтық мемлекеттің тұжырымдамасының негізгі ережелерін тұтас қалыптастырған Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын бірізді түрде жүзеге асыру, адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуден пайда болады" [130, 2 б.].

Қорғаушы сезіктілер мен айыпталушылардың қылмыс жасаудағы құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге жұмылдыруға қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қатысушыларының бірі болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізудің саласына тартылған тұлғаның құқықтарын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғаларынан бір ерекшелігі, олар қылмыстық ізге түсумен бірге тергеу функцияларының шеңберінде, қатысушылар қылмыстық іске өздерінің қорғалушыларына білікті заңгерлік көмек көрсету үшін қатысады.

Айыптау және қорғаудың түрлі мүмкіндіктеріне қатысты көптеген мәселелер бар, бұл мәселелер туралы біздің қоғамда көп жазылады және айтылады. Біз олардың тек жекелеген әдебиетте көп қозғалмаған мәселелеріне тоқталамыз.

Халықаралық қауымдастық адамға білікті заңгерлік көмектің қол жетімділігі, осындай көмек көрсетуі тиіс институттардың тиімділігіне аса үлкен мән береді. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау бойынша Конвенцияның 6-бабы 3 тармағы "с" тармақшасына сәйкес, әрбір айыпталушының "өзін жеке немесе таңдалған қорғаушы арқылы қорғауға немесе егер онда қорғаушы қызметтерін төлеу үшін жеткілікті қаражат болмаса, қорғаушы оған тегін берілуі керек".

Бүгінгі таңда қылмыстық істегі қорғау институты реформалауды қажет етеді.

Қылмыстық істегі адвокат-қорғаушыны күдікті, айыпталушы, оның заңды өкілі, сонымен қатар күдікті мен айыпталушының тапсырмасы немесе

келісімі бойынша басқа да тұлғалар шақыруы мүмкін немесе қылмыстық іс бойынша өндіріс жүргізетін лауазымды тұлғалар тағайындауы ықтимал. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот егер қорғаушы шақырылмаса (ҚРҚПК 67-бабы 3 бөлігі) және күдікті мен айыпталушының өтініші бойынша (ҚРҚПК 68-бабы 2 бөлігі), егер олар өздерінде қорғаушыны шақыруға қаражаттың жоқтығын хабарласа, оның міндетті түрде қатысу қажеттігі жағдайларында қорғаушыны тағайындайды. Бұл жағдайларда ҚРҚПК 68-бабы 6-бөлігіне сәйкес қорғаушы еңбек ақысын төлеуге кететін шығындар мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен төленеді.

Біздің ойымызша, анықтаушылар, тергеушілер, прокурорлар мен судьялар қорғаушылардың еңбекақысы туралы процессуалдық шешімдер қабылдамауы тиіс, ал құқыққорғау құрылымдарының мақсаты бойынша өздерінің міндеттерін орындайтын қорғаушылардың еңбекақысын төлеуге арналған сомалар арнайы қорларда аккумуляцияланып, сол жақтан тікелей, құқыққорғау органдары мен соттарды айналып өтіп, заңгерлік көмек көрсетуге маманданған қорғаушылар қауымдастықтарына түсіп, еңбек көлемі мен сапасына байланысты сол орында бөлінуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендей, күдіктілер, айыпталушылар өздерінде қорғаушы шақыруға қаражаттың жоқтығын жариялауы мүмкін және жариялайды, бірақ шын мәнінде олай болмауы ықтимал. Және ешкім расында да, қорғаушының қорғалушысының тұрмысы нашар екендігін тексермейді. Мемлекет, осылайша шынымен де тұрмысы нашарлар үшін де, сондай-ақ қаражаттан қысылмаған азаматтар үшін де шығын көтереді. Оның дұрыстығы күмән тудырады.

Адвокат-қорғаушыға оның заңгерлік көмек көрсеткені үшін төленетін сомалар, ол қылмыстық істе мақсатына қарай қатысқан кезде, процессуалдық шығындар жатады (ҚРҚПК 177-бабы, 5 тармағы.). Олар ҚРҚПК 178-бабы, 6 бөлігіне сәйкес, тұлғаның мүліктік қабілетсіздігі жағдайында мемлекеттің есебінен өтеледі. Сондықтан қорғауын қорғаушы тиісті түрде жүзеге асырған тұлғаның мүліктік қабілетсіздігі қылмыстық іс бойынша өндіріс барысында қорғаушы тағайындалған айдың алдындағы соңғы үш ай ішінде алынған отбасының (жалғызбасты азаматтың) орташа жылдық табысы туралы анықтамамен расталуы тиіс.

Қазіргі таңда ҚРҚПК 66-бабы қорғаушы ретінде адвокатқа жол берілетіндігін қарастырады. ҚРҚПК 66-бабының 2 бөлігіне сәйкес: "Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды мына адамдардың біреуі: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара түсіністік негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі". Бұл ретте мұндай

балама қорғаушыда заңгерлік білімнің, қандай да бір кәсіби білім мен заңгерлік мамандық бойынша тәжірибелік жұмыс өтілінің болуын заң талап етпейді. Бұл іс жүзінде күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға білікті заңгерлік көмек алу құқығын қамтамасыз ету мүмкіндігін шүбәлі етеді.

Көптеген шетелдік мемлекеттердің қылмыстық-процессуалдық заңнамасы істің сотқа дейінгі сатыларында қорғаушы ретінде кәсіби заңгерлердің қатысу мүмкіндігін қарастырады. Мысалы, Германияның қылмыстық-процессуалдық кодексінің 138-параграфында келесідей ереже бекітілген: "Қорғаушылар ретінде неміс соттарының бірінде жұмыс істеуге жіберілген адвокаттар, сонымен қатар неміс жоғары оқу орындарының оқытушылары сайлануы мүмкін" [131, 74 б.]. Басқа тұлғалар тек сот шешімімен ғана қорғаушы бола алады. Германияның 141-параграфы сот талқылауын жүргізуге құқылы судьяны "басқа тұлғалар" қатарынан, алдын ала тергеу кезеңінде прокурордың арызы бойынша қорғаушы тағайындау мүмкіндігін қарастырады. Алайда егер қорғаушының міндетті қатысуы орын алатын болса, басқа тұлғалар кәсіби қатысушымен қатар және бірге осындай ретінде жіберілуі мүмкін. Іс жүзінде заңның бұл нормасы шектеулі түрде түсіндіріледі [132, 62 б.]. Әдетте (егер бұл тіпті заңгер болса да) Карлсруе Жоғары жер сотының шешімдерінің бірінде айтылғандай, соттар қорғаушы болып табылмайтын тұлға қылмыстық істер бойынша қорғау жөніндегі қажетті айрықша қабілетке ие болмайтындығына сүйенеді [133, 424 б.].

Сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті немесе айыпталушының білікті қорғауы тек егер кәсіби заңгер қорғаушы болған жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Қорғаушы қылмыстық-процессуалдық құқықты, қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісінің теориясы мен тәжірибесін жетік білуі, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті немесе айыпталушы тұлғаларды қорғау тактикасы мен әдістемесін меңгеруі және көптеген басқа да қасиеттері болуы тиіс. Онсыз ол заңда белгіленген мақсатына сәйкес бола алмайды.

Заңгердің кәсіби білімі қорғаушы біліктілігінің жалғыз критеріі болып табылмайды. Құзыреттіліктің басқа бір көрсеткіші оның кәсіби этикасы болып табылады. А.Д. Бойковтың пікірінше: "Маманның кәсіби толысуы тек белгілі бір білім, дағды мен машықтардың жиынтығымен ғана сипаттала алмайды, ол тұлғаның адамгершілікті дамуының тиісті деңгейіне, оның осы мамандықтың моральдық талаптарын игеруін де қамтиды" [134, 5 б.]. Сот ісін жүргізудің саласында қызметтің адамгершілікті реттегіштері (құқықтық формасы жоқ) құқықтық реттегіштерге қосымша ретінде әрекет етсе де, қорғаушының этикалық нормаларды ұстануы оның кәсіби функциясын дұрыс орындаудың қажетті шарты болып табылады. Қорғаушының қылмыстық істегі дұрыс мінез-құлқы, тергеу жүргізуші тұлға және сот ісін жүргізудің басқа да қатысушыларымен жанжалдасудан жалтара білуі, қорғалушымен өзара сенімді қатынастар орната білу қабілеті көп жағдайда жүзеге асырылатын қорғаудың жалпы жетістігіне септеседі.

Айтылғандар қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сәйкес қорғаушылар ретінде іске жіберілуі мүмкін барлық тұлғалардан

заманауи Қазақстан жағдайларында, тек қорғаушы ғана білікті заңгерлік қорғауды нақты жүзеге асыра алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасында 1997 жылғы 5 желтоқсанда қабылданған "Адвокаттық қызмет туралы" заңмен анықталады. Қазақстандағы қорғаушының мәртебесін жоғары заңгерлік білімі бар тұлға ғана иеленуге құқылы. Бірақ азамат қорғаушы болуы үшін бір жоғары заңгерлік білім жеткіліксіз. Адвокатураға қабылдау үшін қажетті ойлау қабілеттерін құрайтын практикалық дайындықпен қоса, қорғаушыдан талап етілетін теориялық дайындықтың бір бөлігі ғана – аталмыш тұлға, сондай-ақ кем дегенде үш айлық тәжірибеден өтуі керек.

Қорғаушыны таңдаудың тек заңгерлік емес, сонымен қатар этикалық бастауы бар. Бұл түсінікті де: қорғаушы мен оның клиентінің қалыпты қарым-қатынастары туындай алмайды, тіпті өзара сенім болмаған жағдайда қажетті дамуын да ала алмайды. Қорғаушыны алып, сезікті оның сенім білдіруге тұрарлық заңгер болсын деген тілек білдіре алады. Сондықтан болашақта қорғаушылар алқасының мүшесі болып табылмайтын тұлғаны қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігі жойылады. Бірақ ҚРҚПК-де мұндай мүмкіндікті таңдалған заңгер өзінің қорғаушысына білікті заңгерлік көмек көрсетуге қабілетті болу шартымен шектеген жөн және бұл лицензияның болуымен расталуы керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 3 тармағына сәйкес: "Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы". Осы конституциялық ереженің шын мәнінде қорғаушының заңгерлік көмегімен алу әрбір тұлғаға оның ресми процесуалдық мәртебесіне қарамастан, сонымен қатар егер өкілетті билік органдары осы тұлғаға қатысты бостандық пен жеке қолсұқпаушылық нақты шектелетін шаралар қолданылған жағдайда, ұсталған немесе күдікті деп тануға кепілдік беріледі.

Аталмыш конституциялық норманы дамыта отырып, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормалары, қорғаушы, тұлғаны айыпты ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған сәттен бастап іске қатысуға, ал нақты тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалған, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті тұлғаны ұстаған, ҚРҚПК 128, 131-баптарында қарастырылған жағдайларда бұлтартпау шарасын қолдану, қылмыс жасауда сезікті тұлғаға сот-психиатриялық сараптама тағайындау туралы қаулыны оқыған, процесуалдық мәжбүрлеу немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын басқа да процесуалдық әрекеттерді жүзеге асырған сәттен бастап іске қатысуға жіберілетіндігін белгілейді.

Күдікті немесе айыпталушы қорғаушысының процесуалдық қызметі қылмыстық-процесуалдық қызметтің бір түрі болып табылады. Оның болмысы, біздің пікірімізше, келесі негізгі ерекшеліктермен сипатталады. Біріншіден, ол жекеменшік-бұқаралық сипатқа ие. Екіншіден, оның негізгі

мақсаты күдік немесе айыптауды теріске шығару, олардың жауапкершілігін жоққа шығаратын немесе жеңілдететін жағдайларды анықтау, сонымен қатар олардың жеке және мүлкітік құқықтарын қорғау болып табылады. Үшіншіден, қорғаушының процессуалдық қызметінің мақсатын қорғалушының заңды мүдделеріне сәйкес келетін іс бойынша осындай нәтижеге қол жеткізуі болып табылады. Нақты жағынан – бұл айыпталушы мен күдіктінің пайдасына куәлік етуші барлық жағдайларды белгілеу, ал заңгерлік тұрғыдан – осы жағдайларға сәйкес заңды және негізделген шешім шығару болып табылады [27, 16-17 б.].

Қорғаушы қорғауды жүзеге асыру үшін қылмыстық істе қажет, одан қорғалушы да, мемлекет те дәл осыны күтеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабына сәйкес, қорғаудың басты мазмұны күдікті мен айыпталушыға білікті заңгерлік көмек көрсетуде болып табылады. Осы конституциялық ереженің нақты мәні бойынша қорғаушының қылмыстық істегі рөлі қорғалушыға өзінің құқықтары мен міндеттерін заңгерлік тұрғыдан білімді түрде жүзеге асыруға көмек көрсетуге саюы керек. Бірақ, қорғау функциясының жанама түрі бола отырып, қорғаушының қылмыстық-процессуалдық қызметі біртекті болып табылмайды. Оның көп аспектілі сипаты бұлтартпау шарасы тандалған күдікті немесе айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша қорғаушының қызметінің түрлі бағыттарынан (түрлерінен) көрінеді. Олардың ішіндегі негізгілері:

- 1) күдікті немесе айыпталушыға құқықтық көмек көрсету;
- 2) қорғаушының дәлелдеуге қатысуы;
- 3) күдікті немесе айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Күдікті немесе айыпталушының құқықтарын қорғауды біз дербес міндет, сонымен қатар қызмет түрі ретінде оның (құқықтарды қорғау) қылмыстық істе тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету болмысына сәйкес келетіндіктен және сонымен қатар қорғаушының процессуалдық қызметінің міндеттері мен түрлерімен толық сәйкес келмейтіндіктен бөлектеп көрсетеміз. Сондықтан күдікті мен айыпталушының қорғаушының білікті заңгерлік көмегімен алу бойынша конституциялық кепілдігі қорғалушыға құқықтық көмек көрсетуге, дәлелдеуге қорғаушының қатысуы, сонымен қатар күдікті немесе айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Білікті заңгерлік көмек әсіресе қылмыстық қудалау жүргізілген тұлғаға, оның іске қатысуының бастапқы кезеңінде әсіресе маңызды. Сот талқылауы сәтінде сотталушы өзінің құқықтарымен танысып, оларды алдын ала тергеу барысында пайдаланудың белгілі тәжірибесіне ие болып табылады. Сонымен қатар, сот ісінің бәсекеlestігі мен жариялылығы оған қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа қатысушылары осындай құқықтарды қалай іске асырғандығын көріп, естуге мүмкіндік береді.

Адвокат-қорғаушы көрсететін құқықтық көмек, әдетте, түрлі тікелей міндеттерді шешуге бағытталған. Жалпы түрде оның құрылымы келесідей түрде ұсынылуы мүмкін:

1) күдікті немесе айыпталушыға қылмыстық іс жүргізу ісіндегі оның құқықтық мәртебесін түсіндіру;

2) орын алған күдік немесе айыптаудың болмысын түсіндіру;

3) қорғалушы үшін жағымды (оның жауапкершілігін ақтаушы, жұмсартушы немесе жоққа шығарушы) және ол үшін жағымсыз (жазалау мен жауапкершілікті ауырлататын, қылмыс жасауда әшкерелейтін) жағдайлардың мәнін түсіндіру;

4) қорғаушының, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу ісіне басқа да қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

5) қорғалушыларға арыз, шағым және басқа да процессуалдық құжаттар жасаудағы көмек;

6) қылмыстық іс жүргізу ісін жүргізу бойынша мемлекеттік-биліктік өкілеттер берілген лауазымды тұлғалар мен органдардың алдында қорғалушының мүдделерін ұсыну.

Әлбетте, әр іс бойынша қорғаушыға берілетін құқықтық көмектің көлемін алдын ала тура анықтау мүмкін емес. Оның сипаты көбінесе нақты қорғалушы жасады деген күдік тағылған немесе айыпталған қылмыстық істің ерекшеліктері, қылмыстың түрі мен санатына, сонымен қатар оның құқықтық мәдениетіне байланысты болып келеді. Олардың бірі тек құқықтарын түсіндірумен шектелсе, екіншілері – процессуалдық құжаттарды жасауда көмекке, үшіншілері – оларға процессуалдық және материалдық заңды түсіндіруге зәру болуы мүмкін, ал төртіншілеріне – бірқатар мәселелер бойынша көмек керек болады.

Күдікті немесе айыпталушыға қорғаушының заңгерлік көмегімен алу керек болатын мәселелер, әрине жоғарыда аталған тармақтар шеңберінен шығып кетуі де ықтимал. Біз оларды іс жүзінде дәл солар қорғаушының бұлтартпау шарасы таңдалған күдікті немесе айыпталушыға берілетін құқықтық көмектің мазмұнын құрайтындықтан, бөлектеп көрсетеміз. Осы ойлармен қорғаушының күдікті немесе айыпталушыға біз атап кеткен алты тармақтың шегінде өзінің қорғалушысына берген толық құқықтық көмегімен анағұрлым егжей-тегжейлі қарастырған жөн секілді көрінеді.

Қорғаушының қорғалушыға оның құқықтық мәртебесін түсіндіру қызметіндегі негізгі орынды күдікті немесе айыпталушыға оның құқықтарын түсіндіру мен оларды пайдалану бойынша кеңестер мен нұсқаулар беру болып табылады. Қорғалушының өз құқықтарымен танысу маңыздылығын артық бағалау қиын, өйткені күдікті немесе айыпталушы олардың мәнін түсініп-білгенше және оларды қалай жүзеге асыру қажеттігін жаттап алғанша, оның қылмыстық сот ісін жүргізудегі заңды мүдделерін қамтамасыз ету табыстылығы байланысты болады. Осы істің күрделілігі күдікті немесе айыпталушыға қысқа мерзім ішінде оған берілген қызметтердің бүкіл кешенінің маңызын есте сақтау мен түсінуде болып табылады.

Күдіктінің өз құқықтарын табысты түрде есте сақтауының процессуалдық кепілдіктерінің бірі тергеушінің күдіктіге оның тізімде келтірілген құқықтарын түсіндіру, хаттамасының көшірмесін беру міндеті болуы мүмкін. Алайда, күдікті, сондай-ақ айыпталушы өз құқықтарын пайдалануға нақты

жағдайлар туындату үшін оларды жай ғана білу жеткіліксіз. Олардың мәнін түсініп, дұрыс қолдана білу қажет. Әрине, осының бәрін қылмыстық іс жүргізу қатысушыларына анықтаушы, тергеуші және прокурор түсіндіре алады және түсіндіруге міндетті. Бірақ бұл мақсатына үнемі жете бермейді, өйткені қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан тұлға көбінесе қате түсінік сезімінен тергеу жүргізетін тұлғаның сөздеріне сенбейді. Сондықтан, қорғалушыға оның құқықтарын пайдаланудың болмысы мен процессуалдық тәртібін түсіндіру күдіктімен бірінші қарым-қатынаста-ақ орындалуы тиіс қорғаушының бірінші кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады.

Іске уақтылы кіріскен қорғаушы өзінің қорғалушысымен бірінші жауап алуға дейін кездесу құқығын бұлтартпау шарасын қабылдау, өзгерту немесе болдырмау туралы мәселені шешу үшін осы тергеу амалының маңыздылығын ескере отырып, қолдануға міндетті болып табылады. Қорғаушы өзінің клиентіне түсініктер мен жауап беру қорғалушының ұдайы құқығы болып табыла бермейтіндігін түсіндіруі тиіс. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабына сәйкес, адам өзіне қарсы, өзінің жұбайы мен жақын туыстарына қарсы куәгерлік етуге міндетті емес. Күдікті немесе айыпталушының жауап беруден бас тартуы, сонымен қатар қасақана жалған айту оған қылмыстық немесе басқа да жауапкершілік шараларын қолдануға негіз болып табылмайды. Сондықтан одан жауап алу күдікті немесе айыпталушы жауап беруден бас тартпаған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Сол мезгілде қорғалушы өзінің жауаптары тек дәлелдер көзі емес, сонымен қатар заңсыз немесе негізсіз қолданылған бұлтартпау шарасынан қорғаныс құралы болып табылатындығын да білуі тиіс. Қамау немесе басқа да бұлтартпау шарасын қолданғаннан кейін бірден жүзеге асырылуы тиіс бірінші жауап алу кезінде күдікті бірінші рет өзінің жауап беру құқығын жүзеге асыратын болады. Ол тергеушінің бұлтартпау шарасын тудыратын немесе таңдалған бұлтартпау шарасын біраз жұмсағырақ шараға өзгертуге мүмкіндік беретін сезіктің қажеттілігіне көзін жеткізетін мәліметтерді хабарлауы мүмкін.

Сонымен қатар жауабы бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселені шешердің алдында айыпталушы өзінің жауаптарымен тергеушінің оны қолдану үшін негіздердің болуы туралы тергеушінің пікірін теріске шығаруға қабілетті және осылайша өзінде келу туралы міндеттемені алып алу туралы анағұрлым жайлы шешілуіне септігін тигізеді.

Күдікті немесе айыпталушыға оның құқықтарын түсіндіре отырып, қорғаушы қорғалушының оған берілген құқықтық қорғану құралдарын пайдалану тактикасы мен әдістемесіне байланысты мәселелерге назар аударуы керек. Қорғаушының кеңестері мен нұсқаулары күдікті немесе айыпталушыға өзінің құқықтарын өздігінен қамтамасыз етуге және солардың көмегімен алдын ала тергеуде өзінің заңды мүдделерін дербес қорғау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Күдікті немесе айыпталушы қылмыстық іс жүргізу қатысушысы ретінде тек құқықтарға ие болып қана қоймай, қорғаушы түсіндіруі тиіс процессуалдық міндеттерді көтереді. Осы міндеттерді түсіндіру белгілі бір

қиындықты тудыратынын атап кеткен жөн, өйткені заңда олардың шағын тізімі жоқ. Алайда күдіктінің міндеттері заңда тура бекітілмеген және тек қана жағымсыз сипатқа ие, олар заңда тыйым салынбаған белгілі бір әрекеттер жасауына жол берілмеу керек және жағымды форма иелене алмауы керек, яғни күдіктінің позитивтік сипаттағы белгілі бір әрекеттер жасау міндеттерін тудырмауы тиіс екендігімен келісуге болмайды.

Күдікті, айыпталушы сияқты да екі ұшты мағынадағы міндеттер көтереді: олардың бірі заңда көрсетілген белгілі бір әрекеттерге жол бермеуде көрініс табады; басқалары қажеттілік туындаған жағдайда заңда жазылған әрекеттер жасауда болып табылады. Олардың құқықтық регламенттеу сипаты да әртүрлі. Күдікті міндеттерінің кейбіріне заңда тікелей нұсқаулар көрсетілген (мысалы, анықтаушы, тергеуші, прокурордың шақырулары бойынша келу (ҚРҚПК 19-тарау), басқалары осы міндеттерді корреспонденциялайтын тергеуші мен соттың қылмыстық-процессуалдық нормаларында бекітілгендерден туындайды (мысалы, соттың сот талқылауындағы тәртіпке қатысты заңды жарлығын орындау міндеті (ҚРҚПК 346-бабы) және т.б.).

Қорғаушы үшін бостандығынан айыруға байланысы жоқ бұлтартпау шарасы таңдалған күдікті мен айыпталушының процессуалдық міндеттерін түсіндіру әсіресе маңызды болып табылады. Мұндай қорғалушы келесіні білуі тиіс: оның тиісті мінез-құлқы туралы заң талабы нені білдіреді; оның тергеушіге немесе сотқа келуі қалай қамтамасыз етілуі мүмкін; қандай жағдайлар оның келмеуіне тиісті дәлел болып танылуы мүмкін және т.б.

Қорғаушының қорғалушыға оның қылмыстық іс жүргізудегі құқықтық мәртебесін түсіндіру бойынша қызметін қорғалушыға ол соның көмегімен қылмыстық іс жүргізуде өзінің заңды мүдделерін қорғай алатын конституциялық құқықтарының мәні жеткізілмеген болса, қанағаттанарлық деп тануға болмайды. Басқа құқықтарының қатарында қорғаушы айыпталушыға да, күдіктіге де кінәсіздік принципінің мәнін түсіндіруге міндетті.

Құқықтары мен міндеттерін түсіндіргеннен кейін қорғаушы қорғалушыға орын алған күдіктену мен айыптаудың мәнін түсіндіруде құқықтық көмек көрсетуі тиіс. Қызметтің осы бағыты қорғалушы жасады деп айыпталған қылмыстың нақты жағын, заңгерлік түсіндіру мен құқықтық біліктілігін ашуда болып табылады.

Тағылған айыпты және оның салдарын дұрыс түсіну айыпталушының өзінің қорғану құқығын мақсатты түрде жүзеге асыруда маңызды мәнге ие болады. Айыптау мәнін біле отырып, азамат, оның ішінде, ол көрсеткен куәлардан жауап алу, оның пікірінше, айыптауды теріске шығарып, бұлтартпау шарасын қолдану қажеттілігін жоққа шығаратын, дәлелдік мәні бар, құжаттар мен басқа да нақты деректер талап ету туралы арыз беруі мүмкін.

Қылмыстардың нақты жағын түсінуде айыпталушы әдетте қиналмайды. Сондықтан қорғаушының міндеті осы іс бойынша қолданылуы мүмкін қылмыстық заң баптарында болатын құқықтық түсініктерді түсіндіруде болып табылады. Бір мезгілде қорғаушы, өзінің қорғаушысымен ашық әңгімеге

сүйене отырып, соңғыға оның әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлығы немесе жоқтығы туралы ашық айтуы тиіс. Өзінің нақты жағдайын білу айыпталушының іс бойынша дұрыс ұстаным таңдауына септігін тигізеді.

Қорғаушы айыптауды теріске шығару құралдары мен тактикасы мәселелері бойынша кеңестерден аулақ болмауы керек. Біз тиісті нұсқаулар ғана қорғаушыға айыпталушыға бөгде қорытындыларды сендіру мүмкіндігін болдырмайтын қандай да бір мәселені шешуге өздігінен келуге көмектесуі мүмкін нысанда беріле алады деп қана есептейміз. Әрине бұл қорғаушыдан сыпайылық, сезімталдылық, тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

Күдікті немесе айыпталушыға ол үшін жағымды және жағымсыз жағдайлардың мәнін түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені олардың барлығы немесе жоқтығына бұлтартпау шарасын таңдау байланысты болып табылады. Бұлтартпау шарасын таңдау барысында ескерілетін жағдайлардың тізбесін біліп, айыпталушы мысалы, оның тұлғасын жақсы жағынан сипаттайтын мәліметтерді қорғаушыға хабарлауы немесе тергеушіге өзі бере алады немесе өзінің ауыр отбасылық жағдайы немесе науқас күйін көрсетіп, осылайша бұлтартпау шарасын болдырмау немесе өзгерту туралы арызын түсіндіруі тиіс.

Күдікті немесе айыпталушыға оның құқықтарын қорғаушының өзі де қылмыстық іске кіріскеннен кейін түсіндіруі тиіс. Қорғаушы қорғалушыны өзінің міндеттері туралы да хабардар етуі тиіс. Қорғалушы оның қорғаушысы адамгершілік және кәсіби этика талаптарына сәйкес тек заңды құралдар мен тәсілдермен әрекет етуге құқылы екендігін білуі керек, өйткені қорғаушының кез келген заңды әрекеттері оның қорғалушысы (сенім білдіруші) үшін құқықтар мен міндеттерді тудырады, бірақ кез келген заңсыз әрекеттер – қорғаушы үшін жеке түрде құқықтар мен міндеттерді тудырады.

Адвкат-қорғаушы күдікті немесе айыпталушыға оның істің жағымды соңына үміт аз болса да, өзі алған қорғаудан бас тартуға құқығының жоқтығы туралы түсіндіруге міндетті.

Қорғалушы өзінің қорғаушысының құзыреті туралы құлағдар болса, ол соңғының қорғау мүддесінде өзінің құқықтарын қаншалықты толық пайдаланатындығы туралы үлкен негізбен ойланатын болады. Бұл, өз кезегінде, күдікті немесе айыпталушыға жеткілікті түрде белсенділік танытпаған қорғаушыдан бас тарту мүмкіндігін береді.

Күдікті немесе айыпталушы қорғаушыдан осы іске қатысушы қылмыстық істің басқа да қатысушыларының құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуы тиіс. Бұл қорғалушыға тергеудің процессуалдық ережелерін түсінуге және соған сәйкес өзінің мінез-құлық желісін анықтауға, қандай да бір әрекеттер жасауға мүмкіндік береді.

Қорғалушының арыздар, шағымдар немесе басқа да процессуалдық құжаттар жасауда көрсетілетін көмек бұлтартпау шарасы таңдалған күдікті немесе айыпталушы қорғаушысының қызметінде маңызды орын алады. Мәселе, осы қылмыстық іс жүргізу ісіне қатысушылардың көп дәрежеде өзіне

тиетін қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шараларының шектеу әсерін сезінетіндігінде болып табылады. Сондықтан олардың қорғаушысының бірінші кезектегі міндеті тергеушінің (соттың) бұлтартпау шарасын таңдау мен басқа да процессуалдық шешімдерді қабылдаудағы заңдылық пен негізделгендікті тексеруде болып табылады. Егер ол қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде заңды бұзу фактілерін анықтаса, қорғаушы ол туралы қорғалушыға хабарлап, оған заңсыз немесе негізсіз процессуалдық әрекет немесе шешім, сонымен қатар бұлтартпау шарасын қолдану туралы шағым жасауға көмектесуі керек.

Заң күдікті немесе айыпталушы арыздар, шағымдар жазу және т.б. өзінің құқықтарын жүзеге асыратын процессуалдық құжаттардың арнайы нысанын қарастырмайды. Бірақ күдікті немесе айыпталушының шағымы неғұрлым ойлы және негізді түрде жазылса, ол жолданған құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғасының түсінуіне де жеңіл болады. Алайда көптеген күдіктілер мен айыпталушылар тіпті жалпы білімділігі жоғары болса да, осындай құжаттарды жасау барысында қиындық көруі мүмкін. Егер халықтың құқықтық мәдениетінің жалпы төмен деңгейі мен тиісті тәжірибенің жоқтығын ескеретін болсақ, мұнда тұрған еш таңғаларлық жағдай жоқ. Сондықтан күдікті және айыпталушыға мұндай жағдайларда қорғаушының құқықтық көмегі қажет.

Егер қатысушы іске қатысса, арыздар, шағымды және т.б. ол өзінің атынан жасалған, ал күдікті мен айыпталушы тек қорғаушының пікірлеріне қосылады деген түсінік қалыптасуы мүмкін. Шындығында осындай жағдай жиі орын алып отырады. Бірақ кейде құжат тек қорғалушының атынан ғана жасалатын жағдайлар туындап отырады. Мысалы, қорғаушы күдікті мен айыпталушының пікіріне кереғар, қандай да бір арыз жасауға негіз көрмейді. Мұндай жағдайларда қорғаушы өзінің қорғалушысына оның көзқарасын заңдылық тұрғысынан сауатты, анық және мүмкіндігінше, негізді түрде білдіруге көмектесу міндетінен босамайды.

Біз бөлектеген екінші бір мәселе – күдікті мен айыпталушы қорғаушысының процессуалдық қызметінің бағыты оның қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге қатысуда болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша орын алған мән-жайларды анықтау қажет. Мұндай мән-жайларды белгіленген деп есептеу үшін олар жайында ілім жинақтау керек, оларды тану қажет. "Белгілеу" сөзі мәндерінің бірі – дәлелдеу, анықтау, табу болып табылады [28, 838 б.], сондықтан қылмыстық іс үшін мәні бар барлық жағдайларды тану, дәлелдеу талап етіледі (қылмыспен ілесе жүретін және оларға байланысты құбылыстар). Қылмыстық іс жүргізуде дәлелдеу тану ісінің бір түрі болып табылады, алайда бұл таным қатаң қарастырылған нысанда өтеді. Кері жағдайда тану барысында белгіленген жағдайда іс жағдайлары белгіленбеген, дәлелденбеген болып есептеледі. Қылмыс жасауда нақты орын алған жағдайды анықтаудың бүкіл барысының екі жағы болады. Біріншіден, тергеудегі оқиғаның жағдайлары туралы мәліметтер (ақпарат) анықтау бойынша қызмет танымдық сипатқа ие болады. Екіншіден, істің белгіленген жағдайлары заңда белгіленген нысанда

расталады; аталмыш қызмет растаушы сипатқа ие болады [135, 289 б.]. Осылайша қылмыстық істе дәлелдеу өзінің мазмұнында танымы болады, ал танылған мәліметтерді растау қылмыстық-процессуалдық дәлелдеудің нысаны болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізу ғылымында қылмыстық іс бойынша қорғаушының қатысу мүмкіндігіне қатысты талқылаулар жүріп жатыр. Бірінші кезекте ғылым мен тәжірибені бастапқыда қорғаушы жинаған объектілер, яғни іс жүргізуінде қылмыстық іс бар лауазымды тұлғаға берілмей тұрып, іс бойынша дәлелдер ретінде таныла ала ма? Осы жолдардың авторының пікірінше, анағұрлым маңызды көзқарастарды бөліп көрсетейік. Осылайша А.В. Смирнов пен

К.Б. Калиновский өз оқулығында былай деп жазады: "Біздің ойымызша, тараптардың теңдігі принципіне сәйкес, қорғаушы жинаған мәліметтер оның процессуалдық қарсыластары – тергеуші, анықтау органы жинаған мәліметтер сияқты бірден дәлел болып табылады, ..." [136, 149 б.]. И.Б. Михайловскаяның пікірінше, "... қорғаушы жинаған мәліметтердің тиісті түрдегі процессуалдық нысаны болмайды және сондықтан дәлел мәртебесіне ие болмайды. Мұндай құжаттар тек сот, прокурор, тергеуші, анықтаушының оларды іс материалдарына қосу туралы шешімінен кейін ғана осындай мәртебеге ие болады" [137, 169 б.].

Біздің ойымызша, И.Б. Михайловская және осындай пікірді қолдаушы басқа да ғалымдардың пікірі дұрыс. Осы ғалымдармен келісе отырып және жоғарыда аталған мәселе бойынша өз ойларымызды айтар алдында келесідей түсіндірмелер бере кету керек.

Біріншіден, "... қылмыс жасау барысында, дәлелдемелер емес, жасалған қылмыс туралы мәлімдемелер пайда болады. Бұл мәліметтер дәлелдеме болып қалыптасып, не ол санатқа кірмеуі де мүмкін. Дәлелдемелерді жинау барысында, сөз мәліметтер жинау туралы болып отыр, ол болашақта тергеушімен зерттеліп, бағаланып дәлелдеме санатына ауыса алады" деген Р.С. Белкиннің пікірі біздің ойымызша дұрыс көрінеді [138, 38 б.]. Бірақ заң бұл жағдайда дәлелдеме жинау туралы айтады, бірақ ҚРҚПК-ң мәтіні бойынша (ҚРҚПК 122-бабы) сөз "болашақ дәлелдемелер" туралы қозғалып отыр.

Екіншіден, отандық ҚРҚПК-де дәлелдемелер дегеніміз – "...істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады" (ҚРҚПК 111-бабы, 1 бөлігі), бұл логикалық тұрғыдан анық болып табылмайды, өйткені дәлелдемелер бастапқыда фактілер, яғни сөзсіз дұрыс мәліметтер ретінде қарастырыла алмайды, олар сот және тараптардың зерттеуі мен бағалауына жатады және олар басқаша бағалауы мүмкін. Өзгеше айтсақ, аталмыш мәліметтердің дұрыстығы дәлелдің қажетті белгісі болып табылмайды – дәлелде бар ақпарат ізделетін және ықтимал фактілерді көрсетуі мүмкін. Әдетте осындай мәліметтердің дұрыстығы туралы қорытынды тек дәлелдердің барлық жиынтығын түпкілікті бағалауда ғана жасалуы мүмкін. Осы себепті А.Р. Белкин: "Мән-жай (факт) объективті шынайы бола отырып, дәлелдеу

субъектісінің қабылдауына, оның түсінуіне байланысты емес. Мән-жай негізсіз бола алмайды, өйткені негізділік ол мән-жайдың қасиеті емес, мән-жай туралы білудің қасиеті. Мән-жай туралы жорамал ғана негізсіз бола алады. Мән-жайдың бары немесе жоқтығы туралы мәліметтер дұрыс немесе ықтимал, болжамды болады" деп көрсетеді [139, 241 б.].

Сондықтан егер дәлелдеме туралы айтатын болсақ, онда "дұрыс", "дұрыс емес", "ықтимал" терминдерін қолдануға болмайды. "Дұрыс емес" немесе "ықтимал" дәлел – мүлде дәлелдеме емес, өйткені дұрыстығы күмән тудырмайтын дәлелдерді ғана дәлелдеуге болады.

Үшіншіден, "Қорғаушының өкілеттіктері" деп аталатын ҚРҚПК 70-бабының 2 бөлігінің 2 тармағында, қорғаушы іске қатысуға рұқсат етілетін сәттен бастап, "заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға құқылы" деп жазылған. ҚРҚПК 122-бабының 4 бөлігінде "Дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін ауызша да, жазбаша да, не электрондық құжат нысанындағы мәліметтерді, сондай-ақ нәрселер мен құжаттарды күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар беруге құқылы" делінген.

ҚРҚПК 70-бабының 2 бөлігі және ҚРҚПК 122-бабының 4 бөлігі жүйелі түрде түсіндіру барысында осы нормалар арасындағы коллизия анық көрінеді, бірінші жағдайда заң шығарушы қорғаушының "... нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға..." құқығы бар екендігін, ал екіншісінде, қорғаушы "...мәліметтер беруге құқылы" екендігін анықтайды. Осы коллизияны анықтау үшін келесіні басшылыққа алу керек.

Құқық теориясының курсынан егер жалпы және арнайы норма арасында коллизия орын алса, онда арнайы норма қолдануға жататындығы белгілі [140, 471 б.]. Біздің жағдайда (яғни дәлелдер жинау мәтінмәнінде), арнайы норма – ҚРҚПК 122-бабының 4 бөлігі, сонымен қатар ҚРҚПК 122-бабының 1 бөлігінде сәйкес: "Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде осы Кодексте көзделген процестік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды". Процессуалдық әрекеттер болса, белгілі болғандай, қылмыстық істі жүргізетін лауазымды тұлғалар ғана жүргізуге құқылы. Бұл жағдайда заң шығарушы осылайша "дәлелдемелерді жинау" терминін анықтаған, ол тілдік түсіндіру ережелерін білдіреді, егер заң шығарушы заңды дефиницияның көмегімен (заңның жалпы нормаларында берілген анықтамалар) немесе осылайша терминнің мәнін анықтаса, онда осы мағынада оны қолданған да жөн.

Дәлелдемелер жинаудың процессуалдық нысанын сақтамау түрлі жағымсыз салдарға әкеліп соқтырады. Осылайша ҚРҚПК олардың заңсыз іске асырылуы үшін оның әрекеттерінің анық регламенттеуінсіз және жауапкершілікті анықтаусыз қорғаушыға кең өкілеттер береді. Заңда қорғаушының анықтама, мінездемелер және басқа да мәліметтер алу тәртібі

карастырылмаған. Бұл ретте қорғаушы ҚРҚПК 70-бабы 2 бөлігіне сәйкес, күдікті немесе айыпталушымен оңашада, құпия түрде кездесу құқығына ие болады, яғни қорғаушы күдіктіден қорғаушының аталмыш іздерді алуға, сонымен қатар процессуалдық түрде алуға құқылы екендігі туралы толық ақпарат ала алады. Сонымен қатар қорғаушының тұрғын үйден құжат алу тәртібінде прокурор немесе соттың рұқсаты талап етілмейді. Қорғаушының құжаттар және басқа да мәліметтер алу барысында жасалған әрекеттердің заңсыздығы үшін жауапкершілігі анықталмаған. Бұл қылмыстарды ашу бойынша қылмыстық қудалау органдарының мүмкіндіктерін айтарлықтай тарылтады.

А.А. Власов пен И.В. Куксин: "Қылмыстық істі тергеу барысында адвокаттың қызметінде дәлелдемелерді анықтау, жинау және ұсынуды қамтитын дәлелдеуге қатысу айрықша орын иеленетіндігін" атап көрсетеді [141, 136 б.]. Яғни егер адвокат-қорғаушы қылмыстық іс жүргізетін лауазымды тұлғаға дәлелдемелер ұсынатын болса, онда оның осы дәлелдемелерді жинайтындығы туралы логикалық тұрғыдан тұжырым жасау қажет.

Тергеу органына дәлелдеме ретінде қандай материалдар ұсыну қажеттілігі туралы мәселені қорғаушының өзі шешеді. Оның процессуалдық ережесі мен ол қылмыстық істе атқаратын функциялар ерекшеліктеріне сүйене отырып, ұсынылатын дәлелдемелер не ақтаушы немесе қорғалушының жауапкершілігін жеңілдететін мәліметтер қамтуы тиіс екендігі айқын. Тергеуші де, анықтаушы да, прокурор, судья немесе сот қорғаушыға ол өзі ұсыну қажет деп есептемейтін материалдарды жинауды тапсыруға құқылы емес. Алайда ол өзі де соттың тергеу органының орнына өздігінен дәлелдерді жинап, бекіте алмайды. Сондықтан бұл бағытта қорғаушы ешқандай тергеу әрекеттерін жасауға құқылы емес болып табылады.

Қорғаушының өтініші бойынша жауап беруші оған белгілі жағдайларды түсіндірме жазба немесе фонограмма түрінде бекіте алады, сонымен қатар қорғаушы жазған өз сөздерінің дұрыстығын растауы тиіс. Қорғаушы азаматтан екі жағдайда жазбаша формада өзінің мәліметтерін жазуды сұрағаны жөн екендігі туралы А.П. Лобановтың пікірін қолдаған жөн. Біріншіден, тергеуші адамнан жауап алу туралы өтінішті қанағаттандырудан негізсіз бас тартқан жағдайда және екіншіден, жауап алудың заңсыз әдістерін қолдану нәтижесінде оның жауап беру туралы арызы берілген жағдайда. Осы құжатқа қол жеткізе отырып, қорғаушы үлкен негізбен прокурордың тиісті шағымды қанағаттандыруына сене алады.

Адвокаттың сұрауы, тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья мен соттың тиісті түрде рәсімделген талаптан бір ерекшелігі жалпыға міндетті сипатқа ие болмайды.

Тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья мен сотқа дәлелдік мәнге ие деректер ұсынбас бұрын, қорғаушы олардың ақтау сипатқа ие екендігіне көз жеткізуі тиіс. Кейде дәлелдерді бағалау ол үшін күрделі міндет болып табылады, өйткені қорғаушы игермеген саладағы білімді талап етеді. Сондықтан тергеушіге тиісті деректер беру алдында, қорғаушы маманның

кеңесін алғаны жөн. Одан басқа қорғаушы ол алған ақпаратты бекіту үшін арнайы құралдар мен тәсілдерді пайдалану қажеттілігі туындаған жағдайда маманның көмегіне жүгіне алады. Үшінші жақ дайындаған (техник, фотограф) жоспар, фотосуреттер, сондай-ақ тергеушіге дәлелдер ретінде ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте қорғаушы емес, маманнан қажет болған жағдайда куә ретінде жауап алынады.

Қорғаушының өзінің дәлелдік мәні бар деректерді ұсыну құқығын жүзеге асыру олардың тиісті өтініштер жариялауы арқылы орындалады. Қорғаушының ол ұсынған заттар мен құжаттарды дәлелдер ретінде іске қосу туралы өтінішін қарастыра отырып, тергеу жүргізуші тұлға, олардың қатыстылық және дұрыстық талаптарына сәйкестігін анықтауы керек. Ықтимал дәлелдің қатыстылығын тексеру барысында дәлелдеу мәніне кіретін нақты деректер мен жағдайлардың арасында және дұрыс тергеу үшін мәні бар басқа да деректер арасында байланыс орнайды. Сондықтан заң әдебиеттерінде дәлелдік мәні бар деректерді ұсына отырып, қорғаушы "іс бойынша куәға айналып кетуі мүмкін, өйткені тергеуші оны бұл заттың адвокаттың қолына қалай түскені, оны жатқан-тұрған жерінен кімнің алғанын, табылған жерден алынғаннан кейін қанша уақыт, қандай жағдайларда сақталғаны бойынша жауап алуы тиіс" деген қауіп көрсетілген [41, 101-102 б.].

ҚРҚПК 78-бабы 2 бөлігінің 3 тармақшасының мәніне сүйене отырып, тергеуші қорғаушыдан ұсынылған зат немесе құжаттың оның қолына қалай түскендігі жөнінде жауап алуға құқылы емес. Алайда біз қорғаушы ұсынған дәлелдік мәні бар деректерге талаптар қойылуы тиіс деп есептейміз. ҚРҚПК 115-бабы 5 бөлігінде көрсетілгендерге ұқсас, куәгерлердің жауаптарына қатысты, яғни егер оны ұсынған тұлға өзі құлағдар болған көзді көрсете алмаса, нақты деректер дәлелдер ретінде қызмет ете алмайды. Сондықтан қорғаушы нақты деректердің кімнен және қандай жағдайда алынғанын өтінішінде көрсетуі тиіс. Бұл жағдайда тергеуші қорғаушы сілтеме жасаған тұлғадан жауап алу мүмкіндігі бар. Сондықтан қорғаушы тергеушінің өзіне ұсынылған құжаттар мен заттардың қатыстылығы мен дұрыстығын анықтау бойынша жұмысын жеңілдетуге неғұрлым көп күш салса, соғұрлым олардың іске дәлелдер ретінде қосылуына үміт көбірек болады.

Адвокаттың-қорғаушы қылмыстық сот ісін жүргізу қызметіндегі оның қызметінің адамгершілік негіздерін қозғамай кетуге болмайды.

Адвокатура әділ сотты анағұрлым табысты жүзеге асыруға септігін тигізуі тиіс. Шақыру бойынша немесе тағайындау бойынша қылмыстық іске кірісе отырып, адвокат қорғалушымен байланысты болса да, бірақ дегенмен, зор қоғамдық маңызды функциясын өздігінен жүзеге асыратын қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушысына айналады. Сотталушыны қорғай отырып, ол осылайша қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін жүзеге асыруға септігін тигізеді. Адвокат сотқа ақиқатты анықтауға, сотталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін деректерді анықтауға және заңды дұрыс қолдануға, әділ жаза тағайындауға көмектеседі.

Адвокатура өзіне артылған міндеттер мен функцияларды қаншалықты тиімді орындайтындығына тек жекелеген тұлғаның ғана емес, сонымен қатар

жалпы қоғамның құқықтық қорғанысының деңгейі де айтарлықтай дәрежеде байланысты болады [142, 7 б.].

Қорғаудың өзіне тән ерекшелігі оның біржақтылығы болып табылады. Қорғау функциясының дәл осы біржақты сипаты адвокат қорғалушымен, қылмыстық іс бойынша басқа да сотталушылармен, сот құрамымен, прокурор, қорғау бойынша серіктестермен қарым-қатынастарда басшылыққа алатын этика формаларының айрықшалығын анықтайды.

Адвокаттың жұмысында ол тек қолданыстағы заңнама нормаларына ғана сүйенуге міндетті болып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір адамгершілік ережелерін ұстануға міндетті жағдайлар тұрақты түрде туындап отырады. Осы ережелердің ерекшелігі ресми түрде олар еш жерде бекітілмегендігінде және әрине, жалпыға міндетті сипатқа ие болмайтындығында болып табылады. Бірақ дегенмен, бұл ережелер әр адвокатқа белгілі және оларды ұстанбау кәсіби этиканы бұзу, ал кейбір жағдайларда өзінің кәсіптік борышын орындамау болып есептеледі.

Адвокаттық қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы жоғары түсінік, қоғамдық бедел мен адвокат мамандығы турасында қамқорлық таныту адвокаттық этиканың күрделі, көпқырлы және көп зерттелмеген мәселелерін зерттеуді қадай талап етеді. Заңмен адамгершіліктің негізгі бастаулары талаптарының тұрғысынан қорғаушының барлық адамгершілік міндеттері мен құқықтарын анықтау мүмкін емес.

Осы этикалық негіздерді белгілеу үшін сотталушыны қорғау барысында адвокаттың тактикасында ненің адамгершілік тұрғысынан рұқсат етілетін, ненің рұқсат етілмейтінін анықтау қажет. "Рұқсат етілгеннің шекарасы бұл жерде адамгершілік критерийлерімен анықталады, адвокаттар оны кесіп өтпеуі үшін бір ғана жол бар тәрізді, ол – олардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, үнемі адамгершілік принциптерін ұстану қажеттілігін тәрбиелеу болып табылады" деген пікірмен келісу қиын [143, 158 б.].

Тек іс жағдайларын білу, сөз өнерін меңгеру, заңды ұстана білу жеткіліксіз. Қорғаушының қызметінде этикалық принциптер мен нормалардың маңызы зор және адвокаттың адамгершілік талаптарынан сәл ғана шегінісінің өзі оны тура жолдан тайдырып кетеді. Сонымен қатар адвокат қызметінің жұрт алдында өтетіндігін де ұмытпаған жөн. Кез келген сот ісінің міндеті (бұл сондықтан адвокаттың да міндеті) — істі шеше отырып, сот аудиториясында адамгершілік негіздерін нығайту, оған күрделі өмірлік жағдайлардың этикалық шешімі бойынша сабақ беру болып табылады.

Өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыра отырып, адвокаттық этиканы ұстанбаудан бас тартатын адамды адвокат деп санау мүмкін емес, өйткені кез келген қоғамдық қызмет өз негізінде этика бастауларына сүйенетіндігіне шүбә келтіруге болмайды.

Күдікті немесе айыпталушының құқықтарын қорғау қорғаушының процессуалдық қызметінің бір түрі ретінде кез келген ықтимал тәртіп бұзудың алдын алуда, оларды ұстануды бақылау және ықтимал тәртіп бұзуға әрекет етуге дайындықта, басқаша айтсақ, кедергісіз жүзеге асыру күйін қолдауда болып табылады. Бірақ құқықтық норма санкция болмаған жағдайда

қауқарсыз болатындай, құқықтарды қорғаудың да оларды қорғаусыз, яғни олардың құқықтарына қолсұғушылық, оларды шектеу немесе оларды бұзудың нақты қауіпі пайда болған жағдайда жүзеге асырылатын қызметті қорғаусыз мәні болмайды. Сондықтан сезікті немесе айыпталушының құқықтарын тиісті түрде қорғау мақсатында қорғаушы оның қорғалушысының бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалыпқа келтіруге бағытталған құқықтық құралдардың белгілі бір жиынтығы берілген.

Қатардағы азаматтардың заңмен қарым-қатынасының көбісі адвокаттар арқылы және біраз дәрежеде нотариустар арқылы жүзеге асырылады. Әрине құқық қорғау органдары қызметкерлерінің (ең бастысы – полиция) әрекеттері де көзге көрінерлік, бірақ олардың мінез-құлқы құқыққа қайшы болған жағдайда ғана. Осылайша егер МАИ инспекторы заң талаптарын нақты ұстанса, жоқтан өзгеге тиіспесе, пара алмаса, өзінің өкілеттерін асыра пайдаланбаса, онда біз кейде оларды жолда байқамай да қаламыз. Адвокаттарға келсек, басқа мәселе. Олардан құқықтық көмек, бұзылған құқықтарды қорғауды сұраймыз. Адвокаттың абыройсыз немесе арам мінез-құлқы клиент пен оның достары, туыстары, қызметтестері арасында ылғи талқыланады. Яғни адвокаттың жағымсыз қылығы туралы адамдардың тар шеңбері біліп алуы мүмкін. Мамандықтың беделі түседі. Өзінің мамандығына деген құрметке қамқорлық жасай отырып, адвокаттар мемлекеттің бүкіл құқықтық жүйесінің мүдделерін қорғайды. Бірақ қатардағы азаматтар үшін адвокаттық қызметтің беделі барлық "фемида қызметшілерінің" қызметіне деген көзқарасты қалыптастырады. Осылайша адвокаттарға кәсіби этика және мінез-құлық стандарттарын ұстану тұрғысынан ең жоғары талаптар қойған жөн.

Біз адвокаттық мамандықтың беделі туралы айтқан кезде, адвокаттың өзінің қоғамдағы маңыздылығы мен рөлі туралы жеке ішкі пікірі қаншалықты жоғары болу керектігін қозғамаймыз. Мамандықтың беделі ішкі өзін-өзі бағалаумен емес, керісінше айналадағылардың бағасымен анықталады.

Бүгінгі таңда отандық адвокатураның әрі қарай дамуы үшін адвокат мәртебесін арттыруға бағытталған адвокаттық қызмет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу сияқты, кәсіби этикалық негіздердің тура тізбесін жасап шығару мәселесі қажет екендігімен ешкім дауласпайтын шығар. Ең сорақысы, адвокаттардың өзара егестерге, өсек-аянға, бірін-бірі туралы құрметсіз жариялы айыптауларға бара отырып, бірін-бірі құрта бастайтындығы болып табылады. Клиенттерді қағып алу мен өзара қорлау гүлденуде. Ешкімнің бұйрығын көзіне де ілмейтін жалғыз басты адвокаттың психологиясы қалыптасуда. Сонымен қатар, этикалық принциптерді мойындамайтын адвокатура қоғамның сеніміне ие болмайтындығы тарихи тұрғыда дәлелденген. Мұның нәтижесінде мемлекеттің адвокатура ісіне араласуы күшейе түсті, бұл адвокатура құқық қорғау институты ретінде мүмкін болмайтын адвокаттық құрылымдардың нақты тәуелсіздігін шектеуді тудырған.

Бұл ретте адвокаттық қауымдастықта этикалық мәселелердің туындауы үшін өзінің айтарлықтай объективтік себептері бар екендігін түсіну керек. Көп

жағдайда біз қызметі өзінің жекелеген еңбегіне негізделген, кез келген маманның өз саласында анағұрлым елеулі болу, бөлектенуге қатысты қалыпты талпынысты кездестіреміз. Алайда адвокаттардың арасындағы бәсекелестік мақсатқа жетер жолда барлық құралдар дұрыс болып табылатын дарвиндік тіршілік үшін күрес заңдары бойынша өрбімеуі керек. Мұндай күрес табиғи, содан да ықтимал болып келеді. Бірақ ол кәсіби этика шеңберінен шықпауы тиіс.

Осылайша адвокаттық этика дегеніміз не? Бұл ұғымның мазмұны қандай?

"Этика" термині грек тілінен "ethos" – әдет, адамгершілікті мінез дегенді білдіреді. Алғашқыда оны Аристотель "зерттеудің айрықша саласы – практикалық философияның белгісі сияқты, өйткені ол біз не істеуіміз керек деген сұраққа жауап беруге тырысады" деп көрсеткен [144, 543 б.]. Жалпы этиканың реттеу пәні болып, кез келген жағдайдағы, кез келген мамандығы бар адамның адамгершілікті мінез-құлқы болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде адвокаттардың этикалық кодекстері – адвокаттардың кәсіби мінез-құлқының этикалық ережелер жиынтығы болып табылатын кодекстер баяғыдан белгілі. АҚШ-та 1908 жылы 70 параграфтан тұратын, сот және әріптестермен өзара қарым-қатынастар, міндеттеріне адал көзқарас, адалдық пен ашықтық, сыйақы тағайындау мәселелері бойынша нұсқаулардың толық тізбесін беретін Кәсіби этика ережелері пайда болған [145, 27 б].

Қазақстан Республикасында 2014 жылғы 26 қыркүйктегі Адвокаттар алқасы делегаттарының екінші республикалық конференциясында бекітілген Адвокаттардың кәсіптік әдеби кодексі бар.

Адвокаттың өз құзыреттілігінің деңгейі мен оның нақты іс бойынша білікті құқықтық көмек көрсету үшін жеткіліктілігін дұрыс бағалай білуі маңызды болып табылады. Осы мәселені шешу барысында адвокат үшін анықтаушы критерийлер келесідей болуы тиіс: қойылған міндеттің қиындығы мен ерекшелігі, адвокаттың осындай сағаттағы іс жүргізудегі алдыңғы тәжірибесі, іске дайындалу сатысындағы қосымша зерттеулер жүргізу мүмкіндігінің болуы, клиенттің осы тапсырмасын орындауға байланысты мәселелерді шешу барысында басқа қызмет бағытындағы адвокат пен кеңесудегі қажеттіліктің болуы және адвокаттың жоғарыда келтірілген барлық критерийлерді ескеру арқылы осындай тапсырманы қабылдау дұрыстығы.

Егер адвокат өз біліктілігінің, тәжірибесінің, сонымен қатар тапсырманы тиісті түрде орындау мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігін түсінсе, ол одан бас тартуы тиіс, немесе осы саладағы құзыретті адвокаттың кеңесіне немесе осындай адвокатпен бірлесіп жұмыс істеуге клиенттің келісімін алуы керек. Бұл ретте адвокат клиентпен тек өзінің досқа адвокат немесе қандай да білім саласының маманымен кеңесу құқығын ғана емес, сонымен қатар соңғыға кеңесу үшін қажетті клиенттен алған ақпаратты ашу құқығын, сондай-ақ осындай кеңесу өткізуге байланысты шығындарды келісіп алуға міндетті. Басқа мінез-құлықты клиентке қатысты адал емес ретінде танып, оны салғырттықты (өзіне өзі сенушілікті) анықтау мақсаттарында қолданылатын стандарттарға сәйкес бағалаған жөн.

Ықтимал клиентке кеңес беретін және осы құқық саласында құзыреттілігі жеткіліксіз болғандықтан, оның тапсырмасын қабылдаудан бас тартуға мәжбүр болған адвокат мұндай клиентке осы мәселені жақсырақ шеше алатын маманға жолығуға кеңес беруге де дайын болуы керек. Мұндай көмек ішкі сенім бойынша жүзеге асырылуы тиіс және клиент немесе кеңес берген адвокат тарапынан қандай да бір сыйақы алуға байланысты болмауы керек.

Осылайша қорғау функциясы – күдікті және айыпталушы, оның қорғаушысы азаматтық жауапкері және оның өкілі, кәмелетке толмаған күдікті айыпталушы, айыпталушының заңды өкілінің күдік немесе айыптауды теріске шығару, күдіктіні ақтайтын жағдайларды анықтау, оның жауапкершілігін жоққа шығаратын немесе жеңілдететін жағдайларды анықтау, сонымен қатар оның жеке және мүліктік құқықтарын қорғауға бағытталған процессуалдық қызмет болып табылады.

Қазіргі уақытта өзінің қорғалатын тұлғасының бостандығы мен құқығын қорғау үшін барлық заңды құралдар мен әдістерді тиімді пайдалануға қабілетті кәсіби қорғаушы ретінде күдікті, айыпталушының тарабынан қатысуға басымдылық беріледі. Болашақта қорғаушылар алқасының мүшесі болып табылмайтын, тұлғаның қорғаушысы ретінде қатысу мүмкіндігі туындауы ықтимал. Алайда КРҚПК-де мұндай мүмкіндік таңдалған заңгердің өзінің қорғалатын тұлғасына білікті заңды көмекті көрсетуге қабілетті болғанымен, бұл лицензиямен расталу шартымен шектеледі. Осы мақсатта заңнамада қылмыстық ізге түсу жүргізілетін тұлғаларды қорғау бойынша жеке қызметті лицензиялауға арналған кәсіби және басқа да біліктілік талаптары мен критерийлерді анықтау қажет.

Заң әдебиеттерінде қорғаушыға параллельді зерттеу жүргізу бойынша уәкілеттіктер беру туралы пікірлер мүлдем іске алғысыз болып көрінеді. Биліктің құзырынсыз қылмыстық процессуалды қатынастарда қылмыстық іс жүргізуді дамытуға, олардың алдында тұрған міндеттерді орындау мүмкін емес. Мемлекет өкілдерінің тікелей және нақты байланысына сүйенбей қылмыстық іс жүргізудің қатысушылары істі зерттеу процесінде өз құқықтарын іске асыра және оларға жүктелген міндеттерді орындай алмайды. Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу процесінің жүйесін түбегейлі өзгертіп қана, аталған идеяларды жүзеге асыруға болады.

2.3 Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын қамтамасыз етудегі соттың бақылауы

XXI ғасыр Қазақстан Республикасы үшін іргелі жаңалықтармен, саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы үлкен табыстармен басталды. Соның бір көрінісіндей, Елбасының жаңа "Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Жолдауында еліміздің Мәңгілік Ел болуына сара жол ашылып тұрғаны айқындалды [146]. Оның көптеген негіздерінің бірі ретінде барлық азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғауды жоғары дәрежеде қамтамасыз ететін, халықаралық стандарттарға негізделген, тәуелсіз сот жүйесі құрылды. Осы орайда "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру жолында отандық сот жүйесінің алатын орны қандай деген заңды сұрақ

туындайтыны рас. Әрине, сот жүйесі өзінің қатарын тәжірибелі және озық ойлы, терең білімді, заңдылық пен әділдік қағидаттарын ерекше бағалайтын, халқына адал, антына берік азаматтармен толықтыра отырып, мемлекеттік дамудың әр кезеңдерінде туындаған дауларды, күрделі қоғамдық қатынастарды реттеуде, қоғамдық тепе-теңдікті сақтауда белсенді рөл атқаруы тиіс деп ойлаймыз.

"Алдымен – экономика, содан кейін саясат" [147] деген ұстанымды басшылыққа алып, еліміздің экономикасын дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған реформалық үдерістер біздің жаңа, жас мемлекет ретінде дұрыс бағытпен алға қарай жүріп бара жатқандығымыздың дәлелі болды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабына сәйкес: "Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды" [1]. Демек, Қазақстан Республикасында сот төрелігін үшінші билік - сот билігі жүзеге асырады.

Сот билігі – мемлекеттік саяси жүйенің құрамдас бөлігі, ажырамас бөлшегі. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы жылдардан бастап сот жүйесі қоғамдық заңдылықтарға негізделген іздену, қалыптасу, даму жолдарынан өтті. Осы жылдар аясында, биліктің дербес тармағы ретінде сот жүйесі қоғамдық қатынастардың орнығуына, мемлекеттің саяси беделінің артуына, заңдылықтың басты демократиялық қағидаларының бірі ретінде бағалануына үлесін қосты. Ал Елбасының бастауымен елді көркейтуге арналған жолда әрбір сала қызметкерлері ортақ іске дұрыс әрі орнықты үлес қоспаса оның өркендей қояуы да екі талай. Міне осы тұста бірлік бар жерде тірлік бар дегендей, білікті де, білімді адамдар өз салалары бойынша болашаққа белгіленген сара жолды салып, ойдағы міндеттерді аз уақыттың ішінде жүзеге асырып, елдің дамуына үлкен үлес қосты. Соның бірі Жоғарғы Сот жүйесі.

Сот реформасын жүргізу ең алдымен адам құқықтары мен бостандықтарын биік дәрежеге шығаруының бірден бір кепілі болып табылады. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев әрбір жолдауында құқық қорғау органдарының қызметін, оның ішінде сот төрелігінің жұмысын дұрыстау, жаңарту басымдықтарына елеулі ынта қояды.

Қазіргі таңда сот құқықтық реформасы әрі қарай өзінің заңды жалғасын табуда, еліміздің әрбір азаматының өмірі мен қызметін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету жолында түрлі жұмыстар жүргізілуде. Сот жүйесінде үлкен өзгерістер болды. Жан-жақты жүргізілген сот құқықтық реформасының нәтижесінде сот саласының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге тиімді шаралар белгіленді. Сот жүйесін одан әрі дамыту, дербес тәуелсіз сот құру – жүргізіліп отырған сот реформасының басты мұраты.

Тәуелсіздік алған жылдар аясында Қазақстан судьяларының алты съезі өтіп, әрбір съезде республика сот жүйесінің бүгіні және болашағы туралы өзекті мәселелер талқыланып, мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылданды

дей аламыз. Мәселен, өткен жылы, қараша айында болған Судьялардың VI съезінде Елбасы Н.Назарбаев отандық сот жүйесінің табысты еңбегін оң бағалап: "Біз "Қазақстан-2050" Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқын қорғай алуы керек", – деді. Осы сөздер сот жүйесінің мемлекеттің саяси құрылымындағы алар орны мен рөлін және сот-құқықтық реформасының болашақтағы даму бағыттарын айқын анықтап беріп отыр. 2000 жылғы

25 желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық заң сотқа қатысты конституциялық кепілдіктерді түбегейлі пәрменді етті. Тәуелсіздік жылдар аясында биліктің бір тармағы ретінде сот жүйесі қоғамдық қатынастардың қалыптасуына, мемлекеттің саяси беделінің артуына, демократиялық қоғам ретінде нық орнығуына үлес қосты.

Сот (судья) - қылмыстық процестің басты субъектісі болып табылады. Сот қылмыстық істерді сотта қарау және шешу жолымен сот әділдігін жүзеге асырады. Сондай-ақ сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы да жүргізіледі. Сот билігін жүргізу алқабилердің қатысуымен де жүзеге асырылуы мүмкін. Соттарда қаралатын істердің көпшілігі азаматтық істер болып табылады. Бұлар - азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, қаржы, салық және ведомствалық бағыныстағы соттардың қарастылығына жатқызылған басқа да құқық қатынастарынан туындайтын даулар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 7 бабына сәйкес: "сот" - сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот; ал "судья" - сот билігін жүргізуші; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, тиісті соттың судьясы) болып табылады [15].

Судья әрдайым адал әрі әділдіктің жаршысы болуы керек. Сондықтан "Қазы – халықтың ойданы", деп бекер айтпаса керек. Сот шешімі әрдайым бұрмалаусыз, заңға негізделген болса, даугерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді. Бұдан шығатын кесімді ой – жалпы сот қызметі осы бағытта қалтқысыз қызмет етуі тиіс. Елбасының "Қазақстан – 2050" Жолдауында судьялар корпусының алдына қойған басты межелердің бірі де осы. Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам болып табылады.

Аталған стратегия сот жүйесінің мемлекеттің саяси құрылымындағы беделі мен рөлін, сот-құқықтық реформасының болашақтағы даму бағыттарын айқындап отыр. Ал сот жүйесінің реформасын одан әрі тереңдету – мемлекет саясатының басым міндеттерінің бірі. Жалпы, тамыры Конституциядан бастау алған сот жүйесі бүгінде үлкен белестерді бағындырды. Соның бірегейі – 2011 жылы Қазақстанның Судьялар одағы халықаралық қауымдастыққа толыққанды

мүше болуы.

Бүгінде сот-құқықтық реформасы қоғам талабына сай жалғасын табуда, соның бірі – заңдарды ізгілендіру. Мәселен, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі", "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі", "Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару" және "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерді" қабылданды.

Сот өкілеттілігі заңмен нақты айқындалған:

1) адамды қылмыстың жасалуына кінәлі деп тануға және оған жаза тағайындауға;

2) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге;

4) тергеушінің, анықтау органының, прокурордың айыпталушыға, күдіктіге қатысты үйде қамауда ұстау, қамауға алу түріндегі таңдаған бұлтартпау шараларына санкция беруге және олардың мерзімін ұзартуға;

5) сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауға;

6) күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру туралы шешім қабылдауға құқығы.

Сонымен қатар, егер істі сотта қарау кезінде қылмыс жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға ықпал еткен мән-жайлар, сондай-ақ анықтау, алдын ала тергеу барысында жол берілген басқа да заң бұзушылықтар анықталса, сот жеке қаулы шығарып, онда заңды бұзудың қажетті шаралар қабылдауды талап ететін осы мән-жайлар мен фактілерге тиісті ұйымдардың немесе тұлғалардың назарын аударады. Егер сот мұны қажет деп тапса, басқа жағдайларда да жеке қаулы шығаруға құқығы бар.

Соттың

қылмыстық процесті жүзеге асырушы органдар жүйесіндегі орнының маңыздылығын түсіну үшін басқа ешқандай органға емес, тек сотқа ғана берілетін өкілеттіктердің мазмұнын ескеру қажет. Сондықтан, адамды айыпты деп тануға және оған жаза тағайындауға, адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға, төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін тоқтатуға немесе оны өзгертуге тек соттың ғана құқығы бар.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында судьялар басшылыққа алатын нақты қағидалар белгіленген. Сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

Істі сот орындарында қарау мен шешу Конституцияның 77-бабында аталған төмендегі принциптерге негізделеді.

- адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

- өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

- сотта әркім өз сөзін тыңдауға құқылы;

- жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тастаса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

- ешкім өзіне-өзі, жұбайына және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес;

- адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарстырылады;

- заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

- қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Қазақстан Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Реформаның құрылымдық бөлігі болып құқық қорғау қызметіндегі олардың тиімділігін арттыруға бағытталған соттар мен құқық қорғау органдары жүйесінің қайта құрылуы болып табылады. Сот корпусының құрылуында биліктің барлық тармақтары мен сот қауымдастығының қатысуымен судьялардың өмірлік тағайындау тәртібі енгізілді.

Сот жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады, әрине, бұл өзгерістер мен толықтыруларды күнделікті тәжірибеде қолдануда облыстық соттардың сот билігін жүзеге асырудағы жауапкершілігі арта түсетініне ешкімнің күмәні болмас. Апелляциялық сатылы сотта тараптардың құқықтарын қорғауға барынша жағдай жасалады, істерді бірінші сатылы соттарға қайта қарауға жолдамай тараптарға тиісті дәлелдерін сотқа табыстап шешім қабылдануға толық мүмкіншілік жасалды. Сонымен бірге, тараптарды сот мәжілістеріне шақыру да бүгінгі заманның байланыстағы барлық жетістіктерін қолданып, ұялы телефонмен хабарлама жолдау және электрондық байланысты кеңінен қолдануға жол ашты.

Сондай-ақ шешім қабылдау барысында тек қарар бөлігін жариялау судьяларға біраз жеңілдіктер алып келетіні жасырын емес. Қабылданған заңға

сәйкес кассациялық сот алқасының сот тәжірибесін қалыптастырудағы алар орны ерекше, себебі бірде-бір іс кассациялық сот алқасынан өтпей, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына наразылық бергеннен басқа уақытта, Жоғарғы Сотта қаралмайтын болады.

Ата Заңымыздың негізінде "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары және "Алқабилер туралы", "Медиация туралы" және тағы басқа да заңдар қабылданды.

Заңдарды жетілдіру мақсатында әділ соттың қол жетімділігін қамтамасыз етуге, тұлғаның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттің мүдделерін уақытылы қорғау мен қалпына келтіруге бағытталған көптеген нормативтік актілер қабылданды. Осылайша республика соттары ортақ автоматтандырылған ақпараттық-анықтамалық жүйе бойынша жұмыс істеп жатыр, бұл сот жұмысшыларының еңбектерін біршама жеңілдетті, қазір үрдістер өткізу барысында соттармен аудио-видео таспалар қолданылады, ол сот өндірісінің ашықтығын көрсетеді.

"Әлбетте, сот жүйесі бүгінгі таңда ілгерілеген кеңістікке қадам басты. Оған қалың бұқара куә. Сондықтан азаматтардан соттарға толассыз түсіп жатқан өтініштердің артуына қарап, халықтың сот жүйесіне деген сенімінің беки түскенін аңғаруға болады. Мәселен, соттарға түскен өтініштер мен істердің саны 2013 жылдың 6 айындағы нәтижемен салыстырғанда биыл 9,5 пайызға артқан. Республика соттарындағы жүктеменің артқанына қарамастан, сот төрелігін жүзеге асырудың және сот істерін дер кезінде шешудің сапасы тиісті деңгейде қамтамасыз етілген. Айтылған ойды тек сөзбен емес, сот өндірісіндегі істердің нәтижесімен таразылайтын болсақ, 2014 жылдың I жартыжылдығында барлық шығарылған сот актілерінің 98,6 пайызы заңды әрі негізді танылғандығын байқаймыз" [148, 3 б].

"...Соттардың 2014 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметін талдау елдегі сот төрелігін жүзеге асырудың сапасы тұрақты екенін көрсетіпті. Сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінің (БААТЖ) деректері бойынша алғашқы алты айда республиканың аудандық және оған теңестірілген соттарына барлығы 577 982 арыз бен іс, соның ішінде 349 930 азаматтық, 205 689 әкімшілік және 22 363 қылмыстық іс келіп түскен. Бұл 2013 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 50 208 іске немесе 9,5 пайызға артық" [149, 2 б.].

Судьялардың әлеуметтік-құқықтық мәртебесі және сот жүйесінің қаржы-экономикалық негізі бүгінгі күні нығая түсті. Осылайша бүгінгі таңда судьялардың конституциялық міндеттерін тиімді атқару үшін сот төрелігін жүзеге асыруда барлық жағдай жасалған деп айтуға толықтай негіз бар. Ендеше, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын, арманы ақиқатқа айналған Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуына ақ жол ашылды.

Сатыларға бөлінген, құқықтық жүйе ретінде қылмыстық іс жүргізу үшін алдыңғы кезеңнің нәтижелерінен кейін келесі кезеңді бақылау заңды әрі

әдеттегі жағдай болып табылады. Бақылау басқару қызметінің бір ғана функциясын құрай отырып, мемлекеттік басқару саласына жатады [150, 136.].

Сот бақылауының институты қылмыстық іс жүргізудің барлық кезеңдерінде сот бақылау қызметін реттейтін қылмыстық-процессуалдық нормалардың жиынтығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесте сот бақылауының категориясын талқылаушы авторлар бүгінгі таңда сот бақылауы түсінігі мен табиғаты туралы ортақ пікірге келген жоқ. Заңи сөздіктер де сот бақылауына нақты және айқын түсініктеме бере алмайды.

"Сотқа дейінгі өндіріс барысында сот бақылауы" деп нені түсінуіміз қажет екенін айқындау үшін "бақылау" мағынасын барынша ашып алу қажет.

Сонымен, философиялық тұрғыда, "бақылау" дегеніміз – бұл тексеру, қадағалау болып табылады [151, 221 б.]. Этимологиялық "бақылау" тексеру ретінде, сондай-ақ тексеру немесе қадағалау мақсатында тұрақты бақылау ретінде түсініледі [28, 292 б.].

Әкімшілік құқық тұрғысында "бақылау" – бұл бекітілген параметрлерді жою мақсатында объектінің қызмет ету процесін қадағалау және бақылау жүйесі болып табылады [152, 433 б.].

Бұл анықтамалар өзара ұқсас және бақылаудың – бағынуға міндетті, тексерілетін (бақыланатын) және заңды билік күзіретіне ие тексеруші (бақылаушы) арасындағы қалыптасатын қатынастар екенін көрсетеді. Яғни аталмыш жағдайда, "билеуші – бағынушы" қатынастары орын алады. Бақылау бақыланатын органдар әрекеттерінің заңдылығын, саналылығын және негізделуін қамтамасыз ету әдісі болып табылатыны белгілі.

Осылайша бақылауды заңды параметрлерден алшақтауды жою мақсатында және тәртіп пен құқықтық тәртіптің заңдылығын қамтамасыз ету үшін заңды билік күзіретіне ие органдармен іске қосылатын, объектінің қызмет ету процесін тексеру және бақылау жүйесі ретінде анықтауға болады.

Жалпы, бақылау туралы заңдылықты қамтамасыз ету әдісі ретінде және құқықтық институт ретінде айта отырып, оны сипаттаушы бірқатар белгілерді бөліп қарауға болады.

Біріншіден, бақылаушы орган (лауазымды тұлға) мен бақыланушы арасында негізінен бағыныштылық немесе ведомстволық бағыну қатынастары орын алады.

Екіншіден, бақылау объектісі бақылаушы бақыланушының ағымдағы әкімшілік-шаруашылық қызметіне араласуға құқылы болғанда, оның қызметінің саналы, сондай-ақ заңды болуы деуге болады.

Үшіншіден, бақылаушы бақыланатын тұлға шешімдерінің күшін жою құқығына ие болады.

Төртіншіден, сәйкес жағдайларда бақылаушы жіберілген заң бұзушылықтары үшін бақыланатын тұлғаға тәртіптік жазалау шараларын қолдануға құқылы.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қызмет ететін мұндай бақылау қызметі әртүрлі органдар мен инстанциялар бойынша бөлінген: қандай да бір көлемде бақылау функцияларын көптеген органдар –

заңнамалық, атқарушы, сот органдары орындайды. Демек, осы функциялар жүктелген органдардың ерекшеліктері мен маңызын ескере отырып, бақылау бірнеше түрлерге бөлінеді. Бақыланатын объектінің қызметінің қандай кезеңінде тексеру жүргізілетініне байланысты, алдын ала, ағымдағы және кезекті бақылау болып бөлінеді [153, 166-168 б.]. Басқа органдар (заңнамалық, сот билігі, қоғамдық ұйымдар) тарапынан атқару органдарымен жүзеге асырылатын бақылау сыртқы деп аталады, ал органдардың өз жүйесі ішінде жүзеге асырылатын бақылау ішкі деп аталады. Салалық органдармен, сондай-ақ бағынышты объектілер қатысында олардың құзіретіне жататын мәселелер бойынша салааралық үйлестіру органдарымен жүзеге асырылатын ведомстволық бақылау болады [154, 326-327 б.].

Бақылаудан басқа, заңдылықты қамтамасыз етудің тағы бір әдісі бар, бұл – қадағалау. Бақылау мен қадағалау қалай байланысатынына қатысты әртүрлі пікірлер айтылады. Кейбір авторлар бұл ұғымды теңестіреді. Атап айтсақ, М.С. Студенткина қадағалау бақылаудың бір түрі деп көрсетеді, себебі бақылау міндетті ережелерді – заңдар мен басқа да нормативті актілерді сақтауға байланысты мәселелермен шектелмей, басқарудың әртүрлі салалары мен аймақтарын қамтиды. Қадағалау болса, әртүрлі салалар мен аймақтарда қолданылатын арнайы нормалар мен жалпыға міндетті ережелерді нақты орындауды қадағалаудан тұрады [155, 18 б.].

Басқа авторлар бұл екі ұғымды еш жағдайда теңестіруге болмайды деген пікірді айтады, олардың пайымдауынша, бақылау мен қадағалау мүлдем әртүрлі категориялар. Мысалы Ю.М. Козловтың айтуынша, қадағалау заңдылықты қамтамасыз ету әдісі ретінде бақылаудан ерекшеленеді. Қадағалау дегеніміз – заң бұзушылықты анықтау мақсатында арнайы мемлекеттік органдардың оларға бағынышты тұлғалардың немесе органдардың қызметіне тұрақты, жүйелі түрде тексеру жүргізуі болып табылады. Бұл ретте заңды бұзушылықты анықтау мақсатындағы тұлғалардың бағалауы. Осы орайда қадағаланатын объектінің қызметін бағалау саналық тұрғысында емес, заңдылық тұрғысында жасалады. Сондықтан бақылаудан ерекше, қадағалау кезінде бақыланатын органның ағымдағы әкімшілік-шаруашылық қызметіне араласу жүргізілмейді [152, 442 б.]. Бұл көзқарас, біздіңше, көңілге қонымды. Себебі егер заңдылықты қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдар қызметінің бір нысаны ретінде анықтауға болатын, қадағалау түсінігіне жүгінсек [156, 385 б.], қадағалау қызметінің аясы бақылауға қарағанда анағұрлым тар әрі тек заңдылыққа ғана тұжырымдалған.

Бір қарағанда, қарастырылған түсініктер бөлшек және тұтас ұғым ретінде алынады, алайда осыған қарамастан, бақылау мен қадағалау – бір-бірін алмастырушы емес, толықтыратын әртүрлі категориялар [157, 71 б.].

Осылайша қадағалау – жүйелі түрде және заңдылықты сақтау нысанына қатысты жүзеге асырылатын қызмет, ал бақылау, өз кезегінде, заңмен белгіленген жағдайларда жүргізіледі және оның нысанына заңдылықтың сақталуынан басқа, негізділік пен саналылық болып табылады.

Жоғары айтылғандарға прокурорлық қадағалау да сәйкес келеді, ол Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатын, мемлекеттік прокуратура органдарының айырықша қызметі ретінде танылады және Қазақстан Республикасының Конституциясын толық сақтау және оның аумағында қолданылатын заңдарды орындаудан тұрады [158, 9 б.].

Қылмыстық процесс шеңберінде бақылау-қадағалау функциялары прокурорлық қадағалау, сот бақылауы және ведомстволық бақылау нысанында іске асырылады. Сотқа дейінгі жағдайларда олардың барлығына ортақ жай сот, прокурор, тергеу органының басшысы, анықтау органының бастығы сияқты субъектілердің қатысуы болып табылады, қалған жағдайда әрқайсының өз ерекшеліктері бар.

Прокурорлық қадағалау мен сот бақылауының қатынасы мәселесі күрделірек. Ғылыми әдебиеттерде соттың бақылау құзіретін кеңейту және прокуратураға тек айыптау функцияларын қалдыруды қолдау пікірлері де [159, 59 б.], оған қарама-қарсы пікірлер де айтылуда [160, 73 б.].

Прокурорлық қадағалаудың сот бақылауынан ерекшелігі – оның жалпыламалығы, тұрақтылығы және үздіксіздігінде. Прокурордың қадағалау аясына – азаматтардың мемлекеттік органдарға өтінішін қабылдау және қарастыру тәртібін сақтау да, бюджеттік қаражаттардың заңды жұмсалуды да, әскери қызметкерлерге, ардагерлерге, көп балалы отбасыларға және тағы басқаларға заңмен белгіленген жеңілдіктерді қамтамасыз ету де, барлық құқық қорғау органдарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды тіркеу, есепке алу және шешу кезінде заңды сақтау да кіреді. Сондықтан да прокурорлық қадағалау саласына түсетін адамдар да көп.

Соттың және прокуратураның өзінің бақылау-қадағалау уәкілеттіктерін жүзеге асыру әдістері де ерекшеленеді. Сот оларды тек мүдделі тұлғалар бастамасы бойынша, азаматтардан, ұйымдардан келіп түскен нақты өтініштер мен арыздардың түсу шамасына қарай және әдетте сотта істі қарау жолымен іске асырады. Сот заң бұзушылықпен кездесе отырып, өз бастамасы бойынша құқығы бұзылған тарап немесе прокурор сотқа жүгінбейінше оны түзету бойынша өз бастамасымен әрекеттер жасауға құқылы емес. Прокуратура орган оларға қарайтын аумақтағы құқықтық тәртіп жағдайын талдайды, оның талдауы нәтижесінде заң бұзушылықты анықтау және жою бойынша өз қызметін жоспарлайды. Тексеруді бастау үшін прокуратура мүдделі тұлғалардың өтінішін күтуге міндетті емес.

Осылайша қадағалау құзіретін жүзеге асыру нысандарының ерекшелігі прокуратураға, біріншіден, сотты бұл міндеттен босата отырып, соттан тыс, жедел тәртіпте өз бастамасымен және мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша мемлекет пен қоғам мүдделерін, азаматтардың бостандығы мен құқықтарын, заңды бұзуына өз бетіне жол бермеуге, екіншіден, объективті түрде соттың бақылауы мүмкін емес жерде заңдылықтың сақталуын қадағалауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бірқатар мәселелер бойынша соттың заңдылықты бақылауы ерекше сипатқа ие, ал заңды күшке ие болған сот үкімдері мен шешімдері барлығы үшін міндетті. Өз құзыреті бойынша белсенді прокурорлық қадағалаудың және өзінің қорытынды шешімдері

бойынша міндетті болып табылатын сот бақылауының үйлесуі елдегі құқықтық тәртіп пен заңдылықтың нығаюына, сот пен прокуратураның өзара қызметтестігі үшін құрылымдық негіз ретінде қызмет етеді. "Сот және прокурор өзінің процессуалды функцияларын бір біріне тәуелсіз жүзеге асырады. Сонымен қатар В.А. Михайловтың пайымдауынша, прокурорлық қадағалау мен сот бақылауы бір бірін алмастыра алмайтын, процессуалдық қызметтің әртүрлі және автономды түрлері болып табылады" [109, 43 б.].

Олардың әрқайсысы заңнамамен бекітілген шектерде және жағдайларда өз әдістері мен құралдарымен әрекет етеді.

Зандылық, объективтілік, тәуелсіздік, жариялылық, үнемділік, мемлекеттік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны сақтау сияқты қағидаларды орындау қандай да бір дара және жалпылама бақылау органын құруды қажет етпейді. Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленген ережелерді ескере отырып, осы органдардың әрқайсысы өзінің "бақылау" функцияларын орындайды.

Жалпы алғанда, бақылау функциялары туралы келесіні айтуға болады – олардың мәні мынада: уәкілетті мемлекеттік органдары (заң шығарушы, атқарушы, сот билігі) және қоғамдық ұйымдар ұйымдық-құқықтық әдістері мен құралдарын қолдана отырып, бақыланатын органдарда және олардың лауазымды тұлғаларының қызметінде қандай да бір заң бұзушылықтардың жол берілмегенін анықтайды, және егер мұндай жағдайлар орын алса, оларды дер кезінде жояды, бұл ретте бұзылған құқықтар қалпына келтіріледі, кінәлі тұлғаларды жауапқа тартады, заңды, құқық тәртібін және ережелерді бұзуға жол бермеу шараларын қолға алады.

Сот билігінің бақылауы сияқты, мұндай процессуалды институт табиғатын айқындау үшін сот бақылауы мен сот төрелігінің өзара қатынасын талдау қажет. Қазіргі сәтте қылмыстық-процессуалды әдебиетте осы мәселе бойынша бірнеше позициялар қарастырылуда.

Бірінші позиция. Сот бақылауы – әділ сотты жүзеге асырудың ерекше нысаны [161, 37 б.]. Осылайша Н.Н. Ковтун сот бақылауына тән құқықтық қасиеттер мен белгілерге байланысты, ол қылмыстық сот ісін жүргізу саласында әділ сотты жүзеге асырудың ерекше, дербес нысаны болып табылады деп тұжырымдайды [162, 27 б.]. А.П. Гуськова бұл мәселе бойынша былай дейді: "Бүгінде саналы түрде әділ соттың шекаралары кеңейтілуде, себебі сот сапалы тұрғыда жаңа функцияны – сотқа дейінгі іс жүргізуде сот төрелігін жүзеге асыру функциясына ие болды" [163, 13 б.].

Айтылған позиция, біздің көзқарасымыз бойынша, толығымен дұрыс деп айтуға келмейді. Әділ соттың функциясының негізгі мазмұны – тараптардың ұсынған дәлелдерін соттың тікелей зерттеуінен және істің мәнін толық шешу, яғни айыпкердің кінәсі (немесе кінәсіздігі) туралы мәселені шешуде және оны кінәлі деп тапқан жағдайда оған жаза белгілеуде болып табылады. Сотқа дейінгі іс жүргізуде бақылау қызметін орындай отырып, сот, біріншіден кінәлілік (кінәсіздік) туралы мәселені шешпейді және жаза тағайындамайды, екіншіден, бұл қызметті соттың істі қарауы деп толық атауға болмайды.

Екінші позиция. Соттың бақылау функциясы әділ сотқа қатысты бағынышты болып табылады. Мұндай позицияны Н.А. Колоколов ұстанады [164, 44-45 б.]. Өз позициясының негіздемесі ретінде автор келесі дәйектерді алға тартады: 1) бақылау функциясын сот билігінің сот органы және дара әділ сот органы жүзеге асырады; 2) бақылау функциясын жүзеге асыру олардың бекіткен тәртібінде, заңмен қарастырылған нысанда іске асырылады; 3) алдын ала тексеру қатысушыларының өтініштері, арыздары немесе шағымдары болған жағдайда ағымда соттың бақылау функциясын жүзеге асыру процедурасы мен сот бақылауының түрлерін конституциялық және қылмыстық-процессуалды заңнамамен анықтау; 4) заңнамада сот бақылауының кезеңдерін нақтылау.

Біздің пайымдауымызша, автор позициясы толық негізделмеген. "Әділ сот" және "сот бақылауы" сияқты процессуалдық категорияларды салыстыру кезінде аталған пайымдарды негіз ретінде алуға және осылайша сот бақылауын сот төрелігіне бағындыруға болмайды.

Үшінші позиция. Сот бақылауы өз алдына дербес функция болып табылады [165, 22 б.]. С.З. Зиманов сот бақылауын әділ сотпен қатар, сот билігін іске асыру әдістерінің бірі деп санайды. Автор сот бақылауы адам құқығының негізді шектелуі мен заңдылығын қамтамасыз ететін, қорғаныс сипатындағы шара ретінде әрекет ететінін айтады [166, 98 б.]. В.А. Азаров пен И.Ю. Таричко сот бақылауының соттың жеке функциясы, сот билігінің іске асыру құралы болып табылатынын айтады, бұл ретте "әділ сот" соттың аталған бақылау құзыретін қамтымайды [165, 181 б.].

Аталған позиция, біздің ойымызша дұрыс көрінеді. Алдын ала тексерудегі сот бақылауы осы сөздің классикалық мәнінде сот төрелігі болып табылмайды, ол сот билігінің өз алдына жеке әрі ерекше функциясы түрінде беріледі, себебі шын мәнінде істі шешуде қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңдерінде қабылданатын шешімдермен де, жүзеге асырылатын соттық әрекеттердің сипатымен де байланысты емес.

"Курс советского уголовного процесса" авторлары әділ сотқа мынадай анықтама береді – ол соттың заңнамалық шартты процессуалды нысанында мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген, жалпыға міндетті шешімдерді (әділ сот актілерін) шығарумен, қылмыстық істерді қарастыру және шешу бойынша жүзеге асыратын қызметі [51, 26 б.]. Бұл анықтама әділ соттың маңызды құрамдас бөлігі – мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген, жалпыға міндетті шешімдерді, кінәлілік пен жауапкершілік туралы шешімдерді шығаруды көрсетеді [165, 135 б.], ал ол сотқа дейінгі іс жүргізуде соттың бақылау құзыретіне кірмейді. Осы тұрғыда Т.З. Зинатуллиннің пікірін атап өтуді жөн көрдік, ол былай дейді: "Әділ сот ол ең маңызды деген, жеке алғанда қылмыстық іс бойынша бірінші инстанция соттарының процессуалдық қызметі болып табылады. Қалғаны қылмыстық іс бойынша әділ сот функциясын жүзеге асырудың шекарасының сыртында қалады" [167, 12 б.]. Демек әділ сот қылмыстық процестің сот кезеңдерінде өздігінен іске асырылып, оның өзегін құрап, басты мақсаттарын: шындықты анықтау, кінәлі

тұлғаларды табу және оларды әділ жазалауды орындауды қамтамасыз етеді [165, 139 б.].

Осылайша қылмыстық процесте сот билігін жүзеге асыру тек әділ соттың нысанында ғана емес, сонымен бірге соттың жеке функциясы болып табылатын, сотқа дейінгі өндірістің заңдылығын сот бақылауының әртүрлі нысандары түрінде де жүреді. Бұл функцияның мақсаты – алдын ала тексеру мен тергеуді жүргізетін органдардың және азаматтардың бостандығы мен конституциялық құқықтарын шектеуші прокурорлардың процессуалды шешімдерінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін тексеру, осылайша қылмыстық сот ісіне тартылған тұлғаның заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады.

Сот бақылауы қандай да бір шекте сот билігін іске асырудың барлық нысандарында болады. Алайда сотқа дейінгі өндіріс барысында сотпен жүзеге асырылатын бақылау барынша ерекше. Ол әкімшілік әділдікке тән осы қатысушылардың құқығы мен бостандығын бұзатын, зиян келтіретін және басқа әдіспен шектеуші тергеушінің, анықтаушының және прокурордың шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының арыздарын қарастыру нысанында ғана емес, сонымен қатар азаматтардың бостандығы мен конституциялық құқықтарын шектеуші алдын ала тексеру, жекелеген актілеріне рұқсат беру нысанында да жүзеге асырылады.

Сот қызметінің аталған түрлерінің әрқайсысы олардың шешетін міндеттеріне байланысты өз ерекшеліктеріне ие және осы ерекшеліктерге сәйкес процессуалды нысанда жүзеге асырылуы тиіс. Бір жағдайларда, сот бақылауының процессуалды нысаны – қылмыстық процесс қатысушысының бақылау өндірісінің туындауының міндетті шарты ретінде өтініш қарау тәртібін, нысаны, арызды қарау мерзімі мен процедурасын қамтуы қажет. Басқа жағдайларда, процессуалды нысан – азаматтардың конституциялық құқықтарын шектейтін, тергеу әрекетінің өндірісі туралы шешімдерді қабылдаудың ерекше механизмдерінде болады. Сот бақылауының процессуалды нысаны сотпен қабылданған шешімді шағымдау процедурасын, соттың өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыруы кезінде әрекеттердің заңдылығын қарастыруы және кепілдеуі қажет. Процессуалды нысан тұлғаның құқығы мен бостандығын қамтамасыз етудің заңды кепілдіктерінің бірі болып табылады, ол мемлекеттік органдар қызметі тиімділігінің артуына, лауазымды тұлғалар жауапкершілігінің артуына жағдай жасайды, олардың әрекеттерін бақылауды жеңілдетеді, қателіктерге жол бермейді, заңның сақталуын қамтамасыз етеді.

Халықаралық құқықтың нормалары отандық заңнамамен салыстырғанда артықшылықты мәнге ие болғанда, сот бақылауы белсенді жетіле бастады, жаңа түрлер мен нысандарға ие болды. Алайда сот бақылауының түрлері туралы айтпас бұрын, оның белгілерін бөліп, оның анықтамасын нақты мазмұнға сыйғызу қажет. Жалпы бақылаудан ерекшелігі – сот бақылауына тек оның өзіне ғана тән сипаттамалар тән.

Біріншіден, бұл қызметті тек соттар ғана жүзеге асырады.

Екіншіден, сот бақылауын жүзеге асыру нәтижесінде сотпен шығарылатын шешімдердің жалпыға міндеттілігі.

Үшіншіден, сот бақылауының нысаны – азаматтардың бостандығы мен конституциялық және басқа да құқықтары.

Төртіншіден, сот бақылауының нысаны – азаматтардың құқықтары мен конституциялық құқықтарын бұзатын немесе шектеуші, алдын ала тексеру жүргізушілердің әрекеттері.

Н.Г. Муратова басқа пікірді ұстанады. Ол сот бақылауы қылмыстық сот ісін жүргізудегі сот билігін іске асыруға бағытталған, қылмыстық сот ісін жүргізудің қағидасы болып табылады [168, 113 б.] деп көрсетеді. Бұл пікірмен біз толық келісе алмаймыз.

Қылмыстық іс жүргізу қағидалары – бұл қылмыстық істерді шешу және тексеру бойынша қызметтің әлеуметтік маңызын және саяси бағытын анықтайтын қылмыстық-процессуалды құқықтың негізгі идеялары [169, 162 б.]. Қылмыстық сот ісін жүргізудің қағидаларын іске асыру қылмыстық іс өндірісінің міндеттеріне қол жеткізуге жағдай жасайды. Сонымен қатар олардың негізінде өзара жиынтықты танылуы тиіс, қылмыстық процесс қағидалары құрылатын талаптар болады.

Қылмыстық сот ісінің негізін салушы ережелердің санатына сот бақылауын жатқызуға болмайды деп есептейміз, өйткені соттың бақылаушы функциясы қылмыстық процестің бірінші деңгейдегі белгілерін анықтамайды және жалпы процессуалды сипатқа ие емес, яғни қылмыстық процестің барлық кезеңдерінде және пішіндерінде міндетті түрде көрінбейді.

Дәстүрлі түрде сот бақылауының келесі нысандарын ажыратуға болады.

1. Соттың алдын ала (рұқсат ететін) бақылауы алдын ала тексеру жүргізуші лауазымды тұлғалардың азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеумен (мысалы, қамау және т.б.) байланысты процессуалдық және жедел әрекеттерді жүргізу туралы өтініштерін қараудан және рұқсат етуден тұрады.

2. Тергеу кезеңінің шегінде кейінгі бақылау анықтаушының, тергеушінің, прокурордың азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзатын негізсіз шешімдеріне және әрекеттеріне шағымдарды соттың қарауынан және шешуінен тұрады (мысалы, тергеушінің істі дұрыс тоқтатпауына шағымдар және т.б.).

3. Сот процесінің сатыларына кейінгі бақылауы – бұл тергеу кезінде, сот талқылауының барысында және процестің кейінгі кезеңдерінде жол берілген бұзуларды айқындау [170, 75 б.].

В.А. Азаров және И.Ю. Ткаченко сот бақылауы келесі нысандарды көрінетіндігін көрсетеді:

- тергеу әрекеттерін жүргізуге және азаматтардың мүдделерін қозғайтын процессуалды мәжбүрлеу шараларын қолдануға рұқсат алу туралы алдын ала тергеу органдарының өтініштерін қарау;

- тергеу органдары мен жедел іздестіру қызметі субъектілерінің атқарған қызметтеріне заң күшін беру, онсыз осы әрекеттердің нәтижелеріне дәлел мәртебесін беру мүмкін емес;

- алдын ала тергеу барысында процеске қатысушылардың маңызды құқықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе сот төрелігіне қол жеткізуді қиындататын тергеу органдарының шешімдеріне және әрекеттеріне тұлғалардың арыздары мен шағымдарын қарау.

Дәлелдемелердің сапасын бақылау – толассыз сипатқа ие және процестің әртүрлі кезеңдерінде іске асатын сот бақылауын жүзеге асырудың ерекше формасы [165, 159 б.].

Әртүрлі авторлармен бөліп көрсетілетін сот бақылауының нысандары көп жағдайда ұқсас. Келтірілген көзқарастың әрқайсысында алдын ала тергеуді жүзеге асыратын органдардың өтініштерін қарауға негізделетін алдын ала бақылау секілді сот бақылауының осындай нысаны орын алады. Біз сот бақылауының көрсетілген нысанын бөлу толық негізделмеген деп есептейміз, өйткені бұл жағдайда сот "таза түрде" бақылау қызметін жүзеге асырмайды, тек мысалы, тұлғаны қамауға алуға рұқсат береді. Алдын ала тергеу және анықтау органдарының өтініштерін қарау бойынша сот қызметі соттың бақылау функцияларының аясында рұқсат етуші болып табылатындығы ой тудырады.

Қылмыстық істі қозғау және тергеу қылмыстық іс бойынша істің сотқа дейінгі кезеңдері болып табылады, оның негізгі мақсаты қылмыстық істер бойынша әділ сотты тиімді жүзеге асыру үшін шарттарды қамтамасыз етуден тұрады. Айыптау актісімен қылмыстық іс материалдарын сотқа бергеннен кейін нақ осы орган сот отырысында оның барлық жағдайларын зерттеу негізінде істі шеше отырып, сотқа дейінгі істің процессуалдық актілерін және басқа материалдарын тексеруді жүзеге асырады. Бұл жағдайда сот, соның ішінде мүдделі тұлғалардың шағымдары және бостандықтарын шектеумен байланысты тергеу органдарының осындай әрекеттерін және шешімдерін тексереді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқтағаннан кейін сот бақылауын жүзеге асыру өздігінен сот қорғауына құқықты бұзу ретінде бағалана алмайды, өйткені оны кепілдендіретін Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы осы құқықты жүзеге асырудың нақты процедураларын анықтамайды, қылмыстық істі сотқа бергеннен кейін де алдын ала тергеу органдарының әрекеттеріне және шешімдеріне шағымдарды соттың тексеруі мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Бірақ егер тергеу органдарының тиісті әрекеттері және шешімдері қылмыстық-процессуалдық қатынастарды ғана қозғамай, сондай-ақ тұлғаның конституциялық құқықтарын және бостандығын елеулі түрде шектей отырып, шектен шығатын салдарларды туындататын болса, сот талқылауы кезеңіне дейін осындай әрекеттердің заңдылығын және негізділігін тексеруді кейінге қалдыру нұқсан келтіруі мүмкін, оның орнын толтыру болашақта мүмкін болмай қалады. Бұл жағдайларда қылмыстық істі қарау кезінде, істің келесі кезеңінде ғана орын алатын сот тарапынан алдын ала тергеу органдарының әрекеттерін және шешімдерін бақылау бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің тиімді құралы болып табылмайды және сондықтан мүдделі жеке

тұлғаларға тергеу барысында сотқа дереу шағым беру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Сот төрелігіне қатысты сот бақылауы ескертуші және құқықты қамтамасыз етуші сипатқа ие болатындығын ескерумен сот-бақылау ісіне қатысушы адвокат әрекетінің тактикасы оның қылмыстық іс бойынша жалпы позициясымен анықталады.

Қылмыстық істе қорғаушы (өкіл) рөлінде бір адвокат қатысатын болса, ал қандай да бір себептер бойынша сот-бақылау ісінің (істерінің) аясында аталмыш функцияларды жүзеге асыруға басқасы (басқалары) тартылған болса, онда олардың барлығы бірыңғай стратегия аясында әрекет етуге міндетті, өйткені заң бойынша оларға бір тұлғаның мүдделерін таныту функциясы жүктелген.

Сот-бақылау іс жүргізуінде қорғаушы, жәбірленуші өкілі, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер қатысуын болдырмайтын жағдайлар ҚР ҚПК Қорғаушыны, жәбірленушінің (жекеше айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету деп аталатын 94-бапта былай делінген:

"1. Қорғаушы, сондай-ақ жәбірленушінің (жекеше айыптаушының), азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі мына мән-жайлардың кез келгені болған кезде:

1) егер ол бұрын іске судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, куә, сарапшы, маман, аудармашы немесе куәгер ретінде қатысса;

2) егер ол осы істі тергеп-тексеруге немесе соттың қарауына қатысқан немесе қатысып отырған лауазымды адаммен туыстық немесе басқа да жеке тәуелділік қатынастарда болса;

3) егер ол қорғалушымен немесе сенім білдірушімен мүдделері қарама-қарсы адамға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұрын көмек көрсеткен болса, сол сияқты мұндай адамдармен туыстық немесе өзге де жеке тәуелділік қатынастарда болса;

4) егер ол заңның немесе сот шешімінің күшіне орай қорғаушы немесе өкіл болуға құқылы болмаса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қорғаушыны, жәбірленушінің (жекеше айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілін қатысудан шеттету туралы мәселені – прокурор, ал сотта іс жүргізу кезінде істі қарайтын сот шешеді".

Процесс қатысушыларының конституциялық және процессуалдық құқықтары бұзылған жағдайда мүдделі тұлғалар, олардың қорғаушылары (өкілдері) анықтаушы, тергеуші мен прокурор шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымды бірден береді.

Қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының конституциялық және процессуалдық құқықтары бұзылмай лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым беру тәжірибесін жарамсыз деп тану керек.

Соттық бақылау – бұл азаматтардың конституциялық және басқа құқықтарын шектейтін қылмыстық қудалау органдарының шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығымен негізделгендігін қамтамасыз ету мақсатында тексеру шараларымен жасалатын сот қызметі.

2.4 Қылмыстық іс бойынша күдікті немесе айыпталушыға бұлтарпау шарасын заңсыз қолданудан келтірілген зиянды өтеу мәселелері

Күдікті мен айыпталушыларға тыйым салынған жағдайда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету ең алдымен қылмыстық сот ісіне қатысушы барлық тұлғалардың тыйым салу шараларына қатысты процесуалдық нысандарын сақтау және аталмыш процессуалды шешімді жүзеге асыру нысандарын ұстану арқылы жүзеге асырылады. Тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот, судья, сондай-ақ қорғаушы өздерінің құқықтарын пайдаланып және міндеттерін орындай отырып, айыпталушы мен күдіктінің құқықтарын заңсыз шектеуге жол бермеулері керек.

Сонымен қатар қылмыстық сот ісі, басқа да кез келген адам әрекеттерінің бірі сияқты қателіксіз болмайды. Көбінесе мұндай жағдайлар қылмысты істі тексеру және ашу бойынша іздеушінің ақпараттық айқындамалары жетіспейтін жағдайда тәуекелге бас тігіп эвристикалық әрекеттер арқылы істі ашуы мүмкін болмағандықтан орын алады [171, 109 б.].

Тыю шараларын қолдану үдерісінде сот ісіне тартылған адамның әртүрлі процесуалдық және материалдық құқықтары бұзылуы мүмкін. Егер кей жағдайда қылмыстық іске қатысушылардың процесуалдық құқықтарын органдардың заңсыз әрекеттері мен шешімдерін жоққа шығару арқылы қалпына келтіруге болатын болса, ал адамның көптеген материалдық құқықтарын бұзылғаннан кейін қайта орнына келтіру мүмкін емес. Егер бұл құқықтарды толығымен қалпына келтіру туралы сөз ететін болсақ, онда заңсыз тыю шаралары арқылы айыпталушының немесе күдіктінің жоғалтқан мүліктік байлықтарын, материалдық құндылықтарын, ақшаларын ғана қайтару мүмкін болады. Адамның мүліктік емес құқықтарының, атап айтар болсақ, бостандығы, жеке басқа қол сұғылмаушылық құқығы, жеке және отбасылық өміріне қол сұқпау, адамгершілік пен намыс, іскерлік беделіне нұқсан келтірілуі т.б. адамға моральдық зардап шектіреді, ол адамның рухани және физикалық күйзелісіне әкеліп соқтырады. Адамды қалыпты жағдайға келтіру, яғни оны құқықтары заңсыз бұзылғанға дейінгі қалпына келтіру мүмкін емес, себебі оның өмірінің жағымсыз рухани күйзелістерін өшіріп тастау немесе оның орнын жағымды эмоциялармен толтыру мүмкін емес. Моральдық зиянды тек ақшалай немесе басқадай материалдық нысанды өтеуге, орнын толтыруға болады. Сондықтан заңсыз шешімдер шығару, әрекеттер немесе әрекетсіздік арқылы келтірілген моральдық зардаптың орнын толтыру мәселелерін айыпталушы мен күдіктінің заңды құқықтарын

қорғауға бағытталған өзінше жеке процесуалдық әдіс және қызмет түрі ретінде қарастырған дұрыс.

Аталмыш мәселені қарастыруды бастамас бұрын, "зиян" және "зардап" терминдерінің мағыналарын және олардың түрлерін анықтап алуымыз қажет. Көп жағдайда бұл сөздер тек ғылыми әдебиеттерде ғана емес, нормативтік актілерде де синонимдер, яғни мәндес сөздер ретінде қарастырылады,

Бұл мәселеге қатысты В.С. Шадриннің пікірінше, қылмыс арқылы тұлғаға "зиян келтіріледі", ол шамасынша қалпына келтіріледі. Ал тұлға өзіне келтірілген зиянның кесірінен зардап шегеді. Зиян және зардап - бір құбылыстың екі түрлі жағын білдіреді десе де болады. Бірақ нақтылы жағдайларға байланысты олардың әрқайсысына сәйкес келетін жақты анықтаудың өзінің мағыналық маңызы бар [21, 136-137 б.].

Аталмыш терминдердің ара жігін ажыратып алу үшін, зиян мен зардаптың түрлерін айқындап алу қажет. Ол үшін алдымен Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (ҚРАК) 917-бабын негізге алуымыз керек, онда зиян тұлғаның және құқықтық тұлғаның мүлікті және мүліктік емес құқықтары мен игіліктеріне келтірілуі мүмкін екені айтылады. Ал айыпталушының мүлкінің азаюы немесе материалдық емес байлықтарынан айырылуы (адамның өмірі, денсаулығы, намысы, адамгершілігі, кәсіби беделі т.б.) зардап мағынасына жатқызылады [172, 655 б.]. Біздің зерттеу жұмысымызда бізді тек жеке тұлға қызықтыратындықтан, құқыққа қайшы әрекеттердің салдарынан ол материалдық зардап шегіп және материалдық емес байлықтары кемиді деген тұжырымға келегенді жөн көрдік.

Материалдық емес зардап материалдық зиянның салдарынан туындайды, оған келтірілген әртүрлі мүліктік зиян негіз болады, себебі ол ақша эквивалентімен өлшенеді. А.Г. Мазаловтың пайымдауынша материалдық ұғымына физикалық тұрғыдан келтірілген зиян да жатады, ал ол қашанда мүліктік зиянға тән ақша бірлігімен айқындалады [173, 163 б.]. Сонымен қатар физикалық зиян моральдық зиян категориясына да жатқызылады, себебі ҚРАК 951-бабы моральдық зиян деген, рухани және физикалық күйзелістерді білдіретіндігін атап көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, физикалық зиян материалдық та, моральдық та тұрғыдан қарастырылған, соның нәтижесінде ол өзінің жеке мағынасын жоғалтады. Егер адамды материалдық дене ретінде қарастыратын болсақ, онда оған келтірілетін физикалық зиян да материалдық болып саналады. Яғни зиянның түрлерін айқындау үшін, материалдық және моральдық зиян категорияларымен шектелеміз.

Қазіргі таңда мемлекеттік органдардың немесе олардың қызметтік тұлғаларының заңсыз әрекеттерінің немесе әрекетсіздігі салдарынан адам құқығына келтірілген зиянды мемлекет тарапынан орнына келтіру отандық заңнамamızда қарастырылған, яғни ол (құқық) азаматтық және қылмыстық-процесуалдық құқық салалары арқылы реттеледі.

Сот ісі органдары мен олардың қызметтік тұлғалары әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан келтірілген зиянды қалпына келтірудің құқықтық табиғатын анықтау және оның қай салаға жататындығына айқындау – ғалымдар арасында ұзақ уақыт бойы дау тудырып келе жатқан күрделі

мәселелердің бірі. Мысалы, Б.Т. Безлепкин: "Қылмыстық іс барысында келтірілген зиянға байланысты қатынастар, қылмыстық жауапқа тарту, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану және соттау бойынша қылмыстық-процессуалдық әрекеттерден бөліп қарастырылмайды", – деп атап көрсетеді. Бұл тек жалпы даму тізбесіндегі бір үзік ғана [147, 72 б.].

Осы пікірді қолдай отырып, В.Я. Понарин оған қатысты бірқатар дәектерді келтіреді. Ақталған адамның зияндарын орнына келтіруга байланысты құқықтық қатынастар қылмыстық–процессуалдық құқықтар нормасымен реттелеген. Аталмыш мәселелер тек қылмыстық істерге қатысты пайда болады. Олардың нысандары – қылмыстық іске қатысушылар мен басқа да қылмыстық іске қатысты тұлғалар. Сонымен қатар, талданып отырған құқықтық қатынастың түрі қылмыстық-процессуалдық басқару әдісіне келіп тіреледі. Биліктік сипатта болғандықтан, бұл қатынас ақталған айыпталушының мүліктік құқықтарын қорғау кезінде іске қатысушыларды заңның қылмыстық-процессуалдық ережелері аясында басқаруға бағытталған [175, 128 б.].

Тергеу сот ісінің заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды қалпына келтіру институтының қылмыстық-процессуалдық негізіне қарсы шыға отырып, К.Б. Ярошенко келесі мәселені атап өтеді: "Зиянды қалпына келтіру туралы нормалар өзінің табиғатына қарай материалдық-құқықтық болып табылады, яғни осының негізінде ол процессуалдық құқық құрамына енгізіле алмайды" [176, 137 б.].

Біздің ойымызша, автордың келтіріп отырған дәлелі, қарастырылып отырған институттың қылмыстық-процессуалдық сипатын жоққа шығара алмайды. Азаматтық құқық нормалары материалдық негіздемелер мен шарттарды бекітеді, мемлекеттік органдар мен қызметтік тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиян бойынша жауапкершіліктер соларға сәйкес реттеледі. Аталмыш жауапкершілікті жүзеге асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылуының процессуалдық тәртібі заңның қылмыстық-процессуалдық нормаларымен басқарылады. Сондықтан біз В.В. Бойцов пен Л.В. Бойцовтың аталмыш құқықтық институттың кешенді сипатта болатындығы туралы пікірлерін қолдаймыз. Ол қатынастар екі қосалқы қатынастар жүйесінен тұрады: материалдық және оларға қызмет ететін процессуалдық ақтау қатынастарынан [177, 41-42 б.].

Қылмыстық сот ісі органдары мен олардың қызметтік тұлғаларының заңсыз әрекеттерінің салаларынан туындаған зияндарды қалпына келтіру институтының екі жақты құқықтық табиғатын ескере отырып, оның қылмыстық процестегі азаматтық талаппен ұқсастығын ескеру қажет. Екі жағдайда да азаматтық-құқықтық мәселелерді қарастыру және шешу қылмыстық істің аясында жүзеге асырылады, онда азаматтық іске тән диспозитивтік қағидасына емес, жариялылық қағидасына басымдық беріледі. Сондықтан азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық нормалардың арақатынастарын айқындау барысында қылмыстық істегі азаматтық талап ету институтының жалпы ережелерін пайдаланған дұрыс,

оған сәйкес азаматтық процессуалдық құқықтар нормасын қылмыстық-процессуалдық құқықтар нормасын толықтыратындай мөлшерде және соңғысының қағидаларына қайшы келмейтіндей дәрежеде қолдану керектігі" көрсетілген [173, 15 б].

Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетінің салдарынан келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар адамдардың тізбегі ҚРҚПК-н 38-бабында көрсетілген. Сондай-ақ, қылмыстық істерді тергеу органдары мен қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері мен шешімдерінің салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтырудың құқықтық негізі – тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасамағанын растайтын және зиянның орнын толтыру қажеттігін көрсететін процессуалдық актілерде көрініс табады.

Келтірілген зияндардың орнын толтыру (өтеу) айыпталушы мен күдіктінің құқықтық мүдделерін қамтамасыз ететін қызмет түрі ретінде жеке құқықтық кепілдеме, сондай-ақ кешенді құқықтық институт болып табылады. Азаматтық құқықтар, нормалар материалдық негіздеме мен шарттарды айқындайды, олар мемлекеттік органдар мен олардың лаузымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту шараларының іске асуына ықпал етеді.

Ақталу құқығының пайда болу негіздері нақтылы (фактілі) және зандылық болып екіге бөлінеді.

Келесі заңсыз әрекеттердің салдарынан келтірілген зияндар нақтылы негіздемелерге жатады:

- 1) соттау;
- 2) қылмыстық қудалау;
- 3) кез келген процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану.

Қылмыстық істерді тергеу органдары мен қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері мен шешімдерінің салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтырудың заңдылық негізі – тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасамағанын растайтын және зиянның орнын толтыру қажеттігін көрсететін процессуалдық актілер. Олар:

1) сотталушы үшін: мемлекетті айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты ақтау өкімі немесе қылмыстық істі тоқтату туралы акт;

2) айыпталушы немесе күдікті үшін: ҚРҚПК баптары негізінде қылмыстық қудалауды тоқтату.

3) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған жеке тұлғалар үшін аталмыш шараларды қолдану туралы сот заңсыз және негізсіз қаулы шығарған жағдайда.

Осы шаралар жүзеге асырылғаннан кейін зиянның орнын толтыру мәселелері тек зиянның орын алуына себеп болған әрекеттер мен шешімдер заңсыз болған жағдайда ғана туындайды.

Б.Т. Безлепкинің пікірінше, "заңсыз" термині бұл жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартуға қатысты қолданылып отыр [178, 91 б].

Бірақ барлық ғалымдар "заңсыз" әрекетке берілген осындай түсініктемемен келісе бермейді. С.В. Нарижний: "зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан, заңсыз қылмыстық құдалау кесірінен тартқан зияндардың орнын толтыру құқығын беретін жағдайлардың санын шектеуден бас тартпау керек. Егер Азаматтық кодекстегі ережені тура мағынасында түсінетін болсақ, онда іс жүзінде ҚПК көрсетілген тәртіп бойынша қамауға алынғандардың, қамауға алынып босатылғандардың барлығына дерлік тартқан моральдық зияндарының орнын өтеу керек болады. Бірақ ондай тұлғалардың көпшілігі алдын ала тергеу барысында (жаңа негіздемелер бойынша) не бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындауға байланысты айыптау үкімімен немесе екінші рет қамауға алынады" деп көрсетеді [179, 77 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізетін органдар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері мен шешімдері олардың заңды кінәлі (біліп) немесе кінәсіз (білмей) бұзуының нәтижесінде орын алады. Тергеушінің (соттың) қылмыстық-процесуалдық заңдарды саналы түрде бұзуы қылмыстық-процесуалдық құқық бұзушылық (заң бұзушылық) болып саналады. Тергеушінің, прокурордың және соттың процесуалдық ережесі бойынша олардан заңнаманы жақсы білуді талап етеді, ал шешім қабылдау кезінде олардың осы қылмыстық-процесуалдық талаптарды орындамауы өздерінің әрекеттерінің зияндылығын біле тұра саналы түрде істеген құқық бұзушылық ретінде бағаланады. Сондақтан қылмыстық-процесуалдық заң бұзушылық дегеніміз – қылмыстық-процесуалды нормаларды саналы түрде бұзу болып табылады [180, 37-38 б.]. Бұлтартпау шараларын қолдану кезінде тергеу (сот) қателіктері негіздемені анықтау кезінде байқалады, өйткені соларға сүйене отырып айыпталушының (күдіктінің) заңға қайшы әрекеттері туралы тергеушінің жасаған қорытындылары нақтылы емес болжамдық сипатта болады. Іске тіркелген материалдардағы дәлелдемелерді бағалай отырып, тергеуші айыпталушының тергеу органдарынан немесе соттан қашып кетуі, шындықты ашуға кедергі келтіреді немесе қылмыстық іспен айналысуы ықтимал деген қате байлам жасауы мүмкін. Егер бұлтартпау шараларының заңсыздығы немесе негізсіздігі бойынша шағымды қарастыру кезінде сотқа не прокурорға тергеушінің тұжырымдарын жоққа шығаратын жаңа айғақтар ұсынылатын болса, онда бұлтартпау шаралары тоқтатылады. Бұл тергеушінің бұлтартпау шараларын қолдануды негіздеу туралы нақтылы заң ережелерін бұза отырып, заңсыз түрде бұлтартпау шараларын қолданғандығын білдіреді. Бірақ мұндай тергеу қателіктерін жібергеніне ол кінәлі емес, себебі ол мұндай шешімді қабылдауға негіз болған қылмыстық айғақтарды бағалау барысында қателесті.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз төмендегідей қорытындылар жасаймыз. Заңсыз бұлтартпау шараларын қолдану садларынан келтірілген зияндардың орнын толтыру (өтеу) айыпталушы мен күдіктінің құқықтық мүдделерін қамтамасыз ететін қызмет түрі ретінде жеке құқықтық кепілдеме, сондай-ақ кешенді құқықтық институт болып табылады. Азаматтық құқықтық нормалар материалдық негіздеме мен шарттарды айқындайды, олар мемлекеттік органдар мен қызметтік тұлғалардың заңсыз

әрекеттерінің салдарынан зияндар келтірілген жағдайда азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту шараларының іске асуына ықпал етеді. Ақталушының өзіне келтірілген зиянның орнын толтырту құқығы кез-келген заңсыз тыйым шаралары қолданылған жағдайда қолданылады және ол ҚРҚПК 38-бабында көрсетілген талаптар бойынша жүзеге асырылады, онда аталмыш жауапкершілікті жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастардың процесуалдық тәртібі реттелген.

ҚРАК 923-бабында көрсетілген тергеу органдары қызметкерлерінің қызметтік тұлғалардың кінәсіне қатыссыз зиянды толық көлемде өтеу туралы талаптарды қате түсінбеу керек, яғни ақталған азаматтарға қатысты қылмыстық қудалау бойынша олар жүзеге асырған процесуалдық әрекеттер мен шешімдердің барлығы заңсыз деп есептелмеуі тиіс. Тергеу шараларын жүзеге асырған тұлғалардың, прокурордың және соттың әрекеттері мен шешімдерінің заңсыздығы нақтылы заң ережелерін бұзушылықпен немесе мемлекеттік орган мен қызметтік тұлға құзіретін асыра пайдаланумен айқындалады. Азаматтың ақталу фактісі оған қатысты қолданылған тыйым шараларының заңсыз болғандығын дәлелдемейді. Ақтау үкімі шығарылған немесе ақтау негізінде қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы қабылданған жағдайда тыйым шаралары жойылады, себебі оны әрі қарай жалғастыру қажет болмайды, яғни шара тоқтатылады, себебі оларды пайдаланудағы мақсаттар мен міндеттер орындалды. Егер қолданылған бұлтартпау шаралары заңсыз болып табылса, онда істі тоқтату бойынша қабылданған қорытынды шешімде бұл жөнінде нақты айтылуы керек.

Жеке тұлға үшін ең маңыздысы және күрделісі – тиісті лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және шешімдерінің салдарынан рухани зиян шегу. Оның ақшалай өтемінің көлемін айқындау үшін моральдық зиянның орнын толтыру бойынша өтемақының ең төменгі межесін анықтаған дұрыс. Бір жағынан, бұл әдіс аталмыш мәселені өз бетінше, қалай болса солай қарастырудың алдын алады және материалдық өтемақының сомасын анықтауда бірізділіктің орнауына ықпал етеді. Сонымен қатар, судьялардың іске қатысты барлық маңызды мәселелерді ескере келе, оларды өзінің ішкі түйсігімен бағалай отырып, әрбір нақтылы істің ерекшелігіне қарай ақшалай өтемақы мөлшерін анықтауларына болады. Екінші жағынан, мұндай тәсіл қылмыстық істі жүргізген қызметтік тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің салдарынан ақталған адамдардың тартқан барлық рухани және дене зардаптарының аз болса да, ең болмағанда нақтылы ақшалай өтемақыларын алуларына кепілдік береді.

3 ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ЖЕКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Қылмыстық процесс нысандарының мәселелері

Қылмыстық іс жүргізудің мақсаттары мен істі жүргізетін мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен қызметінің анықталуы, іс жүргізуде қылмыстық құқық бұзушылықтан зиян шеккен адам құқығының мүддесі немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға айып тағылуына, іс бойынша соттың шығарған шешіміне байланысты түрлі мемлекеттерде тарихтың түрлі кезеңдерінде қылмыстық іс жүргізудің бірнеше нысандарын ажыратады.

Типологияның мәнін асыра бағалау қиын. Ең алдымен, ол төмендегідей анықталады.

1. Қылмыстық сот іс жүргізу типологиясының танымдық мәні зор. Ол студенттер мен құқық қолданушы органдардың тәжірибелік қызметкерлерін қылмыстық іс жүргізу, оның түрлері, маңызды белгілері, заңдылық туралы мақсатты және жүйелі түсінігін қалыптастырады. Типология көптеген

әлеуметтік факторлардың жүйесінде қылмыстық іс жүргізудің типологиясын, оның құқық, ғылым, басқа қызмет саласымен байланысын анықтайды.

2. Типологияның маңызды әдістемелік мәні бар. Ол қылмыстық іс жүргізу саласында әлі анықталмаған заңдылықтардың зерттеу құралы болып табылады. Типология көптеген өзекті қылмыстық іс жүргізу мәселелерін шешу құралдарын: қылмыстық іс жүргізу құқығы әдісін, іс жүргізу қағидаларын зерттеу, субъекті мен іс жүргізуге қатысушылар туралы ұғымды, іс жүргізу түрінің дифференциациясын зерттеуді ұсынады.

3. Типологияның тікелей тәжірибелік мәні де бар. Ол ең алдымен, қылмыстық іс жүргізу құқығы реформасын теориялық негіздеуді құрумен белгіленеді. Қылмыстық іс жүргізу нысандарының сипаттамасы қылмыстық іс жүргізу заңдылығының нақты нормаларын жетілдіру бойынша ұсынымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа типология тікелей құқық қолдану қызметіне ықпал етеді.

Тергеу кезінде жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету қылмыстық іс жүргізу нысанына тікелей байланысты. Сондықтан қылмыстық іс жүргізудің жалпы типін (түрлерін, нысандарын) қарастыру қажет болып табылады.

Жарыспалылық іс жүргізудің түсінігі заң әдебиеттерінде әртүрлі талқыланады. "Жарыспалық" терминінің синонимі ретінде "айыптау" термині жиі қолданылады. Жарыспалық процестің ұғымы кең болып табылады, ол сот ісін жүргізудің бірқатар түрлерін қамтиды.

Жарыспалылық процесс тұтас жүйе ретінде ақиқатта кездеспейді, алайда оның жеке элементтері сот ісін жүргізудің жеке түрлерінің шегінде бар, ол нақты және жарыспалылық моделінде сипатталатын заңдылықтарға бағынады. Заманауи қылмыстық іс жүргізуде жарыспалылық элементтерінің басқарушылық, доминантты мәні бар, ол сот ісін жүргізудің демократиялық, өркениетті және әділдігін көрсетуге басты негіз болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізудің идеалды жарыспалылық түрі төмендегідей түбегейлі белгілермен сипатталады:

1. Айыптау (қылмыстық қудалау) мен қорғаудың қарама-қарсы екі тараптарының болуы. Бұл кем дегенде екі бәсекелес субъектінің болуына байланысты.

2. Іс жүргізу теңдігі немесе тараптардың теңдігі немесе жарыспалылыққа тек тайталас тараптар бірдей жағдайда болғанда, яғни өз заңды мүдделерін қорғау үшін бастапқы мүмкіндіктері бірдей болғанда әділ болып саналады.

3. Тараптардан соттың тәуелсіз болуы, себебі бейтарап арбитрсіз әділ бәсекелестіктің болуы мүмкін емес. Соттың тәуелсіздігі туралы тезистен, біріншіден, жарыспалылық іс жүргізуде сот айыптаушы немесе қорғаушы қызметін атқара алмайды. Ол іске тек айыптау ретінде шығады және де айыптау шегінен шығуға құқығы жоқ. Бұдан екінші аса маңызды қорытынды шығады: жарыспалылық процестің басты итермелеуші күші соттың бастамасы емес, тараптардың айыптау бойынша дауы болып табылады. "Жарыспалылықтың басты қағидасы – ешкім сәйкес айыпталусыз айыптала алмайды, ол қағиданы бұдан сан ғасыр бұрын Цицерон шығарған. Соттың тәуелсіздігі, үшіншіден, тараптардың қызметін орындауға құқығы жоқ тек сот

кана емес, ешбір тарап ешқандай да сот қызметін өзіне жүктей алмайды. Әйтпегенде сот берілген тараптан қатаң түрде бөлінбес еді, ал тарап болса, өзіне-өзі сот болатын еді.

Жарыспалылық процесіндегі көне қағидалардың бірі – "ешкім де өзінің жеке ісінде судья бола алмайды". Үш белгі – тараптардың болуы, олардың іс жүргізу теңдігі мен тараптардан бөлінген соттың тәуелсіздігі – жарыспалылық үшін жеткілікті. Егер бұл белгілер біріктірілсе, онда біздің алдымызда іс жүргізудің жарыспалылық моделі тұрғанында сөз жоқ. Осылайша жарыспалылықты заңды түрде іс жүргізудің идеалды типі деп анықтауға болады, онда тараптардың дауы тәуелсіз сотпен шешіледі.

Кез келеген заңдылық тәртіп, белгілі бір қоғамдық қатынастарға, анықталған құқықтық реттеу әдістерін қолдану нәтижесі болып табылады. Әдісті таңдау реттелетін объектінің ерекшелігіне байланысты, бірақ көп жағдайда, ол қоғамдық мақсаттар мен талаптардың шынайы орын алуына байланысты. Жарыспалылық процесі де осы іспеттес. Олардың тудыратын әдісті шешуі жарыспалылықтың тек заңды мәнін түсінуге ғана емес, оның әлеуметтік және саяси жағдайларын түсінуге көмектеседі.

Сот іс жүргізуінде құқықтық реттеудің екі әдісі бар деп саналады – императивті және диспозитивті. Қылмыстық іс жүргізуде императивтік әдіс басым деп саналады, Алайда жарыспалылық диспозитивтік әдістің бір түрі деген пікір де бар. Аталған екі әдіс те қылмыстық юриспруденцияда бар. Императивтік бастама диспозитивтіге қарағанда жоғары. Бұл құқықтық реттеу объектінің ерекше маңыздылығына шұғыл және нақты әрекет етуді талап ететін қылмыстық құқық бұзушылық жасау мәселелеріне қатысты қоғамдық қарым-қатынаспен байланысты. Алайда аталған екі әдістің құқықтық реттеу мәліметі іс жүргізу салаларының барлық ерекшелігін ескермейді және материалдық құқыққа тән қоғамдық қарым-қатынасқа әсер ету түрлерінің іс жүргізу негізіне ауысу болып табылады. Жарыспалылық іс жүргізуде құқықтық реттеудің орталық әдісі өзге болады. Ол іс жүргізу қатысушыларының қатынасын елеулі заңды мәселелерді шешуде олардың арасында тәуелсіз және қарекетсіз арбитр тұрады. Сондықтан реттеудің аталған әдісін соттық немесе арбитражды деп атауға болады. Оны қолданғанда ешбір тарап басқасына тікелей билік жүргізсе алмайды. Айыпталушыны ықтиярсыз көндіріп, мысалы, еркіндігін қандайда бір шектесе, сотқа сәйкес шешімге жүгінуге мәжбүр болады. Дәл осылайша айыпталушы ықтиярсыз көндіру іс жүргізуді бұзуды сот арқылы талап ете алады. Бірақ соттың өзі билікті шешім қабылдай отырып, императивті әрекет ете ме? Императивті әдісте өкілетті билігі бар субъект мақсатқа қол жетуге тырысады. Егер тараптың талабы бойынша қандайда бір шешім қабылдаса жағдай басқа. Ол тарап өз мақсатына қол жеткізуге тырысады, басқа тарап сотқа билікпен әсер етеді, әрі сот та ол тарапқа әсер етеді. Қарым-қатынастың бұл тәсілі үшін императивтік-бұйрықты кесте жарамайды. Демек, қарым-қатынас негізінде, соның ішінде, "айыптаушы-айыпталушы" берілген жағдайда билік ету-бағыну әдісі емес, басқа әдіс қолданылады. Бұдан диспозитивтік реттеудің белгілерін де анықтау мүмкін емес, себебі шешім тараптардың қалауымен

емес, соттың пікірімен қабылданады. Соттың өзі де тараптардың пікіріне және келтірген дәлелдеріне қатыстылығы бар, сондықтан шешім қабылдауда абсолютті ерікті (диспозитивті) болып мойындалмайды. Тараптардың өз еріктерін білдіруі арбитраждың пікірі мен еркіне қатысты бір-біріне "горизонталды" емес, (диспозитивті реттеуде болғандай) және "вертикалды" да емес, доғалды түрде бағытталған. Бұл әдіс бойынша тараптардың теңдігі де сақталады, ол диспозитивтікке тән және императивтік әдіске тән билікті қарым-қатынас сақталады. Арбитражды әдіс диалектикалық тұрғыда түрде төменгі әдістерді шеттетіп, оларды жаңа үйлесімге ұластырады. Сипатталған әдіс – жарыспалылық сот ісін жүргізудегі қарсы күштердің жүйесін қалыптастырады. Ондай құқықтық реттеу соттың қатысуымен үш субъектілі құқықтық қатынастың пайда болуына әкеледі.

Іс жүргізу тұжырымында XIX ғасырда неміс заңгерлері шығарған (Бетман-Гольвег, Бюлов, Криз, Колер) жарыспалылық іс жүргізу жалпы үш жақты жариялы-құқықтық қатынас ретінде қарастырылады, оның қатысушылары айыптау тараптары мен қорғау тараптары, сондай-ақ сот болып табылады. Бұл теория әдістен құқықтық реттеу пәніне негізсіз ауыстырады. Үш тарапты құқықтық қатынас жарыспалылық іс жүргізудің реттеу әдісінің негізгі әдісін қолданудың нәтижесі. Сондықтан бұл қатынасты орталықты, алайда бәрін қамтитын емес деп санауға болады, ал іс жүргізу ұғымы үш тарапты құқықтық қатынас ұғымымен бірдей емес. Әрекеттен нәтижеге дейін ұғымдардың сәйкессіздігі үш тарапты қатынас теориясының статикалық кемшіліктерінің негізіне себеп болды, оның динамикалық қызметі ретінде іс жүргізудің нақты жағдайын көрсетпеуі прокуратура мен сот қызметінің ресми бастауына түсінік бермейді. Берілген теорияның сынаушылары өздерінің әділ қойылған сұрақтарына жауап берумен қатар, "шаш ал десе, бас алып отыр". Үш тарапты жоққа шығарып, оның қатысушыларының құқықтық қатысуының байланыстығын да құрдымға жібереді: сот пен прокурор, олардың түсіндіруі бойынша, айыпталушы мен қорғаушы алдындағы міндеттері болмайды, ал айыпталушы құқықтық қатынас субъектісінен қайтадан зерттеу объектісіне айналады. Бұдан оңай әрі шұғыл түрде тараптардың қылмыстық іс жүргізуде теңдігі болмайтын болып шығады, демек, бәсекеге түспейтін сипаты, сот пен прокуратура мақсатының бірікпеуін білдіреді. Неміс іс жүргізу ғылымында сыртқы, тіпті декоративті жарыспалылық түрі туралы мәселе көтерілгені кездейсоқтық емес.

Сондықтан іс жүргізу қатынасын реттеу әдісі туралы үш жақты (арбитражды) әдісін айтсақ дұрыс болады. Бұл қылмыстық ізге түсу әрекетінің, кейбір жағдайларда судья әрекетінің (белгілі жағдайларда олардың дәлелді талап етуі т.с.с) ресми болуын жоққа шығармайды, себебі ресмилік бұл жағдайда жарыспалылық іс жүргізуде басқа, императивтік бастаудың қолдануының нәтижесі болып табылады.

Арбитражды әдіс қылмыстық істің басты мәселесі – кінәлілік және қылмыстық жауаптылық туралы айтылғанда қолданылуы орынды. Бұнымен бірге, маңыздылығы сонша, арбитражды әдісінің қажеттілігі оның қандай жағдайда, – алдын ала (бастапқы айыптауды тағу) немесе соңғы (соңғы

айыптау бойынша соттық қарау) болғанына байланысты емес. Бастапқы айыптауды тағу үшін соттың нысаны өзекті мәселе, өйткені алдын ала дайындық кезінде іс бойынша дәлелдемелік база қалыптасады. Жиналатын дәлелдемелердің жан-жақтылығы мен толыққандығын қамтамасыз ету маңызды, себебі соңғы сот қарауы кезінде бұл тым кеш болады. Осыдан әділ сотқа еркін қол жеткізудің жарыспалылық қағидасы шығады. Ол ешбір тарап істің ешбір жағдайында басқа тараптың қарауымен немесе жарыспалылыққа істің басқа қандайда бір қатысушының, тәуелсіз соттың қатысуымен, қылмыстық жауаптылық туралы мәселені қарастыруды білдіреді. Осылайша жарыспалылық тарапынан алғанда, ресми айыпталған тұлғаға тек айыпталушымен, бұл іс жүргізуде сот органының қатысуынсыз талап ету заңсыз. Алайда осы қағидаға сай, сот әділдігіне еркін қол жеткізу үшін айыптаушы да сотта айыпты беру құқығы бар. Сондықтан арбитралды әдіс айып тағу актісіне шағымдануына (бастапқы, сондай-ақ соңғы) кедергі болады. Айыптауға қарсы шағымдарды қарастырудың түрі ол соттық қарау болып табылады, басқаша болғанда, сот әділдігінен бас тартуды білдіретін еді. Сол себепті, реттетудің арбитралды әдісі жағынан, бастапқы айыптауды тағу, соттың қарауына істі беру және оның тағайындалуы туралы шешімдерге шағымдануға жол берілмейді. Жәбірленуші сондай-ақ сотқа және көпшілікті айыптаушының қарауы бойынша соттың қорғауына немесе тіпті соттың қорғау құқығынан айырыла алмайды. Демек арбитралды әдіс айыптаушы немесе сот дауға кедергі болатын немесе істің қозғалуына кедергі болатын, – істі қозғаудан бас тарту, тоқтатылуы туралы, ұзақ мерзімге тоқтатылуы немесе істің тежелуі және т.б., туралы шешім шығарылғанда қолданылады. Бұнымен бірге айыптаушының әрекетіне шағымданудың түрі, ол бірінші сот инстанциясына жүгіну болып табылады. ал сот органының қысқартқан шешімдеріне шағымдану үшін, істі қайта қараудың апелляциялық нысаны сәйкес келеді.

Егер қылмыстық жауаптылық туралы мәселені қарастыруда арбитралды әдіс сәйкес келсе, бұл мәселе бойынша әділ дау, өз кезегінде, сот шешіміне қолданылатын дәлелдемелер туралы тараптардың толық ақпараты қажет. Бұны сондай-ақ, тек арбитралды реттеу әдісімен қамтамасыз етуге болады. Сондықтан сот дәлелдемесі ретінде ақпаратты заңдастыру сот органы тұлғасының және мүмкіндігінше тараптардың қатысуымен жүргізіледі.

Арбитралды әдіс арқылы процесуалды мәжбүрлеуді қолдану туралы мәселелер шешіле алады, яғни жарыспалылық іс жүргізуде тараптардың құқығы тең және сол себепті олардың ешқайсысы басқасына билік жүргізе алмайды. Мәжбүрлі әсер етуге байланысты мәселелер, уақыт болса, сот отырысында шешілуі тиіс (айыптаушыны қамауға алу, сараптаманы тағайындау үшін психиатриялық емдеу мекемесіне жатқызу туралы), шұғыл жағдайда – болған әрекеттерге шағымдану түрінде (тінту, алу) қолданылады. Бұдан басқа арбитралды әдістің көмегімен, қылмыстық қудалау мемлекеттік органдарының өз міндеттерін орындаудан бас тартқанда, процеске қатысушылардың шағымдануын шешуді жүзеге асыруға болады. Басқа шешімдерге шағымдану немесе бәсекелестік нысанда шешім қабылдау артық

және мақсатқа сай емес, ол айыптаушының еркіндігі сотпен шектеліп, дау тудырады. Осылайша мысалы, бастапқы айыптауға берілуге қажетті дәлелдемелік ақпаратты жинауға бағытталған тергеу әрекетінің мәжбүрлі көндіруіне (жауап алу, тексеру және т.б.) қатыссыз айыптаушының императивті реттеуді жүргізуге жол беріледі; қылмыстық іс жүргізуде көпшілікті басқару шешімдерін шығару (істі жүргізуге істі қабылдау, оны тергеу бойынша бағыттау, тергеулік тапсырмаларды жіберу туралы және т.б.). Диспозитивті әдіс жеке тұлғалардың іске асыруы туралы мәселелерді шешумен шектеле алады, өз құқығының іс жүргізу қатысушылары, мысалы, айыпталушы мен қорғаушының қатынасын реттеу және т.б. бойынша мемлекеттік органдардың шешіміне шағымдау.

Сонымен, қылмыстық жауаптылық мәселесіне қатысы жоқ, соның ішінде, дәлелдемелерді заңдастыруда, соның ішінде, бір тараптың басқасын ықтиярсыз көндірумен арбитралды әдістің қолданылуы қажет емес.

Неліктен жарыспалылық сот ісін жүргізу реттеудің басты осы әдісінің үш тарапты құрылымын қажет етеді? Біздің ойымызша, оның себебі, бұл әдіс тек жарыспалылық іс жүргізу мүмкін болатын әлеуметтің көрінісі болып табылады. Істі шешуде жарыспалылық сотқа жүгінетін тараптар айқын әлеуметтік өмірде автономды және бір-біріне сәйкес. Сот іс жүргізудің басқа қатысушыларының талаптарын орындай отырып, тіпті өз билігін шектеуге жүгінеді. Бұл орайда Гегельдің жеке тұлғалардың "еркін субъективтілігі" деп атағанын еске түсіруге болады. Субъективтік еркіндікке жол беретін мемлекет, яғни азаматтардың "өз еркімен, қалауымен" өмір сүру құқығы – Гегель бойынша, тепе-теңдік түрі немесе жеке тұлғалардың мүдделерінің сай болуы. Алайда әңгіме құқықтық мемлекет туралы ғана емес. "Еркін субъективтілік" соттық бәсекелестік классикалық үлгілерін жасаған антикалық өркениеттің ежелгі гректер мен римдіктерді ажыратқан. Тарихта көрсетілгендей, сот ісін жүргізудің бәсекелестік типін тудыратын жеке еркіндік кейде дамудың бастапқы кезеңіндегі елдерге де тән. Мысалы, римдік тарихшы Тациттің жазуынша, ежелгі германиялықтар ұлттық мінезіндегі "ырымшылдық пен жауынгерлік үйлескен жабайы өркөкірек тәуелсіздігімен" ерекшеленген. Үлкен қауыммен өмір сүру олар үшін ауыр болды. Бұл жерде "өз жанын сүйетін талапшылдығы, өзін даралауды сүйетін, түйіндеп буған, мықты рухты германиялық" деген Гегельдің сөзін еске алуға болады. Осындай "қатал сезімталдығы мен жабайылығы" үйлескен жеке дара еркіндік сот ісін жүргізудің ешқандай тәртібімен келісе алмады, тек кінәлаушы "варварлық" түрін ежелгі германиялықтардан көреміз – франктар, бургундықтар, англосактар, нормандар және т.б., сондай-ақ, славян мен кельттерде. Алайда көптеген басқа халықтарда қоғамдық өмірдің тұрақтануы мен либерализация кезеңдері болған, олар әдетте, сот ісін жүргізудің жарыспалылық түріне ауысып отырған.

Қылмыстық іс жүргізу теориясында жарыспалылық элементі ретінде - бәсекеге түсушілердің тең құқылығы аталады. ҚРҚПК 23-бабына сай, сот ісін жүргізу бәсекелестік пен тараптардың теңдігінің негізінде жүзеге асырылады [15]. Осылайша заңнама деңгейінде жоғары заңды күші бар, қылмыстық іс

жүргізуде тараптар соттық және сондай-ақ, іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыда құқығы тең болатын қағида бар. Алайда қылмыстық іс жүргізу заңы тараптардың теңдігін әділ сот қызметін жүзеге асырғанда ғана реттейді, ал алдын ала тергеу сатысында айыптау жағы белгілі бір басымдыққа ие болады.

Тараптардың іс жүргізу теңдігі – айыптаушы мен қорғаушы өз пікірі мен талабын білдіру және қарсы тараптың соттық қарау және алдын ала тергеу сатысында пікір мен талаптарды даулау үшін құқығы тең болуында. Ең алдымен, бұл теңдік тараптардың дәлелдеу кезіндегі қатысу бойынша іс жүргізудің мүмкіндігін білдіреді: жинау, тексеру және дәлелдемені бағалау. Айыптаушының іс жүргізу мәніндегі теңдігі бір жағынан, қорғаушының және айыпталушының, екінші жағынан, сот талқылауында олардың дәлелдеме беру, оған өзінің бағасын беру және қарсы тараптың дәлелдемесін жоққа шығарудың бірдей мүмкіндігін білдіреді.

Қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу мүмкіндігінің және дәлелдеме жинау бойынша айыпталушының теңдігі, тараптардың іс жүргізу теңдігінің элементі болғандықтан, қылмыстық іс жүргізудің тарихи түрінің жарыспалылық қызметтік белгілерінің бірі болады.

Сот отырысында дәлелдемелерді беру бойынша бірдей мүмкіндік олардың жинау мүмкіндігі мен алдын ала тергеуде іс жүргізуді бекіту бойынша бірдей. Іс жүргізу теңдігі туралы қорғаушы айып берілген кезден бастап іс бойынша барлық ақпараты болғанда айтуға болады (немесе күдікті сияқты істің қатысушысы пайда болған сәттен бастап) және тергеушімен бірдей тергеушінің әрекетімен іс бойынша мәліметтерді жинайды.

Бұнымен бірге қолданыстағы заңнама қорғау тарапына анықтау және алдын ала тергеу аяқталған соң барлық материалдармен танысуға құқығын береді. Қорғаушы қорғалушының қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға құқылы және тек сол тергеу әрекеттердің хаттамаларымен танысуға құқылы. Жауап алынатын тұлғаларға қойылатын қорғаушы сұрақтарын тергеуші қабылдамауына болады. Кейбір зерттеушілер адамның құқығын қорғау және айыпталушыға тиесілі негізгі еркіндік Еуропа Конвенциясына сай, айыптаушы сұрақ қоятын жағдаймен бірдей қорғауға құқықтың элементі болып табылады деп есептейді.

Айыптау тергеудің соңында жасалатындықтан, қорғаудың мүмкіндігі шектеледі, бұл айыптау мен қорғаудың теңсіздігін дәлелдейді.

Алқабидің сотта баламалы іс жүргізуі – теңдігі жағынан, әдеттегі сот талқылауынан ерекшеленбейді. Дегенмен заңда прокурордың айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесін беру міндетін қарастыру қажет.

Қолданыстағы ҚРҚПК-сі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қорғаушының құқығын едәуір кеңейтеді. Сөйтсе де бірқатар авторлар жобаны сотқа дейінгі іс жүргізуде жарыспалылық элементтердің жеткілікті өтуін қамтамасыз етпейтінін сынайды. Зерттеушілер қорғаушы берген дәлелдемелерді істің материалына қосу туралы мәселені шешу – тергеуші немесе прокурорға байланысты екеніне, қорғаушының жеке тұлғалардан жауап алу тәртібін белгілейтін ережелердің қалыптаспағанына, мамандардан

пікір алмауына, қорғаушыға назар аударған, бұған қорғаушыға көмек беру міндетіне және т.б. назар аударған.

Қорғаушының барлық тергеу әрекеттеріне қатысуы және іс бойынша барлық дәлелдемелерді білу, бір жағынан, шынайылықты іздеуге (шынайы ақтайтын дәлелдемелер, шынайы емес айыптау дәлелдемелері), ал екінші жағынан, тергеуді дұрыс емес жолға бағыттау қауіптілігін тудыратын еді (мысалы, қорғаушы айыпталушыға бірге қатысушылардың айғақтары туралы ақпаратты, ақтайтын дәлелдемелерді фальсификациялауды хабарлағанда). Демек іс бойынша ақпаратталудың шектелуі орынды шешім болғанын мойындау керек, себебі тергеуші жағынан қызметін теріс пайдалану жағдайлары, қорғаушының жауапсыздық көрсету мүмкіндігімен салыстырғанда әлдеқайда көбірек болады.

Қорғау институтын сипаттау кезінде қорғаушының негізгі міндеті дәлелдемелерді жинау емес, айыпталушыға қарсы табылған барлық материалды ашу болып табылады, соңғысы үшін оның толық ақталуы немесе жауапкершілігін жеңілдетуге едәуір қолайлы.

Алайда ҚРҚПК-сі тергеу әрекетінің іс жүргізу дәлелдемелерін жинауды шектемейді. Дәлелдемелерді жинау тәсіліне, сондай-ақ ұйымдарға, қызметтік тұлғаларға және азаматтарға іс бойынша қажетті мәліметтерді анықтай алатын құжаттарды беру және тағы басқа әрекеттер жатады. Демек бұл құқыққа ие болу үшін қорғаушы ретінде шығатын адвокаттар мен басқа тұлғалардан ешқандай кедергі жоқ.

Сонымен, алдын ала тергеу сатысында айыптаушы тараптардың және қорғау тараптарының іс жүргізу теңдігі айып тағылған сәттен айыпталушы мен оның қорғаушысы тергеуші, анықтау органы және прокурор сияқты көрсетілген мақсатта дәлелдеме жинауға пайдаланатын тәсілдерді қолдануға мүмкіндігі және құқығы бар. Қорғау тарапының өз бетінше дәлелдемені жинау бойынша құқықтық өкілеттігі, біріншіден, оған қажетті мәліметтерді жинау, ал екіншіден, алынған мәліметтерге дәлелдік күшін беру мүмкіндігі болуы керек. Қолданыстағы заңнама бойынша, айыптау тарапы тергеу әрекетінің толық арсеналын қамтиды, ол дәлелдеме алу үшін қолданылады, ал қорғау тарапы, тек сол тергеу әрекетіне қатысуға құқығы бар және тек онда қорғауға алынған адам қатысқанда ғана болады. Қорғау тарапы үшін маңызды мәліметтерді жинау – тек тергеуші рұқсатымен сәйкес тергеу әрекетінің қатысушыларына бағытталған сұрақтар түрінде ғана жүзеге асырылады. Ол сұрақтарға жауаптарды іс жүргізу арқылы бекіту, өз кезегінде, тергеушіге байланысты.

Дәлелдемелерді жинаудың басқа іс жүргізу тәсілі – іске қатысты құжаттарды талап ету адвокаттардың сәйкес құқығы кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың хабар алысу міндеті қамтамасыз етіледі. Егер ол адвокат болмаса, қорғаушы да, айыптаушы да қорғауын өз бетінше жүзеге асыруды шешкен болса, оларға қажетті құжаттарды талап ету бойынша өз құқығын іске асырудың іс жүргізу құралдарын иемденбейді, себебі ол құжаттар бар тұлғалардың міндеті заң бойынша белгіленбеген.

Сот талқылауы сатысында тараптардың теңдігі айыптау тараптарының және қорғаушылардың өтініш беру, дәлелдемелер беру, оларды зерттеуге қатысуға бірдей мүмкіндігі бар болып түсіндіріледі. Алайда алдын ала тергеуде дәлелдемелерді жинау бойынша айыптау тараптарының ерекшелігі сотты талқылау сатысында дәлелдемелерді беру бойынша тараптардың мүмкіндіктерінің теңдігін жояды. Қолданыстағы заңмен қылмыстық қудалау органдарына дәлелдемелерді жинау бойынша іс жүргізудің зор мүмкіндіктері күдіктіге тиесілі олардың жинауы іс жүргізу құралдарымен салыстырғанда, айыпталушыға сайыстық қарама-қарсы белгісін береді – қылмыстық тергеу органдары және күдіктінің, айыпталушының іс жүргізу – құқықтық мәртебесінің теңсіздігі. Ондай теңсіздік іздестірудің мәнді белгісі болып табылады және іс жүргізудің жарыспалылық түрін жоққа шығарады.

Осылайша Қазақстандық қылмыстық іс жүргізуде жарыспалылықты зерттеу келесіні белгілейді. Мемлекетімізде демократиялық қайта құрылулардың басталуымен отандық қылмыстық сот ісін жүргізудің жарыспалылық бастамасын кеңейту бойынша ірі қадамдар жасалды. Күдіктіге, айыпталушыға қорғау құқығын қамтамасыз ету принципі, сотқа қамауға байланысты және қамауға алудың мерзімін ұзартуға шағымдану, алдын ала тергеу органдарының әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағымдану құқығы күдікті мен айыпталушының процессуалдық құқықтық мәртебесін көтерді, ал кейбір жағдайда қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу-құқықтық мәртебесімен тең етті. Белгіленген қылмыстық іс жүргізу нормаларының өте үдемелі мәні бар.

Алайда бұл нормалардың қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізу қылмыстық сот ісін жүргізуде жарыспалылық элементтерін тереңдету емес, кеңейту туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Күдіктінің, айыпталушының және қылмыстық тергеу органдарының іс жүргізу мәртебелерін (жағдайларын) тең етуге бағытталған аталған новеллалар – жарыспалылықтың тек сыртқы өлшемін көрсетеді және қылмыстық іс жүргізудің тарихи түрінің мәндік белгісін көрсетпейді. Осылайша біздің қылмыстық іс жүргізу жарыспалылықтың терең өлшемдерінің болуын күдікті, айыпталушы және қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу мәртебесінің теңдігін сипаттамайды.

Сот талқылау сатысында іс жүргізудің үш негізгі қызметінің толық бөлінбеуі прокурордың айыптау қызметі мен соттың белсенділігі орнына заңдылықты қадағалау қызметімен анықталады, қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу мәртебесі мен осы сатыда сотталатын адамның теңсіздігін көрсетеді. Осылайша қылмыстық іс жүргізуде сот талқылауы, сондай-ақ іздестіру тәртібінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің қолданылатын тарихи типологиясы өз негізінде құқықтың даму көрсеткіші ретінде автономдық жеке тұлға еркіндігінің деңгейі бар, ол әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамға байланысты. Қылмыстық іс жүргізудің бірінші тарихи типінде – жеке-бәсекелестік типінде жеке тұлғаның еркіндік деңгейі ең төмен болған, себебі, адам түрсіз тұқым өкілі ретінде болған. Туыстық қатынастардың аумақтықпен ауысуы алмасу

катынастарының қоғамында тауар өндірушінің сот ісін жүргізудің екінші типте – іздестіруде даралықты құрметтеу және қорғауды көздейді. Бұдан әрі қоғамдық даму жеке тұлғаның ауқымды құқығының қылмыстық іс жүргізу құқығында іске асыруға жетелейді. Адамның еркіндігінің ең үлкен сатысы заманауи қылмыстық сот ісін жүргізуге – жариялы- жарыспалылық типке тән.

Іс жүргізудің жеке-жарыспалылық типі басқаша жеке талап қою немесе айыптық болып аталады. Бұл іс жүргізуді тудырған басты себебі айып болғандықтан атауы мағынасына сай, ең көне іс жүргізу. Бұл іс жүргізуде жарыспалылық сипаты болғандықтан, олардан тәуелсіз сот алдында тең құқықты тараптардың дауын білдіреді.

Жеке-жарыспалылық тип қылмыстық іс жүргізу құқығы дамуының бірінші кезеңін сипаттайды, оның мәні жеке бастаудың көпшіліктіктен басым болуында. Іс жүргізудің жеке құқықтық сипаты қоғамның көпшілік мүддесін түсініп, қорғауға дайын болмауында. Онда алмасу қатынасы емес, туыстық қатынастар басым. Қылмыс әлі күнге дейін бүкіл қоғамға келтірілген зиян емес, жәбірленушінің өз тұқымының өкіліне келтірілген зиян ретінде түсіндіріледі. Осылайша ежелгі ағылшын айыптау іс жүргізуі бойынша тіпті патшасын өлтіргені үшін де епископты өлтіргенмен тең оның тұқымына айып төленеді. Тек бұдан кейінгі құқықтың дамуында патшаның өміріне қастандық ойлау – ақшамен өтелмейтін мемлекеттік қылмыс болды [181, 297 б.].

Қылмыстық іс жүргізу құқығы дамуының бірінші кезеңінде жеке басталуының басым кезінде адамның жеке тұлғасының құқық еркіндігі төмен болғанын айта кету керек. Біріншіден, адам өз тұқымынан бөлінбейді. Екіншіден, құқықтың дамымаған кезінде бір субъектінің жеке мүддесінің үстемдігі басқа тұлғаның жеке мүддесіне зиян келтірген, яғни жүгенсіздікке әкелген.

Іс жүргізудің жеке бастауының басымдығы іс жүргізудің айыптау типінің негізгі белгісі ретінде іс жүргізудің негізгі қатысушыларының жағдайымен: айыптау тараптары, қорғау тараптары және сотпен анықталады. Тарихта орын алаған іс жүргізудің жеке- жарыспалылық типінің қасиеттерін қарастырайық.

1. Айыптау тарапының іс жүргізу жағдайы. Қылмыстан келтірілген зиян бүкіл қоғамға емес, жеке тұлғаға келтірілгендіктен, айыптау тарапында сол жеке тұлға сөз сөйлейді. Жәбірленушінің өзі немесе оның жақындары қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыра отырып, тек өз мүдделері үшін әрекет етеді. Қылмыстық іс жүргізуде ондай айыптау жеке атауын алған. Айыптау қылмыстық талап түрінде жасалады, сондай-ақ, ол жеке болғандықтан, жеке талаптық деп аталады.

Іс жүргізудің бір атаулы типте жеке айыптаушы шексіз еркіндікке ие болады. Оның қарауында іс жүргізудің пайда болуы, бағыты және тоқтатылуы болады. Кез келген уақытта іс бойынша қылмыстық талап талапкер-жәбірленуші арызын қайтып ала алады.

Онымен бірге жеке айыптаушы қылмыстық ізге түсуге қатысты барлық соттық ауыртпалықты өзіне жүктейді. Оған қылмыскерді іздеу мен сотқа әкелу бойынша міндеттер жүктеледі. Сонымен бірге негізсіз айыптау үшін

жауапкершілік жүктеледі. Осылайша ежелгі іс жүргізуде жәбірленуші қылмыстық жазаға тартылған, ал тараптардың теңдігін қамтамасыз ету үшін жәбірленуші де, айыпталушы да бірдей жағдаймен қамтамасыз етілген [181, 186 б.].

2. Қорғау жағының іс жүргізу жағдайы. Қорғау тараптарында айыпталушының өзі немесе оның жақындары сөз сөйлейді (ежелгі заманда қылмыстық құқықта жеке жауапкершілік қағидасы болмаған, ал қылмыскерлік туыстарына жүктелген. Бұл қанмен кек алу дәстүрімен байланысты болған, адамның жеке тұлғасы тайпадан бөлек болмағанын білдіреді. Адам өз бетінше жүрмейді, рудың өкілі болған, оған жеке мүддесінде әрекет ететін жауапкершілік жүктелген). Айыпталушыны жеке қарау оның іс жүргізу мәртебесіне байланысты. Ол істің жүруіне әсер ете отырып, іс жүргізудің субъектісі болып табылады. Оның қалауынан қылмыстық талапты мойындау мен жаза тарту немесе талап арызға қарсы келу байланысты. Айыпталушының іс жүргізу құқығы айыптаушының іс жүргізу құқығымен бірдей. Тараптардың теңдігі олардың құқығының бірдей болуында (тараптар құқығының бірдей болуы ортақ атаудан көрінеді. Орыс айғағы бойынша, екі жақ та талапкер болып аталған (суперник, сутяжник)) [182, 584 б.].

Айыпталушыға, айыптаушыға да іс жүргізудің негізін құрайтын материалды беру міндеті жүктеледі.

3. Соттың іс жүргізу жағдайы. Жеке бастау соттың да жағдайында көрінеді. Сот тек қылмыстық талап қою және оған қарсы келіспеушіліктер шегінде ғана әрекет етеді. Тараптардың әрекеті (талап қоюдан бас тарту, талап қоюды мойындау) сот үшін міндетті. Сот енжар (пассивті) күйі болған. Ол өз қалауымен дәлелдемелерді жинауға құқығы жоқ. Дәлелдеу жұмысын тараптар орындайды. Соттың жеке күйі ежелгі іс жүргізуде жазаны тағайындаған кезінде анық көрінеді, онда ұтылған тарап үкім шығарған судьяны жекпе-жекке шақырған.

Сот айыптау (жеке талап қою) іс жүргізуде сот ісін жүргізудің басты мақсаты болып табылмайтын шынайы әділдікті айқындауға тырыспайды. Расында, даулы материалды құқық қатынасын дұрыс белгілеудің қажеті жоқ, себебі, оның өзі тараптардың қалауына байланысты. Демек ең бастысы – дауласқандардың мәнін анықтап, дауды шешу.

Іс жүргізудің негізгі қатысушыларының жеке жағдайы атақты тарихшы М.А.Чельцов-Бебутов айтқанымен көрінеді: "Кез келген құқық бұзуда үш тарап соқтығысады: талапкер, жауапкер және сот. Әр тарап басқаларына қас болады, Алайда екеуден құралған одақ үшіншісінің есебінен істі шешкен" [83, 652 б.].

Сонымен, айыптау процесінің белгісі жеке бастаудың жариялылықтан басым болуы, ол тараптар мен соттың құқықтық жағдайынан көрінеді. Жеке айыптаушы мен айыпталушы дауда құқығы тең, олар өз қалауымен әрекет етеді, ал сот енжар күйе болады. Аталған белгілердің негізінде жеке жарыспалылық қылмыстық іс жүргізуді қылмыстық іс бойынша жеке

құқықтық ұйым ретінде анықтауға болады, ол енжар соттың алдында құқығы тең тараптардың өз қалауы бойынша әрекетінен көрінеді.

Жеке-жарыспалылық типтегі қылмыстық іс жүргізу цивилистік іс жүргізуден бөлінбейді және сондықтан тек жарыспалылық болып табылады. Жоғарыда аталған барлық іс жүргізудің жеке-жарыспалылық типтік белгілері азаматтық іс жүргізудің заманауи жарыспалылық сипаты болып табылады. Онымен бірге жеке-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізу азаматтық іс жүргізуден бөлек қаралған емес. Жеке-жарыспалылық іс жүргізу іс жүргізудің тарихи типі ретінде екі тарихи түрге бөлінеді: айыптау процесі мен жеке-талаптық. Ең алғаш олардың арасындағы ерекшелікті А.В. Смирнов негіздеген [183, 27-48 б.].

Айыпау процесі ең көне ретінде, жеке тұлғаның табиғи-сезімталдық еркіндігін дамыту сатысымен негізделген, ол өзін жеке тұлға ретінде таниды, тек заң мен діни нормаларды, регламенттейтін іс жүргізуді қабылдамайды. Айыптық іс жүргізудің басты заңды белгісі – оның формализмі, ол ең алдымен, дәлелдемелер жүйесінде анықталады.

Дәлелдемелік жүйе ежелгі айыптық іс жүргізудің сипатты белгісі болып табылады. Қоғам сәйкес танымдық құралдарын білмеген және әділдікті тылсым күштен сұраған. Сондықтан айыптау процесінде дәлелдеу істің мәніне емес, одан тыс құдіретті күштерге бағытталған. Дәлелдеу ретінде жекпе-жекке шығу, ордалиялар (от, су, темірмен сынау арқылы "Құдай сотын" жасау), тазарту анттары жасалған. Қиын сайысты ұтқанға Құдай көмектесті, әділдік соның жағында деп шешкен. Дәлелдеу үрдісі тек формальды түрде болған. Жекпе-жекке шығу, ордалиялар және тазарту анттары күрделі ережелермен жасалған, оны бұзу ұтылғанмен тең болған. Осылайша алқабилер бірге өз антымен дәлелдердің болуына емес, айыптаушы немесе айыпталушының әрекетін мақұлдаған. Сот алдында азғана ауытқу ол тараптың дұрыс еместігін білдірген. Құдіреттің әділетсіз істі қорғауға антты дұрыс қабылдауға жол бермейді деп саналған [181, 189-195 б.]. Осылайша ант және ордалиялар жекпе-жекке шығуды білдірген. Жекпе-жек дәлелдеудің негізгі тәсілі болған. Ортақ билігі жоқ әлеуметтік құрылымдарда даулар татуластыратындардың жекпе-жегі арқылы шешілген. Ордалиялар жекпе-жектің бір түрі болып саналғандықтан, ант та бастапқыда жекпе-жектен ерекшеленбеген [181, 305 б.]. Жекпе-жек дәлелдеу тәсілі ретінде тек тараптар арасында ғана жасалмаған. Осылайша куәгердің қарсылық білдіруі және үкімге жасалатын шағым шешілген. Бұнымен бірге жекпе-жек "бәрінің бәріне қарсы" жеке соғысын жұмсарту тәсілі болған. Айыптық іс жүргізу қанмен кек алуды алмастырады. Екі рудың соғысының орнына олардың өкілдерінің делдалдар алдында бір жекпе-жегі болған. Кейіннен топтық жекпе-жек жеке жекпе-жекке ұласқан. Бұл механизмнің қажетті жағдайымен жасалуы үшін реттелген іс жүргізу мен қатаң формализм қажет [181, 42-43 б.].

Осылайша дәлелдеу қатаң формальды сипаты бар және істің шешілуімен сәйкес келеді. Жекпе-жекте (ордалийде) жеңіске жеткен адам дауда кінәдан таза болып шығады.

Ежелгі айыптау процесі жүйесінің сипаты келесі қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Айыптау процесі объективтік шындыққа қол жеткізе алмаған, себебі сәйкес танымдық құралдар болған жоқ. Сот тараптардан ғана емес (бұл әрине, кез келген сайыстыққа қажет), шындықтан да тәуелсіз болып табылады. Осы себеппен Ю.В. Мещеряков айыптау процесін жарыспалылық деп санамайды, себебі сот іс жүргізу қатынастарына қатысты әрекет қабілеттілігі жоқ. Ол істі шешпейді. "Сот – құдай билеуіне тараптардың жүгіну нәтижесіндегі техникалық тіркеуші". Ал жарыспалылық процесс жердегі әділ сотты білдіреді. Нәтижесінде айыптық іс жүргізу соттың жеребесіне айналады. Осыдан екі қызықты ескерту шығады.

Біріншіден, айыптау процесі формальды дәлелдемелер жүйесін тудырады, себебі, сот формальды негізі бар сайыс нәтижесі бойынша үкім шығаруға міндетті. Демек жекпе-жек нәтижесін бағалау – сот үшін анықталған, яғни олардың алдын ала бекітілген күші бар. "Формальды дәлелдемелер жүйесі – айыптау процесінің іс жүргізудің заңды жемісі, ол іздестіру тәртібін тудырған жоқ, тек еншілігіне алды" [184, 32 б.]. Айтылғандар судьяның жеке тұлғасы еркіндігінің ең төмен деңгейлігін көрсетеді – ол жекпе-жек нәтижесінің қарапайым куәгері.

Басқа жағынан, дәлелдеу қағидасының өте күрделі болуы, судьяға өз қарауымен болған жағдайды түсіндіруге мүмкіндік береді, ал ол дегеніміз судьяның өз бетінше шешім қабылдап, бейберекетсіз нәтижелерді туындатуынан көрінеді. Судьяның жеке пікірі көпшілік мүддесіне зиян келтіреді. Айыптау процесінің дәлелдеу тәртібін түсіндіру еркіндігі ішкі наным бойынша, дәлелдемелер бағасының жемісін білдіреді.

Айыптау процесінен жеке талаптық іс жүргізу жетілдірілген болып табылады және жеке тұлғалар еркіндік шегінің үлкендігін негіздейтін жеке жарыспалылық сот өндірісі типінің ең көне тарихи түрі болып табылады. Адамдар объективтілік шынайылықты түсініп, мойындайды, бұл іс бойынша шындықты анықтауға едәуір қабілетті дәлелдеу құралдарында заңды түрде көрінеді. Жеке талаптық іс жүргізуде ішкі наныммен бағаланатын куәгерлік айғақтар мен құжаттар қолданылады. Іс жүргізу қатысушыларының үлкен еркіндігі істің мәнін түсіндіру мен "тым болмаса дәлелдемені бағалауда" соттың белсенділігімен көрінеді [184, 43 б.].

Қалғанында жеке талаптық іс жүргізу айыптау процесі секілді жеке айыптаушының болуымен, тараптардың құқықтарының бірдей болуымен, дәлелдерді жинауда соттың енжарлығымен көрінеді. Жеке талаптық іс жүргізу – бұл сот ісін жүргізуде едәуір заманауи және жеке-бәсекелестік типіндегі өркениетті іс жүргізу.

Іс жүргізудің жеке-жарыспалылық типінің түсінігі мен сипаттамасынан соң оның түрлерін көрсету керек. Жеке-бәсекелестік іс жүргізу түрін оның "ұлттық" белгілері бойынша сыныптауға болады.

Қылмыстық іс жүргізудің жеке-жарыспалылық типі кез келген қоғамның қылмыстық іс жүргізу құқығының алғашқы даму кезеңін сипаттайды. Алайда әр қоғам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу тәртібінде құқық ерекшелігін

негіздейтін өзінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері бар. Бұл негізде ағылшын, француз, герман және басқа да жеке-жарыспалылық іс жүргізу аталады.

Жоғарыда аталған қылмыстық іс жүргізу жүйелерінің жіктелуі негізінде көптеген мемлекеттердің жеке-жарыспалылық іс жүргізу түрлерін үш топқа ортақтастыру оңтайлы болып табылады: жалпы құқық елдерінің жеке-жарыспалылық іс жүргізуі, романо-германдық жеке-жарыспалылық іс жүргізуі және қарапайым құқықтың жеке-жарыспалылық іс жүргізуі.

Жеке-жарыспалылық іс жүргізу құлиеленушілік қоғам мен ерте заманғы феодализмге тән болған деп саналады. Ежелгі жеке-бәсекелестік іс жүргізудің өкілдері Ежелгі Грецияда, Ежелгі Римде, XI–XII ғасырларда Киевтік Русьте, XII ғасырға дейін Англияда, XI–XII ғасырларда Францияда, X–XIII ғасырларда Германиядағы іс жүргізулер болып табылады.

Жеке-бәсекелестік Англиялық іс жүргізуде 12 ғасырда II Генрих кезінде алқаби арқылы аса ауыр қылмыстарды тергеу жүргізу пайда болғанша өмір сүрген. Англиялық жеке-бәсекелестік іс жүргізудің ерекшелігі жекпе-жектің болмауында. Жекпе-жекті Англияға нормандық жаулаушылары әкелген және ол XI–XII ғасырлардан кейін қолданыла бастаған [181, 307-331б.]. Іздестірумен бірге қолданыла отырып, жеке-жарыспалылық бастауы Англияда XIX ғасырға дейін басым болған.

Ортақ құқық елдерінде жеке бастау әлі күнге дейін анық көрінеді және іс жүргізуде жеке-жарыспалылық типінің белгілері көрінеді, мысалы, кінәні мойындау туралы мәмілелері.

Классикалық жеке-жарыспалылық тәртіп сот жекпе-жегімен бірге формальды түрде Англияда 1818 жылға дейін, Вестминстерский сотының мекемесінде "сот дауы" болғанға дейін қолданылған. Адамды өлтіру қылмысын жасағаны үшін айыпталған айыпталушы Торнтон ескі қағидаға сүйеніп, ол істе айыптаушы Эшвордты соттық жекпе-жекке шақырды. Бұл қылығымен сотты наразы етті. Сот жекпе-жекке шақыру құқығы бола тұра, Эшвордтың кәмелет жасына толмағанын айтып, оны қолданудан бас тартты [181, 313 б.].

Онымен бірге ешбір жерде тек айыптық немесе жеке талаптық іс жүргізу жоқ, себебі көпшілікті мүдделер рөлі тез танылады. Дамудың алғашқы кезеңінде қылмыстық іс жүргізу құқығы белгілердің басым жинағы бойынша жеке-жарыспалылық типке жатады. Алайда кез келген нақты жеке-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізуге қандай да бір іздестіру элементтері жатады.

Осылайша Ежелгі Грецияда жеке және мемлекеттік іс бойынша іс жүргізу бөлінген. Алайда екеуінің арасында анық ерекшелігі көрінбеген. Таңдау айыптаушының жеке қарауында болған. Жеке істер бойынша іс жүргізу айыптық болған. Жауапкер болмаса, қылмыс болса да іс қозғалмайды. Грецияда мемлекеттік іс бойынша халықтың айыптау институты дамыған, айыптаушы азамат болған, Алайда көпшілік мүддесін білдірген.

Классикалық жеке-жарыспалылық іс жүргізу XI–XII ғасырларда Францияның іс жүргізуінде болған. Алайда онда іздестіру элементтері бар. Олар талқылау іс жүргізуде қылмыскер қылмыс үстінде ұсталғанда анық

көрінеді. Қылмыста сезікті болған тұлғаларды сынауда тараптардың толық теңдік қағидасы бұзылады, себебі тек біреуі ғана қолданылады. Бұл жерде сынаудан ордалияны ажырату қиын [181, 196-205 б.].

Мұсылмандық қылмыстық іс жүргізу жеке-жарыспалылық болып қалған. Онда мойындаулар, ант, алқаби айғақтары – айыптау процесі элементтері қолданылады. Жалпы дәлелдемелер ішкі наным бойынша бағаланады. Алайда ол тараптардың дәлелдемелік қызметінің белсенділігі емес, сот танымындағы мистикалық "ашық айтумен" негізделген [183, 192 б.].

Жеке-жарыспалылық іс жүргізудің жағымды тұстары келесідей:

1. Ежелгі жеке-жарыспалылық іс жүргізу іздестіру ісін жүргізудің және замануи жариялы-жарыспалылық іс жүргізудің қайта түрленуінің негізі болып табылады. Осылайша жеке-жарыспалылық типте формальды дәлелдемелер теориясының негізі бар.

2. Жеке-жарыспалылық іс жүргізу қазіргі уақытта да көрініс тапқан. Айыптық іс жүргізу дәлелдемелерін формальды бағалау кейде азаматтық іс жүргізуде қолданылады (мысалы, куәгерлік айғақтарды қолдануға тыйым салу) [183, 36-37 б.]. Азаматтық іс жүргізудің өзі жеке-жарыспалылық типке жатады. Қазақстандық қылмыстық іс жүргізуде жеке айыптау іс бойынша іс жүргізу бар (ҚРҚПК 32-бабы). Ол бойынша қылмыстық іс жәбірленушінің шағымы болғанда қозғалады және ол оның айыптаушымен келіскен жағдайында тоқтатылады.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы дамуының екінші кезеңі қылмыстық іс жүргізудің іздестіру типін сипаттайды. Іздестіру көпшілік мүддесі үшін шындықты іздеу ретінде аталған іс жүргізу түрін анықтайды.

Жеке-жарыспалылық іс жүргізудің іздестірумен алмасуы заңды болды. Айыптау процесінде адамның жеке тұлғасына еркіндік тым аз берілген. Қоғам қанды туыстық қатынастармен негізделген, онда адам өз "руының" өкілі ретінде шыққан. Осы себеппен іс жүргізудің субъекті адам емес, ру болған. Қоғамның дамуына қарай алмасу қатынасы бекіп, жеке тұлғалық еркіндік күшейеді. Ондай қоғамда адам белгілі қызмет атқарып, нарық қатысушысы болады. Қылмыс жәбірленуші мен оның руына ғана емес, нарыққа қатысушыларға, бүкіл қоғамға зиян келтіріледі. Қылмыстық қоғамның қауіптілігі адамның жеке тұлғасын қорғау (тауарды өндіруші) және қылмыскердің ізіне түсу ортақ іске айналады [181, 211 б.]. Бұл ортақ істі орындауды мықты орталықтандырылған мемлекет өзіне жүктейді, ол жеке тұлғалардың жеке мүдделерін көпшілік игілігіне құрбандыққа шалады.

Қылмыстық іс жүргізу әдебиетінде іздестіру іс жүргізу белгілері ретінде мыналар көрсетілген: 1) айыптау, қорғау, істі шешу іс жүргізу қызметтерінің араласуы; 2) тараптардың болмауы; 3) іс бойынша қозғалыс көзі болып табылатын, заңның жеке еріксіздігі; 4) зерттеу объектісі ретіндегі, айыпталушының жағдайы; 5) дәлелдемелерді бағалаудың формальды жүйесінің болуы.

Тарихи типологияға қолданылатын тәсіл іс жүргізудің іздестіру типінің мәні мен оның негізгі белгісі, жариялықтың бастамасы жекені өзіне сіңірумен түсіндірілдеді. Бұл негізгі белгі іс жүргізудің негізгі қатысушыларының іс

жүргізу жағдайында көрінеді. Жариялы бастаумен жәбірленушінің, айыпталушының жеке тұлғалары, судьяның да жеке тұлғасы басылады. Осыдан іздестіру іс жүргізуінің барлық сипаттары пайда болып, негізделеді.

1. Қоғамдық-қауіпті істен зардап шегетін қоғам болып түсіндірілетіндіктен, тікелей жәбірленуші хабар берушінің ролін атқарады. Хабар берушінің қылмыстық істің қозғалуына әсер ететін іс жүргізу құқығы жоқ. Ол іс жүргізудің міндетті қатысушысы емес, себебі іс жүргізудің басталуына формальды айыптаудың қажеті жоқ. Айыптау себеппен алмасады. Істің қозғалыс көзі заң болып табылады. Хабар берушінің жеке тұлға еркіндігі жоққа шығарылады, оған іздестірудің соңғы амалдарында қылмыстық жауапкершілікке тартумен қорқытып, хабарын дәлелдеу міндеті жүктеледі. Оны сондай-ақ азапқа тартуы мүмкін.

2. Айыпталушы зерттеу объектісі күйінде болады, ол қылмыс туралы құнды ақпараттың иесі. Ақпаратты алу үшін қиын мәжбүр етулер қолданылады. Айыпталушы кінәлі болып танылуы мүмкін. Жоғары мүдделер үшін ол жауап алуда өздігінше бәрін айтуы керек. Тарихта өзі жасаған қылмысы туралы сәйкес емес және жалған айғақтар берген жағдайлар белгілі. Іс жүргізудегі объектінің жағдайы, айыпталушы мен процесті жүргізуші лауазымды адамның теңсіздігін білдіреді. Ондай заңды мәртебеде айыпталушы да, жәбірленуші де тараптар болып санала алмайды.

3. Мемлекеттік мүдделерді орындау үшін сот объективті шындықты анықтап, сол негізде істі шешуі керек. Ол істі формальды айыпталушысыз бастайды, өзі айып тағу тезисін шығарады және оны дәлелдемелермен бекітеді (айыптау қызметін атқарады). Шындықты ашу үшін сот қарсы болжамды шығарып, тексеруі керек – қорғау тезисі (қорғау қызметін атқару). Осы жерде ағылшындардың "сотталушының соттан басқа қорғаушысы болмайды" деген нақыл сөзін келтіруге болады.

Бұдан басқа істің шешілуі (әділет қызметі) де сотқа тиесілі. Үш бірдей іс жүргізу қызметінің бір субъекті қолында болуы толық мағынада оны сот деп атауға келмейді. Ю.В. Мещеряков оны іс жүргізудің жалғыз әрекет қабілеттігі бар қатысушы деп атайды, ол еш нәрсемен шектелмеген. Алайда іздестіруді жүргізетін лауазымды тұлға тек мемлекеттік орган ретінде ғана үстемдік етеді.

Іздестірудің жариялы бастамасы судьяның жеке тұлғасының еркіндігіне әсер етеді. Оның барлық әрекеті заңмен реттелген. Инквизитор-соттың таңдау еркіндігі жоқ, оның қарауы мен ішкі нанымы қабылданатын шешімге әсер етпейді, ол жоғары инстанциялардың толық бақылауында болады. Бұның мысалы ретінде дәлелдемелердің формальды жүйесі бар, оларды бағалау алдын ала шешілген. Лауазымды тұлғаның жеке тұлғасын басу хабар беруші мен айыпталушы сияқты берілген хабардың дәлелсіздігіне жауапкершілік жүктелгенімен көрінеді. Инквизициялық іс жүргізуде айыпталушы кінәлі болып саналады, оған дәлелдеу ауыртпалығы жүктеледі. Тек заң ғана емес, сот та оны айыпты санаған [184, 127 б.].

Жалпы, іздестіру қылмыстық іс жүргізуі мемлекеттік мүдденің жеке тұлғаның мүддесінен басым болуымен анықталады, бұл іс жүргізу

қатысушыларының іс жүргізу жағдайымен көрінеді. Заңның қатаң ұйғарымы бойынша іс жүргізетін орган өзінің біржақты билік өкілеттігін іс жүргізудің қалған қатысушылары алдында жүргізеді. Іздестіру іс жүргізуде айыптаушы, қорғаушы және соттың міндеті шындықты анықтау және шешім қабылдауда тараптардың көмегін қажет етпейтін іс жүргізу органына жүктеледі.

Айтылғанды келесідей анықтаумен көрсетуге болады: қылмыстық іс жүргізудің іздестіру типі істі жүргізетін органның бір жақты билікті өкілеттікті қатаң реттелумен анықталатын, іс бойынша жариялы бастаудың жекеге жасайтын үстемдігімен негізделетін істі жүргізуді ұйымдастыру болып табылады.

Іздестіру іс жүргізудің едәуір толық сипаттамасы үшін оның іс жүргізу мәнін білдіретін жағдайларды басқаратын және оның барлық құрылымын анықтайтын қағидаларының жүйесін қысқаша қарастырайық.

Екі негізгі идея іздестіру қылмыстық іс жүргізуді – ресмилік және инструктивтік қағидаларын анықтайды.

1. Ресмилік қағида (қызметтік бастау) жариялықтың көрінуі ретінде лауазымды тұлғалар мен қылмыстық іс жүргізу органдардың өз ниетімен шындықты анықтап, мүдделі тұлғалардың еркіннен тыс шешім қабылдауды білдіреді. Ресмилік қағидасынан жалпыландырудың едәуір төмен деңгейінің "екінші" жағдайы, ал бірінші кезекте – дара басшылық жағдайы пайда болады.

Іс жүргізудегі дара басшылық, біріншіден, іздестіруді жүргізетін органда өкілеттіктің болуы және айыпталушы мен жәбірленушінің оның болмауын білдіреді. Осылайша айыпталушының іздестіру іс жүргізуде қорғану құқығы іздестіру органының тергелушінің мүддесін қамтамасыз ету міндетімен көрінеді. Екіншіден, дара басшылық инквизитор-соттың жоғары тұрған бастыққа (инстанция) бағынуын білдіреді. Істің инстанциялық қозғалысы пайда болады. Іздестіру ісін жүргізу үшін қоғамда биліктің бір қолда (деспот) болуы тән. Бұл мағынада дара басшылық бюрократтық орталықтандыру қағидасын білдіреді. Айтылған іздестіру іс жүргізу ережелері А.В. Смирновпен іздестіру ісін жүргізудегі бірліктің іргелі қағидасына біріктіріледі [184, 124 б.].

Дара басшылықпен ресмиліктің жағдайлары мен кепілдері тығыз байланысты: 1) жазу (азаматтардың жеке қатысу орнына іс жүргізу құжаттар бойынша жүргізіледі); 2) ревизиялық бастау (жазба материалдарымен жоғарыдағы инстанция өз қалауымен шешімді қайта қарастыруға құқылы); 3) іс жүргізудің құпиялығы (қылмыстық іс материалдары тек қоғамнан ғана емес, мүдделі тұлғалардан да жасырылады).

2. Іздестіру процесінің екінші қағидасы – инструктивтілік болып табылады, ол қылмыстық іс жүргізу әрекеттерінің егжей-тегжейлі регламентацияны шамадан тыс талап ету болып табылады. Ю.В. Мещеряковтың айқын айтуы бойынша, регламентация іздестірудің орталық саяси идеясы болып табылады, ол абсолюттік дәуірдің қылмыстық іс жүргізуде жоғары дамуға жетіп, консервация, биліктің нығаюы, қызметкерлеріне жеке тұлға ретінде қарамау құралы болып табылады. Егер ресмилік істің қозғалу көзін анықтаса, инструктивтілік өз мақсатына іс

жүргізумен қол жеткізу тәсілі болып табылады, іс жүргізу механизмін әрекетке қалай келтіретінін түсінуге көмектеседі [185, 31 б.]. Регламентауия іс жүргізу мақсатына жетудің жалғыз кепілі болып табылады. Бұдан басқа, инструктортивтік мемлекеттік органның билігін шектейді, оның шегін көрсетеді.

Инструктортивтік қағидасынан мына ережелер шығады: 1) дәлелдемелердің формальды жүйесі; 2) іс жүргізу нысанының бірегейлендірілуі (унификациясы); 3) қылмыстық ізге түсуге қатысты регламентация.

Дәлелдемелік жүйе жиі іс жүргізудің тән белгісі ретінде қарастырылады, Сондықтан іздестіру іс жүргізуде оған егжей-тегжейлі сипаттама беру керек. Іс жүргізудің іздестіру тарихи типі үшін дәлелдемелердің формальды жүйесі тән. Кейде формальды жүйенің кейбір іздестірудің ерте түрлерінде (қылмыстық жаза) дәлелдеме жоқ деп айтылады.

Бұнымен бірге, біріншіден, тарихи тип едәуір дамыған түрлерде өзінің сапалы сипаттарына ие болатынын ескеру қажет. Екіншіден, қылмыстық жазада дәлелдемелердің формальды жүйесінің болмауы жалпы дәлелдемелердің болмауынан туындаған (мысалы, қауымдық танымда қылмыс қоғамның барлық мүшелері үшін анық). Бұнымен бірге айыптың анықталуы судья үшін сыртқы критерийлермен жасалады, яғни формальды түрде. Айыптылық қауыммен жасалады (қауымдық таным), фактілік презумпция (әскери-далалық сот), сөз тарату және ордалиямен (ассиз) [184, 112 б.].

Оның мәні дәлелдемелерді бағалауды судья заңда егжей-тегжейлі көрсетілген "сыртқы" критерийлер бойынша жасайды. Заң (немесе сот доктринасы) дәлеледемелердің күшін белгілейді, оларды жетілген дәлелдемелер, жартылай жетілген дәлелдемелер, дәлелдемелердің жартысынан аз түрде жетілуі және т.б. Жетілген дәлелдемелер ретінде, айыпталушы тану, қылмыс үстінде ұстау, сенім білдіретін екі куәгердің айғақтары табылады. Дәлелдемелерді сот механикалық санап, бағалайды. Дәлелдеме саны жеткілікті болғанда – айыптық үкім, ал болмағанда – ақталып шығарылады, ал кейбір кемшіліктерде сезікті етіп қалдырады [181, 250-255 б.]. Заңмен белгіленген жалпы критерийлер нақты мән-жайды көрсеткен. Алайда олар нақты әр істің ерекшеліктерін ескере алмаған.

Іздестіру ісін жүргізу үшін құқықтық реттеудің өзіндік типтік әдісі тән. Реттеу пәні ретінде басқару объектісі болып қызмет атқаратын іс жүргізу емес, қатысушылар да, айыптаушы да, сот та бірдей қызмет атқарады. Құқықтық реттеу императивтік әдіспен ғана жүзеге асырылады. Ондай көзқарас іздестіру іс жүргізуді билікті кезекті пайдалану әдісі ретінде – қылмыстық іс жүргізу саласында қоғамдық қатынасқа бағынуға мүмкіндік береді. Іс жүргізудің іздестіру типіне сипаттама беріп, оның түрлерін көрсету керек.

Ю. В. Мещеряков іздестіру ісін жүргізудің үш түрін анықтайды.

1) Айыптаушының кейбір іс жүргізу құқығы бар, тергеу ісін жүргізу қорғаушы қатысырыла алатын, талқылау пәні айыптаумен шектелетін,

барлығы жазу түрінде болатын тергеу процесі болып табылады.

2) Феодализмнің күйреуі мен капитализмнің дамуы дәуірінде іздестіру іс жүргізуі тар мағынады өмір сүреді, онда айыптаушы тергеу объектісі болып табылады және кінәлі болып жорамалданады, азаптауға формальды түрде тыйым салынады, дәлелдемелердің формальды жүйесі бар, жазу және құпиялық сақталады.

3) Инквизациялық іс жүргізу – іздестірудің азаптау түрінің бірі болып табылады. Инквизациялық іс жүргізудің формальды дәлелдемесіз ауызша түрі де, жазбаша түрі де бар.

А.В. Смирнов тарихи тәсіл негізінде іздестірудің келесідей түрлерін анықтайды [184, 112-122 б.].

1) Қылмыстық жәбір көрсетіп жазалау – іздестірудің бірінші және қарапайым түрі, онда мемлекеттік басқару органы қылмыстық істі дәлелдемелерсіз шешкен. Қылмыстық жәбір көрсетіп жазалау қауымдық анықтау, вотчиналық сот, қылмыстық-әкімшіліктік жазалау мен әскери-далалық соты болып өз ішінде арнайы түрлерге бөлінген.

2) Ассиза – мемлекеттік билік өкілінің жергілікті адамдардың хабарламалары арқылы айыпталушының кінәсін тергеуді білдіреді. Осылайша ассиза Англияда алқаби сотының бастау алуына әсер етті.

3) Инквизициялық іс жүргізу – арнайы сот органы істі егжей-тегжейлі заңмен реттелген іс жүргізуде бірден сот талқылауында істі шешетін іздестіру түрінің бірі. Инквизициялық іс жүргізуде сот билігі әкімшілік биліктен алыстайды, ол "соттан кетіп, өз артынан инструкцияны – заңды қалдырған". Бұл жерде әлі алдын ала тергеу болмаған. Азаптау кеңінен қолданылды. Ол іздестіру іс жүргізудің өнертабысы болып табылмайды. Азаптау – айыптық ордалийлердің бір тарапқа қолданылу нәтижесі.

Инквизациялық іс жүргізудің маңызы, ол іздестірудің саяси бір түрі болып табылады, себебі, ескірген феодалдық жүйені ауыстыратын әділет құралдарымен орталықтандырылған мемлекет бекітілген.

4) Тергеу процесі іздестірудің едәуір дамыған және өркениетті түрі, онда берілген тарихи іс жүргізу типі үшін жеке тұлғаның еркіндігі анағұрлым жоғары қойылады. Тергеулік іс жүргізуде алғаш рет алдын ала тергеу пайда болады, оны судьялардың бірі – тергеуші жүргізеді. Азаптау тоқтатылады, бұл дәлелдеуді реттейді. Тергеу іс жүргізуі іздестірудің бюрократтық түрі болып табылады.

5) Сот бұйрығы – іздестіру ісін жүргізуінің заманауи түрі, онда сот айқындылық жағдайында жазбаша материалдар бойынша қылмыстық деликт (әрекет) туралы істі қарастырып, шешім (бұйрық) шығарады, ол айыпталушының келісімімен орындалады. Бұл қылмыстар бойынша қарапайымдалған іс жүргізу, ол қоғамдық қауіптілік тудырмайды (әкімшілікті заң бұзушылыққа жақын). Сот бұйрығы жарыспалылыққа бағынады, себебі, айыптаушы бұл іс жүргізуді қолдануға өз еркімен келісім береді.

Әдебиетте нақты елдерде іздестіру іс жүргізу түрлері кеңінен сипатталады. Сонымен, іздестіру іс жүргізудің төмендегідей шартты түрлерін көрсетуге болады: 1) романо-германдық, 2) жалпы құқық елдерінің

іздістіру іс жүргізуі және 3) дәстүрлік құқықтық елдердің іздестіру іс жүргізуі.

Алайда мұсылман құқықтық жүйелерінде сот ісін жүргізу жеке-жарыспалылық іс жүргізу сатысында қалды. Онда тек кейбір іздестіру элементтерін анықтауға болады. Мұсылман құқығында іс жүргізу құқығы дамуының іздестіру кезеңінің болуы болжамдау деңгейінде қалады. Іздестіру ісін жүргізу оның дамыған түрінде тек континентальды Еуропа үшін тән. Алайда ол жариялы-жарыспалылық іс жүргізуді қалыптастыруды қамтамсыз ететін заңды кезең болды.

Роман-германдық іздестіру іс жүргізуге Франция, Германия, Италия, Ресей және басқа елдерде XIII–XVIII ғасырлар аралығы кезеңдегі іс жүргізулер жатады. Жоғарыда белгіленгендей, іздестіру ісін жүргізу айыптық іс жүргізуде туындаған [181, 205-212б.].

Германияда сот тәжірибесімен өңделген тергеулік бастау өз бекітулерін XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында империяның құрамында феодалдық жер кодекстерінде бекітілген [186, 17 б.]. Бұл кодекстердің 1532 жылы бірігуі нәтижесінде, император Карл V "қанды" Уложениясы, Қасиетті Рим империясының – "Каролинасы" қабылданады. Ол өз ұстанымын XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейін ұстаған.

Ал Ресейде іздестіру қағидалары, 1497 жылы сот ережелерінде анықталады, онда мемлекеттік қылмыскерлер туралы және "бәлекет адамдар" туралы іс бойынша іздестіру жүргізілді. Бұл бағыт 1550 жылғы сот ережелерінде күшейтілді. 1649 жылғы Соборлық Жинақта іс жүргізудің іздестіру түрі (тіміскілеу) егжей-тегжейлі реттелген болатын. Ресейде іздестіру қылмыстық іс жүргізу І Петр кезінде қарқынды даму биігіне жетеді. Іс жүргізудің іздестіру типі 1832 жылғы Ресей Империясының Заңдар Жинағында және 1845 жылғы Қылмыстық және түзету жазалары туралы Жинақта бекітілген.

Егер романо-герман құқық жүйесінде іздестіру ісін жүргізу "классикалық" түрде болса, англосаксон жүйесінде ол мүлде басқаша болды. "Англосаксон іздестіру ісін жүргізу" атауының өзі көптеген заңгерлер үшін әдеттен тыс көрінеді, себебі Англияда іс жүргізу жарыспалылық сипатта болғаны туралы пікірлер кеңінен тараған [187, 111 б.]. Алайда пайдаланылатын қылмыстық сот ісін жүргізу типологиясы жалпы құқықты елдерде іздестіру ісін жүргізу кезеңі болғанын айтуға мүмкіндік береді. Бұл тарихи деректермен сенімді расталады.

XI ғасырда Англияға норман басқыншылары жерді иелену құқығын анықтау үшін жергілікті адамдар арқылы (ассиза) тергеу әдісі әкелінген. Алқабидің ағылшын соты жер туралы "ант беріліп сұралатын жергілікті адамдар арқылы патша сотының" жер туралы дауды тергеудің іздестіру институтынан пайда болды. Бұл институт қалыптасқан дәстүр мен норман заңдарын ескерумен, кейіннен II Генрихпен (1154–1189 жж.) енгізілген. Кейіннен алқаби арқылы тергеу ауыр қылмыстарды тергеуде қолданылды (1164–1166 жж.), онда "қылмыскерлерді ешкім айыптауға батылдығы жетпейді" [181, 211 б.]. Айыптау түрімен қатар қылмыскерді алқаби куәгерлері арқылы тану тәртібін XIII ғасырда жалпы құқық институты

мойындайды. Тек XV ғасырда алқабилер біртіндеп іздестіру органынан айыптау органына айналады.

Ағылшын инквизициялық іс жүргізудің айқын мысалы ретінде шіркеу мен корольдік бұйрықтарына қарсы қозғалыстар бойынша 1488 жылы Құпиялы кеңесте және Жұлдызды палатада құрылған іс жүргізу болып табылады. Онда айыпталушы ешқандай іс жүргізу құқығына ие болған жоқ, ол азапқа салына алды. Жұлдызды палатада ондай тәртіп XVII ғасырға дейін сақталды. Елизавета Тюдор (1558–1603 жж.) кезінде инквизициялық іс жүргізу Жоғары комиссия қызметінде (1583–1641 жж.) және Әскери сотта өркендеді (1583–1641 жж.) [181, 360 б.].

Жалпы, XV ғасырдың басы мен XVI ғасырдың соңындағы қанды ағылшын заңнамасы ағылшын іс жүргізудің іздестіру кезеңіне сәйкес келеді. Бұнымен бірге ағылшын іздестіру іс жүргізу француздық және германдықтан едәуір ерекшеленеді. Онда дәстүрлік айыптық түрлердің маңызы бар.

Іздестіру іс жүргізу түрлерін қарастыруды аяқтай отырып, іс жүргізудің іздестіру типі кез келген абстарктілі модель сияқты жоқ болады. Қылмыстық іс жүргізу құқының Франция мен Германияда дамудың инквизациялық кезеңінде айыптық сипаты бар әдеттегі іс жүргізудің тәртібі әлі де іске асырылады. Ресейде істің кейбір түрлері айыптық түрде қарастырылады. Англосаксон жүйесінде жеке–жарыспалылық бастау байқалатыны сонша, көптеген заңгерлер Англияда тергеу ісін жүргізудің болғанын атамайды. Берілген кезеңде бұл елдердің аралас іс жүргізуі белгілердің басым жинағы бойынша іздестіру типіне жатады.

Іздестіру іс жүргізудің сипаттамасын оның мәнін анықтайтын кейбір тұстарын атап кетумен аяқтауға болады.

1. Сот ісін жүргізудің іздестіру типі қоғамның нығаюына, мемлекеттік биліктің орталықтануына сәйкес болды. Айыптау іс жүргізуге қарағанда іздестіру іс жүргізуі жетілдірілген. Ол жеке–жарыспалылық түрдің кемшіліктерін бұзады. Сот пен күші бар тараптың ғана шешуіне бағынбайды. Сыртқы жағдайлармен емес, іс оның мәнін іздестірумен шешіледі. Осымен ол қоғам да, жәбірленуші мен айыпталушы да мақсаттарына қол жеткізеді. Қоғамның белгілі даму кезеңдерінде инквизициялық іс жүргізу легитимді болады.

"Инквизициялық іс жүргізу... ол қоғамға жаңа ғимарат салу үшін феодалды аланды тегістейтін бульдозер болды. Бұл аяусыз сот әділдігінде алғаш рет, жағымсыз болса да, барлық қызметшілер теңестірілді,... көпшілікті идея біртұтас мемлекеттік мүдде мен біртұтас заңдылықта жалпы игілік ретінде бекітілді" [183, 175 б.].

2. Іздестіру іс жүргізудің мәні, онда сатылар және лауазымды тұлғалар пайда болады, олар кейінде тергеуші және прокурор болып аталады. Тергеу ісін жүргізу куәгерлердің айғақтары, айыпталушының мойындауы, жазбаша және заттық дәлелдемелерді реттейді. Мұнда сот шешімдерін қайта қарау институты пайда болады. Әсіресе инквизициялық іс жүргізуде егжей-тегжейлі алдын ала тергеу сатысы өңделеді, ол жалпы суммарлық және арнайы тергеу кезеңдеріне бөлінеді (*inquisitio generalis, summary, specialis*). Егер жалпы

тергеу қылмыс оқиғасы бойынша жасалса, арнайы тергеу – белгілі тұлғаға қатысты іске асырылады.

3. Іздестіру типінің негізгі кемшілігі, оның жеке тұлға құқығына шек қойылатын тоталитарлық сипаты болып табылады. Біртұтас орталықтан әрбір нақты жағдайдың барлық ұсақ деректерін реттеу нәтижесіз болады. Объективтік шындық ұшы-қиырсыз бюрократтық іс жүргізуде мүлдем жоғалады.

4. Іздестіру ісін жүргізу іс жүргізудің жеке сипатын бұзды, одан көпшілікті іс жүргізумен ауыстырды, заманауи жариялы-жарыспалылық типтің туындауына әсер етті. Онда тергеулік бастау іздестірудің бастапқы (жалпы) кезеңінде және қарапайымдалған тәртіпте сот ісін жүргізуде айқын анықталады. Іздестіру ісін жүргізуде дәлелдемелердің формальды жүйесі айыптық іс жүргізуден үдемелі қадам жасап, мүлдем жойылған жоқ. Заманауи жариялы-жарыспалылық іс жүргізуде ол дәлелдеу іс жүргізу түріне, жол берілу институтына ұласты.

Қылмыстық іс жүргізудің қолданылатын тарихи типологиясы өз негізінде әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамға байланысты автономдық жеке тұлғаның еркіндік деңгейінің негізінде құқықтың даму көрсеткішіндей. Қылмыстық сот ісін жүргізудің тарихи жеке – жарыспалылық типінде жеке тұлғаның сатысы төмен болды, себебі адам тұлғасыз тұқым өкілінің рөлін атқарған. Туыстық қатынастың аймақтық қатынасқа ауысуы алмасу қатынасының қоғамында сот ісін жүргізудің екінші типі – іздестіруде тауар өндірушінің жеке тұлғасын мойындау мен қорғауды білдіреді. Бұдан әрі қоғамдық өсу қылмыстық іс жүргізуде жеке тұлға кең құқығының іске асырылуына әкеліп соғады. Адам еркіндігінің ең үлкен сатысы заманауи қылмыстық сот ісін жүргізу, жариялы-жарыспалылық типке тән.

Жариялы-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу құқығының үшінші кезеңін білдіреді. Ол жеке –жарыспалылық және іздестіру іс жүргізудің синтезі болып табылады, себебі тек тараптардың дауын білдіріп қана қоймай, қоғамдық мүдделердің жетістіктерін қамтамасыз етеді. Егер жеке –жарыспалылық типте жеке бастау басым болса, ал іздестіруде ол жариялылықпен басылады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ірі француз процессуалисті Ф. Эли: "Екі мүдде, екеуі де қасиетті де мықты, қолдаушылықты талап етеді: қылмыс үшін әділ және тез қолданылатын жазаны талап ететін – қоғамның мүддесін; қоғамдық мүдде болып табылатын және азаматтық құқық пен қорғау құқығын талап ететін – азаматтық айыпталушының мүддесі" деп көрсеткен [181, 583 б.].

Осылайша қылмыстық іс жүргізудің жариялы-жарыспалылық белгісі көпшілікті және жеке бастаудың теңдігін мойындау, азамат пен мемлекеттің теңдігі болып табылады. Бұл сыртқы критерий жеке іс жүргізу белгілерінде анықталады: кең іс жүргізу құқығына ие болған, әрқайсысы көпшілікті мүддемен әрекет ететін айыпталушының құқықтық жағдайы мен айыпталушы мен соттың құқықтық жағдайымен анықталады.

Берілген белгілерді қарастырайық, себебі олардан іс жүргізудің жариялы-

жарыспалылық типінің барлық қалған қасиеттері шығады.

1. Айыпталушының іс жүргізу жағдайында жариялы бастау өзінің жеке мүддесінде емес, барлық қоғамның мүддесінде әрекет етуімен анықталады. Ондай айыптау іс жүргізу теориясында жекеге көпшілікті қарсы қою болып табылады. Заманауи іс жүргізуде қылмыстық істің көбі көпшілікті айыптау ісіне жатады. Жариялы айыптау үш кезде анықталады: 1) айыптаушы ретінде мемлекет өз органдары арқылы әрекет етеді (әдетте, прокуратура); 2) бастапқыда қылмыстық ізге түсу іздестіру жолымен жүзеге асырылады. Бұл жалпы тергеу деп аталатын кезең, жедел-іздестіру қызметіне сүйенеді, ал кейде онымен бірге қосылады. Берілген кезеңде ондай іздестіруді жүзеге асыратын органдар іс жүргізу қызметін қоса атқарады және болашақтағы айыпталушының артықшылықты жағдайында болады; 3) айыптау жеке қарауға байланысты емес. Айыпталушының қызметі ресмилік пен инструктивті іздестіру қағидаларына бағынышты.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы айыпталушының іс жүргізу субъекті ретінде оның дербестігін мойындап, оған едәуір еркіндікті береді. Ол өзінің ішкі сенімі бойынша дәлелдемелерді бағалап, оның негізінде айыптау немесе айыптаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Бұл әрекеттер сот үшін міндетті, ол айыптау шегімен байланысты. Тек айыпталушыға қылмыстық ізге түсу қызметін жүзеге асыру жүктеледі (айыптау тезисін шығару мен оны дәлелдемелермен бекіту). Ондай айыптау қылмыстық талап деп аталады. Көпшілік мүддеде берілген ол неліктен жариялы-жарыспалылық іс жүргізу болатынын түсіндіреді. Айыпты шығару кезінен бастап айыптаушы қорғау тарапынан тең болатын тараптың жағдайында болады, ал тараптардың дауы істің қозғалыс көзі болып табылады.

2. Айыпталушының іс жүргізу жағдайы, оны іс жүргізудің субъектісі ретінде көрсетеді. Оның іс жүргізу құқығы кең, оның көмегімен қылмыстық істің қозғалуына әсер етеді (мысалы, кассациялық іс жүргізу басталуы айыпталушыға байланысты). Айыпталушы қорғау қызметін орындайды (қорғау тезисін шығару және оны дәлелдемелермен бекіту). Бұнымен бірге ол айыпталушының тарапынан тең тараптың жағдайын алады.

Бұнымен бірге қорғау жариялы болады. Қоғамдық мүдде айыптыларды жазалауда ғана емес, айыпсыздарды ақтауда болып табылады. Оларды реабилитациялау қылмыстық іс жүргізудің көпшілікті мақсаты болып табылады. Осылайша мемлекет айыпталушыға да көмек береді, мысалы, оған міндетті түрдегі және ақысыз қорғаушыны береді.

3. Соттың іс жүргізу жағдайы көпшілікті болып табылады, бұнымен бірге, оған еркіндік пен тәуелсіздікті береді. Судьяның еркін жеке тұлғасы қылмыстық іс жүргізуде өте маңызды. Судья өзінің ішкі сенімімен дәлелдемелерді бағалап, формальды сыртқы критерийлерден емес, оның мәніне байланысты істі шешеді. Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалауд іс жүргізу қағидасы болып саналатыны кездейсоқтық емес. Сот тараптардан тәуелсіз және әділеттің қызметін орындайды (тексеру, дәлелдемелерді шешу мен істі шешу).

Бұнымен бірге соттың қызметі жариялы сипатта болады, бұл оның

дәлелдеу іс жүргізуде оның белсенділігін негіздейді. Егер жеке-жарыспалылық жүргізуде сот енжар және тек іс жүргізуді формальды түрде басқарса, іздестіру іс жүргізуде сот белсенді, айыптаушы мен қорғаушының орнын басады. Іздестіруде соттың белсенділігі істің қозғалу көзі болып табылады. Керісінше, іс жүргізудің жариялы-жарыспалылық типінде соттың белсенділігі берілген айыппен шектелген. Сотқа өз ниетімен дәлелдемелерді жинау құқығы беріледі, ал дәлелдемелердің іс жүргізуді бекіту әділеттің қызметіне жатады. Сот алдында объективті шындыққа қол жеткізу мақсаты тұр, оны анықтау мен айыптау және қорғау түрлі тараптардан келеді. Соттың белсенділігі олардың бірі белгілі әлсіз жағдайда болғанда тараптардың белсенділігін толықтырады.

Іс жүргізу қатысушылары жеке тұлғаларының автономды еркіндігін дамуынан айыптау, қорғау және істі шешу сияқты іс жүргізу қызметін ажырату бәсекелестік іс жүргізудің абстарктілі белгісі. Бұл белгі мемлекетте билікті бөлу идеясымен, еңбек бөлінісі мен психологияның заңдылықтарымен байланысты іс жүргізу қызметінің бөлінісі идеалды типологияның идеалды негізі болып табылады және іс жүргізудің жариялы-жарыспалылық тарихи типінің анықтаушы типі бола алмайды.

Жариялы-жарыспалылық типтің мәнді белгілерін қарастырған соң қылмыстық іс жүргізудің анықтауын қалыптастыруға болады. Бұл жеке және жариялы бастау үйлескен қылмыстық іс бойынша іс жүргізу ұйымы, ол белсенді сот алдында құқығы тең тараптардың көпшілікті мүддесіндегі дауда көрінеді.

Жариялы-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізу қағидалардың жеке жүйесімен сипатталады. Екі негіз қалаушы идея сот ісін жүргізудің берілген типін белгілейді: соттың тәуелсіздігі мен тараптардың теңдігі, олар ежелгі римдік уақыттан бері белгілі "nemo iudex in re sua" – ешкім өзінің жеке ісінде сот бола алмайды және "audiatur et altera pars" – қарсы тарап тыңдалсын. Бұл қағидалар бәсекелестік сот ісін жүргізудің қажетті құқықтық іс жүргізуін анықтайды.

1. Соттың жариялы-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізуде тәуелсіздік қағидасы оның әділ және білікті істі дұрыс шешуге қабілетті құқық қабылдаушы бола отырып, объективті шындыққа жетуіне тырысуын, оның мемлекеттік биліктің басқа тармақтарынан дербестігі, оған айыптау мен қорғау қызметінің жүктелмеуін білдіреді. Субъектілер, объектілер және тәуелсіздік құралы бойынша жіктеу нәтижесінде келесі түрлер анықталады: 1) сыртқы және ішкі тәуелсіздік; 2) тараптардан, заңды және атқарушы биліктен, қоғамдық пікірдің үстемділігінен тәуелсіздік; 3) соттың процессуалдық емес және процессуалдық тәуелсіздігі.

Соттың іс жүргізу тәуелсіздігі іс жүргізу құралдарының кешенімен қамтамасыз етіледі, мәселен, сотқа қылмыстық ізге түсу қызметін жүктеуге тыйым салу, алқалық, жария ету, сот құрамын қалыптастыру ісін жүргізу, сотта қаралу және бөлу институты, соттық қараудың іс жүргізу түрлері, ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау, дәлелдемелерді тікелей тергеу.

2. Жариялы-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізуде тараптардың теңдігі

қағидасы өз ұстанымдарын қорғау үшін айыптау мен қорғау жеткілікті іс жүргізу мүмкіндіктерін беруді білдіреді. Бұл енді айыптық іс жүргізудің теңестірілген талабы емес. Бұл тіпті іздестіру іс жүргізуде қатысушылардың бәріне міндетті құқық нормасы алдында қатысушылардың теңдігі ғана емес. Тараптардың жариялы-жарыспалылық іс жүргізуде теңдігі оларға іс жүргізу мүмкіндігін беруде тұрады, ол еркіндікті іске асыруға көмектеседі, яғни әділдік кімнің жағында болса, сол тараптың теңсіздігі. Сондықтан тараптардың теңдігінің болуы жеке тұлғаны айыпты ретінде іске тартуға дейін және ол актіден соң белгілі іс жүргізу артықшылықтарын қорғауды бергенде қылмыстық ізге түсу органдарының өкілеттігінің басымдылығында болып саналады.

Тараптардың теңдігі қағидасы іс жүргізу құралдарының жүйесімен қамтамасыз етіледі: айыпталушыға сот өкілеттігін жүктеуге тыйым салу, айыпталушының материалдық және формальдық қорғауға, жеке тұлғаның тиіспеушілігі, қорғау артықшылықтары. Қорғау артықшылықтарына айыпталушының пайдасына жойылмайтын күмәндану, қорғаушының міндетті түрде қатысуы, тыйым салу әдісімен қызметті реттеу мен басқалар.

Қылмыстық іс жүргізудің жариялы-жарыспалылық типі үшін құқықтық реттеудің ерекше әдісі тән. Іздестіру іс жүргізуде реттеудің императивті әдісіне қарағанда сайыстық іс жүргізу күрделі үш жақты құқықтық қатысты – сот, айыптаушы және қорғаушының арасындағы сот ісін жүргізумен реттеледі [188, 9-10 б.]. Берілген әдіс арбитралды деген атау алған [183, 20-27 б.]. Реттеудің арбитралды әдісі жеке-жарыспалылық және жариялы-жарыспалылық іс жүргізуде әртүрлі болып көрсетіледі. Қылмыстық іс жүргізу құқығы тақырыбының ерекшелігі сайыстық азаматтық іс жүргізу құқығына қарағанда оның әдісінің ерекшелігін негіздейді. Бұл ерекшелік көпшіліктің болуымен түсіндіріледі және айыптаушының қызметінде қоғамдық мүдденің іске асырылуында, айыпталушы мен соттың мүддесінің іске асырылуында. Жоғарыда көрсетілгендей, іс жүргізудің негізгі қатысушыларының көпшілікті жағдайы іс жүргізудің мәнді белгісі және реттеу әдісі болып табылады [189, 87-93 б.].

Жариялы-жарыспалылық қылмыстық іс жүргізудің жалпы ұғымын қарастырған соң оның түрлеріне тоқталу керек. Әдебиетте жарыспалылық іс жүргізудің көптеген түрлері көрсетіледі. Идеалды типология жағынан, бұл – жариялы-талаптық және жеке-талаптық нысандар деп бөлінеді. Тарихи типологияға жүгіне отырып, Ю.В. Мещеряков жарыспалылық іс жүргізудің төрт түрін бөледі: 1) антикалық; 2) феодалдық қоғам; 3) жаңа дәуір және 4) жаңа заман. Бұнымен бірге автор дәлелдеу ауыртпалығын бөлу, жіктеу критерийлерін, соттың жағдайын, сот шешімінің негізін атайды. Бұл ішкі іс жүргізу критерийлері болғандықтан, берілген тәсілде идеалды және тарихи типологиялар қатар қолданылады.

А.В. Смирнов жариялы-талаптық іс жүргізуден басқа жариялы-жарыспалылық іс жүргізудің әлеуметтік әсері бар коммуникативтік типте негізделген бұдан кейінде жаңа түрге ауысу мүмкіндігін білдіреді. Болашақтағы іс жүргізудің бұл моделін болашақ автор дискурсивті

жарыспалылық немесе жарыспалылықтан кейінгі іс жүргізу деп атайды [183, 221-311 б.]. Онда іс жүргізу қатысушылары жеке тұлғаларының еркіндігі ең жоғары дәрежеде білдіріледі. Дискурсивті жарыспалылық іс жүргізудің негізгі сипаты мынандай болады: 1) тараптардың қызметтік теңдігі; 2) айыптаудың некомбинанттығы; 3) іс жүргізудің барлық сатыларында соттық қатысу; 4) айыптау ісін қозғау, дәлелдемелерді жинау, параллелді тергеу жүргізу бойынша тараптардың дискрециондық өкілеттігі; 5) соттың субсидарлық белсенділігі; 6) мақсатқа сай жариялы айыптаудың бағынуы; 7) медиациялық әлемдік келісімдер.

Әлдеқайда жиі зерттеушілер нақты мемлекеттерге қатысты іс жүргізудің типтерін қарастырады. Ұлттық түрлердің қолданылуы едәуір өнімді болып табылады. Жариялы- жарыспалылық іс жүргізудің үш түрін көрсетуге болады: 1) романо-германдық; 2) жалпы құқық елдері және 3) жай құқық елдері. Бұнымен бірге мұсылмандық іс жүргізу дамудың жеке-жарыспалылық кезеңінде болып, жариялы-жарыспалылық белгілеріне ие бола бастайды. Іс жүргізудің романо-германдық моркологиялық типі заманауи кезеңде екі түрге бөлінді: романдық (француз) және германдық. Осыған қатысты жариялы-жарыспалылық іс жүргізудің үш ірі түрі бөлінеді: француз, герман және ағылшын.

Дамудың жариялы-жарыспалылық кезеңінің осы моркологиялық үш түрінің ерекшеліктерін қысқаша қарастырайық.

Қоғамның дамуына байланысты іздестіру іс жүргізудің өркениеті дами түседі және буржуаздық төңкеріс кезеңінде жариялы-жарыспалылық сот өндірісіне ауысу турала айтуға болады. Бұл дамыған демократиялық қоғам мен оның түріне – азаматқа тең болып саналатын құқықтық мемлекетке сәйкес қылмыстық іс жүргізудің заманауи типі. Бұнымен бірге сот сатыларында жарыспалылық басым, ал іс жүргізудің негізгі ерекшелігі сотқа дейінгі іс жүргізу болып табылады.

Заманауи француз қылмыстық іс жүргізуі 1958 жылдың қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелген. Іс жүргізу іздестірулік анықтаудан басталады, оның нәтижесі бойынша прокурор қылмыстық талап арызды қозғайды. Бұдан кейін жарыспалылық алдын ала тергеу басталады. Ол прокурордан тәуелсіз екінші звено соттың штатында тұратын (үлкен инстанция трибуналы) сот тергеушісімен іске асырылады. Сот тергеушісі істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, тараптардың қатысуымен тергеулік әрекеттерді іске асырады және әділет қызметіне қатысты басқа мәселелерді шешеді.

Заманауи герман қылмыстық іс жүргізуі 1877 жылдың қылмыстық іс жүргізу кодексіне негізделген, ол 1808 жылғы Наполеон кодексінің ықпалын көрген. Германияның қылмыстық іс жүргізу заңының (1987 ж.) заманауи редакциясында сотқа дейінгі іс жүргізудің жаңа жүйесін қарастырады. Онда алдын ала тергеу болмайды. Тергеу прокурордың басқаруымен полициямен жүзеге асырылады, айқын іздестіру сипатына ие болады, жиі түрде жедел-іздестіру қызметпен қосылып кетеді. Полиция соттық дәлелдемелерді жасамайды және соттың қатысуынсыз ықтиярсыз көндіру шараларын қолданбайды. Дәлелдемелерді заңдастыру және қамауға алуды санкциялау

жарыспалылық нысанда жүргізіледі және оған қорғаушы, учаскелік судья - анықтаушы қатысады. Ол істі өз өндірісіне қабылдамайды, тараптардың өтініштері бойынша тергеу жүргізуге эпизодтық қатысады. Учаскелік судья қылмыстық ізге түсудің нәтижесіне жауапты болмайды, яғни айыптау функциясынан тәуелсіз болып қалады.

Англия мен АҚШ-ң заманауи қылмыстық іс жүргізуі романо-германдықтан едәуір ерекшеленеді. Құқықтың негізгі көзі сот практикасы болып табылады (жалпы құқық). Бұл жерде сот ісін жүргізу үшін жеке бастау тән, азаматтық сот ісін жүргізуден бөлінбейтіндігі, материалдыдан іс жүргізу нормаларының басымдығы тән болып табылады [190, 303-304 б.].

Ағылшын заңгерлері, полициялық тергеу жүргізуді қылмыстық процесуалдық қызметке жатқызбайды, ол іздестіру, әкімшілік тәртіппен жүргізіледі. Полицияның қызметі тиісті іс жүргізудің бұзылуымен алынған дәлелдемелерді енгізбеу туралы іс жүргізудің бір ережесімен ғана реттеледі. Азаматтардың шектелетін құқықтары сотпен қабылданады. Сотта процесуалдық дәлелдеу де жүргізіледі. Қылмыстық ізге түсу органдары соттық талқылау үшін материал дайындайтын тарап ретінде заңды әрекет жасайды.

Қылмыстық іс жүргізудің жариялы- жарыспалылық типін аяқтай отырып, оның мәнін көрсетейік.

1. Қылмыстық іс жүргізудің жариялы-жарыспалылық типі демократиялық мемлекеттердің қылмыстық іс жүргізу жүйелерінің заманауи заңдылықтарын ортақтастырады және қылмыстық іс жүргізу құқығы дамуының үшінші кезеңін көрсетеді. Осыған қатысты ол айыптық және іздестіру іс жүргізудің артықшылықтарын жинайды, сондай-ақ жарыспалылық азаматтық іс жүргізуге қарағанда қылмыстық іс жүргізудің жарыспалылық ерекшелігін білдіреді.

2. Іс жүргізудің жариялы-жарыспалылық типі үлгі ретінде кез келген қылмыстық заманауи іс жүргізу үшін мынандай мәні бар:

- танымдық мәні; қылмыстық іс жүргізу құбылыстарын жүйелі қабылдауды қамтамасыз етеді;

- әдістемелік іс жүргізу ғылымының көптеген мәселелерін зерттеуге негіз жасайды;

- тәжірибелік, заңдылықты реформалауға критерийлер жасауға және құқықты қолданудың қиын жағдайларынан шығу.

Әдебиетте іс жүргізудің дербес типі ретінде көбінесе аралас іс жүргізу анықталады, оған қысқаша тоқталып өтейік. "Аралас процесс" түсінігі үш мағынада қолданылады.

1) Алдымен оны XIX ғасырда пайда болған іс жүргізудің континентальды реформаланған іс жүргізудің типін белгілеген, ол 1808 жылы Наполеонның кодексімен реттелген. Онда 1670 жылғы ордонансқа сүйенген француз моделі іздестіру алдын ала тергеуі және ағылшын үлгісімен құрылған жарыспалылық сот ісін жүргізу енген. Францияның мәдени ықпалынан іс жүргізудің берілген моделі бүкіл континентальды Еуропа елдері бойынша таралды. "Аралас процесс" терминінің ондай мәні моркологиялық типологияға сүйенеді және

онымен бірге, ежелгі айыптық тип, континентальды Еуропа елдерінің ортағасырлық іздестіру типі мен ағылшын жарыспалылық типі бөлінгенде, кейде іс жүргізудің қарапайымдалған типтеріне әкеледі. Нәтижесінде, түрлі типологиялар бірігіп, олардың ғылыми мәні азаяды.

2) Басқа жағдайда идеалды типология қолданылады және аралас іс жүргізу бәсекелестік және іздестіру модельдерінің үйлесуінің және іздестіру моделінің, олардың арасында ауысатын түрі, нәтижесі болады. Бұнымен бірге элементтердің үйлесуі ретсіз болуы мүмкін. Аралас тип идеалды типологияда екі жақты жағдайда болады. Бір жағынан, ол іс жүргізудің идеалды типі бола алады. Басқа жағынан – ол абстарктіліктің ең төмен деңгейін иеленеді және нақты тип болып саналады, себебі кез келген сот ісін жүргізу әрқашан аралас болады.

3) Аралас іс жүргізудің үшінші мәні айыптық және іздестіруді алмастыратын құқық дамуының үшінші кезеңі болып түсіндіріледі [191, 59 б; 62 б.]. Онда оның мәні жариялы- жарыспалылық іс жүргізуді қарастырумен сәйкес келеді.

Кез келген типология маңыздысын бөліп көрсетеді және нақты сот ісін жүргізуде болатын екінші (типтік емес) бөліктерден ерекшеленеді. Жалпының негізінде қылмыстық іс жүргізудің қандай типіне жатқызсақ та, шынында ол әрдайым жалғыздың әсері тиеді. Демек ол әрқашан аралас болады. Сондықтан аралас іс жүргізу абстракттіліктің едәуір төмен деңгейімен нақты тип түрінде болады.

Сонымен, жарыспалылық іс жүргізу жеке тұлғаның ерекшелігі, субъективтік еркіндігі мойындалатын жерде міндетті түрде пайда болады. Бұл міндетті түрде демократиялық саяси тәртіппен байланысты емес, алайда – қоғамдағы саяси күштердің тепе-теңдігімен байланысты. Тепе-теңдік көбінесе келісімде негізделген, кейде сот дауының ұдайы қатысушыларының автономия элементін қосады (экономикалық, саяси). Автономия оның теңдігін білдірмейді, ол тек дауда бір тараптың басқа тарапқа тікелей қысымын үдетеді, бұл оларды мемлекетке жүгінуге итермелейді. Ал мемлекет атынан сот әрекет етеді.

Айтылған жарыспалылықтың әлеуметтік-саяси сипаттамасы келесідей болады: жарыспалылық – бұл сот ісін жүргізудің идеалды типі, ол құқықтық реттеудің арбитражды әдісіне, іс жүргізу қатысушыларының еркіндігі мен автономиясына негізделген.

3.2 Қылмыстық процестегі жеке қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз етудің жалпы мәселелері

Елде жүргізілетін соттық-құқықтық реформа едәуір нәтижелі қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесін құруға негізделген, ол қылмыстық іс жүргізуде айыпталатын және сотталатындардың, күдікті ретіндегі тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғаумен, қылмыстық істі тергейтін, ашатын органдардың қызметін сәтті түрде үйлестіруге көмектеседі [192, 4 б.].

Қылмыстық іс жүргізі қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, заң шығарушы жеке тұлғаны негізсіз мәжбүрлеуден қорғау үшін, қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің процедураларын қатаң тәртіппен белгілеп берген. Ешбір құқық қолдану қызметі қылмыстық процесс сияқты нақтыланбаған. Осы жерде ғана субъектілердің құқықтары мен міндеттері (көп жағдайда тікелей аталады) және оларды жүзеге асыру әдістері (тәртібі, кезектесуі, мерзімі) анағұрлым нақтыланған [196, 76 б; 77 б.].

Қылмыстық жазаны тағайындау мен іске асыру – мемлекеттің құзіреті. Қылмыстан зардап шеккендер тіпті қылмыскердің кінәлі болғанына сенімді болса да, құқық бұзушыны өз бетінше жазалай алмайды. Ол үшін мемлекеттің арнайы органдары бар, оларға зардап шегуші қорғану үшін жүгіне алады. Құқық қорғау органдарының басты мақсаттарының бірі, қылмыстан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіріп, әділеттілікті қамтамасыз ету болып табылады.

Зиян келтіруден пайда болған міндеттемелерді іске асыру – азаматтық құқық пен іс жүргізудің саласы болып табылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 917-бабына сай, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс. Қылмыстық іс жүргізуде аталған талаптар қылмыстық істің негізгі мәселесін шешу бойынша қызметін қиындатпайтын, шектемейтін түрде қанағаттандырылуы тиіс.

ҚРҚПК 167-бабына сай, "Азаматтық талапты қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қылмыстық жазаланатын іс-әрекетімен тікелей мүліктік немесе моральдық зиян келтірілген тұлға не оның өкілі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін қоюы мүмкін" [15]. Қазіргі уақытта қылмыстық құқық бұзушылықтан тек моральды залалға ұшыраған тұлғаның азаматтық талап арызын беруіне болады, жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету жағынан объективті қажеттілік болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірген мүліктік және моральдық зиянның орнын толық көлемде толтырудың маңыздылығында, егер қылмыстық-құқықтық қатынас қылмыстық іс жүргізу қатынасының пайда болуы мен дамуын негіздегенде, қылмыстың жасалуымен пайда болатын азаматтық-құқықтық қатынастар қылмыстық іс жүргізу қатынастарының пайда болуын емес, оларда ілеспелі, іс жүргізу мақсатын – азаматтық-құқықтық қатынастарды іс асыруды бекіту мен іске асыруды көздейді [193, 492 б.].

Егер шартты түрде алып қарағанда, қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап арыз қылмыстан зардап шеккендерге арыз беру жағдайында екі іс, яғни қылмыстық және азаматтық пайда болса, олардың мәнінің теңдігіне сүйенуге болмайды. Қылмыстық іс ғылымында "біріктірілген іс жүргізу" теориясы бұрыннан белгілі, оған сәйкес қылмыстық жауапкершілік және қылмыстан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы мәселелерін – қылмыстық және азаматтық екі талап арызын шешу болып қарастырылады. Алайда берілген

теорияда қылмыстық (көпшілікті) талап арыз қылмыстық іс жүргізуде басты болып табылады [194, 24 б.].

Қылмыстық іс жүргізу қызметін ескерумен келтірілген зиян шегінде анықтау мен орнын толтыру қылмыстық іс жүргізудің дербес мақсатының бірі болып қана қарастырылмайды [195, 16 б.], азаматтық-құқықтық мәселелерді қарастыру мен шешуде қылмыстық іс жүргізуде азаматтық іс жүргізуге тән, заңға қайшы әрекеттер нәтижесінде жәбірленушіге зиян келтіргеннің кінәсін дәлелдеу міндеті жүктелетін диспозитивтік емес, жариялылық қағидасы басым әрекет етеді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға байланысты қылмыстық іс жүргізуде болатын істің бәрі бірыңғай қылмыстық істе жүзеге асырылады және қылмыстық-іс жүргізу сипатта болады.

Қылмыстық іс жүргізу құқығын реттеу қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен қарастырылатын қоғамдық қатынас болып табылады, ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыратын немесе одан босатуға бағытталады, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген залалдың орнын толтыру бойынша туындаған, сондай-ақ оларды іске асыратын, тікелей олармен байланысты қатынастар. Сондықтан азаматтық талап арызы институтының заңды табиғатын ескере отырып, қылмыстық іс жүргізуде қылмыстық істе қылмыспен келтірілген мүліктік зиянның орнын толтыру туралы талап арызын беру жағдайында қылмыстық іс жүргізуде "қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларын толықтыратын құқық шегінде және соңғысының қағидасына қайшы келмейтін түрде қолданылуы керек".

Егер қылмыстық істе қылмыстық-құқықтық қатынастардың болуын жоққа шығаратын заңды фактілер белгіленсе, (ҚРҚПК 35-бабы), азаматтық-құқықтық қатынастар әрекет етсе де, қылмыстық іс жүргізу қатынастары жалпы тоқтатылмайды. Ондай жағдайларда олардың іске асырылуы азаматтық іс жүргізу қатынастары арқылы іске асырылады. Айтылған қорытынды азаматтық талап арызына қатысты және қылмыстық іс жүргізу заңымен реттелмеген, азаматтық іс жүргізу тармақтарына сай қылмыстық іс жағдайларында мүмкіндікке қайшы келмейді. Сәйкес жағдайларда қылмыстық іс азаматтыққа ұласпайды. Азаматтық талап арызы қылмыстық іс жүргізуде жәбірленушінің бұзылған мүліктік құқын қорғаудың қылмыстық іс жүргізу тәсілінде қалады.

Мүліктік талап етулерді қылмыстық сот ісін жүргізуде іске асыру шегі туралы мәселе қылмыстық іс жүргізуде азаматтыққа қарағанда, тергеу сатысы бар және қылмыстық іс жүргізу мақсатынан шықпайтын арнайы қылмыстық іс жүргізу ретінде берілген сатының мүмкіндігі бар, азаматтық іс жүргізу құқығын реттеумен қамтылады.

Қылмыспен келтірілген зиянның орнын толтыру туралы қылмыстық іс жүргізуде талап арызын берген тұлға азаматтық іс жүргізу кезіндегі жағдайға қарағанда, ұтымды жағдайда болады. Келтірілген зиянның мазмұны мен мөлшерін анықтау, оның өтеу үшін тергеу органының аппараты тартылады, жедел іздестіру қызметінің мүмкіндіктері қолданылады, қылмыстық іс жүргізу бұлтарпау шаралары қолданылады. Қысқасы, қылмысты ашу мен тергеу құралдарының бәрі іске қосылады.

Егер тікелей келтірілген мүлдітік және моральдық зиян түрінде қылмыстық істің негізгі мәселесін шешу үшін залалсыз анықтау болса, онда, тергеу сатысының мүмкіндігін қолдану түсінікті әрі қажет. Бірақ бәрінің де өз шегі болуы тиіс. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде өзінің мүлдітік мүддесін қанағаттандырудың нақты мүмкіндіктері тұлға үшін болғанда, ол қылмысты ашу мен тергеуге тікелей қатысы болмаса, қызметті іске асыру үшін тергеудің күші мен құралдарын қолдану тиімді болмасы анық.

Сондықтан мойындау туралы талап арыздар қылмыстық іс жүргізуде қарастырылмауы керек және тергеушіге міндеттерді жүктеу оларды қамтамасыз ету бойынша қабылданады, қылмыстық істің мақсаттарымен анықталмайды. Сондай-ақ іс жүргізуде регресс тәртібінде қылмыстың салдарына қатысты, талап арыздарды қарау мен қамтамасыз ету тән емес. Регрестік талап қою келтірілген зиянның "таза" талап қоюы болып табылмайды, себебі оған құқық қылмыспен қатысты пайда болады, алайда келтірілген зиянның нәтижесінде тікелей емес, қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен үшінші тұлға арқылы пайда болады.

Қылмыстан зиян шеккен тұлғалардың қалауын мейлінше орындау кезінде, олардың талап арыздарын қанағаттандыруда, құқықтың салалары арасындағы "еңбек бөлінісін" назарға алмасқа болмайды. Тергеудің мүмкіндіктерін нәтижелі орындау қажеттілігі қылмыстық іс жүргізу сатысы ретінде тергеушінің құзіреті мен жауапкершілігі саласын анықтауда айқындылық нақтылықты қажет етеді. Азаматтық талап арызымен байланысты, іс жүргізумен біріктірілген, қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің бұрынғы мойындау жағдайында анық түрде былай көрсетілген: біріншіден, азаматтық талап қою қылмыстық тергеу басталғаннан бұрын беріле алмайды; екіншіден, қылмыстық іс өз түрінде азаматтық талап қою салдарын көтере алмайды, ол қылмыстық сот әділдігі мүддесімен бірге түзілуі тиіс және барлық мүмкін болатын коллизияларда қылмыстық іс жүргізуде бағындыратын рөл атқаруы керек; үшіншіден, қылмыстық іс жүргізу ешбір тоқтауды көтермейді, қылмыстан зардап шеккеннің азаматтық шағымынан ешбір тежелуді көтермейді".

Азаматтық талап арызын беру мен оны қылмыстық істе қорғау маңызды мәселелердің бірі. Мұнда қылмыстан болған материалдық-құқықтық мүдделерді қамтамасыз ету негіздері және шегімен байланысты зардап шеккендердің құқығын қамтамасыз ету, қылмыстық іс жүргізу қызметі, қылмыстық іс жүргізу тағайындалуын ескерумен тек бастапқы ережелерді анықтау қажет болып саналады.

Заманауи жағдайда қылмыстан зиян келтірілген тұлғалардың құқығын қамтамасыз ету үшін, 1985 жылы 29 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған қылмыстан және билікті асыра пайдаланғандардан зиян шеккендер үшін сот әділдігінің негізгі қағидалары Декларациясы ерекше мәнге ие болады. Онда қылмыстан зардап шеккендерге аяушылықпен қарап, намысын құрметтеу керектігі, олардың сот әділдігінің механизмдеріне қол жеткізе алатыны, мемлекеттер мен олардың өкілдіктеріне бөлектенген

ұсынымдар түрінде реституция, компенсация, зардап шеккендерге әлеуметтік көмек үшін жағдайлар жасау ұсынылғаны баса айтылған.

Егер халықаралық стандарттардан шықсақ, қылмыстан зардап шеккендердің құқықтарын тергеуді іске асыру, біріншіден, тұлғаға оған тиесілі құқықтардың рөлі мен көлемі, оларды жүзеге асырудың мерзімі мен нәтижелері туралы ақпаратты берумен, екіншіден, қылмыстық сот ісін жүргізудің ұлттық жүйесіне сай, тергеудің түрлі кезеңдерінде арыз, қолдаухаттарды баяндауға жағдай тудыру; үшіншіден, оған тиісті көмек беруге, оның өзін және отбасы мүшелеріне қауіпсіздікпен қамтамасыз ету; төртіншіден, қылмыстарды тергеуде себепсіз тежелудің алдын алу; бесіншіден, зардап шеккенге оның отбасына әділ реституция жағдайын тудырумен байланысты [197, 6 б.].

Қылмыстан зардап шеккендерге құқықтық мәртебе тәртібі үшін бастапқы, негізгі 1948 жылғы Адам құқығының жалпы Декларацияның 8-бабының тармақтары болып табылады, онда адам конституция немесе заңмен берілетін оның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің құзіретті органдарының құқығында нәтижелі қалпына келтіру құқығы бар. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында іс жүргізу құқығы қылмыстан зардап шеккен жеке тұлғаның бұзылған құқықтарын нәтижелі түрде қалпына келтіруді көздейді.

Қазіргі уақытқа дейін негізінен саналып келе жатқандай, зардап шегушіге істі жүргізетін өз жағынан органдардың әрекет етуі үшін қылмыстық іс жүргізуде құқық берілуі керек болған. Ю.И. Стецовский былай дейді: "Жәбірленушіге құқық беру дегеніміз – қылмысты ашуда қосымша көмек беруді білдіреді" [197, 276 б.].

Іс жүргізу құқығы қылмыстық іс жүргізу мақсаттарын орындау бойынша қызметті іске асыратын тергеу органдары мен басқаларының жұмысын жеңілдету үшін ғана жәбірленушіге іс жүргізу құқығы берілмейді. Оның міндеті – жәбірленушіге мүмкіндік беру, біріншіден, өзінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде белсенді қатысуға; екіншіден, оның құқығын қалпына келтіру бойынша қылмыстық істе мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардар болу; үшіншіден, қылмыстық істі жүргізетін органдарға әсер ету және жәбірленушінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде белсенділік танытуға көмектесу.

Жәбірленуші адамның мүддесі қылмыстық құқық бұзушылықты ашу мен тергеу, айыптыларды табу мен оларды қылмыстық және мүліктік жауапкершілікке тарту мүддесіне сай болатындықтан, оларға берілетін іс жүргізу құқығы тергеуші мен қылмыстық іс бойынша нәтижеге жауапты басқа органдардың қызметіне объективті әсер етеді. Тек бұл аспектіде жәбірленушілердің іс жүргізу құқығын тергеу органдарына көмек көрсету және оларға жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарын ашуға көмектесу ретінде қарастыруға болады.

Қылмыстық тергеу жүргізілетін қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттен зардап шеккен тұлғалармен қатар, іс жүргізудің басқа қатысушыларынан да бұрын олардың мүдделерінің тиімді қорғалуын қажет

етеді, сондықтан да мазмұны бойынша көбіне сәйкес келетін құқықтарға ие болады. Алайда олардың арасында айтарлықтай ерекшелік бар.

Егер айыпталушы үшін оқиға барысында кінәсіз тұлға болуы мүмкін, оның негізгі құқығы, намысы, абыройы, мүлігі, еркіндігі, өмірі қылмыстық сот ісін жүргізу органдарына байланысты, жәбірленуші үшін қауіп туралы басқа тараптан төнетін қауіп туралы – оның құқығын бұзатын қылмыскерлер туралы айтуға болады. Қылмыстық іс бойынша мемлекеттік органдарының іс жүргізу бойынша жауапты тараптан жәбірленушінің негізгі, материалды құқығына төнетін қауіп – олардың енжарлығы, берілген тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықпен бұзылған құқығын қалпына келтіру бойынша әрекетсіздігімен анықтала алады. Айыпталушының іс жүргізу құқығының мәні – оны негізсіз айыптаудан, оған іс жүргізу ықтиярсыз көндірудің өздігінен қолданудан қорғау керек. Айыпталушы іс жүргізетін тергеуші мен басқа органдардың оны мазаламайтынына сенім артады.

Жәбірленушілер басқа күйде болады. Олар керісінше, әдетте, қылмыстық істің қозғалуына, оларды іске тартуына мүдделі, оларға тергеуші мен қылмыстық істі жүргізетін басқа органдардың назар бөлгенін қалайды.

Мемлекеттің өз азаматтарының барлық негізгі құқықтарын бұзушылықтарының алдын алуға мүмкіндігі жоқ, алайда ол азаматтарының кез келген құқықтарын қорғайды. Мемлекет толық қауіпсіздікті, азаматтар құқықтары бұзылмаушылығын қамтамасыз ете алмағандықтан, қылмыстың салдарын жоюға, келтірілген зиянды өтеуге бәрін жасауға міндетті. Сондықтан жәбірленушіге іс жүргізу құқығын беру негізін анықтағанда ауырлық орталығы, оның мазмұны мен көлемі қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының көмегімен қылмыстық құқық бұзушылықтың нәтижесінде келтірілген мүлтік немесе басқа құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз етуге, қол жеткізуге жұмсалады.

Бұдан бұрын айыпталушы мемлекеттің назарына бөленсе, қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен жәбірленуші ондай назарға ілікпейтіні туралы кейбір пікірлер айтылған болатын. Мемлекетте бәріне бірдей қылмыстық іс жүргізу лимиті белгіленгендей, егер іс жүргізудің бір қатысушысына ондай құқық жоғары мөлшерде берілсе, басқаның есебінен болады. Ондай тәсілдің негізі жоқ және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде өз мүдделерін қорғау үшін іс жүргізудің түрлі қатысушыларына берілетін құқықтарды елемей немесе түсінбеді білдіреді. Ол сондай-ақ, бұрынғы уақыттан қазіргі уақыттағы қылмыстық іс жүргізуден қалған қылмыстық іс жүргізуде жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз етудің жалпы жағдайының ерекшелігін ескермейді. Ерекшелігі қарапайым, қылмыстық ізге түскен тұлғалардың негізгі құқығы қамтамасыз етілмейтіндей, қылмыстан зардап шеккен тұлғалардың да құқығы қамтамасыз етілмеген. Қазіргі уақытта тұлғаның құқығы мен еркіндігінің белгіленген басымдығы екеуіне бірдей таралған.

Кімнің басты екені туралы дау – айыпталушы ма, әлде жәбірленуші ме – бұл белгісіз. Екеуі де қылмыстық іс жүргізудің басты тұлғалары, алайда әрқайсысы өз бағытында, қылмыстық іс жүргізудің бөлігінде. Қазір

айыпталушының құқығы едәуір кеңейген және оған кепілдік берілген. Қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен жәбірленушінің іс жүргізу құқықтары едәуір кеңейту мен кепілдеуді күшейтуді қажет етеді.

Алайда олардың құқығы бірдей болуы міндетті емес. Ондай жағдайды дәлелдеуде қатысуға құқықтарға қатысты жарыспалылық қағидасын ескерумен шығаруда, қылмыстық істің материалдарын зерттеуде қажет. Іс жүргізудің қандайда бір қатысушының құқықтар кешенінің арасында қылмыстық сот ісін жүргізуде әртүрлі рөлдермен анықталатын ерекшеліктері болуы мүмкін. Бастысы – қылмыстық іске тартылған тұлға өз құқығын толық қорғауға, өз жеке мүддесін қорғауға жеткілікті құралдары болуы тиіс. Басқа тұлғалардың құқығы мен еркіндігіне зиян келтірмеуі тиіс.

Өкінішке орай, жәбірленушіге расында да назар тиісті түрде бөлінген жоқ. Кейбір басылымдарда айыпталушыны әділетсіздікпен жағымды кейіпкерге айналдырған мемлекетке білдірген өкпелерінен басқа, жәбірленушіге тек куәгер рөлі берілгенін дұрыс байқайды, ол тек келтірілген зиянның қалпына келтіруді талап етеді, кейде тіпті өз белсенділігімен мемлекет механизмінің қылмыстық сот ісін жүргізуге кедергі келтіреді дейді.

Жәбірленушіге елемеушілік таныту ең алдымен, қылмыстық істі жүргізетін мемлекеттік органдар тұлғаға зиян келтіруге байланысты қылмыстық істі қозғап, оны жоспардың соңына қояды, олардың әрекетінің енжар бақылаушысы рөлін беруімен көрінеді. Олар негізінен, өз жұмысының қалыптасқан көрсеткіштеріне сүйене отырып өздері үшін жұмыс істейді. Қылмыстық сот ісін жүргізудің бүкіл механизмі жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылықпен бұзылған құқығын қалпына келтіру үшін берілген жағдайда әрекет ететінін ұмытады. Тергеу нәтижелері көрсеткендей, жәбірленушінің іс жүргізу құқығының бұзылуын тергеу сатысында іс жүргізу заңының маңызды бұзылуларын тәртіпке келтіру кезінде ол кейінгі кезекке ауысады, ал айыптаушыға қатысты бұзылулар алдыңғы шепке қойылады [198, 11 б.].

Бұнымен бірге, қылмыстың жәбірленушілеріне аяушылық пен олардың абыройына құрметпен қарау әлемдік бірлестіктердің талаптарына назар аударылмай, қылмыстық істе сот ісін жүргізудің мақсатын шешу үшін жәбірленушінің белсенді қатысуы анық назарға алынбайды. Қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен тұлға оған келтірілген зиянның орнын толтыруға ғана тырыспай, әділдік үшін де күреседі. Ол тек мүліктік мүддені көздемейді, адамгершілік-психологиялық тұрғысындағы мүддені де іске асырғысы келеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен тұлғаның әрекеті қажетті бағытта жүргізілсе, олардың мүмкіндігін тиімді қолдану жағдайы жасалса, ол тергеу органдарына нақты пайда әкелуі мүмкін. Сондықтан жәбірленушінің істің шешіміне мүдделігін қылмысты тергеуде қажетсіз емес, қылмыстық құқық бұзушылықты толық және тез ашудың белгілі мүмкіндігі ретінде қарастыру керек.

Қылмыстық сот ісін жүргізу тарапынан, ең бастысы, тергеу органдарының тиісті назар аударушылығы мен жәрдем көрсетуін байқамаған соң, көп жағдайда олардан қылмыстық істі қозғау мәселелерін шешу мен

қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтыруды қамтамасыз етуге байланысты болғандықтан, қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккендер анықтау органдарына және алдын ала тергеуге сенімсіздік білдіріп, қылмыстық зардап шегу мен құқығы бұзушылықта олардан көмек сұраудан бас тартады [199, 2 б.].

Демек жәбірленушілерді құқықпен қамтамасыз ету едәуір жақсартуларды қажет етеді. Яғни қылмыспен бұзылатын және қылмыстық іс бойынша және оның шегінен тыс іс жүргізу арқылы қалпына келтірілуге тиісті тұлғаны материалды және материалды емес сипаттағы құқықтармен қамтамасыз ету, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізуде жәбірленушінің қатысуға берілетін іс жүргізу құқықтарымен қамтамасыз ету қажет.

Заманауи талаптарға сай, қылмыстан зардап шеккендердің құқығын қамтамасыз ету жәбірленушінің іс жүргізу белсенділігі үшін қажетті жағдайларды жасаумен қатар, олардың саласына қатысты көпшілік қағидасын азайту, оның жеке бастаумен бірігуін үйлестіруді білдіреді. Қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен тұлға мемлекеттің расында оның құқығын қамтамасыз етуде, оның ішінде, қорғау мен қалпына келтіруді, барынша көмектесуге дайын екендігіне, оның үміті мен сенімін ақтауға бар мүмкіндікті жасайтынына сенім білдіру мүмкіндігі болуы керек.

ҚРҚПК 71-бабына сай, "қылмыстық құқық бұзушылық өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірді деп пайымдауға негізі бар тұлға қылмыстық процесте жәбірленуші деп танылады".

Жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру қылмыстық сот ісін жүргізуде толықтай қамтамасыз етіледі ме?! Моральдық зиянның орнын толтыру көлемін тәртіпке келтіру және заңды түрде жетілдіру мәселесі бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған. Соттар жәбірленушілердің талаптарын ең аз көлемде қамтамасыз етеді, бұнымен айыпталушылардың материалдық жауапкершілігі жабылады. Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап арыздың институты нәтижесіз. Келтірілген зиянның нышандық орны толтырылуы жартылай болса да, жәбірленуші мен оның отбасының көз жасы мен ауруын баса алмайды.

Жәбірленушінің көмегіне жүгіне отырып, қылмыстық тергеу органдары, ең бастысы, өзінің қызметтік мақсаттарын шешеді. Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтан соң жәбірленуші жіті психологиялық және материалдық мәселелер жағдайында екені ескерілмейді, сондықтан құқықтық қорғау мен көп көңіл бөлуді қажет етеді. Жәбірленуші қылмыстық құқық бұзушылықтан соң да көмекті қажет етеді (жетімдер асыраушысын жоғалтқанда, мүгедектер еңбек ету қабілетін жоғалтқанда, емделу кезеңінде медициналық көмек және т.б.) адам психологиялық, құқықтық, медициналық, материалдық көмек алуы тиіс, алайда Қазақстандық құқықта жәбірленушіге тиісті көңіл бөлінбейді.

Өзіне қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен жәбірленуші тұлғаны айыпты етіп саналуына және оны өз қалауымен жазалауға, мысалы, мүддесін қорғайтын тергеушіні іс жүргізу құқығынан айыру сияқты әрекеттерге жол бермейді. Егер сот жәбірленушінің қимыл-әрекетін қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен деп санаса, бұл

жағдайда айыпталушының кінәсін анықтауда, оны жазалау түрі мен мөлшерін анықтауда ескереді. Дәл осы жолмен жүруді сот тәжірибесі де мақұлдайды. Қылмысқы құқық бұзушылық салдарынан зиян келтірілген тұлғаға тиесілі жабірленуші құқығын бермеу қазіргі заманда сот әділдігінен бас тартумен бірдей. Ондай бас тарту айқын қайшылық тудырады.

Тұлғаны жабірленуші етіп танылу негіздерін дұрыс анықтау ғана емес, ондай мойындаудың сәтін де анықтау маңызды. Қылмысқы құқық бұзушылықтан зардап шеккен тұлға іс жүргізу құқығын пайдаланып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде неғұрлым ертерек қатысса, қылмысқы құқық бұзушылықтан бұзылған құқығының және де іс жүргізудің жабірленуші мәртебесіне қатысты қамтамасыз ету мүмкіндігі де көбірек болады.

ҚРҚПК 71-бабында баяндалғандай, тұлғаның жабірленуші болып танылу негізі қылмыстық істі қозғау кезінен салыстырмалы түрде алыстаған кезде жабірленуші болып мойындалуы туралы қаулы шығаратыны белгіленген. Тергеушілердің қылмыспен тұлғаға моральдық, дене немесе мүліктік және т.б. зиян келтіру туралы шынайы мәліметтер алуға тырысуы тергеу соңында көбінесе азаматтардың жабірленуші болып танылуына әкеледі, оның нәтижесінде, оларға берілген іс жүргізу құқығы қысқа және қиындатылған болады. Жабірленушілердің мұндай құқықтық жағдайында, құқығына зиян келтіріледі және құқықпен тиісті түрде қамтамасыз етілуі туралы айту қиын. Қарастырылатын жағдайды талдау мыналарға назар аударуды талап етеді.

Жалпы қағида бойынша, қылмыстық іс үшін анықтауды жүргізетін тергеушінің іс жүргізу шешімі үшін шынайы және мүмкін болатын фактілі мәліметтердің қатыстылық қасиеттері бар дәлелдемелер болуы тиіс. Егер мысалы, қылмыстық істі қозғау үшін қылмысқы құқық бұзушылық белгілердің тікелей анықталуы себеп болса және тергеуші тергеу барысында азаматқа моральдық, дене және мүліктік зиян келтіргені туралы факті анықтайды, әрине, ол тұлғаның жабірленуші болып танылу шешім қабылдануына көрсетілген фактінің дәлдігіне негізделеді. Алайда қылмыстық істі қозғауына азамат өзіне қатысты жасалған қылмысқы құқық бұзушылық туралы арызды беру себеп болады, объективті түрде өз мағынасы бойынша адамгершілікті болып табылатын және үлкен жалпы құқықтық мәні бар, кейде адал ниеттілік болып аталатын қағида да әсер етеді.

Әдебиеттерде жеке жағдайларда қылмыс туралы арыз беруші жабірленуші тұлғаның әрекетіне сәйкес заң шығатыны туралы айтылған. Зорлау туралы ауыртпалықсыз қылмыстық істер "жабірленушінің шағымы" бойынша қозғалады. Кейінгі тергеу зорлаудың болмағаны туралы қорытындыға келсе, осыған сәйкес, зиянның келтірілмегені туралы қорытынды жасалса да шағым жасаушы қылмыстық істі қозғағанға дейін, шағымды ресми түрде бергендіктен, іс жүргізу түрінде жабірленуші болып саналады [200, 45 б.].

Соңғы кездері қылмыстық істі қозғау сатысында жалпы қылмыстық істегі тұлғаның құқығын қамтамасыз ету зейіні күшеюімен негізделген,

кылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шегушінің іс жүргізу мәртебесінің маңыздылығын анықтау және арту идеясы өзіне назар аударуда.

ҚРҚПК 71-бабында көрсетілген бойынша жәбірленушіге іс жүргізу құқығын түсіндірудің орнына, әдетте құқықпен таныстыру жүзеге асырылады. Әдетте жауап алуға шақырғанда тергеуші тұлғаға оны жәбірленуші екенін жариялайды, одан кейін жәбірленушінің құқығын мойындауы туралы қаулы бланкінде аталғандарды оқуды және қаулыға өз қолын қоюын ұсынады. Әрине берілетін құқықтар мәнінің мұндай түсіндірілуі зардап шеккендердің бәріне түсінікті емес. Сондай-ақ, тергеушінің берілген қаулыны жәбірленушіге дереу немесе ол шығарылған сәттен екі тәуліктен кешіктірмей бағытталуы міндетін қарастыру керек. Тергеушілердің тергеуге белсенді қатысуына мүдделі еместігін көрген жәбірленушілер дәлелдемелерді беру, қолдау хат беру құқығын сирек қолданады. Көп жағдайларда тергеушілер тұлғаны жәбірленуші деп танығаннан кейін, тек егер қосымша жауап алу немесе оның қатысуымен қандай да бір тергеу әрекетін жасау қажет болмаса, онымен бұдан әрі қатынаспауды қалайды. Бұл жағдайда жәбірленушіге өз қолымен қаулыда: "Тергеу аяқталған соң кылмыстық істің материалдарымен танысуды қаламаймын" деген жазуға өз қолын қою ұсынылады. Әдетте жәбірленушілер бұл жағдайда тергеушінің айтқанын жасайды, әсіресе бұл әрекетке олардың қатысуы күмәнді екенін айтса болғаны. Бұдан кейін жәбірленуші тек сот талқылауында іске қатысуға ғана шақырылады.

Қойылған мәселелерді шешуде белгілі оң өзгерістерді белгілеуге болады, кылмыстық сот ісін жүргізуде тұлғаның құқығын барынша қамтамасыз етуге тергеу – сот тәжірибесінің жаңа бағытымен, жариялаудың дамуы, тергеу органдарының жұмысы туралы ақпараттың тұрғындар үшін ашық болуы. Алайда олар әлі де болса өз мәнінде емес.

Әрине мемлекеттік компенсацияны жүзеге асыру мемлекеттің экономикалық жағдайына байланысты, ол болса Қазақстанда сәйкес қызметтердің көрсеткіштері бойынша жаман емес. Алайда қашан болса да, айтылған мәселелерді шешу қажет болады және ондай шешімнің басталуы белгілі көлемде қазірден болуы тиіс.

Сот әділдігінің негізгі қағидаларының Декларациясына сай, қылмыстан зардап шеккендер мен билікті асыра пайдаланушылық үшін құқық бұзушыдан немесе басқа көздерден толық көлемде компенсация алу мүмкін болмаса, мемлекет қаржылық компенсация беруге шара қолдануы қажет:

- ауыр қылмыстан едәуір дене зақымдануларын алған немесе едәуір дене және психикалық денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілерге;
- отбасыларына, ондай виктимизация әсерінен тән ауруына немесе жан ауруына ұшыраған тұлғаларға.

Декларацияның баяндалған қағидалары әлемнің көптеген елдерінде жиналған тәжірибелерді ескерумен зардап шеккендерге қылмыс салдарын бейтараптауда әрекет ету бойынша, көріп отырғанымыздай, қаржылық мүмкіндікті ескерумен қылмыстан зардап шегушілерге компенсациялық төлем жасауға негіздерді анықтауда таңдау тәсілі қажеттілігінен пайда болған.

Көрсетілген міндеттерді мемлекеттің қабылдаған нақты шараларды өңдеу мен іске асыру бойынша талап етілетін қажеттілік 1988 жылғы Зорлықпен күш көрсету қылмыстарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянның компенсациясы туралы Еуропалық Конвенцияға болашақта Қазақстан Республикасының қосылуы ерекше өзектілікке ие. Конвенцияның 21-бабына сай, компенсация басқа көздерден алына алмағанда, мемлекет компенсацияны мыналарға беруі тиіс: а) қасақана жасалған қылмыстың белгілері болғанда дене зақымданулары мен денсаулыққа зиян келтірілгенде; б) ондай қылмыстың нәтижесінде өлімге душар болған адамның асырауындағыларға. Төрт мемлекет – Еуропа Кеңесінің қатысушылары оны ратификациялады (Дания, Швеция, Люксембург және Нидерланды) және алты мемлекет оған қол қойды (Франция, Германия, Греция, Норвегия, Түркия және Англия).

Тұлғаның едәуір толық көлемде құқығын қамтамасыз ету қажеттілігіне қатысты, жасалған қылмыстың нәтижесінде қайтыс болған адамның туыстарын да жәбірленуші деп санау дұрыс болады. Жәбірленушінің іс жүргізу мәртебесі оларға құқықтық өкілеттік ретінде ауысады, осыған байланысты, оларды жәбірленуші деп тапқан қаулыны шығару қажет емес. Оларды жәбірленушінің өкілдері ретінде қатыстыру олар үшін құқықтық қорғау мүмкіндігін шектеуге әкеліп соғады, себебі бұл жағдайда олардың өзінде өкілі бола алмайды. Бұдан басқа, жақын туыстарын жәбірленуші деп санауға себеп бар, олар үшін жақын адам өлімі қашанда жан дүниесін жаракаттап, моральды зиян келтіреді. Қайтыс болғанның жақын туыстарына жәбірленушінің құқығын бермеуі – сотпен жәбірленушінің өзінің құқығының бұзылуы деп саналады – қылмыстық іс жүргізу заңының едәуір бұзылуы ретінде қаралады және қосымша тергеу үшін қылмыстық істің қайтарылуына әкеліп соғады.

Жәбірленуші қылмыстық іс бойынша түсініктеме беру құқығымен бірге, оларды беруге міндеттемесі жүктеледі және куәгерден жауап алу ережелерімен жауап алынуы мүмкін, оған куәгерлік иммунитет беріледі.

Куәгерлік иммунитет институты оның түсініктемелерінің дәлелдемелік мәнін жою қаупімен тұлғадан жауап алуға мүмкіндік бермейтін ережелердің жиынтығын көрсетеді. Анықтама дұрыс, бірақ ұғымның мәнін толық білдірмейді. Куәгерлік иммунитет негізінде қылмыстық іс жүргізу қатысушысының жеке тұлға ретінде тиесілі құндылықтарымен байланысты адамгершілік бастауы бар. Қылмыстық іске қатысатын, қылмысты ашу мен тергеуге қарсы пайда болған салдар қаупіне көрсетілген құндылықтар қойылса, тіпті егерде бұл қылмысты ашуға, айыптыны табуға көмектесетін болса да, түсініктеме беру міндеттері жүктеле алмайды. Куәгерлік иммунитетті қарастыруда оны тұлғаның кейбір жағдайда түсініктеме беруден бас тарту құқығы бар деп түсіндіріледі [201, 30 б.].

Куәгерлік иммунитет біздің қылмыстық іс жүргізуде бұрыннан белгілі. Алайда бұдан бұрын тұлғаның мүддесінен мемлекет мүддесі жоғары болған жағдайда қылмыскерлікпен күресу құралы ретінде жүзеге асырылған, тек жартылай түрінде жүктелген іс жүргізу міндеттерін орындау барысында белгілі болған жағдайлар туралы айыпталушы қорғаушысының куәгерінен,

жәбірленушінің өкілдерінен және азаматтық жауапкерден жауап алуға тыйым салу түрінде болған. Ондай тыйым салу қорғаушылар (өкілдер) мен олардың қорғалушылары (өкілі) арасында сенімді қарым-қатынасты қамтамасыз етуге қойылған және соңғылардың мүдделерін тиісті түрде қорғаудың қажетті шарты болып табылады.

Тергеудің басынан тергеуші қажет болған жағдайда зардап шеккеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауға міндетті. Соңғы уақытта қылмыскерліктің құрылымында, даму қарқынындағы қоғам үшін қолайсыз өзгерістер жағдайында бұл әсіресе, ұйымдастырылған топтар мен бірлестіктердің түрлі қоқан-лоққы көрсетумен және зорлықты әрекеттер түрінде заңсыз әрекетті жәбірленушіге әдейі жасалғанда, қылмыстар туралы қылмысты істер туралы іс жүргізуде тергеуші жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта сот әділдігіне көмектесетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нәтижелі құқықтық механизмі жоқ екенін айтуға тура келеді, соның нәтижесінде жәбірленушінің сот әділдігіне қол жеткізуге конституциялық құқық аспектісінде жеткілікті түрде қамтамсыз етілгенін айтуға болмайды.

Жәбірленушінің, куәгердің және қылмыстық іс жүргізудің басқа да қатысушыларын қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мәселесі көпшіліктің назарына бөленген. Осыған байланысты, қылмысты ашу және тұлғаны қорғау мүдделігі жағынан да заңнаманы жетілдіру бойынша ұтымды ұсыныстар енгізілуде.

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық жауапкердің мүддесінің өкілдігі – азаматтық талапкер мен жәбірленушінің мүддесінің өкілдігі арасында ұқсастықтар көп. Ол ұқсастық өкілдердің іс жүргізуді реттеу ережелерінде, өкілдікті іске асыруда, оның нәтижелігін жоғарылатуда көрінеді.

Өкілдердің құқықтық мәртебесін құрайтын нормалардың жалпы бірқатар сипатын ескерумен, жиынтықта, белгілі ұғымда, қылмыстық іс жүргізудің жеке институты бар. Қылмыстық іс жүргізуде өкілдік туралы сәйкес нормалар жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің құқықтық институттарының бір бөлігі болып табылуын ескеру керек. Бұл институттар болмаса, іс жүргізудің аталған субъектілері өкілдігінің институты туралы еш сөз қозғалмас еді.

Құқық саласының дамыған қылмыстық іс жүргізу құқығы ретінде құқық нормаларының интеграция мен дифференциация құбылыстары, олардың заң мәтініндегі сыртқы маманданумен бірегей болуы тән.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының жүйесі күрделі нысан болып табылады, оның күрделілігі элементтер мен қатынастардың санынан емес, олардың түрлі сипатта болуына байланысты. Өкілдік туралы қылмыстық іс жүргізу нормаларының жиынтығына көзқарас ретінде олардың бірқатар белгілерінің ұқсастығы жағынан, олар құқықтық институтының белгілеріне ие болатын, білім ретінде қарастырыла алады. Егер оларды қызметтік жағынан қарастырсақ, яғни істің қорытындысына мүдделі, қылмыстық іс жүргізудің нақты қатысушыларының мүддесін қорғауға арналса, онда басқаша көрінеді.

Соңғы аспектіде белгілі нормалар жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің құқықтық институттарының элементтері болып табылады. Бұл туралы жәбірленушінің өкілі – жәбірленуші құқығымен, ал азаматтық талапкер – оның құқығымен, ал азаматтық жауапкер берілген қылмыстық іс жүргізудің қатысушысы құқығын пайдаланатын жағдайы дәлел бола алады.

Жәбірленуші мен азаматтық талапкердің мүдделерін білдіру туралы нормалардың сипаты мен бағыты іс жүргізудің аталған қатысушыларының іс жүргізу жағдайларының ұқсастықтарын көрсете отырып, азаматтық жауапкер мүдделерін көрсету нормаларына қатысты болуына қарағанда, бір-біріне жақын және өзара бір-бірімен байланысқан. Өз кезегінде, іс жүргізу жағдайы мен азаматтық жауапкер өкілінің қызметін анықтайтын нормалар жиынтығы азаматтық жауапкер институтының ерекшеліктерін көрсетеді. Егер жәбірленуші мен азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілдері ретінде іс жүргізуге қатысуға келісім бойынша өкілдіктердің негізгі атрибуттары сәйкес келсе, азаматтық жауапкер институты үшін заңды өкілдік тән емес.

Кәмелет жасына толмаған, әрекет ету қабілеттілігі шектелген тұлғалардың мүддесін білдіру қажеттілігі туындағанда, заңды өкілдік туралы мәселе қашан да болған. Азаматтық жауапкерге қатысты, ондай мәселенің мәні жоқ, себебі қылмыстық іс жүргізуде азаматтық жауапкер ретінде тек ата-анасы шыға алады (асырап алушылар), қамқоршылары және кәмелет жасына толған, әрекет ету қабілеті бар адамдар шыға алады. Көрсетілген ерекшеліктер ҚРҚПК-де анық көрсетілген. Оның 75, 76, 77-баптарында қылмыстық іс жүргізудегі өкілдік институты тақырыбына арналған. Онда адвокаттар, жақын туыстары мен анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот немесе соттың қаулысымен немесе соттың анықтауымен іс жүргізуге қатысуға рұқсат берілген қылмыстық іс бойынша көрсетілетін мүдделер бойынша іс жүргізуде заң күшімен құқықтық қабілеті бар басқа да тұлғалар аталған. Қылмыстық іс жүргізуде жәбірленуші мен азаматтық талапкер өкілдерінің қатысуын реттеуде кәмелетке толмаған немесе өзінің дене немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін іске міндетті түрде қатысуға олардың заңды өкілдері мен өкілдері тартылатыны туралы айтылған. Азаматтық жауапкер өкілі қызметінің ерекшеліктері көбінесе өкілдік тақырыбының ерекшелігімен, қылмыстық істе өзі өкілі болып отырған тұлға мүддесінің мазмұнына негізделген. Азаматтық жауапкер жалпы қағида бойынша, ең алдымен, зиян келтіргеннің әрекеті үшін тікелей мүліктік жауапкершіліктен құтылу мүддесі бар.

В.Я. Понариннің пікірінше, азаматтық жауапкер өкілінің қызметі мыналар болып табылады:

- 1) азаматтық талап арыздың негізі;
- 2) айыпталушының әрекеті мен болған салдар арасындағы себепті байланыс;

3) азаматтық жауапкер мен айыпталушының келтірген зияны арасындағы себептік байланыс;

4) қылмыстан келтірілген залалдың мөлшері;

5) мүлктік зиянның пайда болуы мен ұлғаюына әрекет етуде зардап шегушінің кінәсі;

6) айыпталушы мен азаматтық жауапкердің мүлктік жағдайы;

7) айыпталушының кінәсі, азаматтық жауапкердің кінәсі [175, 35 б.].

Жалпы, мұндай ашып көрсетілген түрдегі өкілдік – қылмыстық істегі мүдделердің ерекшелігі мен іс жүргізу жағдайын ескерумен өкіл қызметінің мүмкін болатын барлық түрлерін дерлік қамтиды, барлық қажетті элементтері енеді.

Алайда өкілдік тақырыбының сызбасы немесе құрылымы келіспеушіліктерді тудырады.

Қылмыстық істе дәлелдеу тақырыбы құрылымы (ҚРҚПК 113-бабы) мен азаматтық жауапкердің мүлктік құқығын нәтижелі қорғауға қол жеткізу үшін өкіл әрекетінің оңтайландыру талаптары өкіл қызметі тақырыбының элементі басқа кезекпен орналасуы тиіс:

1) талапкер өз талаптарын шығаратын мән-жайлар;

2) зиян келтірушінің әрекеті мен болған салдар арасындағы себептік байланыс;

3) айыпталушының кінәсі;

4) азаматтық жауапкердің әрекеті мен айыпталушы әрекетінің нәтижесінде зиян келтірілуі арасындағы себептік байланыс;

5) азаматтық жауапкер кінәсі және т.б.

Егер азаматтық жауапкердің кінәсі болмаса, келтірілген зиянның мөлшерін анықтау, зардап шегушінің кінәсін және келтірілген зиянға байланысты басқа жағдайларды анықтаудың еш мәні жоқ. Азаматтық жауапкердің қылмыстық іс жүргізуге қатысуынан тиімді нәтиже адвокаттың өкілдігі жүзеге асырылғанда болады. Кәсіби заңгер азаматтық, қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңын тереңінен білуін көрсете алады, қолданыстағы соттық жағдайлар мен соттық тергеу тәжірибесінің бүгешүгесін ескере отырып, зиян келтірілген жағдайды егжей-тегжейлі қарастырады.

Азаматтық жауапкердің адвокат-өкілі мен өзіне өкіл болатын тұлға арасындағы қатынас, адвокат-қорғаушы мен айыпталушы арасындағы қатынастай қалыптасуы керек.

Қылмыстық істегі кәмелетке жасы толмаған айыпталушы мен оның атанасы болып табылатын азаматтық жауапкер мүддесін білдіріп, қорғайтын да бір ғана адвокат болатын жағдай да кездесуі мүмкін. Егер кәмелет жасына толмаған айыпталушы мен азаматтық жауапкер арасында бұл жағдайда қайшылық болмаса, адвокат бір уақытта қылмыстық істе іс жүргізудің екі тарапының да мүддесін қорғайды, ҚРҚПК талаптарын сақтайды. Берілген жағдайда өзі өкіл болып отырған азаматтық жауапкермен қорғауға алынған айыпталушыдан өзгеше қатынас құрса бұл түсініксіз әрі жалпы әдеттен тыс болар еді. Сондықтан бұрын қарастырылған өзара қатынас мәселелері,

қорғаушы-адвокат тарапынан және айыпталушы коллизиялардың пайда болуы, адамгершілікті және заңды негіздер мен оларды шешудің әдістерін азаматтық жауапкер мен олармен өкіл болушылық туралы келісім жасасқан адвокат арасындағы қатынасқа жатқызуға болады.

Азаматтық жауапкер мен айыпталушының қорғаушысы қызметінің мақсаты мен мазмұнының ұқсастықтарын ескерумен олардың құқығын толықтай бірдей ету ұсынысы жасалды. Ондай тәсіл азаматтық жауапкердің құқығын кеңінен қамтамасыз ету жағынан өте тиімді, алайда мүмкін болуы екі талай.

Қылмыстық іс жүргізуде айыпталушы мен азаматтық жауапкердің жоғалтатын немесе сақтайтын өмірлік маңызды игіліктері бірдей емес. Олардың мүдделеріне қылмыстық істе қаншалықты терең және маңызды әсер ететіні жағынан салыстыруға келмейді. Егер олардың біреуіне қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде тек мүліктік жауапкершілік жүктелсе, басқасына тек мүлігінен ғана емес, бас бостандығынан айырылу, тіпті, сот үкімімен өмірінен айырылу қаупі болады. Сондықтан айыпталушы құқығын қамтамасыз ету құралы, оның ішінде, оның қорғаушысына берілетін іс жүргізу құқығының жиынтығы, азаматтық жауапкер құқығын қамтамасыз ету құралынан көбірек және күштірек болуы мүмкін емес.

Айтылған пікірлер, әрине, азаматтық жауапкердің құқығын қамтамасыз етуде өкіл рөлінің күшеюі айтылған деңгейде қалып қоюын білдірмейді. Керісінше, қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқығын қамтамасыз етуді күшейтудің жалпы бағытына сай, оның қызметінің мәні, қорғаушы қызметінің мәні секілді, соның ішінде оның құқығының кеңеюі есебінен өсуі тиіс. Өкілдік нәтижелігінің бір уақытта қорғау нәтижелігінің жоғарылауымен біртұтас процесс ретінде қарастырылуы мүмкін, онда қорғау мен өкілдік элементтері тек өзара жанасып қана қоймай, өзара әрекеттесе алады, өріліп, бір-бірін өзара байытып отыра алады. Тағайындалуы бірдей, алайда мәні бойынша әртүрлі санаттарға жатады. Барлығы емес, алайда айыпталушының қорғаушысы ісіне қатысуымен байланысты, қорғаушының кең көлемді құқығы ретінде, олардың өзара бір-бірін толықтыруы, қорғаушының міндетті түрде іс жүргізуге қатысуы және т.б. тек рұқсат беріліп қана қоймай, азаматтық жауапкер өкілін жан-жақты қарастыруға тиімді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарының қамтамасыз етілуі теорияда және сот-тергеу тәжірибесіндегі күрмеуі қалың маңызды мәселе болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының заң тарапынан қорғалуы шарт. Осы маңызды бастау әртүрлі адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықтық стандарттардың, Қазақстан Республикасының Конституциясының және мемлекетіміздің әрекет етуші нормативтік-құқықтық актілерінің мазмұнына кірген.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері адам құқықтары мен бостандықтары саласында көптеген жетістіктерге қол жеткізгені мәлім. Елімізде әртүрлі салаларда көптеген реформалар жүргізілді, бұрынғы қалыптасқан жүйеге кереғар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Шет мемлекеттердің лайықты тәжірибесін өзімізге бейімдей бастадық. Жалпы халық жаңаша ойлай бастады. Бұның өзі әрине оңай жұмыс болмады. Өйткені біздің сана сезімімізге ұялап орныққан қоғам мен мемлекеттің, жеке адам мүддесінен жоғары тұратын үстемділігіне байланысты көзқарасты бұзып, адам баласын басқаша ойлату әлбетте өте күрделі қайта құруларды талап етеді.

Қазақстан Республикасы көптеген әмбебеп халықаралық келісім-шарттардың мәселен, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің, Нәсілдік кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның, Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түріне қарсы конвенцияның, Бала құқықтары туралы конвенцияның, Өйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның, Босқындар мәртебесі туралы конвенция мен оның Хаттамасының қатысушысы болып табылатынын атап өту керек. Біздің еліміз ұлттық заңнамада адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды бекітудің маңызды қадамдарын жасады.

Адам құқықтарын қорғау саласындағы қол жеткізген процестерге қарамастан Қазақстан Республикасының қорғау тетіктері елеулі түзетулерді талап етеді. Адам құқықтары әлі де болса мемлекет саясаты мен мемлекеттік органдар қызметінде абсолютті басымдыққа айналған жоқ. Әлі күнге дейін елде барлық билік тармақтарының адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы іс-қимылдардың түсіну мен үйлестірудің қажетті деңгейі жоқ.

Еліміздің ұлттық заңнамасын жетілдіру барысында азаматтық қоғам институты өкілдерінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын заң жобалары мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерді талқылауға толыққанды қатысу үшін барлық жағдайды жасау қажет.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында төмендегідей тұжырым-қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, әділ сот ісін жүргізу құқығы жеке құқықтардың бірігуін білдіреді, сот төрелігін жүргізу барысында олардың әрқайсысын қамтамасыз ету сотта іс қарудың заңды жүргізілгенін білдіреді. Әділ сот ісін жүргізу құқығын үш түрлі санатқа бөлеміз: сотқа дейінгі құқықтар, сот процесі

кезіндегі құқықтар және соттан кейінгі құқықтар. Осы санатқа қатысатын барлық Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел немесе азаматтығы жоқ адамдар тумысынан берілген құқықтарға ие болады. Ол мемлекет тарапынан қорғалуы және қамтамасыз етілуі шарт. Адам құқықтарының қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының Конституциясына және адам құқықтары саласындағы халықаралық қағидалар мен нормаларға сәйкес келуі қажет. Ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіне адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарды енгізу қажет.

Екіншіден, қылмыстық іс бойынша әділ сот ісін жүргізу құқығы жеке адамды қылмыстық процеске тартқан сәттен бастап пайда болады. Бұл уақыт адамды ұстаумен, айып тағумен қатар келуі мүмкін. Әділ сот ісін жүргізу кепілдіктері қылмыстық істі қозғау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау процестерінде және сотта іс қарау барысында қамтамасыз етілуі қажет. Ол арнайы ғылыми тұжырым негізінде реттелуі орынды. Жеке адам құқығының тұжырымдамасы ол – қылмыстық сот ісін жүргізудегі жеке адам құқықтарының орны мен маңызы туралы жалпы танымал түсініктер мен көзқарастардың жүйесі болып табылады.

Үшіншіден, адам құқығын қорғауды қамтамасыз етуде процессуалдық кепілдіктердің анықтамасын, қылмыстық сот ісін жүргізуді тағайындауға қол жеткізуді қамтамасыз ететін заңмен белгіленген құралдар мен тәсілдер және қылмыстық процеске барлық қатысушылардың өз құқықтары мен міндеттерін орындау мүмкіндіктерін жүзеге асыру ретінде сипаттауға болады.

Сонымен қатар, процессуалдық кепілдіктер жүйесінің де түсінігін беру аса маңызды. Ол қылмыстық іс бойынша әділеттілікті қалпына келтіруде, сот өндірісіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде өзара тығыз байланысатын заңмен реттелген процессуалдық құралдар мен тәсілдердің бүтіндей тұтастығы болып табылады.

Төртіншіден, процессуалдық кепілдіктердің жүйесі – ол қылмыстық іс бойынша әділеттілікті анықтау мақсатында қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде өзара әрекет ететін процессуалдық құралдар мен тәсілдердің бүтіндей тұтастығы.

Бесіншіден, жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің әділ соттың процессуалдық кепілдіктерінен айырмашылығы, оның объектісі ретінде, қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған адамның жеке мүддесі болып табылады. Міне осы жағдай қылмыстық сот ісін жүргізудің белгілі бір қатысушыларына ерекше анықталған жеке тұлға ретіндегі қажетті қатынастың пайда болуын негіздейді, ал олардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қарастырылып отырған процессуалдық кепілдік түрінің объектісіне жатқызады. Іс бойынша белгілі бір өндірісті жүзеге асыратын лауазымды адамдардың, кәсіби деңгейі, қызметтік жағдайына қарамастан қылмыстық іс жүргізуге тартылған азаматтардың, сондай-ақ қоғамдық борышына қарамастан қылмыстық-процессуалдық қызметке қатысушы басқа да тұлғалардың қылмыстық сот ісін жүргізу саласында жеке мүдделіктері болмайды. Біздің пікірімізше, жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде, қылмыстық сот ісін жүргізуге

қатысушылардың (яғни, іс бойынша өзінің құқықтық мүддесі бар немесе басқа тұлғалардың құқықтарын қорғаушы субъектілер) және куәлардың құқықтық мәртебесінің процессуалдық кепілдіктеріне қатысты айтуға болады.

Алтыншыдан, қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету – ол қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған және оған жеке құқықтық мүдделігі бар жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіліп тікелей жүзеге асырылатын және процессуалдық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін жағымды шарттар жасауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізуге басқа да қатысушылардың қатысуымен тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот және қорғаушының қызметі болып табылады.

Жетіншіден, қорғау функциясы – ол күдік немесе айыптың жалған екенін дәлелдеу, күдіктіні ақтап, күдіктінің жауаптылығын жоятын немесе жеңілдететін мән-жайларды ашу, сондай-ақ оның жеке және мүліктік құқықтарын қорғауға бағытталған күдікті мен айыпталушының, олардың қорғаушысының, азаматтық жауапкер мен оның өкілінің, кәмелетке толмаған күдікті мен айыпталушының заңды өкілінің процессуалдық қызметі болып табылады.

Сегізіншіден, күдікті мен айыпталушының білікті заң көмегін алудағы конституциялық кепілдігі (Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабы), қорғалушыға құқықтық көмек көрсету, қорғаушының дәлелдеуге қатысуы, сондай-ақ күдікті немесе айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған қорғаушының белсенді қылмыстық-процессуалдық қызметін талап ету ретінде талқыланып түсіндірілуі қажет.

Тоғызыншыдан, бұлтартпау шарасын заңсыз қолданудан келтірілген зиянды өтеу, өз алдына жеке құқықтық кепіл, күдікті мен айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің түрі, сондай-ақ кешенді құқық институты болып табылады. Азаматтық құқық нормалары, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиян үшін туындайтын азаматтық-құқықтық жауаптылықтың пайда болуымен байланысты материалдық негіздер мен шарттарды белгілейді.

Оныншыдан, лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздіктері) және шешімдерімен келтірілген моральдық зиянды өтеу аса маңызды болып табылады. Ақшалай эквивалент түрінде оның мөлшерін бағалау үшін, моральдық зиянды өтеудің төменгі шегін белгілеу қажет. Бұл әдіс көрсетілген мәселені шешу барысында асыра сілтеушілікті шектеуге септігін тигізеді және материалдық компенсацияның сомасын тағайындауда анықталған біркелкілікті қалыптастырады. Оның үстіне судьялар істің барлық қажетті мән-жайларын ескеруге және әрбір жеке жағдайда ақшалай компенсацияның қолайлы мөлшерін өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалауға мүмкіндіктері болады.

Сонымен қатар, жұмыста тергеу тәжірибесіндегі жеке адамның құқықтарын қамтамасыз ету бойынша жетілдіруге ұсыныстар жасалған: күдікті, айыпталушы және қорғаушы позициясындағы коллизиялар,

жәбірленуші мен куәлар және т.б. қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану мәселесі көтерілген.

Осыған қатысты ұсыныстардың біразы заң әдебиеттерінде ұсынылған, оларды зерттеп, бір арнаға келтіріп, кейбір тұжырымдарды бізбен құпталады.

Ұсынылып отырған тұжырымдар, қылмыстық іс жүргізу ғылымына белгілі бір дәрежеде жасалған жаңалық ретінде қабылданып, аталған ғылым саласының дамуына, конституцияға сай аталған саладағы заңдылықтың жетілуіне және тәжірибедегі адам құқықтары, бостандықтары мен мүдделерінің сақталып, сот ісін жүргізуде толық деңгейде қамтамасыз етілуіне үлес қосады деген сенімдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамыда республикалық референдумда қабылданды //adilet.zan.kz, 2017 (интернет-ресурс)
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы //adilet.zan.kz, 2017 (интернет-ресурс)
3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық сатистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің статистикалық есептері //prokuror.gov.kz.,2017 (интернет-ресурс)
4. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2017 жылғы 31 қаңтар "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қаблеттілік" // www.akorda.kz., 2017 (интернет-ресурс)
5. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2010 жылғы 209 қаңтар Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // www.akorda.kz., 2017 (интернет-ресурс).
6. Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес интитуционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамында // www.inform.kz/ 2017 (интернет-ресурс)
7. Журсимбаев С.К. Актуальные проблемы обеспечения прокурором прав и свобод человека и гражданина на досудебных стадиях уголовного процесса: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2000. – 31 с.
8. Мерзадинов Е.С. Конституционно-правовые проблемы прокурорского надзора за соблюдением прав и свобод человека и гражданина: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2001. – 29 с.
9. Сматлаев Б.М. Возвращение прокурором уголовных дел для производства дополнительного расследования – гарант законности предварительного расследования Республики Казахстан: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Караганда, 2004. – 25 с.
10. Сембин Б.А. Уголовно-процессуальная деятельность прокурора по обеспечению конституционных прав и свобод человека и гражданина в главном судебном разбирательстве: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2001. – 24 с.
11. Байтукбаев Д.И. Правовой статус и функции прокуратуры в системе органов государственной власти: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2002. – 24 с.
12. Онланбекова Г.М. Проблемы совершенствования организационно-правовых основ деятельности органов прокуратуры Республики Казахстан: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2005. – 28 с.
13. Шарипов Ш.М. Қазақстан Республикасындағы прокуратура органдарының қылмыстық-процессуалдық қызметінің теориялық

- проблемалары: заң ғылым.доктор. ... дисс. авторефераты. 12.00.09. – Алматы, 2010. – 40 б.
14. Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О. Алдын ала тергеудің аяқталуы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 136 б.
 15. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // adilet.zan.kz, 2017
 16. Спиркин А.Г. Основы философии: Учебное пособие для вузов. - М., 1988. – 256 с.
 17. Психология и педагогика в правоохранительной деятельности органов в внутренних дел: Учебное пособие / Под ред. И.Д. Мариновской. - М.: Щит-М, 1997. – 287 с.
 18. Платонов К.К. Структура и развитие личности. - М., 1986. – 410 с.
 19. Кучинский В.А. Личность, свобода, право. - М., 1978. – 225 с.
 20. Матузов Н.И. Личность. Права. Демократия. - Саратов, 1972. – 289 с.
 21. Шадрин В.С. Обеспечение прав личности при расследовании преступлений. - Волгоград, 1997. – 311 с.
 22. Душенбиев Т.А. Интересы в уголовном судопроизводстве (по материалам Кыргызской Республики и Российской Федерации): автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. - М., 1999. – 25 с.
 23. Витрук И. В. Основы теории правового положения личности в социалистическом обществе. – М., 1979. – 255 с.
 24. Возбуждение и предварительное расследование дел о преступлениях несовершеннолетних. - Волгоград, 1982. – 288 с.
 25. Головкин Л.В. Дознание и предварительное следствие в уголовном процессе Франции. - М., 1995. – 222 с.
 26. Корнуков В.М. Конституционные основы положения личности в уголовном судопроизводстве. - Саратов, 1987. – 267 с.
 27. Царев В.М. Эффективность участия защитника в доказывании на предварительном следствии. - Красноярск, 1990. – 297 с.
 28. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М., 1990. – 1450 с.
 29. Теория государства и права: Учебник для юридических вузов и факультетов / Под ред. В.М. Корельского и В.Д. Перевалова. - М.: Инфра-М – Норма, 1997. – 345 с.
 30. Явич Л.С. Право и общественные отношения. - М., 1971. – 299 с.
 31. Корнуков В.М. Теоретические и правовые основы положения личности в уголовном судопроизводстве: автореф. ... д-ра юрид.наук. 12.00.09.- Харьков, 1987. – 38 с.
 32. Азаркин Н.М. Монтескье. - М., 1988. – 300 с.
 33. Международное публичное право: Сборник документов. Т. 1. - М.: Юрайт, 2007. – 378 с.
 34. Дональд Б.Э. Гражданские права в Соединенных штатах. Верховенства права. - М., 1992. – 281 с.
 35. Петрухин И.Л. Свобода личности и уголовно-процессуальное принуждение. - М., 1985. – 377 с.

36. Матузов Н.И. Правовая система и личность. - Саратов, 1987. – 277 с.
37. Лукашева Е.А. Социально-психологические аспекты реализации прав личности. Реализация прав граждан в условиях развитого социализма. - М., 1983. – 345 с.
38. Абдиканов Н. Производство в суде первой инстанции по уголовно-процессуальному праву Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: Норма-К, 2009. – 240 с.
39. Шайкенов Н.А. Правовое обеспечение интересов личности. - Свердловск, 1990. – 295 с.
40. Зинатуллин З.З. Общие проблемы обвинения и защиты по уголовным делам: Учебное пособие. - Ижевск, 1989. – 256 с.
41. Лобанов А.П. Функции уголовного преследования и защиты в российском уголовном судопроизводстве. - Тверь, 1996. – 288 с.
42. Якубович Н.А. Процессуальные функции следователя. Проблемы предварительного следствия в уголовном судопроизводстве. - М., 1980. – 275 с.
43. Уголовный процесс: Учебник / Под ред. В.П. Божьева. - М.: Спарк, 2000. – 266 с.
44. Куцова Э.Ф. Уголовно-процессуальные гарантии прав и законных интересов (советский уголовный процесс): дисс. ...д-ра юрид.наук. 12.00.08.- М., 1986. – 335 с.
45. Халиков К.Х. и др. Судебные реформы в Центральноазиатских странах (На примере Республики Казахстан и Республики Узбекистан): Учебное пособие. – Т.: Turon-Iqbol, 2006. – 432 с.
46. Уголовно-процессуальное право: Учебник. 2-е изд. / Под ред. П.А. Лупинской. - М., 2005. – 258 с.
47. Токарева М.Е. Современные проблемы законности и прокурорского надзора в досудебных стадиях уголовного процесса. - М., 1997. – 259 с.
48. Умархунов И.М. Международный договор – основной источник международного права // Казахстанский журнал Международного права. – 2001. - №1(4). – С. 25-30.
49. Капсаямов К.Ж. Меры пресечения в системе уголовного преследования. - Астана, 2004. – 240 с.
50. Международное публичное право: Сборник документов. Т. 1. - М.: Юрайт, 2007. – 378 с.
51. Курс советского уголовного процесса: Общая часть / Под ред. А.Д.Бойкова и И.И.Карпеца. – М., 1989. – 312 с.
52. Самощенко И.С. Охрана режима законности советским государством.- М., 1960. – 288 с.
53. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. Т. 1. - М., 1968.– 297 с.
54. Третьяков Ф.Ф. Сущность и принципы социалистической законности.- Л., 1971. – 299 с.

55. Кротова Л.А. Процессуальные гарантии достижения задач уголовного судопроизводства: дисс. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. - Казань, 1982. – 160 с.
56. Александров С.А. Содержание, система и развитие уголовно-процессуальных гарантий // Вопросы криминологии, уголовного права и уголовного процесса. - Горький, 1974. – 230 с.
57. Божьев В.П. Уголовно-процессуальные отношения. - М., 1975.–277 с.
58. Алауханов Е.О., Турсынбаев Д.Е. Борьба с коррупцией в государственных органах Республики Казахстан. – Алматы: КазАТК, 2008. – 280 с.
59. Якупов Р.Х. Уголовный процесс: Учебник для вузов / Под ред. В.Н. Галузо. - М., 1998. – 286 с.
60. Копабаев О.К. Актуальные проблемы конституционного права. – Алматы, 2002. – 438 с.
61. Кокорев Л.Д., Лукашевич В.З. Процессуальные гарантии прав и законных интересов личности в уголовном судопроизводстве // Вестник Ленинградского университета. – Л., 1977. – 290 с.
62. Халиков К.Х. Некоторые вопросы судебного контроля за прекращением судебных дел // Вестник Министерства юстиции РК. – 1996. - №11. – С. 11-13.
63. Ростовщиков И.В. Реализация прав личности и деятельность органов внутренних дел. - Волгоград, 1996. – 314 с.
64. Халилов Э.Х. Ижтимоий турмушда ҳуқуқий онгнинг урни. – Тошкент, 2000. – 250 с.
65. Гончаренко В.Д. Право человека на свободу от пыток и других жестоких бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения или наказания: теоретико-правовые аспекты: дисс. ... канд.юрид.наук. 12.00.08.- Волгоград, 1999. – 165 с.
66. Воеводин Л.Г. Юридические гарантии конституционных прав и свобод личности в социалистическом обществе. - М., 1987. – 260 с.
67. Глущенко П.П. Социально-правовая защита конституционных прав и свобод граждан (теория и практика). - СПб., 1998. – 251 с.
68. Полянский Н.Н. Вопросы теории советского уголовного процесса. - М., 1956. – 280 с.
69. Рахунов Р.Д. Участники уголовно-процессуальной деятельности. - М., 1961. – 293 с.
70. Кондратов П.Е. Гарантии интересов обвиняемого как фактор, определяющий формирование и осуществление советской уголовной политики // Гарантии прав личности в социалистической уголовной политике.- Ярославль, 1981. – 345 с.
71. Добровольская Т.Н. Гарантии прав граждан в уголовном судопроизводстве // Советское государство и право. – 1980. - № 2. – С. 13-20.

72. Белозеров Ю.Н., Маркицын П.Г. Обеспечение прав и законных интересов личности в стадии возбуждения уголовного дела. - М., 1994. - 235 с.
73. Кротова Л.А. Процессуальные гарантии достижения задач уголовного удопроизводства: дисс. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. - Казань, 1982. - 168 с.
74. Жогин Н.В. Прокурорский надзор по предварительным расследованиям уголовных дел. - М., 1968. - 243 с.
75. Строгович М.С. Материальная истина и судебные доказательства в советском уголовном процессе. - М., 1955. - 270 с.
76. Вольтер. Избранные произведения по уголовному праву и процессу. - М., 1956. - 410 с.
77. Феофанов Ю.В. Бремя власти. - М., 1990. - 320 с.
78. Николайчик В.М. Уголовный процесс США. - М., 1981. - 318 с.
79. Ковалев В.А. Буржуазная законность: теоретические иллюзии и судебно-полицейская реальность. - М., 1986. - 305 с.
80. Строгович М.С. О правах личности в советском уголовном судопроизводстве // Советское государство и право. - 1976. - № 10. - С. 74-85.
81. Мартынчик Е.Г. Гарантии прав обвиняемого в суде первой инстанции. - Кишинев, 1975. - 225 с.
82. Когамов М.Ч. Предварительное расследование уголовных дел в Республике Казахстан. - Алматы: Аян Эдет, 1998. - 176 с.
83. Вышинский А.Я. Теория судебных доказательств в советском праве. - Изд. 3-е. - М., 1950. - 366 с.
84. Лукашевич В.З. Гарантии прав обвиняемого в советском уголовном процессе. - Л., 1959. - 253 с.
85. Пашин С.А. Опыт практической разработки нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства // Российская юстиция. - 1994. - №7. - С. 25-37.
86. Милюков С.Ф. Права человека и статус правоохранительных органов (Материалы симпозиума в Санкт-Петербургском юридическом институте МВД России) // Государство и право. - 1994. - № 11. - С. 107-115.
87. Люблинский П. И. Свобода личности в уголовном процессе. - М., 1987. - 215 с.
88. Сапаргалиев Г.С. Проблемы соотношения Конституции и законов РК // Законотворческий процесс в РК: состояние и перспективы: Материалы международной научной конференции. - Алматы, 1997. - 310 с.
89. Бойков А. Проекты УПК РК: иллюзии утрачены, надежды остаются // Законность. - 1995. - № 3. - С. 3-15.
90. Михайловская И.Б. Кузьминский Е.Д., Мазас Ю.Н. Права человека в массовом сознании. - М., 1995. - 311 с.
91. 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары. Жалпы редакцияны басқарған Т.Әбішев, С.Тұрсынов. - Астана, 2009. - 136 б.

92. Комментарий к Европейской конвенции о защите прав человека. - Совет Европы, 1995. – 710 с.
93. Шейфер С.А. Следственные действия. Система и процессуальная форма. – М., 1981. – 299 с.
94. Бедняков Д.И. Непрессуальная информация и расследование преступлений. – М., 1997. – 300 с.
95. Халиков Х.К. Проблемы судебной власти В РК (теоретическое и уголовно-процессуальное исследование): автореф. ... д-ра юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 1998. – 50 с.
96. Ахмеджанов Н. Становление и перспективы развития хозяйственных судов в Республике Узбекистан // Хозяйство и право. – 2003. - №5. – С. 12-20.
97. Абдиканов Н.А. Судебное разбирательство дела в сокращенном порядке // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2004. - №3. – С. 21-30.
98. Баев О.Я. Конфликты в деятельности следователя. – Воронеж, 1981. – 275 с.
99. Толубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник. – Алматы: НАС, 2000. – 340 с.
100. Случевский В. Учебник русского уголовного процесса. – СПб., 1913. – 356 с.
101. Чельцов М.А. Советский уголовный процесс. – М., 1988. – 277 с.
102. Тарасов-Родионов П.И. Предварительное следствие. – М., 1955. – 290 с.
103. Строгович М.С. Уголовное преследование в советском уголовном процессе. - М., 1951. – 307 с.
104. Алексеев С., Даев В., Кокорев Л. Очерк развития науки уголовного процесса. – М., 1990. – 355 с.
105. Короткий Н. Н. Процессуальные гарантии неприкосновенности личности подозреваемого и обвиняемого в стадии предварительного расследования. – М., 1981. – 211 с.
106. Садыков А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі: автореф. ... канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2010. – 29 с.
107. Карнеева Л.М. Подозреваемый в советском уголовном процессе // Социалистическая законность. - 1959. - № 4. – С. 12-20.
108. Петрухин И.Л. Презумпция невиновности и вопросы доказывания на предварительном следствии. – М., 1989. – 273 с.
109. Михайлов В.А. Меры пресечения в уголовном судопроизводстве. – Тюмень, 1994. – 270 с.
110. Действующее международное право. - М., 2008. – 244 с.
111. Лившиц Ю.Д. Меры пресечения в советском уголовном процессе. – М., 1964. – 301 с.
112. Петрухин И.Л. Неприкосновенность личности и уголовно-процессуальное принуждение. - М., 1995. – 266 с.
113. Галкин И.И. Процессуальное положение подозреваемого. - М., 1968.- 288 с.

114. Гуценко К.Ф. Уголовный процесс западных государств. – М., 2002. – 230 с.
115. Оспанов С.Д. Актуальные проблемы уголовного судопроизводства (теория и практика). – Алматы: АЭиП, 2002. – 340 с.
116. Ахпанов А.Н. Обеспечение прав и законных интересов личности при применении органами дознания мер процессуального принуждения: дисс. ... канд.юрид.наук. 12.00.11. - М., 1986. – 170 с.
117. Жуковский В., Шуман В. Много ли прав у защитника // Советская юстиция. – 1991. – №1. - С. 4-15.
118. Тыныбеков С.Т. Принцип обеспечения права подозреваемого и обвиняемого на защиту в уголовном процессе. – Алматы, 1997. - 260 с.
119. Ветрова Г.Н. Уголовно-процессуальная ответственность. – М., 1987. – 258 с.
120. Калашникова Н.Я. Гарантия права обвиняемого на защиту при изменении обвинения и наказания. – М., 1975. – 298 с.
121. Лупинская П.А. Решения в уголовном судопроизводстве. – М., 1976. – 288 с.
122. Лукашевич В.З. Установление уголовной ответственности в советском уголовном процессе. – Л., 1985. – 299 с.
123. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ //adilet.zan.kz, 2017 (интернет-ресурс).
124. Савицкий В.М. Новый закон о возмещении ущерба невиновным // Суд и применение закона. – М., 1982. – 274 с.
125. Кайыржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть). – Алматы: Изд-во АКСИМ, 1997. - 220 с.
126. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Оқулық.Толықтырылып, екінші басылуы.- Алматы: Жеті жарғы, 1999.- 320 б.
127. Ларин М. От следственной версии к истине. - М., 1996. – 290 с.
128. Карнеева Л.М., Чувилов А.А. Обеспечение законности и обоснованности привлечения в качестве обвиняемого. - М., 1976. – 236 с.
129. Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Древний мир и средневековье / Под ред. К.А. Жиренчина. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 260 с.
130. Жамиева Р.М. Тактика профессиональной защиты по уголовным делам: автореф ... канд.юрид.наук. 12.00.08. - Алматы, 1999. – 24 с.
131. Уголовно-процессуальный кодекс ФРГ. - М.: Манускрипт, 1994. – 258 с.
132. Филимонов Б.А. Защитник в германском уголовном процессе. - М.: Спарк, 1997. – 338 с.
133. Nene Zeitschrift fuir Strafrecht. – Germany, 1987. – p. 336.
134. Бойков А.Д. Этика профессиональной защиты по уголовным делам. – М., 1978. – 332 с.
135. Петрухин И.Л. Теория доказательств в советском уголовном процессе. - М., 1973. – 288 с.

136. Уголовный процесс: Учебник для вузов. 2-е изд. / Под ред. А.В. Смирнова. – СПб.: Питер, 2006. – 289 с.
137. Башкатов Л.Н., Безлепкин Б.Е. и др. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации (постатейный) / Отв. ред. И.Л. Петрухин. 6-е изд., перераб. и доп. – М.: ТК Велби, Изд-во: Проспект, 2008. – 1090 с.
138. Криминалистика: Учебник для вузов / Под ред. Р.С. Белкина. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 315 с.
139. Белкин А.Р. Теория доказывания в уголовном судопроизводстве. – М.: Норма, 2007. – 277 с.
140. Теория государства и права: Курс лекций / Под общ. ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. 2-е изд., перераб. и доп. – М., 2004. – 456 с.
141. Власов А.А., Куксин И.В. Адвокат в судопроизводстве. – М.: Норма, 2006. – 310 с.
142. Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учебник. – Алматы: Данекер, 2004. – 265 с.
143. Горский Г. Ф., Кокорев Л. Д., Котов Д. П. Судебная этика. - Воронеж, 1973. – 252 с.
144. Краткая философская энциклопедия. - М., 1994. – 1560 с.
145. Ватман Д.П. Адвокатская этика. - М., 1977. – 269 с.
146. Қазақстан Республикасы Президентінің 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауы "Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" // www.akorda.kz, 2017 (интернет-ресурс)
147. "Қазақстан - 2050": Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz, 2017 (интернет-ресурс)
148. Құқықтық мемлекеттің негізі //Егемен Қазақстан, №434 (23) 2014.
149. Сенім мен қолдау сот қуаты //Егемен Қазақстан, №332 (12) 2014.
150. Кулагин Н.И. Организация работы следственного подразделения. ГОВД-РОВД: Учебное пособие. - Волгоград, 1980. – 288 с.
151. Философский энциклопедический словарь / Кол. авт. - М., 2000. – 1255 с.
152. Козлов Ю.М. Административное право: Учебник. - М., 2002. –288 с.
153. Прокурорский надзор и государственный контроль: история, развитие, понятие, соотношение. - СПб.: Юридический центр Пресс, 2003. – 290 с.
154. Габричидзе Б.Н. Российское административное право: Учебник для вузов. - М.: Норма-Инфра-М, 1998. – 289 с.
155. Студенкина М.С. Государственный контроль в сфере управления. - М., 1974. – 305 с.
156. Большой юридический словарь. - М., 1997. – 1300 с.
157. Халиулин А. Судебный контроль и прокурорский надзор за законностью расследования: границы и возможности // Уголовное право. - 2000. - № 1. – С. 71-85.

158. Прокурорский надзор: Учебник. 5-е изд. / Под общ. ред. Ю.Е. Винокурова. - М.: Юрайт, 2004. – 268 с.
159. Бойков А.Д. Третья власть в России. - М., 1997. – 311 с.
160. Соловьева А.Б., Токарева М.Е., Халиулин А.Г. Прокурорский надзор за исполнением законов при расследовании. - М., 2000. – 322 с.
161. Лебедев В.М. Судебная защита свободы и личной неприкосновенности граждан на предварительном следствии: Учебное пособие. - М.: Городец-издат, 2001. – 278 с.
162. Ковтун Н.Н. Судебный контроль в уголовном судопроизводстве России: понятие, сущность, формы: автореф. ... д-ра юрид.наук. 12.00.09. - Н.Новгород, 2002. – 36 с.
163. Гуськова А.П. Процессуально-правовые и организационные вопросы подготовки к судебному заседанию по УПК РК. – Оренбург: ИПК ОГУ, 2002.– 289 с.
164. Колоколов Н.А. Судебный контроль в стадии предварительного расследования: Учебное пособие для студентов. - М.: Юнити-Закон и право, 2004. – 296 с.
165. Азаров В.А., Таричко И.Ю. Функции судебного контроля в истории, теории и практике уголовного процесса России: Монография. – Омск, 2004.– 345 с.
166. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 345 с.
167. Зинатуллин Т.З. Осуществление правосудия – функция российского уголовного процесса // Российский судья. – 2001. – С. 12-20.
168. Муратова Н.Г. Система судебного контроля в уголовном судопроизводстве: вопросы теории, законодательного урегулирования и практики: дисс. ... д-ра юрид.наук. 12.00.09. - Казань, 2004. – 290 с.
169. Кудрявцева А.В., Лившиц Ю.Д. О понятии принципа в уголовном процессе // Правоведение. - 2001. - №4. – С. 162-175.
170. Лазарева В.А. Теория и практика судебной защиты в уголовном процессе. - Самара, 2000. – 298 с.
171. Томин В.Т. Острые углы уголовного судопроизводства. - М., 1991. – 295 с.
172. Комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации: Часть вторая (постатейный). Изд. 5-ое, исп. и доп. с использованием судебно-арбитражной практики / Под ред. О.Н. Садикова. - М.: Инфра-М, 2006. – 275 с.
173. Мазалов А.Г. Гражданский иск в уголовном процессе. - М., 1977. – 265 с.
174. Безлепкин Б.Т. Отраслевая принадлежность института возмещения ущерба реабилитированному // Советское государство и право. - 1989. - №1. – С. 72-82.
175. Понарин В.Я. Защита имущественных прав личности в уголовном процессе России. - Воронеж, 1994. – 266 с.
176. Ярошенко К.Б. Жизнь и здоровье под охраной закона. - М., 1990. – 290 с.

177. Бойцова В.В., Бойцова Л.В. Реабилитация необоснованно осужденных граждан в современных правовых системах. - Тверь, 1993. – 258 с.
178. Безлепкин Б.Т. Судебно-правовая защита прав и свобод граждан в отношениях с государственными органами и должностными лицами. - М., 1997. – 318 с.
179. Нарижный С.В. Компенсация морального вреда в уголовном судопроизводстве России. – СПб.: Герда, 2001. – 299 с.
180. Громов Н.А., Полунин С.А. Санкции в уголовно-процессуальном праве России. - М.: Городец, 1998. – 256 с.
181. Чельцов-Бебутов М.А. Курс уголовно-процессуального права: Очерки по истории суда и уголовного процесса в рабовладельческих, феодальных и буржуазных государствах. – СПб.: Альфа-Равента, 1995. – 980 с.
182. Владимирский-Буданов М.Ф. Обзор истории русского права. - Ростов на Дону, 1995. – 750 с.
183. Смирнов А.В. Состязательный процесс. – М., 1998. – 286 с.
184. Смирнов А.В. Модели уголовного процесса. – М., 1991. – 299 с.
185. Смирнов А.В. Принципы уголовного процесса: Уголовный процесс. Ч. 1. - СПб., 1996. – 315 с.
186. Алауханов Е.О., Оразалиев М. Айып тағу және айыптау қорытындысын түзу: Монография. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2003. – 174 б.
187. Гельдибаев М.Х., Александров Е.Н. Уголовный процесс в вопросах и ответах. - СПб., 1999. – 285 с.
188. Вандышев В.В., Дербенев А.П., Смирнов А.В. Уголовный процесс. Ч. 1. - СПб., 1996. – 277 с.
189. Калиновский К.Б. Законность и типы уголовного процесса. – М., 1990. - 265 с.
190. Давид Р. Основные правовые системы современности. - М., 1988. - 300 с.
191. Случевский В.К. Хрестоматия по уголовному процессу России. - М., 1999. – 285 с.
192. Божьева В.П. Гражданский иск в уголовном процессе: Курс советского уголовного процесса. Общая часть. - М., 1989. – 355 с.
193. Тальборг Д. Гражданский иск в уголовном суде или соединенный процесс. – Киев, 1889. – 245 с.
194. Зинатуллин З.З. Возмещение материального ущерба в уголовном процессе. – Казань, 1974. – 342 с.
195. Милицин С.Д. Предмет регулирования советского уголовно-процессуального права. – Свердловск, 1991. – 315 с.
196. Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: Монография. - Алматы, 2005. - 168 с.
197. Стецковский Ю.И. Советская адвокатура. – М., 1999. – 387 с.
198. Биалов Б., Акутдев Р. Общественное мнение о борьбе с преступностью // Социальная законность. – 1999. - №10. - С. 2-15.
199. Божьев В. П. Предпосылки усиления защиты прав и интересов потерпевшего в уголовно-процессуальной деятельности // Проблемы

- повышения качества уголовно-процессуальной деятельности в условиях перестройки.– Ижевск, 1989. – 299 с.
200. Кузнецов Н.П. Доказывание в стадии возбуждения уголовного дела. – Воронеж, 1983. – 198 с.
201. Алауханов Е.О. Свидетель и потерпевший в уголовном судопроизводстве // Заң. - 1994. - №8. - С. 50-60.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1. ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ.....	8
1.1 Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарының тұжырымдамасы.....	8
1.2 Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын сақтаудағы халықаралық - құқықтық стандарттар.....	29
1.3 Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның құқығын қамтамасыз етудің процессуалдық құралдары мен тәсілдерінің ұғымы және жүйесі.....	38
2. ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ КҮДІКТІ МЕН АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	52
2.1 Күдікті мен айыпталушының қылмыстық-процессуалдық мәртебесі.....	52
2.2 Қылмыстық іс бойынша күдікті мен айыпталушының құқықтарын қамтамасыз етудегі адвокат-қорғаушының қатысуы.....	82
2.3 Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын қамтамасыз етудегі соттың бақылауы.....	100
2.4 Қылмыстық іс бойынша күдікті немесе айыпталушыға бұлтартпау шарасын заңсыз қолданудан келтірілген зиянды өтеу мәселелері....	114
3. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ЖЕКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	121
3.1 Қылмыстық процесс нысандарының мәселелері.....	121
3.2 Қылмыстық процестегі жеке қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз етудің жалпы мәселелері.....	148
ҚОРЫТЫНДЫ.....	163
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	167

Ғылыми басылым

ҚУАНАЛИЕВА ГҮЛДАНА АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Екінші басылым

Монография

Авторлық редакциямен жарыққа шықты

ИБ 11409

Басуға 18.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16.

Офсетті қағаз. Тапсырыс № 1842. Таралымы 500 дана. Көлемі 11,25 б.т.

